РТЖЖ нақты тәртібін енгізу туралы шешімді ТЖ болады деп болжалдаған немесе болған жердегі РФ атқарушы билік органы немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайды. Мұндай шешімді өкілетті басқару органдары — Федералды үкімет, РФ республикалары, өлкелері, облыстары, автономды құрылымдары, аудандары мен қалаларының әкімшіліктері қабылдай алады.

Соғыс қаупі туған немесе ол басталған жағдайда РТЖЖ өзінің өкілеттілігін елдің Азаматтық қорғанысына тапсырады. ТЖ алдын алу шараларын уақтылы өткізу және ол болған жағдайда адам өлімі мен шығындар көлемін барынша азайту мақсатында ТЖ кезіндегі әрекеттердің Федералды жоспары, РФ субъектілерінің өзара әрекеттерінің аймақтық жоспарлары, атқарушы биліктің федералды органдарының, АҚТЖ аймақтық орталықтарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жоспарлары негізінде РТЖЖ басқару органдары мен күштерінің әрекеттері жоспарланады. Бұл шаралардың көлемі мен мазмұны қолда бар күшті барынша пайдалану мүмкіндігі мен оның жеткіліктілігі принципіне қарай анықталады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің басым міндеті — төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық зардаптарын жою. Ол апаттық-құтқару, тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды атқарады.

Сонымен, Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесі — табиғи және техногенді төтенше жағдайларда ел қауіпсіздігін, тұрғындар мен мемлекет аумағын қорғауды қамтамасыз ететін тиімді құрылым.

Бақылау сұрақтары

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің анықтамасы мен міндеттері.
2. Төтенше жағдайлардың жалпы сипаттамасы.

3. Төтенше жағдайларды қоздырушы факторлар.
4. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің ұйымдық құрылымы.
5. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің қызмет ету тәртібі.
6. «Күнделікті әрекет» және «асқан дайындық» тәртіптері. Анықтамасы және негізгі шаралар.
7. «Төтенше жағдай» тәртібі. Анықтамасы және негізгі шаралар.

2-Тақырып

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК АПАТ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ, ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Бүкілресейлік апат медицинасының анықтамасы мен міндеттері
- 2.2. Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің ұйымдық құрылымы
- 2.3. Апат медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелері
- 2.4. Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің жұмыс тәртіптері

2.1. БҮКІЛРЕСЕЙЛІК АПАТ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазіргі адамзат өмірінде тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономикалық қор мен қоршаған ортаны сақтауға байланысты мәселелердің маңызы күннен-күнге артып отыр. Бұл жылдан-жылға табиғи және техногенді зілзалалар санының және шығын мөлшерінің көбейіп келе жатқандығына байланысты. Осындай қауіптерге қарсы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік және халықаралық ұйымдар құрылып отыр.

1975 жылы Женева қаласында **Халықаралық апат медицинасы қоғамы (ХАМК)** құрылды, оның құрамына 30 шақты мемлекет кірді, ал 1990 жылы КСРО Үкіметінің қаулысымен (№ 338) біздің елімізде төтенше жағдайларда шұғыл жәрдем беретін медициналық қызмет ашылды. Бұл қызметтің құрылымында шұғыл медициналық жәрдем орталықтары, тұрақты дайын тұратын маманданған медициналық бригадалар, жедел медициналық жәрдем бекеттері және шұғыл жәрдем бекеттері (санитарлық авиация) құрылды.

Айта кету керек, шұғыл медициналық жәрдем орталығын, түрлі мүліктер қорын және басқа да қызмет түрлерін құру туралы Үкімет қаулысының көптеген талаптары орындалмай қалды.

Осының бәрі ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға арналған қызмет түрлерін әрі қарай жетілдіру жолдарын іздеуді талап

авариялар мен апаттар салдарынан туындаған төтенше жағдайлар кезінде және оны жою барысында Ресей Федерациясы тұрғындарының өмірі мен денсаулығын қорғау туралы» қаулысында ТЖ кездерінде Ресей халқының өмірі мен денсаулығын сақтау аса маңызды мемлекеттік міндет болып саналатындығы көрсетілген.

Осы қаулымен Бүкілресейлік бірыңғай апат медицинасы қызметі құрылды (БАМК), ол Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің апат медицинасы қызметтерін, сонымен қатар ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысатын басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық күштерінің қызметтерін біріктіреді. Осы қаулы шеңберінде Бүкілресейлік апат медицинасының қызметі туралы Ереже жасалынып, оны РФ Үкіметі 28.02.1996 ж. қаулысымен бекітті.

РФ Үкіметі ТЖ кезінде тұрғындардың өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелерін шешуде апат медицинасы қызметінің басым мәні бар екендігін растады.

Бүкілресейлік апат медицинасы қызметі — Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің кіші функционалдық жүйесі, ол Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Көлік министрлігінің апат медицинасы қызметтерін, сонымен қатар ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысатын басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық күштерінің қызметтерін біріктіреді.

БАМК негізі — Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің апат медицинасы қызметі.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің апат медицинасы қызметі ТЖ салдарларын жою барысында медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады. Бұл қызмет өзінің міндеттерін денсаулық сақтаудың гигиеналық, эпидемияға қарсы, ана мен баланы қорғау, мамандар дайындау сияқты басқа да салаларының басқару органдарымен бірлесе отырып шешеді.

Апат медицинасы — медицинаның авария, апат, табиғат апаттары мен індет кезінде тұрғындардың денсаулығы мен өмірін сақтауға бағытталған ғылыми еңбектер мен практикалық іс-шаралар жүйесі, ТЖ салдарынан болатын аурулардың алдын алу және емдеу, ТЖ жоюға қатысқандардың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру.

БАМК негізгі міндеттері төмендегідей:

- ТЖ, сонымен қатар әскери қажығыстар мен лаңкестік актілердің салдарларын жою барысында тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету;

- БЗМК басқару органдарының, құрылымдары мен мекемелерінің ТЖ дайын болуы және сол дайындықты қамтамасыз ету;
- ТЖ салдарларын жою кезінде дәрі-дәрмектердің шұғыл жеткізілуін қамтамасыз ету, медициналық мүлік пен материалдық-техникалық жабдықтарды ұтымды пайдалану;
- БЗМК мамандарын дайындау және біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу;
- тұрғындар мен құтқарушыларды ТЖ кезінде алғашқы көмек көрсетуге үйретудің әдістемелік негіздерін жасау;
- апат медицинасы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары және халықаралық ынтымақтастықтар орнату.

ТЖ кезінде тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету БЗМК міндеттерінің ішіндегі ең маңыздысы болып саналады, оған емдік-көшіру шараларын, эпидемияға қарсы санитарлық қамтамасыз ету, тұрғындар мен ТЖ жоюға қатысушы жеке құрамды медициналық қорғау, медициналық мүлікпен жабдықтау кіреді.

Сонымен қатар БЗМК төмендегідей шараларға қатысады:

- жағымсыз медициналық-санитарлық салдарларға себеп болатын ТЖ қоздырушыларын анықтау және оларға үнемі медициналық бақылау жүргізіп отыру;
- ТЖ салдарларын болдырмауға немесе оның салмағын азайтуға бағытталған шаралар кешенін өткізу;
- ТЖ тұрғындар мен территорияны қорғау саласына мемлекеттік сараптама, бақылау және тексеру жүргізу;
- тұрғындарды әлеуметтік қорғау шараларын жүргізу;
- гуманитарлық акциялар өткізу;
- азаматтардың ТЖ қорғау саласындағы міндеттері мен құқықтарын пайдалану шарттарын жасау.

2.2. БҮКІЛРЕСЕЙЛІК АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

БАМК, негізінен, РФ Үкіметінің қаулыларымен, «Бүкілресейлік апат медицинасы қызметі туралы Ереже» талаптарымен, Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің ұйымдық құрылымы мен анықталады. Аталған құжаттар тұрғындарды ТЖ қорғау және оның медициналық-санитарлық қамтамасыз ету мәселесін маңызды мемлекеттік мәселе ретінде айқындайды.

БАМК аймақтың немесе әкімшілік аумағының аумақтық-өндірістік принципі бойынша, оның экономикалық, медициналық-геогра-

фиялық және басқа да ерекшеліктері ескеріле отырып ұйымдас-тырылады.

БАМҚ федералды, аймақтық, территориялық, жергілікті және нысандық деңгейде ұйымдастырылады және оның құрамында басқару органдары, құрылымдар мен мекемелері болады.

БАМҚ басқару органдары, құрылымдары мен мекемелері террито-риялық, ведомстволық денсаулық сақтау саласының емдеу-алдын алу, санитарлық-эпидемиологиялық мекемелері, орталық, клиникалық, ғылыми-зерттеу және басқа да мекемелер базасында құрылады.

БАМҚ федералды деңгейіне мыналар енеді:

- РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «За-щита» Бүкілресейлік апат медицинасы орталығы («Защита» БАМО) құрамындағы құрылымдар мен мекемелермен бірге;
- санитарлық-эпидемиологиялық бақылау бойынша орталыққа қарасты басқару органдары, құрылымдар мен мекемелер;
- ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысатын РФ Қорғаныс министрлігі, ПМ және басқа да министрліктер мен ведомстволардың апат медицинасы орталықтары мен медициналық құрылымдары;
- РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және басқа да министрліктер мен ведомстволардың ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға, тұрғындарға шұғыл және кеңестік медициналық көмек көрсетуге арналған штаттан тыс құрылымдары, клиникалық базалары, ғылыми базалары.

БАМҚ аймақтық деңгейі төмендегідей:

- «Бүкілресейлік апат медицинасы орталығының филиалдары құрамындағы құрылымдарымен және мекемелерімен бірге;
- мемсанэпид қызметінің төтенше жағдайлар бойынша аймақаралық орталықтары және аймақтық деңгейдегі Мемсанэпидбақылау орталықтары құрамындағы құрылымдарымен бірге;
- ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысатын РФ Қорғаныс министрлігі, ПМ және басқа да министрліктер мен ведомстволардың аймақтық құрылымдары, сонымен қатар клиникалық және ғылыми базалары.

БАМҚ аумақтық деңгейіне мынадай ұйымдар кіреді:

- апат медицинасының аумақтық орталықтары құрамындағы құры-лымдарымен бірге;
- мемсанэпид бақылаудың аумақтық орталықтары құрамындағы құрылымдарымен бірге;

- БАМҚ штаттан тыс құрылымдарымен бірге;
- ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға, тұрғындарға шұғыл және кеңестік медициналық көмек көрсетуге арналған клиникалық базалар.

БАМҚ жергілікті деңгейіне төмендегілер кіреді:

- аудан, қала көлеміндегі апат медицинасы орталықтары немесе жедел медициналық көмек бекеттері;
- санитарлық-эпидемиологиялық бригадалар мен эпидемиологиялық барлау топтарын құратын қалалық және аудандық Мемсанэпид-бақылаудың орталықтары;
- ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға арналған емдік-профилактикалық мекемелер.

БАМҚ объектілік деңгейін төмендегілер құрайды:

- объектінің ТЖ медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуіне жа-уапты қызмет иелері;
- объектінің медициналық күштері мен жабдықтары.

БАМҚ федералды деңгейдегі басшысы — БАМҚ федералды ведом-ствоаралық үйлестіру комиссиясының төрағасы, аймақтық, аумақтық және жергілікті деңгейлерде — БАМҚ ведомствоаралық үйлестіру комиссиясының төрағалары.

Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Апат медицинасы қызметі — төмендегі шараларды өткізетін БАМҚ негізі:

- БАМҚ әрекетінің ғылыми-әдістемелік талаптарын жасау;
- БАМҚ мамандарын дайындау, біліктілігін арттыру және аттеста-циядан өткізу;
- тұрғындарды ТЖ алғашқы медициналық көмек көрсетуге дайын-даудың әдістемелік негіздерін жасау;
- ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысушы күштер мен жабдықтарға басшылық ету.

Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Апат медицинасы қызметінің бастығы — министр. Аймақтық деңгейдегі апат медицинасы қызметінің бастығы — федералды округтағы денсаулық сақтау министрінің өкілі. Аумақтық және жергілікті деңгейлердегі апат медицинасы қызметінің басшылары — нақты атқарушы биліктің денсаулық сақтау саласының басқару органдарының басшылары, ал нысан деңгейінде — нақты нысандағы денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары.

Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің басқару органдары

Федералды деңгейде РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Бүкілресейлік апат медицинасы орталығы — мемлекеттік көпсалалы мекеме — басқару органы болып саналады. Оның негізгі бөлімшелері:

- басқарма;
- БЗМҚ штабы;
- «БЗМО» филиалдары (федералды округтарда);
- жылжымалы көпсалалы госпиталі (ЖКГ) бар клиникалық апат медицинасы;
- шұғыл және жоспарлы-кеңестік медициналық көмек бөлімшесі (санитарлық авиация);
- апат медицинасы және мамандар дайындау институты (құрамындағы кафедраларымен және ғылыми-зерттеу зертханаларымен);
- медициналық сараптама және қалпына келтіру орталығы;
- төтенше медицинаның медициналық-техникалық мәселелер бөлімі;
- радиациялық апаттамедициналық көмек ұйымдастыратын бөлім;
- РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ТЖ арналған медициналық жабдықтау бөлімі және басқа да бөлімшелер.

Ғылыми-тәжірибелік бөлімшелер апат медицинасы саласында ТЖ медициналық-санитарлық салдарларының алдын алу және жою мақсатында мемлекеттік саясатқа ұсыныстар жасайды, сонымен қатар БАМК дайындығын арттырып, жетілдіру бойынша мақсатты және ғылыми-тәжірибелік жұмыстарын жүргізіп, оларды жүзеге асырады. «Қорғау» БАМО құрамында Ғылыми кеңес, Ғылыми кеңестің орталықтың негізгі ғылыми бағыттарының секциялары бар.

Аймақтық деңгейдегі апат медицинасы қызметінің басқару органы — «Қорғау» БАМО филиалдары (ААМО). Олар «Қорғау» БАМО-ның аймақтық, аумақтық деңгейдегі міндеттерін орындайды, сонымен қатар тұрғындардың өмірі мен денсаулығын сақтау шараларын өткізеді, олардың ТЖ салдарларын жою барысында медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуіне қызмет етеді.

Аумақтық деңгейде апат медицинасы қызметінің басқару органы ретінде апат медицинасының аумақтық орталығы қызмет етеді (ААМО) — денсаулық сақтау мекемесі ретінде құқығы бар заңды тұлға. Ол аумақтық денсаулық сақтау басқармасының бастығына бағынады.

Әдетте, ААМО мынадай құрылымдардан тұрады:

- әкімшілік;
- шұғыл-диспетчерлік және ұйымдастыру-әдістемелік бөлімдері;

- медициналық жабдықтау және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімдері;
- штаттағы және штаттан тыс құрылымдар — мандандырылған медициналық көмек бригадалары, жылжымалы госпиталь (отряд), тұрғындарға шұғыл және жоспарлы-кеңестік медициналық көмек бөлімшесі (санитарлық авиация).

Жергілікті деңгейде апат медицинасы қызметінің басқару органы қызметін жергілікті апат медицинасы орталықтары (құрылған жерлерінде) атқарады, орталықаудандық (қалалық) ауруханалардың бас дәрігерлерінің орынбасарлары, жедел медициналық көмек бекеттерінің басшылары.

Нысан деңгейінде медицинасы қызметінің басқару органы қызметін АҚТЖ істері бойынша арнайы тағайындалған жауапты адамдар атқарады.

2.3. АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІ

Апат медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелері барлық деңгейлерде құрылады және олар штатта және штаттан тыс та құрылуы мүмкін.

Апат медицинасы қызметінің штаттағы құрылымдары төмендегідей:

- жылжымалы көпсалалы госпитальдар;
- медициналық отрядтар;
- арнайы медициналық көмек бригадалары.

Оларды бекітілген штаттарға сай құрып, табель бойынша арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді. Олар өзінше бөлек немесе ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысатын басқа да құрылымдар мен мекемелердің құрамында жұмыс істей алады.

Штаттан тыс құрылымдарды апат медицинасы қызметінің барлық деңгейлерінде медициналық білім, ғылыми-зерттеу, емдеу-алдын алу және санитарлық-алдын алу мекемелерінің базасында соларда жұмыс істейтін қызметкерлердің есебінен құрады:

- медициналық отрядтар;
- арнайы медициналық көмек бригадалары;
- дәрігерлік-мейірбикелік бригадалар және т.б.

Олардың жұмысқа дайын тұруын қамтамасыз ету емдеу-алдын алу мекемелерінің басшыларына жүктеледі. ТЖ туындаған жағдайда бұл құрылымдар апат медицинасы қызметінің лайықты саласының басқару органдарының қарамағына түседі.

Жылжымалы көпсалалы госпиталь

Апат медицинасы қызметінің негізгі жылжымалы емдік-диагностикалық құрылымы — «Қорғау» БАМО далалық көпсалалы госпиталь.

Ол зақымданғандарды қабылдау, оларға медициналық сұрыптау жасау, зақымданғандарға маманданған, арнайы медициналық көмек көрсету, оларды көшіруге дайындау, тасымалдауға жарамайтындарды уақытша госпитальге жатқызу, сонымен қатар тұрғындарға амбулаториялық көмек көрсету жұмыстарына арналған. Госпиталь толық жұмыс істегенде, тәулігіне 250 зақымданушыны қабылдай алады. Тасымалға жарамайтындарды жатқызу үшін госпиталь 150 адамға кеңейте алады.

Госпитальдың штаттағы бөлімшелері төмендегідей:

- басқарма;
- негізгі бөлімдер (қабылдау-диагностикалық, хирургиялық, жансақтау-анестезиологиялық, госпиталь, көшіру);
- қамтамасыз ету бөлімшелері (дәріхана, инженерлік-техникалық бөлім, материалды-техникалық қамтамасыз ету бөлімі).

Госпитальдың штаттан тыс бөлімшелері — 17 арнайы медициналық көмек бригадасы (сұрыптау, диагностикалық, кезекші шұғыл жәрдем, жалпы хирургиялық, балалар хирургиясы, жарақаттық, нейрохирургиялық, күйік, офтольмологиялық, жан сақтау, экстракорпоральды уытсыздандыру, терапиялық, психиатриялық, жұқпалы, радиологиялық, токсикологиялық және көшіру).

Бригадалар басты емдік мекемелердің жоғары білікті мамандарынан құрылады.

Госпиталь ТЖ аймағына жартылай немесе толық ене алады. ТЖ сипатына қарай госпиталь түрлі салалық бригадалармен толықтырылады. Ол хирургиялық, токсикологиялық, радиологиялық, терапиялық, педиатриялық, туберкулез немесе көпсалалы болып құрыла алады.

Госпитальдың базасында диагностикалық және емдік түрлі жабдықтар, санитарлық-шаруашылық және арнайы мүліктер жиынтығы, модульді жиналмалы шатырлар мен ауа-райының түрлі жағдайларында госпитальдың жұмысын қамтамасыз ететін басқа да қажетті жабдықтар бар.

Арнайы медициналық көмек бригадалары

Арнайы медициналық көмек бригадалары (АМКБ) штатта немесе штаттан тыс жұмыс істеулері мүмкін. Олар апат медицинасы қызметінің жылжымалы құрылымдары ретінде ТЖ салдарларын жоюға қатысатын емдеу-алдын алу мекемелерінің жұмысын күшейту үшін қызмет етеді.

АМКБ негізгі міндеттері:

- арнайы медициналық көмекке мұқтаж зақымдалушыларды сұрыптау;
- зақымдалушыларға арнайы медициналық көмек көрсету;
- тасымалға жарамайтын зақымдалушыларды емдеу;
- зақымдалушыларды арнайы емдік мекемелерге көшіруге дайындау;
- емдеу-алдын алу мекемелеріне кенестік-әдістемелік көмек көрсету.

АМКБ штаттарымен жабдықталу табельдері апат медицинасы қызметінің арнайы медициналық көмек туралы ережесі негізінде анықталады.

Бригадаларды республикалық, облыстық, қалалық көпсалалы және арнайы ауруханалар, орталық аудандық, жедел медициналық жәрдем ауруханалары, медициналық ЖОО, ғылыми-зерттеу институттарының және медициналық саладағы арнайы орталықтарының базаларында денсаулық сақтаудың басқару органдарынан және ерікті түрде жоғары білікті мамандардан құрылады.

АМКБ негізгі және қосымша құрамын тағайындау мен өзгертулерді оны құрған мекеме басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Күнделікті және асқан дайындық тәртібі жағдайында АМКБ мекеме басшысына бағынып, нақты апат медицинасы қызметі орталығының басшылығының қарамағына көшеді.

Күнделікті асқан дайындық жағдайында штаттағы бригада мамандары мереке және демалыскүндері мекеме басшысының апат медицинасы орталығының келісімімен бекіткен кесте бойынша үйлерінде кезекшілік етеді. ТЖ кезінде бригадаларға басшылықты апат медицинасы орталығының басшысы жүргізеді.

АМКБ-ның ТЖ болған жерлерге шығу (ұшу) мерзімі жергілікті жерлердің жағдайларына байланысты анықталады, бірақ бұйрық алынғаннан кейін 6 сағаттан кеш болмауы керек. Бригада ТЖ кезінде тәулігіне орта есеппен 12 сағат жұмыс істейді.

АМКБ-ның медициналық, санитарлық-шаруашылық және арнайы мүліктермен жабдықтауды құрылтайшы мекеме жабдықтау табеліне сай басым қажеттілік принципі бойынша жүргізіледі. Бригаданың мүліктері жинақталып, құрылтайшы мекемеде арнайы сақталып, кез келген уақытта пайдалануға дайын тұрады.

АМКБ-ны ТЖ болған жерлерге төтенше жағдайлар комиссиясының шешімі бойынша жеткізіледі.

АМКБ құрған мекеменің басшысы оның құрылымына және олардың өздеріне жүктелген міндеттерін орындауға дайын болуына тікелей жауапты. Басшының міндеттері төмендегідей:

- АМКБ мамандармен толықтыру;
- АМКБ-ны табельдік мүліктермен қамтамасыз ету және оның сақталуы мен жанарғылуын ұйымдастыру;
- апат медицинасы орталығынан алынған хабарды өз уақытында АМКБ қызметкерлеріне жеткізу және оларды жинақтап, ТЖ аймағына жіберетін жинақ бекетіне уақтылы жеткізу;
- АМКБ мамандары нарнайы дайындықтан және аттестациядан өткізу;
- ТЖ аймағында АМКБ жұмысы мен кезекшілігінің қаржыландырылуын ұйымдастыру.

Бригада басшысы құрылтайшы мекеме басшысының бұйрығымен білікті және тәжірибелі мамандардың ішінен таңдалынып тағайындалады және ол бригаданың ТЖ жұмыстарға әрдайым дайын тұруын және өздеріне артылған міндеттердің орындалуына жауап береді. Оның міндеттері:

- бригаданың өзінің қызметтік міндеттерін орындауға әрдайым дайын тұруын қамтамасыз ету;
- бригада қызметкерлерінің арнайы медициналық дайындығын ұйымдастыру және өткізу;
- бригаданың табельдік мүлігін, сақталу орнын және беру тәртібін жетік білу;
- бригаданың жұмыстарын міндеттерге сай ұйымдастыру.

Бригаданың мамандары бригада басшысына бағынады.

Олардың міндеттері:

- хабар алғаннан кейінгі өзінің міндеттерін, жиналатын орындарын білу;
- бригаданың міндеттері мен қызметтік міндеттерін білу;
- кәсіптік білімдері мен АМКБ жұмыс дағдыларын жетілдіру;
- бригаданың табельдік жабдықтарын білу;
- медициналық сұрыптау, арнайы медициналық көмек көрсету және зақымдалушыларды көшіру жұмыстарына қатысу;
- ТЖ аймағындағы емдеу-алдын алу мекеме мамандарына кенестік-әдістемелік көмек көрсету.

Апат медицинасы қызметінің арнайы медициналық бригадалары туралы Үлгілік ережеге сай бұл бригадалардың 21 түрі бар. ТЖ жою жұмысарына, көбіне, хирургиялық, жарақаттық, нейрохирургиялық, акушерлік-гинекологиялық, трансфузиологиялық, токсикологиялық, терапиялық, психиатриялық және жұкпалы аурулар бригадалары қатыстырылады.

Арнайы медициналық көмек бригадасының қысқаша сипаттамасы

Хирургиялық АМКБ зақымдалушыларға хирургия саласында білікті және арнайы медициналық көмек көрсетуге арналады.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- зақымдалушыларды клиникалық-жабдықты тексеру;
- соққыға қарсы кешенді терапия;
- кезек күттірмейтін көрсеткіштер бойынша ота жасау;
- ішперде, кеуде, жамбас қуыстары ағзаларының зақымдарына ота түрлерін жасау;
- жараларды хирургиялық өңдеу;
- ұзақ басылып қалған, ірі қантамырлары зақымдалған, тамырлардың түрлі жіті патологиялары бар, жақын жатқан анатомиялық құрылымдары зақымдалған ауруларға хирургиялық көмек көрсету;
- бактерияға қарсы терапия және т.б.

Бригаданың құрамы: басшы (хирург дәрігер), екі хирург дәрігер, анестезиолог-реаниматолог, екі хирургиялық мейірбике, анестезиолог мейірбикесі және тағы бір мейірбике — барлығы сегіз адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 10 шақты ота түрлерін жасай алады.

Жарақаттық АМКБ негізінен, тірек-қимыл мүшелері зақымдалған адамдарға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетуге және оны емдеуге арналған.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- зақымдалушыларды клиникалық-жабдықты тексеру;
- соққыға қарсы кешенді терапия;
- ауыруды босаңсыту және жансыздандыру;
- сүйек сынықтарын орнына қою және оның қозғалмауын қамтамасыз ету;
- өмірлік көрсеткіштеріне байланысты түрлі хирургиялық ем түрлерін жасау;
- анестезиологиялық және жан сақтау шаралары.

Бригаданың құрамы: басшы (травматолог), жарақат дәрігері, анестезиолог-реаниматолог, екі хирургиялық мейірбике, анестезиолог мейірбикесі және тағы бір таңу мейірбикесі — барлығы жеті адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 8 шақты ота түрлерін жасай алады.

Нейрохирургиялық АМКБ бас сүйегі, бастың миы және жұлыны зақымдалған хирургиялық көмекке мұқтаждамдарға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетуге арналған.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- зақымдалушыларды клиникалық-жабдықты тексеру;
- бастың жұмсақ тіндерінің жарларына алғашқы хирургиялық өңдеу жасау;
- бас сүйегі күмбезінің жаншылып сынған сүйектерін алып тастау;
- бас сүйегі тесігін таңу;
- сүйек-пластикалық кесіп тастау тесіктері;
- бас сүйегіндегі қан кетуді тоқтату, бас сүйегіндегі ұйыған қанды алу, мидың мелжемделу ошақтарын жою;
- омыртқаға қысымды азайтатын және тұрақтандыратын ота түрлерін жасау, омыртқа және жұлын миындағы ұйыған қанды алу;
- анестезиологиялық және жан сақтау шаралары.

Бригаданың құрамы: басшы (нейрохирург дәрігер), анестезиолог-реаниматолог, екі хирургиялық мейірбике және анестезиолог мейірбикесі — барлығы алты адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада алтыға таяу ота түрлерін жасай алады.

Күйік АМКБ ыстықтан зақымдалғандарға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетуге арналған.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- күйік соққысының алдын алу және оны емдеу шараларын жүргізу;
- қарқынды дәрі-қан құю арқылы жасалатын уытсыздандыру терапиясы;
- тыныс жолдары күйігінде кеңірдекті тесу;
- кеуденің тыныс алуды ауырлататын күйіктерінде жолақты жасау (қанның жүруі бұзылады);
- жүрек-өкпенің жіті жетіспеушілігінің алдын алу және емдеу шараларын жүргізу және т.б.

Бригаданың құрамы: басшы (хирург-анестезиолог дәрігер), хирург дәрігер, анестезиолог-реаниматолог, екі хирургиялық мейірбике және анестезиолог мейірбикесі — барлығы алты адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 30 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Балалар хирургиясы АМКБ балаларға маманданған және арнайы хирургиялық көмек көрсету үшін және емдеуге арналған. Бұл бригадаларды медициналық ЖОО, ҒЗИ, дәрігерлер біліктілігін арттыру институттарының, облыстық, қалалық хирургия бөлімшесі бар балалар ауруханаларының базаларында құрылады.

Апат медицинасы қызметінде осындай бригадалардың болу қажеттілігі ТЖ зақымдалғандардың 25% балалардан тұратындығынан туындап отыр.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- зақымдалушыларды клиникалық-жабдықты тексеру;
- соққыға қарсы кешенді терапия;

- жараны хирургиялық өңдеу;
- кеуде, ішперде және кіші жамбас қуыстары ағзалары зақымдалғанда түрлі оталар жасау;
- сүйек сынықтарында, ұзақ жаншылып қалғанда, күйіктерде хирургиялық көмек көрсету;
- қан құю және бактерияға қарсы терапия;
- анестезиологиялық және жан сақтау шаралары және т.б. Бригаданың құрамы: басшы (балалардың хирург дәрігері), балалардың жарақаттық хирург дәрігері, анестезиолог-жан сақтау дәрігері, екі операциялық мейірбике, анестезиолог мейірбике және таңу мейірбикесі — барлығы жеті адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 10 шақты ота түрлерін жасай алады.

Акушерлік-гинекологиялық АМКБ акушерлік-гинекологиялық маманданған және арнайы медициналық көмекке мұқтаж ауруларға көмек көрсету және емдеу.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- зақымдалушыларды клиникалық-жабдықты тексеру;
- соққыға қарсы кешенді терапия;
- жатырдан қан кеткенде оның қуысын қырып тазалау;
- кезек күттірмейтін және патологиялық босануларды қабылдау, кейде ота жасау әдісімен; ішперде қуысынан гинекологиялық себептермен қан кету кезінде ота жасау;
- қынап үстін және жатырды сылып тастау оталары, анестезиологиялық және жан сақтау шаралары;
- қан құю және бактерияға қарсы терапия және т.б.

Бригада құрамы: басшы (акушер-гинеколог дәрігері), акушер-гинеколог дәрігері, анестезиолог-жан сақтау дәрігері, акушер, аға операциялық мейірбикесі, екі медициналық мейірбике (анестезиолог және балалар) — барлығы жеті адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Трансфузиологиялық (құю) АМКБ дәрі-қан құю қарқынды терапиясын, емдік плазмафарез жасау үшін, гемодиализбенгемосорбция жасауға арналған. Бригаданы қан құю институттары, гематологиялық орталықтар базасында құрады.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- құю терапиясын, емдік плазмафарез, гемодиализ, гемосорбция жасау;
- қан тапсырушылар мен зақымдалушылардың қан топтарын және резустарын анықтау;
- қанның биологиялық сынағын және қан құю кезінде қанның сәйкес келу сынағын жасау;

- донорларды медициналық куәландыру;
- донорлық қан мен оның бөлшектерін дайындау және сынау.

Бригаданың құрамы: басшы (жан сақтау дәрігері), хирург-трансфузиолог дәрігері, донорлар қанын дайындайтын терапевт дәрігер, нефролог-дәрігер, зертхана дәрігері, аға медициналық мейірбике (гемодиализ, қан дайындау, плазмаферез), анестезиолог мейірбике және зертхана фельдшері — барлығы сегіз адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Токсикологиялық-терапиялық АМКБ апаттық қауіп бар химиялық және басқа да улы заттармен зақымдалғандарға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетуге және емдеуге арналған. Бригадалар токсикологиялық орталықтар, ауруханалардың токсикологиялық бөлімдері мен қарқынды терапия бөлімдерінің базаларында құрылады.

Химиялық қауіпті нысандарға бекітілген, құрамында токсикологиялық бөлімдері немесе қарқынды терапия бөлімдері бар емдік мекемелер өздерінің құрамынан бригадалар құрады. Мұндай бөлімдер болмаған жағдайда аумақтық немесе жергілікті денсаулық сақтау органдарының шешімімен мұндай объектілердің қарамағына АМКБ бекітіледі.

Бригаданың медициналық көмегінің көлемі:

- қарқынды терапия және жан сақтау шаралары;
- қарқынды және уқайырғы терапия;
- қарқынды уйтсыздандыру;
- соматогенді асқынулардың белгілерін емдеу.

Бригаданың құрамы: басшы (анестезиолог-токсиколог-жан сақтау дәрігері), терапевт-токсиколог дәрігері, мейірбике (анестезиолог), фельдшер мейірбике — барлығы бес адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 30 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Психиатриялық АМКБ ТЖ кезінде жіті психоз және басқа да психикалық ауытқулармен ауырған адамдарға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетуге арналған. Бригадалар психиатриялық ауруханалар мен диспансерлер базасында құрылады.

Бригаданың жұмыс орнына қарай көрсететін медициналық көмектерінің көлемі:

- психикалық ауытқуларды дифференциалды-диагностикалық бағалау;
- жіті жағдайларын басу;
- стресс алған жағдайларда психологиялық-психиатриялық көмек;

- жіті психозға ұшыраған және невротикалық ауытқулары бар зақымдалушыларға тән терапия (көшіргенге дейін);
- зақымдалушыларды ЕПМ және арнайы медициналық мекемелерде емдеу;
- тұрғындар мен апаттық-құтқару жұмыстарындағы адамдардың арасында невротикалық, психосоматикалық ауытқулардың алдын алу.

Бригаданың құрамы: басшы (психиатр дәрігер), екі дәрігер (психиатр және психофизиолог), екі медициналық мейірбике — барлығы бес адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50–100 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Жұқпалы аурулар АМКБ жұқпалы ауруларға ұшыраған адамдарға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетуге арналған. Жұқпалы аурулар саласында ЕПМ және жұқпалы аурулар бөлімі бар ЕПМ базаларында құрылады.

Бригаданың медициналық көмектерінің көлемі:

- емдік іркіттер, иммуноглобулиндер және басқа да дәрмектер салу;
- антибиотиктермен, химиялық дәрмектермен бактерияға қарсы терапия;
- уйтсыздандыру терапиясы, түршіктірмейтін дәрмектер салу;
- белгілерін емдеу және т.б.

Бригаданың құрамы: басшы (жұқпалы ауру дәрігері), екі дәрігер (жұқпалы ауру дәрігері және балалар дәрігері), үш медициналық мейірбике — барлығы алты адам. 12 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50–100 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

ТЖ салдарларын жоюға қатысушы емдік мекемелер қажет болған жағдайда басқа да АМКБ күштерімен толықтырыла алады: анестезиологиялық, жан сақтау, офтальмологиялық, оториноларингологиялық, бет-жақ хирургиясы, терапиялық, педиатриялық, зертханалық-диагностикалық. Бұл бригадалардың бәрін соларға сай дәрігерлер басқарады, құрамдарында тағы да екі-үш дәрігер мен үш-бес орта медициналық қызметкерлері бар.

Тағы басқа АМКБ арасынан төмендегілерді атап өткен жөн:

- **санитарлық-токсикологиялық АМКБ:** басшы (гигиена дәрігері), токсиколог дәрігер, екі химик-талдаушы, электронды техника инженері — барлығы бес адам;
- **радиологиялық АМКБ:** басшы (гигиена дәрігері), радиациялық медицина бойынша маман дәрігер, зертханалық, гематолог дәрігер, екі физик-дозиметрист, физик-спектрометрист — барлығы жеті адам.

Зақымдалушыларға алғашқы медициналық көмек көрсететін апат медицинасы қызметінің құрылымдарына мыналар жатады:

- жедел медициналық жәрдемнің көшпелі дәрігерлер бригадалары;
- дәрігерлік-мейірбикелік бригадалар.

Жедел медициналық жәрдемнің көшпелі дәрігерлер бригадалары жедел медициналық жәрдем бекеттерінің, бөлімдерінің базасында құрылады.

Бригаданың негізгі міндеттері:

- зақымдалушыларды медициналық сұрыптау;
- бекітілген көлемде алғашқы медициналық көмек көрсету және оны ТЖ аймағынан көшіру.

Бригаданың құрамы: басшы — дәрігер, екі фельдшер (немесе фельдшер және анестезиолог мейірбике), санитар-жүргізуші — барлығы төрт адам. Бригаданың табельге сай жасақталған арнайы төсеніштері бар. 6 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Дәрігерлік-мейірбикелік бригадалар — апат медицинасы қызметінің зақымданғандарға алғашқы медициналық көмек көрсетуге, медициналық сұрыптау жүргізіп, оларды апат ошағынан көшіруді ұйымдастыруға арналған жылжымалы құрылымдары. Оларды қалалық, орталық, аудандық, ауданаралық, бөлімшелік ауруханалардың, сонымен қатар емханалық мекемелері мен жаракаттық бекеттердің базаларында құрайды.

Бригаданың құрамы: басшы (дәрігер), аға медициналық мейірбике, екі медициналық мейірбике, санитар, жүргізуші-санитар — барлығы алты адам. 6 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50 зақымданушыға дәрігерлік көмек көрсете алады.

Дәрігерлік-мейірбикелік бригадалардың медициналық мүлкін жиынтықтауды табельге сай құрылтайшы мекеме жүргізеді. Дайын мүлік құрылтайшы мекемеде арнайы жасауда сақталады. Көлікті құрылтайшы мекеменің бұйрығы немесе қала әкімшілігінің шешімі бойынша жүргізуші жасақтайды.

Апат медицинасы қызметінің дәрігерге дейінгі көмек көрсететін құрылымдарына төмендегілер жатады:

- дәрігерге дейінгі көмек бригадасы;
- жедел медициналық жәрдем қызметінің көшпелі фельдшерлік бригадалары.

Дәрігерге дейінгі көмек бригадасы — денсаулық сақтаудың төмендегідей қызметтерді атқаратын медициналық құрылымдары:

- зақымдалушыларды медициналық сұрыптау;
- оларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету;
- көшіруге дайындау.

Бұл бригадалар денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының шешімімен қалалық, орталық, аудандық және бөлімшелік ауруханалардың, сонымен қатар емханалық мекемелер мен денсаулық бекеттерінің базаларында құрылады және ТЖ ошағындағы жұмыстарға тартылады.

Нысандарда басшысының шешімімен медициналық-санитарлық бөлім қызметкерлері есебінен бригадалар құрылады.

Бригаданың құрамы: басшы (фельдшер немесе медициналық мейірбике), бір немесе екі медициналық мейірбике, жүргізуші-санитар — барлығы үш немесе төрт адам. 6 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Жедел медициналық жәрдем қызметінің фельдшерлік көшпелі бригадалары жедел медициналық жәрдем бекетінің базасында құрылады.

Бригаданың құрамы: екі фельдшер (біреуі басшы), санитар және жүргізуші — барлығы төрт адам. Бригаданың табельге сай жинақталған арнайы төсеніштері бар. 6 сағаттық жұмыс күнінде бригада 50 зақымдалушыға көмек көрсете алады.

Құрылымдар мен мекемелердің жинақылығы, жылдамдығы және ТЖ жұмыстарға әрдайым дайын тұру төмендегі жағдайларға байланысты:

- әрдайым дайын тұратын және өз бетінше жұмыс істей алатын көшпелі медициналық құрылымдардың болуы;
- олардың жеке құрамының үнемі жаттығуы және кәсіби деңгейлерінің жоғарылығы;
- ТЖ туындаған жерлерге күштер мен жабдықтарды жеткізуде және зақымдалушыларды көшіруге заманауи көлік құралдарын пайдалану;
- медициналық мүліктер мен дәрі-дәрмек қорларын жасау;
- ТЖ туралы, болып жатқан жағдайлар мен қажеттіліктер туралы хабарларды дер кезінде және сапалы жеткізуді қамтамасыз ететін байланыс жүйелерін жетілдіру.

2.4. БҮКІЛРЕСЕЙЛІК АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІПТЕРІ

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің ережелеріне сай **БАМҚ** өзінің жұмысын төмендегі тәртіптердің бірі бойынша ұйымдастырады:

- күнделікті жұмыс;
- асқан дайындық;
- төтенше жағдайлар.

Жұмыс тәртібінің бірінен екіншісіне ауысу ТЖ тұрғындарын медициналық-санитарлық қамтамасыз ету жоспарына сай ұйымдасқан түрде жүргізіледі.

БАМҚ қызметінің күнделікті жұмыс тәртібі төмендегі шаралардан тұрады:

- ТЖ болуы мүмкін деген қауіпті нысандар маңында тұратын тұрғындардың өмір сүру ортасын бақылап, тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу;
- кезекші-диспетчерлік қызмет жұмысының тұрақты да, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- тұрғындарға шұғыл және кеңестік медициналық көмек көрсететін бөлімнің дайын тұруын қамтамасыз ету және олардың жұмысын ұйымдастыру;
- эпидемиялық ошақтардың алдын алуға бағытталған санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру және жүргізу;
- апат медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің, басқару органдарының дайын болуын қамтамасыз ету, олардың жеке құрамының дайындығын жетілдіру;
- тұрғындарға шұғыл және кеңестік медициналық кеңес бөлімінің дайын болуын қамтамасыз ету және олардың жұмысын ұйымдастыру;
- эпидемиялық ошақтардың алдын алуға бағытталған санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- апат медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерімен басқару органдарын құру, олардың дайын болуын қамтамасыз ету және құрамының дайындығын жетілдіру;
- медициналық мүлік қорын құру, оны толықтыру, жаңарту, дұрыс қолданылуын және сақталуын бақылау;
- кез келген ТЖ құрылымдармен мекемелердің жұмысын лайықты жүргізілуіне қажетті материалдық құралдармен және техникалық жабдықтармен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін кешенді жүргізу;
- РТЖЖ апаттық-құтқару құрылымдарының жеке құрамының медициналық дайындыққа қатысуы.

Күнделікті жұмыс тәртібі шаралары тез арада басқа жұмыс тәртібіне ауысуды қамтамасыз етуі керек.

Тұрғындарды медициналық қорғау деңгейі медициналық қорғау құралдарымен қамтамасыз етілу, оларды уақтылы беру және тұрғындардың оларды қолдану деңгейлеріне, сонымен қатар ТЖ ошақтарында

жұмыс істеу ережелерін, өзіне және қасындағыларға алғашқы көмек көрсете біту деңгейіне байланысты.

Асқан дайындық тәртібінде БАМҚ төмендегідей негізгі шараларды жүзеге асырады:

- асқан дайындық тәртібінің енгізілуі туралы хабарлау және апат медицинасы қызметінің басқару органдары, құрылымдары мен мекемелерінің жеке құрамын жинау;
- кезекші-диспетчерлік қызметті күшейту;
- асқан дайындық тәртібінің енгізілуіне себеп болған жағдайларды талдау және жағдайдың ушығу мүмкіндігін болжау;
- туындаған жағдайларға және олардың өзгеру мүмкіндіктеріне байланысты ТЖ тұрғындардың медициналық-санитарлық қамтамасыз етілу жоспарларын нақтылау;
- материалдық-техникалық ресурстар мен медициналық мүліктер қорының пайдалануға дайындығын және олардың толықтырылуын тексеру;
- БТЖЖ мен БАМҚ құрылымдарымен бірлесе жұмыс жоспарларын нақтылау;
- санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық жағдайды бақылауды күшейту, жұқпалы аурулардың жаппай таралу мүмкіндігін болжау.

Асқан дайындық тәртібі енгізілгенде жүргізілетін барлық шаралар ТЖ салдарларын жоюға дайындық мерзімін барынша қысқартуға бағытталған.

Асқан дайындық тәртібіненгізу туралы шешімді атқарушы биліктің сол деңгейдегі органы басшысының нұсқауы негізінде нақты деңгейдегі БАМҚ бастығы қабылдайды (денсаулық сақтау ұйымының басшысы). Мұндайда ТЖ сипаты мен көлеміне байланысты аталған және басқа да шаралардың мазмұны, көлемі, мерзімі және тәртібі анықталады. Ең алдымен, уақтылы хабарлау мен қызметтің жеке құрамын жинау жоспары нақтыланады (тек басшылық құрамы немесе басқару органының бүкіл құрамы, нақты немесе бүкіл құрылымдар мен мекемелердің жеке құрамы).

Төтенше жағдайлар тәртібінде БАМҚ төмендегідей негізгі шаралар жүргізеді:

- апат медицинасы қызметінің басқару органдары, құрылымдары мен мекемелерінің жеке құрамына төтенше жағдайлар тәртібінің енгізілуі туралы хабарлау;
- ТЖ болған аудандардағы жағдай туралы ақпарат жинау, оны бағалау және БАМҚ ведомстволарлық үйлестіру комиссиясының төрағасына баяндама жасау;
- ТЖ аймағына апат медицинасы орталығының шұғыл топтарын, апат медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерін шұғыл түрде жіберу;

- ТЖ аймағында емдік-көшіру шараларын жүргізу;
- БТЖЖ ТЖ аймағында жұмыс істеп жатқан апаттық-құтқару және басқада құрылымдарымен бірлесе әрекет етулі ұйымдастыру;
- ТЖ салдарларын жоюға қатысушы құрылымдар мен мекемелердің жеке құрамының және көшірілетін тұрғындардың медициналық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру;
- тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру және жүргізу;
- қайтыс болғандардың соттық-медициналық сараптамасын және зақымдалушылардың соттық-медициналық куәландыруын ұйымдастыру және өткізу.

Бұл тәртіпті енгізгенде, ең алдымен, ТЖ аймағындағы жағдай туралы мәліметтерді алу, тұрақты басқару жүйесін құру, ТЖ жұмысқа жіберілетін құрылымдар мен мекемелердің дайындығын бақылау шараларын жүргізеді.

ТЖ аймағында және одан тыс жерлерде зақымдалушыларға көрсетілетін медициналық көмектің түрі, мөлшері және тәртібі ТЖ түрі мен көлеміне, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету күштері мен жабдықтарының мөлшеріне байланысты және емдік-көшіруді қамтамасыз етудің ресми талаптары ескеріле отырып анықталады.

Қорытындылай келе, асқан дайындық және төтенше жағдайларға сай шаралар болуы мүмкін немесе туындаған ТЖ көлемі, сипаты және аймақтың ерекшеліктері ескеріле отырып, жоспарланады, ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Сонымен, БАМҚ — орталықтанған мемлекеттік құрылым, төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің функционалды ішкі жүйесі. Ол түрлі авариялар, апаттар, табиғат апаттары, індет, әскери қақтығыстар, ланкестік әрекет және басқа да ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жылдам және тиімді жоюға арналған.

Бақылау сұрақтары

1. Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің анықтамасы мен міндеттері.
2. БАМҚ жұмысының аумақтық-өндірістік қағидаттары.
3. БАМҚ ұйымдық құрылымы.
4. Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің басқару органдары.
5. Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелері.
6. Арнайы медициналық көмек бригадаларының қысқаша сипаттамасы.
7. БЗМҚ жұмыс тәртіптері және олардың сипаттамасы.

3-Тақырып

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАРДЫ ЕМДІК-КӨШІРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 3.1. Төтенше жағдайларда тұрғындарды емдік-көшіруді қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негіздері
- 3.2. Медициналық көмектің түрлері мен көлемі
- 3.3. Медициналық көшірудің кезеңдері
- 3.4. Төтенше жағдайларда зақымдалушыларды медициналық сұрыптау
- 3.5. Төтенше жағдайларда зақымдалушыларды медициналық көшіру

3.1. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАРДЫ ЕМДІК-КӨШІРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Апат, табиғат апаттарының нәтижесінде зардап шеккен тұрғындарға уақтылы медициналық көмек көрсету — Бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселенің табысты шешілуі төтенше жағдайлардың ерекшеліктеріне, нақты жағдайларда оның медициналық-санитарлық салдарларын жою барысында оқиғаның даму болжамдарына байланысты болады.

ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюда денсаулық сақтау ұйымдары әрекеттерінің негізгі бағыттары:

- емдік-көшір шараларын ұйымдастыру және өткізу;
- ТЖ ауданындағы зақымдалмаған тұрғындарды медициналық қамтамасыз ету;
- санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар;
- медициналық құрылымдар мен мекемелерді медициналық мүлікпен және санитарлық техникамен қамтамасыз ету;
- құтқару, апаттық және қалпына келтіру жұмыстарына тартылатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету;

- қайтыс болғандарды соттық-медициналық сараптау және зардап шегушілерді соттық-медициналық куәландыру.

Емдік-көшіру шараларын ұйымдастыру және жүргізу — ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюда денсаулық сақтау органдары әрекетінің негізгі және ең ауыр түрі.

ТЖ тұрғындарды емдік-көшіруді қамтамасыз ету — зақымдалушыларға уақтылы медициналық көмек көрсетуге бағытталған шаралар кешені.

Емдік-көшіруді қамтамасыз ету төмендегі шаралардың жүргізілуін талап етеді:

- зақымдалушыларды іздеу;
- оларға медициналық көмек көрсету;
- зардап шегушілерді зақымдау ошағынан алып шығу;
- оларды жақын медициналық көшіру сатыларына және емдік мекемелерге емделуге және қалпына келуге жіберу.

ТЖ емдік-көшіру шараларын ұйымдастырып, жүргізуге төмендегідей **жағдай факторлары** әсер етеді:

- зақымдау ошағының көлемі және зілзала түрі (апаттар);
- зақымдалушылар саны және зақымдау сипаты;
- зақымдау аймағында денсаулық сақтау күштерінің істен шығу деңгейі;
- медицина ғылымының даму деңгейі;
- апат медицинасы қызметі күштерінің материалдық-техникалық жабдықталуы;
- ауданда адам өміріне қауіпті зақымдау факторларының болуы және болмауы (радиоактивті заттар, АҚХЗ, өрт ошақтары және басқалар).

Аталған факторлармен медициналық қызметкерлердің әрекет ету жағдайларын талдау маңызды екі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қалыпты жағдайлардағы медициналық қамтамасыз ету жүйесі, көп жағдайларда, ТЖ салдарларын жоюда лайықсыз болып қалады, себебі ол жүйе науқасқа көрсетілетін медициналық көмекті бір емдеу мекемесі көлемінде ғана қарастырады. Төтенше жағдайларда мұндай мүмкіндіктер болмайды.

ТЖ зақымдалушылар санының шамадан тыс көп болуы және олардың өмірін сақтап қалып, емдік мекемелерге көшіру кезінде зақымның қабынып кету қаупін төмендететін ТЖ ошағына жақын медициналық құрылымдар мен мекемелердің болмауы медициналық тиімді де тексерілген жүйесін қолдануды талап етеді — зақымдалушыларды медициналық көшіру сатылы емдеу жүйесі, яғни, зақымдалушыларды емдік мекемелерге көшіруді қамтамасыз ететін медициналық құрылымдар мен мекемелерден аралық сатылар құру.

Сатылы емдеу жүйесінің мәні медициналық көшіру сатысында зақымдалушыларға уақтылы, бірізді және жалғаспалы медициналық көмек көрсетуде жатыр және олар одан әрі қарай зақым түріне сай толыққанды ем алып, қалпына келу үшін емдік мекемелерге жеткізіледі.

Қазіргі уақытта госпитальға дейінгі және госпиталь сатысын қосқанда, ТЖ тұрғындарды емдік-көшірумен қамтамасыз етудің екісатылы жүйесі қабылданған.

- **Госпитальға дейінгі саты** нысанның, денсаулық сақтаудың жергілікті емдеу-алдын алу мекемелерінің, жылжымалы құрылымдардың медициналық қызметкерлері жүргізеді. Зақымдау ошағында немесе оған жақын жерде алғашқы, дәрігерге дейінгі және алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді, медициналық және көшіру-көлік сұрыптауларын жасайды.
- **Госпиталь сатысын** ведомстволық, апат медицинасы қызметінің емдік мекемелері, арнайы емдеу-алдын алу мекемелері жүргізеді, олар зардап шегушілерге маманданған және арнайы медициналық көмек көрсетеді, емдейді және қалпына келтіреді.

ТЖ салдарларын жою барысында жұмыс көлемі және тартылатын күштер мен жабдықтар саны ТЖ аудандарындағы нақты жағдайларға, оның сипатына және зақымдау ошағының аумағына байланысты шешіледі. Соңғысы зақымдалушылар саны мен зақымдау құрылымына, сонымен қатар ТЖ болған жерге байланысты болады. Апаттағы санитарлық шығындардың көлемі бірнеше ондықтан жүзге, мыңға дейін жетуі мүмкін. Ол ТЖ көлеміне, тұрғындардың жалпы санына және халық шаруашылығының түрлі салаларында жұмыс істейтін азаматтардың санына, жергілікті емдеу-алдын алу мекемелерінің болуына және басқа да себептерге байланысты болады.

Тұрғындар арасындағы барлық шығындар **жалпы шығындар** деп аталады. Жалпы шығындар қайтарымсыз және санитарлық болып бөлінеді.

- **Қайтарымсыз шығындарға** өлтірілгендер, қаза тапқандар, суға батқандар, хабарсыз жоғалғандар жатады.
- **Санитарлық шығындарға** зақымдалғандар және кем дегенде, 1 тәулікке жұмыс істеу қабілетінен айрылған науқастар және медициналық бекеттер мен мекемелерге түскендер жатады.

Санитарлық шығындар құрылымы — санитарлық шығындардың жалпы санына кіретін зақымдалушылар мен науқастардың түрлі санаттарының пайыздық қатысы. Санитарлық шығындарды зерттеу зақымдалушылар мен науқастардың емдеу-алдын алу сипаттамасын жасауға мүмкіндік береді, яғни, медициналық көмек көрсету, көшіру және емдеуді ұйымдастыруға қажетті күштер көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

ТЖ медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруда зақымдау ошағына жетудің қиындығы, жергілікті медициналық мекемелердің қирауы, ошақта байланыс жүйесінің бұзылуына байланысты мәліметтердің нақты болмауы, зақымдау ошағының көлемін тез бағалаудағы қиындықтар, зардап шегушілердің жаппайлығы үлкен қиындықтар туғызады. Мұның бәрі медициналық көмек көрсетуде уақытты жоғалтуға әкеледі, сөйтіп, ТЖ зардап шегушілерге жасалатын медициналық көмектің тиімділігін төмендетеді.

ТЖ тұрғындарды медициналық қамтамасыз ету шараларын табысты орындау үшін мыналар қажет:

- апат салдарларын жоюға қатысушы денсаулық сақтаудың күштері мен жабдықтарын нақты және үздіксіз басқару;
- барлық жасалатын шараларды жан-жақты, үздіксіз материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын қамтамасыз ететін ведомстволардың, басқа да қызметтердің әкімшіліктерімен үнемі бірлесе әрекет ету сонымен қатар басқару органдары мен тұрғындарды уақтылы ақпараттармен қамтамасыз етіп отыру.

ТЖ тұрғындарын емдік-көшірумен қамтамасыз етуді тиімді жүргізу үшін апат медицинасының нақты доктринасын ұстану қажет. Апат медицинасы қызметі әрекетінің негізін құрайтын негізгі принциптерінің жиынтығы осы доктринаны құрайды. Олардың ішінде төмендегі принциптерді атауға болады:

- апат медицинасы қызметінің міндеттерін бірыңғай түсіну;
- түрлі патологиялық процестер мен олардың белгілерінің шығуы мен дамуын бірыңғай түсіну;
- зақымдарды емдеу және алдын алу принциптері мен әдістеріне бірыңғай көзқарастар;
- жараларды хирургиялық өңдеу — жара жұқпасының алдын алу және дамудың сенімді әдісі.

3.2. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН КӨЛЕМІ

Медициналық көмек түрі деп, емдеу-алдын алу кешен шаралары, тиісті медициналық құралдар мен жабдықтарға сәйкес белгілі бір біліктілік дәрежеге ие медицина қызметкері орындаған, нақты медициналық көрсеткіштер деп түсінеміз.

Қазіргі кезде медициналық көмек түрлері былай бөлінеді:

- алғашқы көмек (алғашқы медициналық көмек);
- дәрігерге дейінгі (фельдшерлік) көмек;
- алғашқы дәрігерлік көмек;
- білікті медициналық көмек;
- мамандандырылған медициналық көмек.

Алғашқы көмек (алғашқы медициналық жәрдем) — бұл медициналық шаралардың қарапайым кешені, жарақат алған орында немесе тікелей зақым ошағындағы халықтың өзіне-өзі немесе өзара көмек көрсету тәртібімен, санитариялық нормаға сай көмек көрсетуі. Сондай-ақ емдеу-алдын алу мекемелерінің қызметкерлері көрсететін көмек. Медициналық көмектің бұл түрінің негізгі мақсаты-қарапайым медициналық көмек арқылы зақымданудың ауыр зардаптарын болдырмау немесе азайту, ең бастысы зардап шеккен адамның өмірін сақтап қалу.

Дүлей апаттар мен зардаптардың салдарын жою жұмыстарындағы талдауда жарақаттанудың алғашқы 30 мин көрсетілген бірінші көмек, тіпті басқа да медициналық көмектің кешігуінің өзінде өлім қауіпін мейлінше сейілткенін көрсетті. Наукасқа бір сағаттың ішінде көмек берілмегенде өлімге әкеп соғатын қауіптер 30%-ға, 3 сағатқа дейін 60%, ал 6 сағатқа дейін 90%-ға ұлғая береді.

Жарақаттанған кезде алғашқы көмекке мынадай негізгі шаралар кіреді:

- апатқа түскен адамды үйіндінің, бұзылған ғимраттардың астынан құтқару;
- жоғарғы тыныс алу жолдарын тазарту (ауызындағы бөтен заттарды алып тастау — сынған тістер, ұйыған қандар, топырақ кесектері және т.б.), қарапайым әдіспен демалдыру «ауыздан ауызға» немесе «ауыздан мұрынға» және т.б.;
- жүрекке тікелей емес (жабық) массаж жасау;
- жарақаттанған адамға физиологиялық қолайлы қалыпқа жайғастыру;
- қолжетімді мүмкіндіктермен сыртқы қан кетуін уақытша тоқтата тұру (матамен орау, қан тамырларын саусақпен баса тұру, бунамамен орау және т.б.);
- ашық пневматокста герметикалық таңғышпен байлау;
- омыртқа жотасы жарақаттанғанда кеудені тақтайға жазу.

Дәрігерге дейінгі (фельдшерлік) көмекті орта медициналық фельдшерлік білімі бар қызметкерлер яғни дәрігерлік-медбикелік бригада және жедел медициналық көмек ұжымы жасай алады. Оның мақсаты — өмірге қауіп төндірген жағдайлармен күресу (мысалы, қан кету, асфиксия, талып қалу және т.б.), жараның қайта қозуын алдын алу, алғашқы көмектің

дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету сонымен қатар жарақаттың әрі қарай дамуына жол бермеу.

Дәрігерге дейінгі көмектің қолайлы, тиімді уақыты жарақат алған сәттен бастап 2 сағат ішінде.

Дәрігерге дейінгі медициналық көмек келесі шаралардан тұрады (көрсеткіші бойынша):

- жасанды демалдырудың жеңіл түрі S үлгісіндегі ауа жібергіш-түтікшемен;
- газға қарсы арнайы киім кию (макта-марлелі байлауыш, респиратор);
- инфузиялық дәрі-дәрмек салу;
- ауыруды басатын және жүрек-қан тамырлары дәрісін беру;
- қабынуға қарсы, тыныштандыратын, сіреспеге қарсы және құсуды тоқтатын антибиотиктерді салу;
- сорбенттер мен антидоттар салу және т.б.;
- бұраудың (жгут) дұрыс қойылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай ораманы дұрыстап және қолданған табельді құралдарды қайта толықтыру;
- асептикалық және бітейтін таңғыштар қою.

Алғашқы дәрігерлік көмекті жедел медициналық жәрдемнің дәрігерлік бригадасы, дәрігерлік-медициналық және жалпы профилдегі дәрігерлер көрсетеді. Оның негізгі мақсаты — зардап шеккен адамның өміріне қауіп төндіретін жағдайлармен күресу (мысалы, қан кету, талу, дірілдеп-қалтырау т.с.с.), асқынудың алдын алу және жарақат алған адамды әрі қарай емдеу-жөнелтуге дайындау. Бірінші дәрігерлік көмектің қолайлы мерзімі кейінге қалдыруға болмайтын көрсеткішпен — 3 сағат, ары кеткенде — 6 сағат.

Кейінге қалдыруға болмайтын іс-шараларға мыналар жатады:

- тұншығуды кетіру:
 - сілекейді, құсықтарды және жоғары тыныс жолдарындағы қанды алу;
 - ауа жолдарын енгізу;
 - тіл артын көтеру;
 - салбырап тұрған жұмсақ ерінді және жұтқыншақ жақтауларын кесіп тастау немесе тігу;
 - тамақтың дем алу жолдары бойынша кесу немесе трахея қабырғаларын теріге тігу;
 - өкпені жасанды дем алдыру;
 - ашық пневмоторакс кезінде окклюзионды байлау;
 - плеврақуысына пункция немесе пневмоторакс қысылғандағы торакоцентоз (кеуде қабырғасын тесу);

- сыртқы қанағуды тоқтату:
 - жарадағы тамырды тігу немесе қанаққан тамырды буып қою;
 - жараға қатты тампонада және басатын байлау;
 - бунаманы дұрыс және мақсатты қойылғанын бақылау;
 - көрсетілім бойынша бунама қою.
- талмаға қарсы жүргізетін шаралар:
 - қан көп кеткен кезде қан ауыстырғыштарды құю;
 - новокаиндық тосқауылды жүргізу;
 - ауыруды басатын және жүрек-қан тамырлары дәрісін беру;
- жұмсақ ағзаның жалбырап тұрған ұшын кесу;
- қуықта зәр бөлу тоқтағанда катетеризациялау немесе капиллярлау функциясы;
- химиялық қару-жарак қолданылған жерден келіп түскендердің газға қарсы арнайы киімін шешу және киімдерін химиялық заттардан диссорбциялауға бағытталған іс-шараларды жүргізу;
- тырыспаға, өкпе қабынуына және құсуға қарсы қолданылатын антидоттар енгізу;
- кетуі қиын химиялық заттармен былғанған жараны газсыздандыру;
- химиялық немесе радиоактивті заттар асқазанға түскен жағдайда зонд көмегімен асқазанды тазалау;
- бейспецификалық жұқпалы ауруларды немесе бактериялы токсиндермен уланған жағдайдағы тазарту антидоттық шараларды қолдану.

Кейінгі қалдыруға болатын іс-шараларға мыналар жатады:

- бірінші және дәрігерге дейінгі көмектерді (байлауды түзету, транспортпен жақсарту) ретке келтіру;
- радиоактивті заттар түскен жараның орамасын ауыстыру;
- орташа жараланған жараға новокаиндық тосқауыл қою;
- ашық сынық және күйік жараларын тазалау және антибиотиктер салу;
- жараланғанның өміріне қауіп төндірмейтін жағдайда әр түрлі дәрі-дәрмектерді тағайындау.

Маманданған дәрігерлік көмекті өмірге қатер төнген және асқынған аурулар кезінде медициналық көмекті хирургиялық және терапиялық саладағы дәрігер мамандар көрсетеді. Маманданған дәрігерлік көмекті жеделдігіне қарай үш топқа бөлуге болады:

- кейінге қалдыруға болмайтын (оңтайлы мерзімі жараланғаннан кейінгі 12 сағ. ішінде);

- бірінші кезектен кейінге шегерілген (оңтайлы мерзімі жараланғаннан кейінгі 24 сағат ішінде);
- екінші кезектен кейінге шегерілген (оңтайлы мерзімі жараланғаннан кейінгі 36 сағат ішінде). Барлық үш топтың шаралары толық көлемдегі маманданған дәрігерлік көмек болып табылады. Толық көлемдегі маманданған дәрігерлік көмек жараланғандардың бәріне көрсетілуі тиіс және жарақаттанған 48 сағат ішінде.

Негізгі шұғыл шаралардың тізімі мынандай:

- асфиксияны жойып дем алуды толық қамына келтіру;
- ішкі және сыртқы қан ағуын түпкілікті тоқтату;
- көп қан жоғалтуға, естен тануға, жарақаттық токсикозға кешенді терапия;
- тыныс алу мен қан айналымының бұзылуын тудыратын кеуденің терең циркулярлы күйі кезіндегі «лампасты» кесу;
- анаэробтық жұқпадан тазалау және емдеу;
- ашық пневмоторакстық жараны оташылық тазалау және тігу;
- жүрек және оның құлақшалары ашық жараланғанда жедел шара жасау;
- жаралану және ішкі мүшелердің бұзылуынан болатын іш құрылысының жабық жарақаты кезіндегі, қуық пен тік ішектің жабық жаралануындағы лапаротомия (ішті жару);
- бас жарылғанда және жараланғанда, мидың қан қысымы болғанда және ішкі бас сүйектен қан аққанда жасалатын декомпрессиялық трепанация;
- ботулизмге қарсы дәрі-дәрмектер мен антидот енгізу;
- жүрек-тамырларының шұғыл қысымының жеткіліксіздігінде жүрек соғысы бұзылғанда, демалудың шұғыл жеткіліксіздігінде, коматоздық жағдайлардағы кешенді терапия;
- бас миы ісінген кездегі дегидратациялық терапия;
- қышқылды-сілтілік жағдайлар және электроиттік тепе-теңдік бұзылғандағы коррекция;
- АҚХЗ (Апатты қауіпті химиялық заттар) ішкі құрылыс түскендегі кешенді шаралар;
- жансыздандыратын, аллергиялық козуларды тыныштандыратын, тырысуды тоқтататын, құсуға және броихолитке қарсы қолданылатын дәрі-дәрмектер;
- шұғыл реактивтік жағдайларда қолданылатын транквилизаторлар мен нейролептиктер.

Мамандандырылған дәрігерлік көмекті дәрігерлік құрылымда (дәрігерлік көшу кезеңдерінде) немесе емдеу мекемелерінде көрсетеді.

Мамандандырылған дәрігерлік көмек — дәрігерлік көмектің қорытушы түрі. Оны сирек мамандықтағы дәрігерлер (нейрохирургтар, отоларингологтар, офтальмологтар және т.б.) арнайы мамандандырылған мекемелерде емдеу диагнозы қою құрал-саймандары барлар ғана жүзеге асырады. Маманданған дәрігерлік мекемелерге құрал-саймандармен жабдықталған арнайы дәрігерлік көмек топтары беріледі. Апат болған жағдайдан бастап мамандандырылған дәрігерлік көмек көрсету мерзімі 24–72 сағат.

Дәрігерлік көмек көрсету көлемі деп емдеу-тазарту шараларының белгілі бір дәрігерлік көмек түрін атайды. Дәрігерлік көшу кезеңдерінде немесе жалпы және дәрігерлік жағдайларға байланысты дәрігерлік мекемелерге сәйкес болады. Дәрігерлік көмек көлемі толық және қысқартылған түрде болады.

- **Толық көлемдегі** дәрігерлік көмекке жүргізілген шаралардың барлық түрлері кіреді.
- **Қысқартылған түрдегі дәрігерлік көмекке** әдетте кейінге қалдыруға болмайтын іс-шаралар мен орындаудан бас тартылатын, шегеруге болатын шараларды қарастырады.

Төтенше жағдайдың көлемі мен түрлерінде ондағы жараланғандардың саны мен ауырлығына қарай, қолда бар медициналық күштер мен құралдармен, денсаулық сақтау мекемелері мен аумағына қарай, төтенше жағдай болған ауданның госпиталь түріндегі емдеу мекемелерінен алыстығы, білікті медициналық толық көлемдегі көмек пен маманданған медициналық көмек шараларының мүмкіндігіне қарай, төтенше жағдай кезінде жараланғандарға медициналық көмектің түрлі нұсқасы қабылдануы мүмкін. Олардың негізгісі мыналар.

- Жарақаттанған адамға және оны госпитальды түрдегі емдеу мекемесіне көшіруге дейін көрсетілетін бірінші немесе дәрігерлік көмек.
- Жарақаттанған адамға және оны госпитальды түрдегі емдеу мекемесіне көшіруге дейінгі бірінші немесе дәрігерге дейінгі көмектен басқа көрсетілетін дәрігерлік көмек.
- Жарақаттанған адамға және оны госпитальды түрдегі емдеу мекемесіне көшіруге дейінгі бірінші немесе дәрігерге дейінгі көмектен, бірінші дәрігерлік көмек көрсетуден басқа кейінге қалдыруға болмайтын шаралар, білікті медициналық көмек.

Жарақаттанған адамды госпитальды түрдегі емдеу мекемесіне көшіруге дейін қандай жағдай болмасын сол сәттен оның өміріне қауіп төндіретін кезеңдерді сейілтетін шаралар орындалу керек, әртүрлі ауыр асқынулардың алдын алу және оның жағдайына кері әсерін тигізбейтіндей емдеу мекемесіне жеткізіп салуды қамтамасызету керек.

3.3. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨШІРУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Медициналық көшіру кезеңдері деп медициналық құрылымдар мен мекемелердің ауруларды көшіру мен оларды қабылдап алуын қамтамасыз ету, медициналық іріктеу, уақтылы медициналық көмек көрсету, емдеу және қажеттілігіне қарай әрі қарайкөшіруге дайындау.


Медициналық көшірудің кезеңдері апатқа арналған бүкілресейлік медициналық қызмет көрсету жүйесі бойынша.

- Апатқа арналған медицина қызметінің құрылымдары мен мекемелері.
- Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің медициналық құрылымдары мен емдеу мекемелері.
- Ресей Қорғаныс Министрлігінің медициналық қызмет көрсету мекемелері мен құрылымдары, Ресей Ішкі істер министрлігінің медициналық қызметтері, Азаматтық қорғаныс және басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық қызметі, төтенше жағдай аумағынан жарақаттанғандарды көп көлемді қабылдау үшін көшіру жолдары, медициналық іріктеу, медициналық көмек көрсету, жөнелтуге дайындау және емдеу.

Медициналық көшірудің әр кезеңі медициналық көмек көлемінің біртұтастығын құрайтын, аталған кезеңнің ерекшелігімен айқындалған емдеу-алдын алу шараларынан тұрады.

Бұл шаралардың көлемі медициналық көшіруде тұрақты емес және әр жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін. Медициналық көшірудің әр кезеңі жұмыстың ұйымдастырылуына байланысты өзіндік ерекшелігі бар, емдік-көшіру шараларының жалпы жүйесінде сол кезеңнің орнына байланысты, сонымен қатар төтенше жағдайдың түріне және медициналық жағдайға байланысты. Бірақ, жағдайдың әртүрлілігіне қарамастан, медициналық көшіру кезеңінің жеке қызметін анықтауда, олардың ұйымдастыру негізінде жалпы принциптер жатыр, медициналық көшіру кезеңінің құрамына сәйкес функционалды бөлімшелеріне орай (3.1-сурет), келесі негізгі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді:

- қабылдау, тіркелу және жарақаттанғандарды (науқастарды) медициналық сұрыптау, аталған медициналық көшіру кезеңдерінде болғандар, — **қабылдау-сұрыптау бөлімі**;
- жарақаттанғандарға санитарлық қызмет көрсету, дезактивация, дегазация және дезинфекциялау — **арнайы емдеу бөлімі (алаңқайы)**;
- жарақаттанғандарға (науқастарға) медициналық көмек көрсету — **тану, тану-операциялық бөлімі, процедуралық, естен тануға қарсы, интенсивті терапия палатасы**;



3.1-сурет. Медициналық көмек кезеңдеріне орай сызба: СП — сұрыптау бекеті (+ — Қызыл крест туының белгісі)

- жарақаттанғандарды (науқасты) госпиталға шығару және емдеу — **госпитальді бөлімі**;
- жарақаттанғандар мен науқастарды әрі қарай көшіру, — **көшіру бөлімі**;
- инфекциялы науқастарды орналастыру — **оқшаулау**.

Сонымен қатар медициналық көшіру құрамына басқару кіреді, дәріхана, зертхана, шаруашылық бөлімшесі және т.б. Медициналық көшіру кезеңі кез келген тіпті ең қиын жағдайда жұмыс істеуге дайын болу керек. Орналасуын тез ауыстырып және сол уақытта науқастардың көп көлемін қабылдау мүмкіндігі болуы тиіс.

Медициналық көшіру кезеңі алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді тағайындауда келесі құрылымдар кіруі мүмкін:

- дәрігерлік-мейрбикелік бригадаға сақтары, медициналық көмек бекеттері (МКПМКБ);
- апат ошағындағы кеңейтілген (толық немесе жартылай) емханалар, амбулаториялар, учаскелік ауруханалар;
- Ресей Қорғаныс Министрлігінің, Ресей Ішкі істер министрлігінің, Азаматтық қорғаныс және басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық бекеттері.

Білікті және маманданған медициналық көмек және емдеу жарақаттанғандарға білікті және маманданған дәрігерлік көмек жасау мен емдеу-дәрігерлік көшіру кезінде мынадай ретпен жүзеге асырылады. Дәрігерлік көшу кезінде мекемелер мынандай ретте болуы мүмкін:

- апаттағы дәрігерлік көмектің госпиталдары, көп салалы, маманданғандар, арнайы ауруханалар, клиникалық (емханалық) орталықтар, Ресейдің денсаулық және әлеуметтік даму Министрлігінің дәрігерлік күштері (арнайы тағайындалған дәрігерлік бөлімдер, дәрігерлік-тазалық батальондары, госпитальдар және тағы басқалар);
- Ресей ПМ-нің дәрігерлік мекемелері, Ресейдің федералды қауіпсіздік қызметі (ФКК), Әскери құрамалар және Азаматтық қорғаныстың дәрігерлік қызметі және т.б.

3.4. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ЗАҚЫМДАЛУШЫЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ

Емдік-көшіруді қамтамасыз ету жүйесінің анық жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін маңызды ұйымдық шара — медициналық сұрыптау. Оның негіздерін орыстың әскери хирург ғалымы Н.И. Пирогов осыдан 150 жыл бұрын жасаған. Ол алғаш рет 1853—1856 жылдары Қырым соғысы кезінде жаппай қолданылды. Оның ерекше маңыздылығы медициналық көшіру сатысына бір мезгілде көп зақымдалушылардың бірден түскенде дәлелденді.

Медициналық сұрыптау — зақымдалушылардың медициналық көрсеткіштеріне және нақты жағдайларға қарай оларды топтарға бөлу, мұндайда емдеу-алдын алу және көшіру шараларының біртектілігі есепке алынады.

Ол зақымдалушылар жаппай түскен кезде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың маңызды әдістері болып есептеледі және нақты жағдайларда қолда бар медициналық көшіру күштері мен жабдықтарын емдік-көшіру шараларын табысты орындау үшін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Сұрыптаудың мақсаты, оның міндеті зақымдалушыларға уақтылы медициналық көмекті ұтымды көлемде көрсетіп, оңтайлы көшіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Медициналық сұрыптау зақымдалғандардың жиналатын жерінде басталып, медициналық көшіру сатысында және оның барлық функционалды бөлімшелерінде жүргізіледі. Оның мазмұны нақты функционалды бөлімшеге және медициналық көшіру сатыларына жүктелген міндеттерге және жағдайдың нақты шарттарына қарай анықталады.

Сұрыптаудың түрлері. Медициналық көшіру сатыларында медициналық сұрыптау барысында шешілетін мәселелерге байланысты оның екі түрі бар: бекет ішіндегі және көшіру-көлік медициналық сұрыптауы.

- **Бекет ішіндегі сұрыптау** зақымдалушыларды медициналық көшірудің осы сатысының лайықты функционалды бөлімшесіне жіберу мақсатында топтарға (олардың қоршаған ортаға қауіптілігіне, сипатына және ауырлық деңгейіне байланысты) бөледі және олардың кезектілігін бекітеді.
- **Көшіру-көлік сұрыптауы** зақымдалушыларды қажетті бағыттарына, кезектеріне сай көшіру үшін біртекті топтарға бөлу мақсатында жүргізіледі.

Бұл мәселелер зақымдалушының диагнозы, жағдайының болжамы және нақты жағдайына қарай сұрыптау барысында шешіледі. Сол себепті сұрыптауды медициналық көмектің көлемі мен түрін анықтай алатын барынша тәжірибелі мамандарға тапсырады «Диагноз қойылмайынша, жаралыларды дұрыс сұрыптау мүмкін емес» деп жазады Н.И. Пирогов. Медициналық көшіру сатыларына зақымдалушылар толассыз түскен жағдайда және оларға көрсетілетін медициналық көмек көлемі қысқарылған жағдайда, сұрыптаудың екі түрі де қолда бар күшті барынша үнемдеу мақсатында бір мезгілде жүргізілуі керек.

Бекет ішіндегі сұрыптау барысында жаралыларға медициналық көмек қажеттілігі мәселелерін шеше отырып, олардың сипатын, шұғылдығын және көрсетілетін орнын, кезектілігін, әрі қарай көшіру амалдары мен жолдары туралы мәселелер қатар шешіліп отыруы керек.

Зақымдалушылар мен ауруларға медициналық сұрыптау жүргізу мақсатында дәрігерлік-мейірбикелік сұрыптау бригадасы құрылады. Оның құрамы: дәрігер, бір немесе екі мейірбике, бір немесе екі тіркеуші. Бригада дәрігердің нұсқауымен кезек күттірмейтін медициналық процедуралар жүргізуге қажетті құрал-жабдықтармен (дәрі-дәрмектер салатын, таңғыштар, қысқыштар) қамтамасыз етілуі керек.

Зақымдалушылар ахуалының ауырлығына диагностиканы қарапайым клиникалық белгілеріне қарай бригада дәрігері жасайды. Ол үшін санасынан ауытқу, тыныс алудың бұзылуы, пульстың өзгеруі, көру реакциясының бұзылуы, сынықтардың болуы және қан кету деңгейлері анықталады.

Медициналық көшіру сатысындағы медициналық сұрыптау нәтижелерін белгілеп қою үшін түрлі түсті түрлі пішінді сұрыптау маркалары қолданылып, алғашқы медициналық картаға және басқа да медициналық құжаттарға жазылып қойылады.

Медициналық сұрыптау жүргізгенде Н.И. Пирогов көрсеткен сұрыптау белгілері қолданылады:

- қоршаған орта үшін қауіптілігі;
- емдеу белгісі;
- көшіру белгісі.

Медициналық көшірудің әр сатысында зақымдалушылар мен аурулардың бес негізгі тобы болады:

- қоршаған орта үшін қауіпті (жұқпалы аурулар, АҚХЗ және РЗ зақымданғандар, реактивті жағдайдағы аурулар);
- осы сатыда медициналық көмекке мұқтаж адамдар (маңызды міндет — кезек күттірмейтін көрсеткіштері бойынша уақтылы көмек көрсетілуі керек зақымдалушыларды анықтау);
- медициналық көшірудің келесі сатысында көмек көрсетуге болатын зақымдалушылар мен аурулар;
- жеңіл зақымдалғандар мен жеңіл науқастар;
- өлім халіндегі, өмірін ешқандай көмек сақтап қала алмайтын аурулар (олардың тек қиналуын басу керек).

Медициналық сұрыптауды әр сатыда табысты жүргізу үшін оны тыңғылықты ұйымдастыру керек. Ол үшін төмендегі шаралар жасалуы қажет:

- зақымдалушыларды ыңғайлы орналастыру үшін сыйымдылығы лайықты жайы бар өзіндік функционалды бөлімшелерді анықтау;
- сұрыптау үшін қосымша функционалды бөлімшелер ұйымдастыру — сұрыптау бекеттері мен алаңдары; дәрігерлік-мейірбикелік сұрыптау бригадаларын құру және оларды қажетті диагностикалық және басқа да жабдықтармен қамтамасыз ету;
- сұрыптау нәтижелерін заматында міндетті түрде тіркеп отыру (сұрыптау маркалары, алғашқы медициналық карталар және т.б.).

3.5. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ЗАҚЫМДАЛУШЫЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨШІРУ

Емдік-көшіруді қамтамасыз етудің зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету процесімен және оларды емдеумен тығыз байланысты құрамдас бөлігі — медициналық көшіру.

Медициналық көшіру дегеніміз зақымдалушыларды ТЖ ошағынан алып шығып, қажетті медициналық көмек көрсетіп, медициналық көшіруге немесе тиімді ем мен қалпына келтіру шараларын жасау үшін емдік мекемеге дейін тасымалдау.

Зақымдалушыны ТЖ алып шығып, тасымалдау маршруты **медициналық көшіру жолы** деп аталады, ал зақымдалушыны жіберген жерден қажетті жерге дейінгі қашықтық **медициналық көшірудің иығы** деп айтылады. Көшіру жолдары мен оның бойындағы медициналық көшірулердің сатылардың және жұмыс істейтін санитарлық және басқа көлік құралдарының жиынтығы **көшіру бағыты** деп аталады.

Медициналық көшіру зардап шегушіні апат аймағынан ұйымдасқан түрде алып шығудан басталып, оларға медициналық көмектің толық көлемін көрсетіп, толыққанды емді қамтамасыз ететін емдік мекемеге жеткізумен аяқталады. Зақымдалушыны медициналық көшірудің алғашқы және соңғы сатыларына дейін жылдам жеткізу — зақымдалушыға уақтылы медициналық көмек көрсетудің басты жолдарының бірі.

Апат жағдайларында санитарлық және бейімделмеген автокөлік, әдетте, зақымдалушыларды көшірудің «апат аймағы — жақын емдік мекеме» тарамындағы басты құралдарының бірі болып табылады. Қажет болған жағдайда зақымдалушыларды еліміздің арнайы орталықтарына көшіруде әуе жолы көлігі қолданылады.

Көшіру «өзіме» («жедел медициналық жәрдемнің», емдеу-алдын алу мекемелерінің, аймақтық, территориялық орталықтардың, шұғыл медициналық көмектің) және «өзімнен» (зардап шеккен нысанның, құтқарушылар отрядтарының және т.б.) принципі бойынша жүргізіледі. Зақымдалушыларды зембілмен тасымалдау кезіндегі ортақ ереже — зембілдерді ауыстырмау, бұл тасымалданушыны қайта-қайта ауыстыра бермеу. Көшіруге жауапты басқарманы ұйымдастыру өте маңызды, бұл медициналық көшіру сатылары мен емдеу-алдын алу мекемелерінің біркелкі және бір мезгілде тиелуіне, сонымен қатар зақымдалушыларды лайықты емдік мекемелерге бағыттауда және уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Көлікке сипаттары ұқсас зақымдалушыларды бірге отырғызу көшіруді бағыт жағынан ғана емес, сонымен қатар ауруханалар арасындағы қашықтықтарды да қысқартады.

Тұрғындардың емдік-көшіруін қамтамасыз ететін бұл принциптер мен ережелері ТЖ барлық түрлеріне бірдей міндетті емес, олардың әрқайсысының ауқымы, санитарлық шығындардың көлемі мен құрылымы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты емдік-көшіру шараларын ұйымдастырғанда нақты жағдайдың емдік-көшіруді қамтамасыз ету талаптарына қарап, өзгерістер енгізіп отыру керек.

Бақылау сұрақтары

1. Емдік-көшіруді қамтамасыз ету (ЕМК). Денсаулық сақтау органдарының ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюдағы негізгі бағыттары.
2. ТЖ тұрғындарды емдік-көшірумен қамтамасыз ету шараларын анықтау және оларды жүргізу тәртібі.
3. Зақымдалушыларды көшіре отырып, сатылы емдеуді негіздеу.
4. Медициналық көшіру сатысы. Анықтамасы және міндеттері.
5. Медициналық көшіру сатыларының функционалды бөлімшелері және олардың міндеті.
6. Медициналық көмектің түрлері мен көлемі. Анықтамасы және сипаты.
7. Алғашқы дәрігерлік көмек. Шаралардың сипаттамасы.
8. ТЖ зақымдалғандарды медициналық көшіру, оның міндеті және құрамдас элементтері.
9. Медициналық сұрыптау. Анықтамасы, мақсаты және түрлері.

4-Тақырып

ТЕХНОГЕНДІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ САЛДАРЛАРЫН ЖОЮ КЕЗІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 4.1. Радиациялық авария салдарларын жою барысында тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
 - 4.1.1. Радиациялық аварияның медициналық-тактикалық сипаттамасы.
 - 4.1.2. Радиациялық авария салдарларын жою барысында тұрғындардың медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру.
- 4.2. Химиялық апаттар салдарын жоюда медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
 - 4.2.1. Химиялық аварияның медициналық-тактикалық сипаттамасы.
 - 4.2.2. Химиялық ошақта зардап шеккендерге медициналық көмек ұйымдастырудың негізгі шаралары.
- 4.3. Көлік және жол-көлік, жарылыс және өрт төтенше жағдайларында тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету.
 - 4.3.1. Көлік және жол-көлік төтенше жағдайлардың медициналық-тактикалық сипаттамасы.
 - 4.3.2. Жарылыстар мен өрттер төтенше жағдайларының медициналық-тактикалық сипаттамасы.
 - 4.3.3. Көлік, жол-көлік нысандарындағы төтенше жағдайларда, жарылыстар мен өрттерде медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

4.1. РАДИАЦИЯЛЫҚ АВАРИЯ САЛДАРЛАРЫН ЖОЮ БАРЫСЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында радиациялық қауіпті нысандарда апаттар жиілеп кетті. Олардың туындауына, біріншіден, адам факторы (өндіріс тәртібінің бұзылуы, операторлар дайындығы деңгейінің төмендігі), екіншіден — техникалық фактор

(жабдықтардың тозуы, технологиялық процестердің жетілмегендігі) себеп болады. Атомдық электростанциялардың конструкторлары мен құрылысшылары АЭС-лардағы апаттың болу мүмкіндігі жоқтың қасы деп есептеген. Өкінішке орай, АЭС-ларда апаттар болып отыр және олар пайда болғалы бері ресми түрде 300 жағдай тіркелген. Олардың ең ірілері — Уиндскейле (Ұлыбритания, 1957), Три-Майл Айленд (АҚШ, 1979), Чернобыль, (КСРО, 1986).

Өнеркәсіпке, медицинаға және ғылыми зерттеулерге иондалған сәуле көздерінің көптеп енуі, қарулы күштерде ядролық қарулардың болуы, сонымен қатар адам ғарыш кеңістігінде жұмыс істеуі иондық сәулелерден зардап шегетіндердің санын арттырып отыр.

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясында 400 тұрақты радиациялық қауіпті нысан бар (атом электростанциялары, ядролық жанармай өндіру зауыттары, радиоактивті қалдықтар қоймасы, РФ Қорғаныс министрлігінің ядролық нысандары және т.б.). Радиациялық көлік апаттарының, радионуклидтер негізінде жұмыс істейтін түрлі жабдықтардың ұрлануы мен жоғалуына, сонымен қатар радиоактивті заттарды диверсиялық мақсаттарда пайдалануға байланысты болатын жергілікті апаттардың болу мүмкіндігі де бар.

4.1.1. Радиациялық аварияның медициналық-тактикалық сипаттамасы

Радиациялық авария — адамдардың дұрыс жұмыс істемеуі, жабдықтардың бұзылуы, стихиялық апаттар немесе басқа да себептердің салдарынан ионды сәуле көздерін басқаруды жоғалту нәтижесінде тұрғындардың нормативті құжаттармен реттелетін мөлшерден тыс радиоактивті сәулеленуге ұшырауы және қоршаған ортаның ластануы.

Апаттың ошағы мен радиоактивтермен ластанған аймақтар айқындалады.

- **Авария ошағы** — апатты нысандардың құрастырым материалдарының шашылу аумағы және α -, β - және γ -сәулелерінің әсері.
- **Радиоактивті ластану аймағы** — радиоактивті заттар түскен жер.

Радиациялық авария түрлері халық шаруашылығында қолданылатын ионды заттардың түріне қарай анықталады. Оларды шартты түрде төмендегідей топтарға бөлуге болады: ядролық, радио-изотопты және ластанған бөлшектің жеделдеуі есебінен ионды сәулелердің бөлінуі.

Ядролық энергетикалық қондырғыларда апатты шашырау нәтижесінде тұрғындарға төмендегідей радиациялық факторлар болуы мүмкін:

- радиоактивті бұлт пен радиоактивті ластанған қабатының (жер, ғимарат, құрылыс және т.б.) сыртқы сәулеленуі;
- ауадағы радиоактивті заттарды жұту және радионуклидтермен ластанған тағам түрлері мен суды қолдану салдарынан ішкі сәулелену;
- тері қабаттарының радиоактивті заттарға тиюі салдарынан сәулелену.

1986 жылдың сәуіріндегі Чернобыль АЭС-ындағы апаттан басқа тағы екі реакторда — 1957 жылдың қазанындағы Уиндскейле (Ұлыбритания) және 1979 жылдың наурызында Три-Майл Айлендте (АҚШ) болды.

Радиоактивті қалдықтар қоймасындағы апаттық жағдай аса қауіпті, себебі ол үлкен аумақты улы радионуклидтермен ұзақ уақытқа ластайды және аса үлкен көлемді қолдауды қажет етуі мүмкін.

Сұйық радиоактивті қалдықтарды жерасты тереңдігіне көму барысындағы апат қысыммен жұмыс істеп тұрған ұңғыма басының кенеттен бұзылуы салдарынан болады.

Радиохимиялық өндіріс апатында радионуклид құрамы мен апаттық шығарынды көлемі технологиялық процесс пен радиохимиялық өндіріс бөліміне тығыз байланысты.

1993 жылдың сәуірінде Томскідегі радиациялық қалдықтарды қайта өңдеу зауытында апат болды. Радиоактивті қалдықтардың 9–10 км бұлттының ізі 100–120 км тарайды.

Радионуклидті көздердің апаттары олардың өнеркәсіпте, газ-мұнай өндіруде, құрылыста, зерттеу және медициналық мекемелерде қолданылуына байланысты. Радиоактивті көздердің апатының ерекшелігі — апаттың болғанын анықтаудың күрделілігі. Өкінішке орай, мұндай апаттың болғандығын, көбіне, күрделі радиациялық сәуле алған зақымдалушылар тіркелгеннен кейін анықталады.

Сонымен қатар радиоактивті материалдарды тасымалдау кезінде де апаттар болуы мүмкін.

Радиоактивті заттардың таралу шекаралары мен радиациялық апаттардың болжамдағы салдарлары бойынша локалды, жергілікті, ортақ түрлері болады.

- **Локалды авария** — радиоактивті өнімдер мен ионды сәулелердің жабдықтардың, технологиялық жүйелердің, ғимараттар мен құрылыстар санының пайдаланудың реттелген мөлшерінен асып кетуі салдарынан апаттың болуы. Мұндайда нақты ғимарат пен құрылыста болған қызметкерлердің шамадан тыс мөлшерде радиациялық сәулеге ұшырайды.

- **Жергілікті авария** — радиоактивті заттардың шамадан тыс мөлшерде санитарлық-қорғау аймағының сыртына шығып кетуінен болатын апат, мұндайда жергілікті қызметкерлер шамадан тыс мөлшерде радиациялық сәулелену ұшырауы мүмкін.
- **Жалпы авария** — радиоактивті өнімдердің санитарлық-қорғау аймағының сыртына шамадан тыс мөлшерде шығып кетуінен болатын апат, мұндайда тұрғындардың радиациялық сәуле алуы және қоршаған ортаның ластануы мүмкін.

Ядролық реактор қирайтын апаттар, қирамайтын апаттар да болуы мүмкін.

Апаттың үш түрлі уақыттық сатылары бар: ерте, аралық және соңғы (қалпына келтіру).

- **Ерте сатысы** — апаттың басталған кезінен атмосфераға радиоактивті заттардың шығарындылары тоқтағанға және радиоактивті іздің құрылып біткеніне дейінгі кезең. Бұл сатының ұзақтығы апаттың сипатына, көлеміне және метеорологиялық жағдайларға байланысты бірнеше сағаттардан бірнеше күндерге дейін созылуы мүмкін.
- **Аралық саты** радиоактивті іздің құрылып біткен сәтінен басталып, тұрғындарды қорғауға қажетті барлық шаралар қабылданған, санитарлық-гигиеналық және емдеу-алдын алу шараларының қажетті көлемі жүргізілгенге дейін созылады. Апаттың сипаты мен ауқымына қарай аралық саты апат болғаннан кейін бірнеше күннен бірнеше айға дейін созылуы мүмкін.
- **Соңғы (қалпына келтіру) сатысы** апаттың сипаты мен радиоактивті ластанудың ауқымына қарай апаттан кейін бірнеше аптадан бірнеше жылдарға (тұрғындарды қорғау шараларын жалғастыру қажеттілігі болмай қалған сәтке дейін) созылуы мүмкін. Бұл саты ласталған аумақта адамның өмір әрекеттеріне қойылған барлық шектеулер алынып тасталған кезде аяқталады, сөйтін, радиациялық жағдайды қалыпты санитарлық-дозиметрлік тексеруге көшеді. Соңғы сатыда радиациялық көздер мен ішкі және сыртқы сәулелену жолдары аралық сатыдағымен бірдей. Апат тараған жердің ауқымы мен ластану деңгейі радиациялық жағдайды анықтайды.

Радиациялық жағдай — жердің, ауа қабатының және су қоздырының радиоактивті заттармен ластануы нәтижесінде пайда болатын және апаттық-құтқару жұмыстары мен тұрғындардың өмір сүру әрекеттеріне әсер ететін жағдайлардың жиынтығы.

Жер үсті радиациялық жағдайының анықталуы жердің және ауа қабатының радиоактивті ластану ауқымы мен деңгейін анықтауды қажет етеді.

Жер үсті радиациялық жағдайын бағалау төтенше жағдай салдарларын жоюға қатысқан адамдар мен жергілікті тұрғындардың радиоактивті зақымдалу деңгейін анықтау мақсатында жасалады.

Радиациялық жағдайды радиациялық барлау әдісі арқылы бағалау радиациялық қауіпті нысандағы апаттан кейін жүргізіледі. Ол апат болған жер мен объектінің радиоактивті ластану және ионды сәулелену деңгейін өлшеу жолымен нақты жағдайды анықтауға негізделген.

Радиациялық жағдайды бағалау нәтижесінде БТЖЖ күштері зілзала медицинасы қызметіне жасаған қорытындыларда төмендегілер көрсетілуі керек:

- ионды сәулеленуге ұшыраған адамдардың саны және денсаулық сақтаудың қажетті күштері мен жабдықтары;
 - АЭС қызметкерлерінің, құтқарушылардың, зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің барынша мақсатқа сай әрекет етуі;
 - тұрғындардың түрлі құрамдарын қорғаудың қосымша шаралары.
- Радиациялық апаттар кезінде адам өлімі мен шығындардың алдын алу және азайтудың негізгі бағыттары:
- радиациялық қауіпті нысандағы мүмкін болатын апат салдарларын ескере отырып, орналастыру;
 - радиоактивті заттар шығындылардың санитарлық-қорғау аймағынан шығуын шектеудің арнайы шаралары;
 - қызметкерлер мен тұрғындарды қорғау шаралары.

Жіті радиациялық зақымдалуларға әкелмейтін, жұмыс істеу қабілетін төмендетпейтін, ілеспелі ауру түрлерін қоздырмайтын ионды сәуле мөлшерлері:

- бір рет — 50 рад (0,5 Гр);
- көптеген рет: айлық — 100 рад (1 Гр), жылдық — 300 рад (3 Гр).

Радиациялық аварияда туындайтын зақымдар құрылымының ерекшелігі — олардың көптүрлілігі, бұл радиациялық жағдай нұсқаларының аса көптігіне байланысты.

Радиациялық аварияда туындайтын зақымдар құрылымы төмендегідей негізгі аурулар формаларынан тұрады:

- сыртқы γ -, β -сәулелену және ішкі сәулеленудің бірігуінен болатын жіті сәулелену ауруы;
- γ -сәулеленудің біркелкісіз әсерінен болатын жіті сәулелену ауруы;
- (γ , β) жергілікті радиациялық зақымдалулар;
- сәулелену реакциялары;
- ішкі сәулелену ауруы;
- бірігуден болатын созылмалы сәулелену ауруы.

- **Жігі сәулелену ауруы (ЖСА).** Жігі сәулелену ауруының заманауи жіктемесі тәжірибеде және клиникада алынған сәуленің мөлшеріне қарай зақымдалудың ауырлығы мен формасына негізделген.
 - **Жеңіл (I) деңгейі.** Алғашқы реакция туындаған күнде де әлсіз және тез өтіп кетеді. Локсу мен бір рет құсуы мүмкін. Бірінші реакцияның ұзақтығы бір күннен аспайды, әдетте, бірнеше сағатқа ғана созылады.
 - **Орташа (II) деңгейі.** ЖСА кезеңділігі анық. Алғашқы реакция 1 тәулікке созылады. Локсып, 2 немесе 3 ретқұсу, жалпы әлсіздік, субфебрилді дене қызуы болады.
 - **Ауыр (III) деңгейі.** Алғашқы қарқынды реакция 2 тәулікке созылады, локсу, қайта-қайта құсу, жалпы әлсіздік, субфебрилді дене қызуы, бастың ауыруы.
 - **Аса ауыр (IV) деңгейі.** Алғашқы реакция қарқынды өтеді, 3–4 тәулікке созылады, үнемі локсып, қатты әлсіздікке шалдығады. Терінің жалпы эритемасы, үлкен дәрет сұйылуы, коллапс болуы мүмкін. Белгілеріне қарай ЖСА церебралды, улы, ішек және сүйек-ми түрі болады.
 - **Церебралды түрі.** 50 Гр жоғары мөлшерде сәулеленгенде ЖСА-ның церебралды түрі болады. Оның патогенезінде бас миы мен ми тамырларының жасушалық деңгейінде зақымдалуы басты роль атқарады, бұл ауыр неврологиялық ауытқуды дамытады. Өлім алғашқы сағаттардағы немесе алғашқы 2–3 тәулікте тыныс алу жолдарының салдануынан болады.
 - **Улы немесе қантамыр-токсемиялық түрі.** 20–25 Гр мөлшерінде сәулеленгенде ЖСА дамиды, оның негізінде церебралды ликворогемодинамика мен токсемия туғызған улы-гипоксикалық энцефалопатия жатыр. Гиподинамия, прострация, сананың бұзылуы болғанда зақымдалушылар 4–8 тәулікте қайтыс болады.
 - **Ішек түрі.** 10–20 Гр мөлшерінде сәулеленгенде сәулелену ауруы өршиді, клиникалық картинасында ішек эпителиясының радиациялық зақымдануынан энтерит, токсемия белгілері байқалады, ішек қабырғасының функциясы бұзылады. Зақымдалушы екінші аптада немесе үшінші аптаның басында қайтыс болады.
 - **Сүйек-ми түрі.** 1–10 Гр мөлшерінде сәулеленгенде ЖСА-ның сүйек-ми түрі дамиды, ол алынған сәулеленудің мөлшеріне қарай ауырлық түрлеріне бөлінеді. 250 рад мөлшеріндегі сәулеленген зақымдалғандардың 25%, 400 радта — 50% қайтыс болуы мүмкін, ал 600 рад және одан жоғарылары түгел қайтыс болады.
- Созылмалы сәулелену ауруы** — ионды сәулені ұзақ уақыт бойы аздаған мөлшерде жүйелі түрде алу салдарынан туындайтын ағзаның жалпы ауруы.

Аурудың ауырлық деңгейін нақты анықтау қиын, дегенмен, созылмалы сәулелену ауруының жеңіл (I), средней (II), ауыр (III) және аса ауыр (IV) түрлерін бөледі. Сыртқы сәулеленуден болған созылмалы сәулелену ауруының II, III, әсіресе, IV деңгейлерін қазіргі жағдайларда нақты анықталуы сирек.

4.1.2. Радиациялық авария салдарларын жою барысында тұрғындардың медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру

Радиациялық авария салдарларын жою барысында медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің табысты болуы төмендегі факторларға байланысты:

- жақын жатқан объекті жұмысшылары мен тұрғындарына радиациялық қауіп пен болуы мүмкін сәулеленуді шектеу мақсатындағы шараларды жүргізу қажеттілігі туралы уақтылы хабарлау;
- нысанның медициналық-санитарлық бөлімшесі мен ауданның денсаулық сақтау мекемесінің медициналық қызметкерлерінің радиациялық зақымдалуға диагностика жасау және оларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете алу қабілетіне;
- зардап шеккен аймаққа гигиеналық және терапиялық саладағы арнайы радиологиялық бригадалардың уақтылы (тәуліктің алғашқы сағаттарында) келуі;
- зақымдалғандарды арнайы радиологиялық стационарға көшірудің нақты жоспарының болуы;
- арнайы радиологиялық стационардың зардап шеккендерді қабылдауға және емдеуге дайын болуы;
- жергілікті және аумақты деңгейдегі денсаулық сақтау жүйесінің (оның ішінде зілзала медицинасы қызметі) тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуге дайын болуы.

Қазіргі уақытта радиациялық апаттардың медициналық-санитарлық салдарларының алдын алып, оны жоюға қабілетті негізгі күштер мен жабдықтар РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, ІІМ, Қорғаныс министрлігі, ТЖ министрлігінің медициналық құрылымдары мен мекемелерінде жинақталған:

- медициналық-биологиялық және шұғыл мәселелердің Федералды басқармасының медициналық мекемелері («Медбиоэкстрем» ФБ);
- мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық орталықтарының федералды, аймақтық және аумақтық деңгейлерінде;

- «Защита» бүкілресейлік апат медицинасы орталығы;
- РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мен РМФА ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелері.

Радиациялық қауіпті нысандарға қатысы жоқ апаттар, әдетте, нақты жерлік немесе жергілікті көлемде өтеді. Мұндай апаттарда медициналық-санитарлық салдарларды жоюға апат медицинасының аумақтық орталығының, аумақтық медициналық мекемелердің, сонымен қатар «Защита» БЗМО күштері мен жабдықтарының қатысуы қажет.

Радиациялық аварияларды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда төмендегідей шаралар жүргізіледі:

- зақымдалушыларға дәрігерге дейінгі және алғашқы медициналық көмек көрсету;
- зақымдалғандарды арнайы емдік мекемелерде маманданған және арнайы емдеу;
- радиациялық зардап шеккен жердің тұрғындарына амбулаториялық бақылау және тексеру жүргізу.

Апат болғаннан кейін ізін суытпастан — ішінде апат болған нысанның медициналық қызметкерлері және алғашқы 1–2 сағат ішінде келіп жеткен жедел медициналық көмек сол апат ошағында зақымданғандарға дәрігерге дейінгі және алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді. Бұл кезеңдегі негізгі міндет — зақымдалғандарды апат болған жерден шығару, қажетті өңдеулер жасау, жағдайларына қарай медициналық-санитарлық бөлімшелерге немесе басқа орындарға жатқызу және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.

Медициналық көмектің бірінші сатысына медициналық сұрыптау, санитарлық өңдеу, алғашқы дәрігерлік көмек және көшіруге дайындық жатады. Бірінші сатыны орындау үшін сұрыптау бекеті, санитарлық өңдеу бөлімі, гематолог дәрігері, терапевт-радиологы бар сұрыптау-көшіру бөлімі және көшіру бөлімі болуы қажет.

Апат аймағында қалған 100 адамға бірінші екі сағат ішінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету үшін екі-үш бригада керек.

Апат салдарларын жоюда медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың маңызды бөлімі — радиоактивті аймақта түрлі уақыттарда болуға мәжбүр адамдарға медициналық бақылау жасау. Ондай адамдардың қатарына мыналар жатады:

- апаттың екінші (аралық) және үшінші (қалпына келтіру) даму сатыларында жұмыс істейтін адамдар — жоюшы-құтқарушылар;
- көшіруге дейін немесе тұрғын ауданы толық тазаланғанға дейін радиоактивті ластанған аймақтарда қалған тұрғындар.

Сәулеленгеннен бастап 10 минуттан 2 сағатқа дейінгі кезеңнен кейін 1 Гр мөлшерінде зақымдалғандардың көпшілігі ЖСА алғашқы реакциясын басу шараларын қажет етеді. Бұл шараларды дәрігерлік медициналық мекемелерде жүргізген жөн.

Зақымдалғандардың саны көп болмаған жағдайда олардың барлығы апаттан кейінгі аз мерзімде диагностика және әрі қарай тұрақты емделу үшін арнайы емдік мекемелерге жіберіледі.

Ал көп болған жағдайда жұмыс төмендегідей үлгімен жүргізіледі:

- бірінші реакциясы басылғаннан кейін клиникалық белгілері байқалмайтын I деңгейдегі ЖСА адамдар (сәулеленуі 2 Гр) амбулаториялық емге қалдырылуы мүмкін;
- 2 Гр мөлшерінде сәулеленген адамдар арнайы емдік мекемелерге екі тәулік ішінде көшірілуі керек;
- арнайы емдік мекемелерде зақымдалғандар саны көп болған жағдайда ЖСА-ның аса ауыр және жіті түрлерімен ауыратындар симптоматикалық емделе алады.

4.2. ХИМИЯЛЫҚ АПАТТАР САЛДАРЫН ЖОЮДА МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Апаттық қауіпті химиялық заттарды өндіретін, сақтайтын және пайдаланатын халық шаруашылығының адамдарының жаппай зақымдалуы мүмкін кәсіпорындары химиялық қауіпті нысандар болып саналады. Апаттық қауіпті химиялық заттар (АҚХЗ) деп улылығы жоғары және белгілі бір жағдайларда адамдар мен жануарларды жаппай уландыратын, сонымен қатар қоршаған ортаны ластайтын заттарды атайды.

Химиялық қауіпті нысандарға химиялық, мұнай өндіруші, мұнай айдайтын өнеркәсіптер, сонымен қатар аммиагы көп мұздатқыш қондырғылар, хлор пайдаланатын су жүргізу бекеттері мен тазалайтын құрылыстар, дезинфекция, дезинсекция және дератизация қоймалар мен базалары жатады.

Улы заттарды теміржол көлігімен тасымалдағанда апаттардың 50% жуығы болады. Қалғандары химиялық қауіпті нысандарда (ХКО). Адамдарды әр түрлі АҚХЗ уландырады (30 түрлері). Көбіне аммиактан (25%), хлордан (20%) және күкірт қышқылынан (15%) уланады.

Физикалық қасиеттеріне қарай АҚХЗ төмендегідей жіктеледі.

- Қатты және ұнтақ заттар, 40 °С ұшатын заттар (мысалы, гранозан, меркуран және т.б.).

- Қатты және ұнтақ заттар, қалыпты температурада сақтағанда ұшпайтын заттар (сулема, фосфор, мышьяк және т.б.).
- Қысымда сақталатын сұйық, ұшатын заттар, сығылған және сұйытылған газ:
 - А тобы — аммиак, көміртек оксиді;
 - Б тобы — хлор, күкірт диоксиды, күкіртсутегі, фосген, метилбромид.
- Қысымсыз сақталатын сұйық, ұшатын заттар:
 - А тобы — нитро- және аминобіріктірілімдер, циановодород;
 - Б тобы — нитрилакрилл қышқылы, никотин, тиофос, метафос, күкіртсутегі, тетраэтилсвинец, дифосген, дихлорэтан, хлорпикрин.
- Түтіндейтін қышқылдар: күкірт, азот, тұз және т.б.

Клиникалық белгілеріне, улануы және әсер ету механизмдеріне қарай (клиникалық-физиологиялық немесе токсикологиялық жіктеме) АҚХЗ жіктемесі бар:

- негізінен тамақты бітейтін заттар (хлор, фосген, дифосген, хлорпикрин, күкірт хлориді, фтор және оның біріккен түрлері);
- негізінен жалпы улы әсер ететін заттар (көміртек қышқылы, цианидтер, анилин, гидразин және басқалар);
- тамақты бітейтін және жалпы улайтын заттар (күкіртсутегі, күкірт диоксиды, азот қышқылы, азот және басқалар);
- жүйке-мешелдік әсері бар заттар (фосфорорганикалық бірліктер, зарин, заман, V типті заттар);
- тамақты бітейтін және нейротропты әсер ететін заттар (аммиак);
- метаболикалық улар (диоксин, күкірткөміртегі, метилбромид, дихлорэтан, төртхлорлы көміртек).

Апатқа себеп болатын **патологиялық бұзылулардың даму жылдамдығы бойынша** яғни, санитарлық шығындардың құрылуы бойынша барлық химиялық заттар негізгі екі топқа бөлінеді.

- Бірінші топқа **тез әсер ететін заттар жатады**. Улану белгілері бірнеше минут ішінде оршиді. Бұл топтың заттарына циансутегі, акрилонитрил, күкірткөміртегі, көміртек оксиді, азот оксидтері, хлор, аммиак, инсектицидтер, фосфорорганикалық бірігулер және басқалар кіреді.
- Екінші топқа улану белгілері бірнеше сағат бойы өршитін **баяу әсер ететін заттар** (динитрофенол, диметилсульфат, метилбромид, метилхлорид, фосфордың оксихлориді этилен тотығы, фосфор трихлориді фосген, күкірт хлориді, этиленхлорид, этиленфторид

және басқалар) жатады. Кейбір авторлар бұл топтағы заттардың ішінен 2 апта ішінде әсер ететін заттарды ерекше қарастырады, оларға металдар, диоксиндер және тағы бірнеше заттар кіреді.

4.2.1. Химиялық аварияның медициналық-тактикалық сипаттамасы

Химиялық авария ошағы — ауданында АҚХЗ шығындылары түскен аумақ (төгілу, себілу, ашылып қалу) және олардың зақымдау факторлары нәтижесінде адамдардың жаппай өлімі мен зақымдалуы, ауыл шаруашылығы малдары мен өсімдіктері зардап шегуі, сонымен қатар қоршаған ортаның шығындалуы белен алады.

Химиялық авария — АҚХЗ жоспарлауға және басқаруға көнбейтін шығындысы (төгілу, себілу, ашылып қалу) адамға және қоршаған ортаға кері әсер етеді.

Апаттар химиялық өнеркәсіпте өндіріс технологиясының бұзылуы, химиялық заттар сақталатын жерлерде немесе химиялық қаруларды жою нысандарында қауіпсіздік техникасын бұзу салдарынан болады. ХҚО бұзылғанда немесе химиялық қарулар қолданғанда жаппай зақымдалу соғыс және әскери қақтығыстар барысында немесе лаңкестік актілерде болуы мүмкін.

Біздің елімізде химиялық апаттардың 58% жабдықтардың бұзылуы, 38% операторлардың қателері, 6% өндірісті жобалаудағы қателіктерге байланысты болады.

Ұйымдастыру жағынан алып қарағанда, апат салдарларының көлемін ескере отырып, оларды локальді (жиі болатын жеке немесе нысандық) және ірі көлемді (жергілікті деңгейден трансаймақтық деңгейге дейін). Локальді апаттарда (улы заттардың ашылып қалуы, төгілуі және себілуі) ластану және зақымдалудың таралу аймағының көлемі өндіріс ғимаратының немесе нысанның аумағынан аспайды. Мұндай жағдайда тек сол өндіріс қызметкерлері ғана зақымдалады.

Ірі көлемді апаттарда зақымдалу аймағы өнеркәсіп алаңының шекарасынан алысқа шығып кетеді. Мұндайда жақын жатқан елді мекендердің және өнеркәсіп қызметкерлері ғана емес, шалғай жатқан елді мекендердің көпшілігі зақымдалуы мүмкін.

Химиялық авария ошақтарын бағалағанда, химиялық ошақтың тұрақтылығын, химиялық ластанудың қауіптілік деңгейін және қайталап зақымдау мүмкіндігін анықтау үшін улы заттардың физикалық-химиялық қасиеттерін ескеру қажет.

Жердің ластану ұзақтығы мен улы агенттің адам ағзасына әсер ету жылдамдығына қарай химиялық апат ошақтары, химиялық қаруларды қолдану ошақтары сияқты төрт түрге бөлінеді:

- тез әсер ететін заттардың зақымдауының тұрақты емес ошағы (мысалы, хлор, аммиак, бензол, гидразин, күкірткөміртегі);
- тез әсер ететін заттардың зақымдауының тұрақты ошағы (сірке және құмырсқа қышқылдары, улы заттардың бірікпелі түрлері);
- жай әсер ететін заттардың зақымдауының тұрақты емес ошағы (фосген, метанол, тетраэтилсвинец және басқалар);
- жай әсер ететін заттардың зақымдауының тұрақты ошағы (азот қышқылы және азот оксидтары, металдар, диоксиндер және басқалар).

Химиялық апат кезінде ластану аймағы мен зақымдалу аймағы деп бөледі.

- **Ластану аймағы** — апат кезінде улы заттар таралған аумақ.
- **Зақымдалу аймағы** (ластану аймағының бөлігі) — адамдар мен жануарлардың зақымдалуы мүмкін аумақ.

Химиялық өндірістер немесе аса улы заттар сақталатын жерлердегі ірі апаттарда негізгі зақымдау факторларына (химиялық) көбіне, басқа да факторлар (механикалық, ыстық) қосылып кетіп, біріккен зақымдалулардың тууына әкеліп жататындығы белгілі. Улы заттар бөліп шығаратын жарылыстар мен өрттерде зақымдалушылардың 60% улануы мүмкін. Сондықтан да химиялық апаттарда жедел медициналық көмекпен қатар заманауи санитарлық-гигиеналық шаралар (апаттық қауіпті өндірістер қызметкерлерінің, құтқарушылардың, медициналық қызметкерлердің, көшпелі бригадалардың, тұрғындардың жеке және ұжымдық қорғаудың техникалық құралдарын қолдануы, арнайы өңдеуді уақтылы жасау, көшіру шаралары және басқалар) жасалуы қажет, бұл шығындар көлемін біршама азайтып, зақымдалу ауырлығын төмендетіп, тіпті кейде олардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар химиялық барлау, индикация, арнайы өңдеу және басқа да қоғау шараларын жүргізу үшін, апат медицинасы қызметімен қатар түрлі министрліктер мен ведомстволардың күштері мен жабдықтары жұмысқа тартылады.

Улы заттардың тыныс алу және ауыз жолдары арқылы ағзаны зақымдауымен қатар, терінің және сілемді қабаттардың жергілікті зақымдалулары болуы мүмкін. Мұндай зақымдалулардың ауырлық деңгейі химиялық заттардың түріне, олардың мөлшеріне, сонымен қатар арнайы өңдеу шараларының жасалу мерзімдері мен сапасына және қорғау жабдықтарының (газдан қорғағыш) болуына байланысты.

Мұндай жабдықтар жеткілікті болған жағдайда шығындар саны азаяды. Егер тұрғындардың елу пайызы газдан қорғағыштармен қамтамасыз етілсе, ашық ошақтағы адамдардың жартысына жуығы зақымдалады. Ал түгел қамтамасыз етілген жағдайда, шығын көлемі тек 10–12% ғана (уақтылы қолданбаған немесе жабдық бұзылған жағдайда) құрайды.

Химиялық жағдай — химиялық заттар шығаратын кәсіпорындардағы апаттар немесе соғыс кездерінде химиялық қару қолдану нәтижесінде туындайтын жағдайлар.

Химиялық апаттар кезінде уақтылы медициналық көмек көрсету тек төмендегідей жағдайларда ғана мүмкін:

- өндірістің авариялық қауіптілігіне жүргізілген бағалау негізінде күштер мен жабдықтары алдын ала дайындалғанда;
- аварияда болатын жағдайларға болжам жасалғанда;
- мүмкін болатын ластану тереңдігі мен ауданы, улы заттардың уақыт өте келе өзгеруі ескеріле отырып, олардың концентрациясы және санитарлық шығын мөлшерлері анықталғанда.

Апат медицинасы қызметінің өкілдері кіретін ТЖ салдарларын жоюдың және алдын алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің (РТЖЖ) күштерінің химиялық жағдайды анықтауы үшін төмендегідей мәліметтері болуы керек:

- ҚЗ түрлері және авария немесе ҚЗ қолданылған уақыт туралы;
- апатауданы;
- жел бағытының жылдамдығы;
- ауа мен топырақтың температурасы;
- ауаның тік тұрақтылығы деңгейі (инверсия, изотермия, конвекция);
- апат ауданының өлшемі (АҚХЗ сыртқы ортаға шығу жағдайы, ластануаланы, ластанған ауаның таралу тереңдігі мен кеңдігі);
- зақымдалушылар саны;
- АҚХЗ сыртқы ортада тұрақтылығы;
- қорғау жабдықтарымен құтқарушылардың келіп жетуі мүмкін уақыты;
- ластанған ауаның, АҚХЗ зақымдау әсерінің жету уақыты;
- сумен, тамақ өнімдерімен жабдықтау жүйелерінің ластануы. Химиялық жағдайға болжам жасалғанда, химиялық апаттың салдарларының негізгі сандық көрсеткіштері барынша жақын деңгейде анықталады, апаттың салдарларын жоюдың шамамен есептері жасалынады. Мұндай жағдайда химиялық жағдайды бағалаудың көптеген әдістері қолданылады.

Апат туындағанда нақты жағдайды шұғыл анықтау есептерге қажетті өзгертулерді уақтылы енгізуге мүмкіндік береді. Ластанған аумақты тексеру барысында химиялық барлаудың нақты мәліметтері территориядағы химиялық жағдайларын бағалауда қолданылады.

Химиялық жағдайды бағалау үшін мыналар қолданылады:

- химиялық нысан және ластанған ауаның таралу аймағы көрсетілген карта;
- есеп кестелері, анықтамалықтар, формулалар;
- сыртқы ортаның ластану деңгейін тексеретін химиялық жабдықтар.

Әдетте, апаттан кейін бірден зілзала медицинасы қызметі санитарлық-химиялық барлау ұйымдастырады. Оған гигиена, токсикология және химиялық сараптаушы мамандары тартылады. Барлауға қатысқан мамандардың жоғары біліктілігі, олардың шұғыл талдау және диагностика жасаудың амалдары мен әдістерін қолдануы зерттелген территорияда улы заттардың болуы мен оның құрамын, химиялық заттардың жинақталған жерлерін (подвалдар, құдықтар, нашар желдетілетін жерлер) және тұрғындарды орналастыруға болатын жерлерді анықтауға, тұрғындардың шығын құрылымы мен көлемін, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету жағдайларын нақтылауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаның ластану деңгейін бағалау улы заттарға қол жабдықтары, жылжымалы зертханалар, сонымен қатар ауа, су, тамақ өнімдерін, тұрғын үйлердің қабырғаларының, едендерінің, шыныларының қабаттарынан алынған сынауларға шұғыл талдау жүргізу әдістері арқылы жасалады. Алынған сынаулар әрі қарай зерттеп, нақтылап, шұғыл талдау нәтижелер дәлдігін анықтау үшін тұрақты зертханаларға жіберіледі.

Медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы шешім қабылдау үшін химиялық жағдайды бағалау қорытындыларында мынадай деректер болуы керек:

- зақымдалушылар саны;
- зардап шеккен объектінің қызметкерлерімен апатты жою шығарынның, сонымен қатар ластанған аудан тұрғындарының барынша мақсатқа сай әрекет етуі;
- нақты жағдайда медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру ерекшеліктері;
- апат аймағындағы адамдардың түрлі контингенттерін қорғаудың қосымша шаралары.

Мұндайда апат медицинасы қызметіне мынадай деректер қажет: ластанған аймақта болудың шектеулі уақыты, жеке қорғану түрлері, оларды қолдану деңгейі, дегазация амалдары және оның тиімділік деңгейі, алғашқы кезектегі емдік шаралар. Қажет болған жағдайда зақымдалушыларды көшіру мәселелері шешіледі.

4.2.2. Химиялық ошақта зардап шеккендерге медициналық көмек ұйымдастырудың негізгі шаралары

Ірі өнеркәсіптік апаттар мен халық шаруашылығының химиялық қауіпті нысандарындағы апаттар салдарларын жоюдың негізгі шаралары «Химиялық апаттарда тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің типтік жоспарына» сай жасалған жоспар негізінде жүргізіледі. Оны әр ХҚЗ түріне сай етіп, ауданның (қала, облыс) бас токсикологының белсене араласуымен зілзала медицинасы қызметінің басқару органы жасайды. Нысандағы апаттың медициналық-санитарлық салдарларын болжау нәтижелері бойынша қажетті күштер мен жабдықтардың есебі жасалады. Жоспарлау барысында қолда бар күш-жабдықтар, емдеу-алдын алу және санитарлық-гигиеналық мекемелер мен құрылымдардың, олардың мамандар құрамының, жататын орын жүйелерінің көлемі мен құрылымының, қажетті жабдықтар мен дәрі-дәрмектердің мөлшерінің дайындық деңгейі бағаланады. Медициналық мүлік пен дәрі-дәрмектердің қоры тексеріледі. Алынған бұл деректерді қажетті күш-жабдықтардың есебімен салыстырып, олардың ішіндегі қат заттардың орнын толтыру жолдарын анықтайды.

Химиялық апаттарда медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің негізгі шаралары:

- барынша қысқа мерзімде зақымдалушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету;
- оларды зақымдалу ошағынан көшіру;
- зақымдалушыларға арнайы өңдеу жасау;
- алғашқы дәрігерлік көмек ошағына жақындау;
- зақымдалушыларға маманданған және арнайы медициналық көмекті ұйымдастыру.

АҚХЗ жаппай зақымдалуда медициналық көмекті ұйымдастырудың басты принципі — зақымдалушыларды «зақымдалу ошағы — емдік мекеме» үлгісі бойынша емдік көшіруді қамтамасыз ету. Негізінде, бұл принципті, өкінішке орай, барлық жағдайда қолдануға болмайды.

Химиялық апаттарға байланысты ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жою кезінде ТЖ аймағындағы барлық емдеу-алдын алу,

санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы және дәріханалық мекемелердің барлығы пайдаланылады.

Локальді және жергілікті апаттар кезінде медициналық-санитарлық салдарларды жою зілзала медицинасы қызметі мен жергілікті деңгейдегі медициналық мекемелердің күш-жабдықтарымен қамтамасыз етіледі.

АҚХЗ зақымдалғандарға алғашқы көмектің айрықша мәні бар. Оны қысқа уақыт ішінде халық шаруашылығы нысанының жұмысшылары мен қызметкерлері, жергілікті тұрғындар өзара көмек ретінде, сонымен қатар құтқарушы құрылымдардың жеке құрамы, нысанның санитарлық бекеттері мен жасақтарының және ошаққа кіргізілген медициналық құрылымдар көрсетеді.

Көшіру жолында ластану аймағына шекаралас жатқан таза ауданда зақымдалушыларды жинайтын орын ұйымдастырылып, онда дәрігерлік-мейірбикелік, жедел медициналық жәрдем, дәрігерге дейінгі көмек бригадалары мен басқа да құрылымдардың күштерімен өмірлік көрсеткіштер бойынша медициналық көмектер көрсетіледі.

Қоршаған ортаға АҚХЗ шығындылары түскен ТЖ алғашқы көмек ретінде мына шаралар жасалады:

- жеке қорғану жабдықтарын, мақта-мәте таңғыштарын пайдалану, бетін сулы дәке, орамал, сүлгімен жабу арқылы тыныс алу, көру ағзалары мен теріні АҚХЗ тікелей әсерінен қорғау;
- антидот енгізу;
- зақымдалушыны ластанған жерден тез алып шығу;
- АҚХЗ асқазанға түскенде — асқазанды шаю мақсатында сұйықты көп ішу, сүт, адсорбент қабылдау;
- дененің ашық жерлеріне санитарлық өңдеу жасау (ағындысумен сабындап, 2% асодасымен жуыну);
- киім, аяқ киім, қорғану жабдықтарын арнайы өңдеу және т.б.

АҚХЗ зақымдалғандарға маманданған және арнайы медициналық көмек емдік мекемелерде көрсетіледі. Бұл жерлерден әрі қарай олар көшірілмейді, олар сонда толық айығып кеткенше емделеді, сол жерде оларды қалпына келтіру мәселелері де шешіледі.

Үлкен қалаларда АҚХЗ зақымдалғандарға медициналық көмек көрсетіп, емдеудегі басты роль жіті улануларды емдейтін орталықтарға жүктеледі. Ластанбаған аймақтағы халық шаруашылығының химиялық қауіпті нысанына бекітілген аурухана нақты нысанға қатысты, белгілі экзогенді уланудан зақымдалған адамдарды жаппай қабылдауға және емдеуге дайын болуы керек.

Емдік мекемелерде тұрақты емес АҚХЗ зақымдалғандарға арнайы өңдеулер жасалмайды.

Тұрақты және белгісіз АҚХЗ зардап шеккендердің бәрі ластанған деп есептелінеді, қорғау шаралары толық жасалуы қажет.

Зақымдалушылардың АҚХЗ буларын сіңіріп алатын киімдерін, сонымен қатар көлік пен тасығыштарды желдетіп алу керек. Қыс уақыттарында сабынды ерітіндімен тазалап алу керек.

Химиялық авария ошағынан зақымдалушыларды қабылдайтын емдік мекемеде медициналық сұрыптау барысында төмендегідей шараларды қажет ететін зақымдалушылар тобы анықталады:

- өмірлік көрсеткіштері бойынша кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді және тасымалдауға жарамды жағдайға дейін емдеп, әрі қарай арнайы стационарларға көшіру (өте ауыр);
- медициналық көмек көрсетіп, әрі қарай арнайы стационарларға көшіру (ауыр);
- обсервация жасау (жеңіл зақымдалған);
- амбулаториялық көмек көрсетіп, жергілікті медициналық мекеменің бақылауына жіберу.

Сонымен қатар химиялық заттардан уланудың еш белгісі жоқ, денсаулығы таза адамдар тобы да бар.

Зақымдалушылардың жағдайын қарай сұрыптау барысында медициналық көмек пен көшірудің кезегі анықталады.

Апаттардың болжам бағаларына сүйене отырып, қажет болған жағдайда емдеу-алдын алу мекемелердің қызметкерлері мен ауруларын қорғау шаралары, ал ерекше жағдайларда оларды көшіру мәселелері (алдын ала көшіру маршруты жасалып, көлікпен және техникамен қамтамасыз етілуі шешіледі) қарастырылған.

Химиялық ТЖ санитарлық-гигиеналық бөлімшелердің әрекетін жоспарлауда олардың қоршаған орта нысандарының ластану деңгейін анықтау және алынған деректердің токсикологиялық-гигиеналық мәнін бағалау жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктері қарастырылуы қажет. Мұндай бағалау тұрғындарды, кәсіпорын қызметкерлерін, апат салдарларын жоюға қатысушыларды қорғауға ұсыныс жасауға негіз болады. Сонымен қатар санитарлық-гигиеналық және эпидемияларға қарсы жүргізілетін шаралар қарастырылуы қажет.

Кез келген ТЖ (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт және т.б.) химиялық қауіпті нысандарда АҚХЗ шығарындылары түсетін апаттар болуы мүмкін. Сол себепті де емдік мекемелер химиялық апат ошағынан зақымдалушыларды қабылдауға дайын тұруы керек.

4.3. КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ-КӨЛІК, ЖАРЫЛЫС ЖӘНЕ ӨРТ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Көлік және жол-көлік апаттары жиілігі жағынан да, зақымдалушылар мен қаза болғандардың саны жағынан бірінші орында келеді. БЗМҚ штабының деректері бойынша Ресей Федерациясында тіркелген антропогенді және табиғи ТЖ адам шығынының саны жағынан көлік апаттарына 68% жатады. Көлік апаттарындағы санитарлық шығындар 19,3% құраса, қайтыс болғандардың жалпы санының 54,8% көлік апаттарындағы шығындар құрайды. Бұл деректер көлік ТЖ салдарларының аса ауырлығын көрсетеді. Барлық көлік апаттарының 94,2%, жол-көлік апаттары, 3,9 пайызын су көліктері апаттары, 1,4 пайызын авиациялық, 0,5 пайызын теміржол көліктері апаттары құрайды.

4.3.1. Көлік және жол-көлік төтенше жағдайлардың медициналық-тактикалық сипаттамасы

Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) — жол жүру барысында адам өліміне немесе жаралануына, көліктің зақымдалуына әкелген көлік құралының қатысуымен болған оқиға. ЖКО-ның негізгі түрлері — жаяу жүргіншілерді басып кету, көлік құралдарының соғысып қалуы және аударылуы.

ЖКО зақымдары әртүрлі болуы мүмкін. Көлік оқиғасының бір түрінің өзінде зардап шегушілер әртүрлі зақымдалуы мүмкін, ал ЖКО әр түрінде бірдей жарақаттар болуы мүмкін.

Зақымдалудың түрлерін салыстыру ЖКО нәтижесінде зардап шеккендер мен қайтыс болғандардың барлығына дерлігінің жарақаттары, жырылулары, түрлі жерлерде қанның ұюлары болатындығын көрсетеді, олардың көпшілігі (87%) — түрлі сынықтар, ал 42% — ішкі ағзалардың жарылуы және жаралар.

ЖКО-дан жекелеген анатомиялық-функционалды салалардың зақымдары төмендегідей жиілікпен тіркеледі: бас — 91,5%, мойын — 2,5%, төс — 41,5%, іш — 20,6%, жамбас — 26,67%, қол — 22,4%, аяқ — 56,9%.

Сөйтіп, ЖКО зақымдарының көпшілігі — бас сүйегі-ми жарақаттары.

Жамбастың біріккен жарақаттарында зардап шегушілердің 84,0% бас сүйегі, 36,0% — аяқтары, 32,4% — іші, у 16,0% — қолдары зақымдалады. Қолдардың біріккен жарақаттарында зардап шегушілердің 88,1% басы, 21% — мойны, 29,5% — төсі, 51,8% — аяқтары зақымдалады. Іш пен жамбас жарақаттарының жиілігі басқа ЖКО қатысушыларға қарағанда,

жаяу жүргіншілерде жиірек болады, яғни ол 18,3 және 25,0% құрайды, ал басқа қатысушылар — 2,3 және 10,1%.

Теміржол көліктерінің оқиғаларында зардап шеккендердің саны 50 пайызды құрайды. Санитарлық шығындардың құрылымында негізгі орынды механикалық жарақаттар (90%) алады. Теміржол көліктері соғысқанда және жолдан шығып кеткенде көбіне, жарақаттар, аяқ-қолдың жабық сынықтары және бас сүйегі-мидың жабық жарақаттары (50% дейін).

Сонымен қатар 60% жағдайларда көптеген және біріккен жарақаттар және ұзақ жаншылып қалудан болатын жарақаттар кездеседі. Теміржол жарақаттарының бұл ерекшеліктері ірі көлемді апаттарда барынша анық байқалады.

Теміржол апаттарында зақымдалғандарға медициналық көмек көрсетуде зақымдалу ошағының ерекшеліктерін ескеру қажет. Теміржолдардың дәрігерлік-санитарлық қызметтері медициналық және экологиялық салдарлар бойынша ТЖ жіктмесін жасайды. Осы жіктемеге сай поездың түріне қарай оларды жолаушылар, жүк және жолаушылар мен жүк поездарының бір мезгілдегі апаттары деп бөледі. Техникалық салдарларына қарай, оларды қирау, апат, жұмыс барысындағы айрықша жағдайлар деп бөледі.

Оқиғалардың сипатына қарай қақтығыстар, аударылу, өрт, біріккен апаттар деп бөледі.

Поездардың қақтығыстары мен аударылулары кезіндегі механикалық зақымдардың айрықша ерекшелігі — жұмсақ тіндердің жарақаттары, сүйектердің жабық сынықтары және бас миының ауыр шайқалуына әкелетін бас сүйегі-мидың жабық жарақаттары (50% жағдайға дейін). Көптеген және біріккен жарақаттардың үлес салмағы жоғары (60% жағдайға дейін), сонымен қатар ұзақ жаншылу синдромдары да жиі кездеседі. Зақымдалушылардың 20% жуығы шұғыл медициналық көмекті қажет етеді.

Теміржол апаттарының салдарларын жою тәжірибесі көрсеткеніндей, 35–40% жеңіл зақымдалғандар, орта және ауыр зақымдалғандар — 20–25%, аса ауыр зақымдалғандар — 20%, ыстықтан зақымдалғандар — 20% құрайды.

Теміржол көліктерінің апаттарында тек механикалық емес, күйік жарақаттары, сонымен қатар біріккен жарақаттар да кездеседі. Башқұртстанда болған теміржол апаты соның куәсі. Ол 1989 жылы Уфа қаласынан 100 км. жерде, теміржол бойына жақын жатқан газ құбырынан газдың шығуы салдарынан орасан зор күшті жарылыс болып, оның аймағында қалған екі жолаушылар поезы зардап шегеді. Нәтижесінде,

1224 адам зардап шегіп, оның 3,0% жеңіл, орташа деңгейде — 16,4%, ауыр — 61,6%, аса ауыр зақымдалғандар — 19,0% құрады. Ыстықтан зардап шеккендер саны — 97,4%, ал 95,0% жолаушылар ашық жерлерінің II–III деңгейдегі күйігін алды. Тері күйіктері мен тыныс жолдары күйіктерін зақымдалушылардың 33% алды. Күйік жарақаттарын алғандардың бестен бірі қайтыс болды.

Авиациялық оқиғалар — жолаушылары мен экипаж мүшелері бар әуе кемелерінің адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірген, сонымен қатар әуе кемесін зақымдалуына және бұзылуына әкелетін оқиға.

Авиациялық оқиғалар ұшу барысында және жер үстінде болуы мүмкін. Жолаушыларға, экипажға және әуе кемесіне тигізген салдарларына байланысты ұшудағы және жер үстіндегі оқиғалар бұзылу, апаттар және қирау болып бөлінеді.

- Бұзылу — экипаж мүшелері мен жолаушылардың өліміне әкелмейтін, әуе кемесінің зақымдалуын туғызатын және кемені жөндеуден өткізуге болатын оқиға.
- Авария — экипаж мүшелері мен жолаушылардың өліміне әкелмейтін, бірақ әуе кемесін толық істен шығаратын немесе техникалық жағынан жөндеуге келмейтін және ол экономикалық жағынан тиімсіз болатын оқиға.
- Катастрофа — әуе кемесінің қирауы немесе зақымдалуы салдарынан экипаж мүшелері мен жолаушылардың өліміне әкелетін авиациялық оқиға.

Судағы төтенше жағдайларға теңіз стихиясы, техниканың бұзылуы және адам факторы себеп болады. Теңіз апаттары салдарынан жыл сайын әлемде 200 мыңнан аса адам өліп, оның 50 мыңы кеме қирауынан кейін суда, ал 50 мыңы төтенше жағдайларға лайықталмаған құтқару жабдықтарында қайтыс болады. Қалғандары зардап шеккендермен бірге қираған кемелермен бірге кетеді. Мысал ретінде, су көлігіндегі ТЖ салдарларынан жаппай қырылған жағдайларды еске салуға болады.

- 1954 жылы Жапония жағалауларында батып кеткен «Тойя мару» паромы, 1172 жолаушы қайтыс болған.
- 1986 жылы «Петр Васев» жүк тасушысы «Адмирал Нахимов» жолаушылар кемесімен Новороссийск маңында қақтығысып, 423 адам қайтыс болды.
- 1987 жылы Бельгия жағалауларында британиялық «Геральд оф Фри Этерпрайз» аударылып, суға батты, 209 адам өліп, 164 адам ізсіз кетті, 349 жолаушы құтқарылды.
- 1994 жылы Балтық теңізінде «Эстония» паромы суға кетіп, 1000-нан аса адам қайтыс болды.

Теңіз кемелерінің апаттарында көмек көрсетуді ұйымдастыру зардап шегушілерді су бетінде және су ішінде іздеудегі және оларға медициналық көмек көрсетудегі қиындықтармен ерекшеленеді.

Сонымен қатар жаппай санитарлық және орасан зор материалдық шығындар әкелетін өнеркәсіптік-көлік апаттары да болады.

• 1917 жылы Галифакс (Канада) портында «Монблан» пароходы «Имо» пароходымен қақтығысып, «Монблан» пароходы жарылады, трюмдерінде 200 т тринитро-толуоа, 2300 т пикрин қышқылы, 35 т бензол, 10 т оқ-дәрі болған. Нәтижесінде, 1963 адам өліп, 2000 астамы ізсіз жоғалған, сөйтіп бүтіндей бір қала қирап, 25 мың адам баспанасыз қалған. Бұл адамзат тарихында атом бомбасы жасалғанға дейінгі ең ірі жарылыс болды.

• 1942 жылы Бомбей рейдінде ағылшынның 300 т тринитротолуол мен 1395 т қару-жарақ тиетген «Форт-Стайкип» жүк кемесі жарылып, соның нәтижесінде туындаған екі орасан толқынның салдарынан 50 ірі кеме қирап, істен шығады, 12 кеме өртеніп, 1500 адам өліп, 3000 аса адам жараланады; порт түгелге жуық және қаланың бір бөлігі жойылып кетеді.

Судағы ТЖ төмендегі ерекшеліктерімен сипатталады:

- адамдардың, оның ішінде жеке зақымдалғандардың;
- медициналық және психологиялық көмек күштерінен бөлек қалуы;
- жабдықтарының салыстырмалы түрде жетіспеушілігі;
- апатқа ұшыраған адамдардың үрейге салыну мүмкіндігі.

Мұндайда зақымдалудың механикалық түрлері, күйіктер, жіті химиялық уланулар, суда мұздап қалу және батып кету түрлері болуы мүмкін. Әдетте, апат салдарларын өлгендер, жаралылар мен аурулардың санына қарай бағалайды. Сонымен қатар ауыр психикалық жараланған адамдар да зардап шеккендердің қатарына жатады.

Патологияның айтылған түрлерін лайықты емдеу әдістерімен, зақымдалушылардың функционалды және психикалық жағдайларының бұзылуын медициналық-психологиялық түзету әдістері арқылы емдейді.

4.3.2. Жарылыстар мен өрттер төтенше жағдайларының медициналық-тактикалық сипаттамасы

Өндіріс апаттары салдарларының сипаты оның түрі мен көлеміне, кәсіпорын мен апатты туғызған жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты. Ірі апаттардың барынша қауіпті салдарлары жарылыстар мен өрттер болып табылады, олардың нәтижесінде өндірістік және тұрғын

үй ғимараттары, техникалар мен жабдықтар қирап, адамдар өліп, түрлі зақымдар алады.

Жарылыс қаупі бар өнімдерін өндіретін, сақтайтын, тасымалдайтын нысандар жарылыс және өрт қаупі бар нысандар болып саналады. Оларға теміржол және құбырөткізгіш көліктері жатады.

Апат аймақтары үлкен аумақты алып жатуы мүмкін. Мысалы, Башқұрстан газ құбырларындағы жарылыс аймағы 2 км жерді қамтыды, теміржолдарын 1 км, байланыс жүйесінің 2 км, 30 бағанды, 2 жолаушылар поезын (37 вагон) қиратты, орман өртелді, 871 адам өліп, 339 адам жараланды.

Өндіріс кәсіпорындарындағы жарылыстар өндіріс ғимараттарын, көлік жолдарын қиратып, технологиялық жабдықтарды, энергетикалық жүйелерді істен шығарып, улы заттардың шығуына әкеледі; атом станцияларындағы жарылыстар атмосфераға радиоактивті заттарды шығарып, үлкен аумақтарды ластайды.

Жарылыс және өрт қаупі бар заттарға бірқатар отын материалдары, негізінен көмірсутегілер (мысалы, ацетилен, бутан, метан, пропан, этан, этилен) жатады.

Ғимараттармен құрылыстардағы өрттер қоршаған орта температурасының тез көтерілуімен, түтіндеуімен, оттың жасырын жолдармен таралуымен сипатталады.

Өрттерді өшіруді ұйымдастыру кезіндегі ең үлкен қиындықтар мұнай өңдеуші және жарылыс қаупі бар технологиялы химиялық кәсіпорындарда туындайды.

Өрт қаупі бар нысандардағы зақымдау факторларының өзіндік және біріккен әсерлері нәтижесінде бөлектелген, біріккен зақымдау түрлері болуы мүмкін: түрліше орналасқан және түрлі сипаттағы жарақаттар, тері мен көз күйіктері, тыныс жолдарының ыстықтан зақымдалуы, асқазан-ішек ағзаларының жарақаттары, күйген тағамдармен улану және т.б.

4.3.3. Көлік, жол-көлік нысандарындағы төтенше жағдайларда, жарылыстар мен өрттерде медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Кез келген апат орындарында зақымдалғандарға және оларға тасымалдау кезінде медициналық көмек көрсету тәртібі бірдей. ТЖ аймағында зардап шеккендер өздерімен өздері қалған кездері олардың негізгі әрекет принципі — өзіне және қасындағыларға көмек көрсету. Бұл кезеңнің ұзақтығы құтқарушы және медициналық күштер келгенге дейін созы-

лады және бірнеше минуттан бірнеше сағаттарды құрайды. Мысалы, Арзамастағы, Башкирия, Бологое, Свердловскідегі теміржол апаттарында бұл кезең 30 мин 2,5 сағатқа дейін созылды.

Тәжірибе көрсеткеніндей, теміржол апаттарында жараларды таңуды зақымдалушылардың 4%, аналгетикалық дәрімектердің салынуын 50%, көлікпен тасымалдауды 35%, ал зембил және қалқанмен көшіруді 60–80% қажет етеді.

Апат аймағындағы көмекті ұйымдастыруда негізгі рольді жергілікті билік органдары және дәрігерге дейінгі, алғашқы дәрігерлік көмекті және мүмкіндігінше медициналық көмектің басқа да түрлерін көрсететін жақын жерлердегі емдеу-алдын алу мекемелері, фельдшерлік-акушерлік бақеттер атқарады.

Зақымдау ошағында және соған жақын жерлерде зақымдалушыларға алғашқы және дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді. Егер бұл жерге дәрігерлер бригадалары келген болса, онда дәрігерлік көмектің кейбір элементтері орындалады. Кейін зақымдалушыларды жақын жердегі емдік мекемелерге көшіріледі, оларға алғашқы маманданған дәрігерлік көмек көрсетеді, кейбір жағдайларда арнайы көмек көрсетіледі.

Егер төтенше жағдайлар ауданы емдеу-алдын алу мекемелерінен алыс жерде болса, емдік-көшіруді қамтамасыз етудің екі сатылы жүйесі енгізіледі.

Зақымдалушыларды көшіруді нақты ұйымдастыру үшін ЕПМ басшысы зақымдалушылардың түрлі топтарын көшіру бағыттарын білуі керек. Ол көшіруді жүргізетін медициналық бөлімшелер қызметкерлеріне қажетті ақпаратты жеткізуге міндетті. Өзара бірлесе қызмет ету барысында жол қозғалыстарын реттейтін органдармен зақымдалғандарды көшіретін көліктерді бірінші кезекте өткізу және барынша ыңғайлы маршрутты таңдауда көмек көрсету туралы келісу қажет.

Жол-көлік оқиғаларында медициналық көмек көрсету үшін ЖКО кезінде жылдам қимылдау, зардап шегушілерді құтқару және оларға сол жерде және стационарда жоғары кәсіби шұғыл медициналық көмек көрсету жүйесі құрылады. Бұл жүйенің міндетті элементі — медициналық ұшақ. Жедел қимылдау жүйесінің негізгі міндеттері:

- оқиғаның сипаты, зақымдалушылардың саны, және медициналық көмектің жетімділігі туралы дәл және уақтылы ақпарат;
- лайықты техникалық жабдықталған құтқарушылардың зардап шегушілерді көліктен тез шығарып алу;
- зақымдалушыларға оқиға болған жерде медициналық көмек көрсету және оларды тез арада әуе жолымен немесе санитарлық көлікпен арнайы медициналық мекемелерге көшіру;

- ЖКО зардап шеккендерді жатқызатын емдік мекемелерді алдын ала анықтау;
- емдік мекемелер маңында зардап шегушілерді қабылдайтын ұшақ алаңдарын жабдықтау;
- ЖКО туралы, құтқару жұмыстарының жүргізілуі, медициналық көмек көрсету және көшіру, «алтын сағат» ішіндегі барлық жұмыс кешенін қамтамасыз ететін хабарларды жеткізу үшін ақпарат жіберудің заманауи технологияларын енгізу.

Бұл міндеттерді шешуде төмендегідей әрекеттер жасалады:

- санитарлық ұшақтар мен жан сақтау көліктерін қолдану;
- жолдардағы медициналық көмек жүйесіне енгізілген және зардап шеккендерді қабылдап, қарқынды ем мен мониторингті қамтамасыз ете алатын емдік мекемелерді жабдықтау; зардап шеккендерді ұшақтарда алып жүретін арнайы медициналық қызметкерлерді дайындау;
- ұшақтың медициналық қызметкері мен құтқару жұмыстарының басшысын және зардап шегушіні қабылдап алатын медициналық стационардың қабылдау бөлімін радиобайланыспен қамтамасыз ету.

Әуе апаттары кезінде жолаушылар мен экипаж мүшелерінің өмірін сақтап қалу мақсатында азаматтық авиацияда арнайы құрылымдар: іздеу-құтқару қызметі және апаттық-құтқару командалары құрылған. Бұл құрылымдардың медициналық күштермен және медициналық-санитарлық мүліктермен жабдықталуы санитарлық шығындар құрылымы мен көрсетілетін көмек көлеміне сай болуы қажет.

Азаматтық авиация нысандарының аумағында іздеу-құтқару және апаттық-құтқару жұмыстарының медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуін медициналық қызмет бастығы, ал жауапкершілік ауданында — кәсіпорынның немесе азаматтық авиация оқу орнының медициналық мекемесінің бастығы.

Аэропорттың апаттық-құтқару командасы авиациялық-техникалық база, медициналық бөлімше және аэропорт күзетінің қызметкерлерінен құрылады. Бұл команданың міндеттері — авиациялық оқиға кезінде жолаушылар мен экипаж мүшелерін құтқару, зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету, өртті өшіру. Апаттық-құтқару командасының құрамына медбөлімшенің медицина қызметкерлерінен құрылған медициналық есеп кіреді.

Сонымен қатар авиациялық апат кезінде аэропорттың диспетчерлік қызметі шақырған қаланың жедел медициналық жәрдем қызметі кеңінен қолданылады.

Алғашқы дәрігерлік көмек аэропорттың медициналық бекетінде немесе жедел медициналық жәрдем (ауруханаға барар жолда) көлігінде көрсетіледі.

Теңізде көмек көрсету және құтқару халықаралық конвенция бойынша қатаң реттелген, ол бойынша мемлекеттер теңізде апатқа ұшырағандарға көмек көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар көршілес мемлекеттермен біріге қызмет ету туралы аймақтық келісімдер де жасай алады. Теңізде жүрген кемелерде апат болған жағдайда, медициналық көмек көрсету қиындығы, апаттың алғашқы сағаттарында медициналық көмекті тек кемелің штаттағы медициналық қызметі ғана көрсетеді. Сыртқы медициналық күштерді көмекке тарту, жылжымалы медициналық құрылымдар апат болған жерден алыс болғандықтан, белгілі бір уақытты талап етеді.

Сондықтан да кемелердің теңіздегі апаттары кезіндегі медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуі, көбіне, іздеу-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға, медициналық қызметтің басқару органдарының дайындық деңгейіне, кемелің медицина қызметкерлерінің дайындығына, сонымен қатар кеме командасының медициналық дайындығына байланысты. Медициналық көмекті изоляция сатысында ұйымдастыруда өзіне және өзара көмекке, сонымен қатар кеме қызметкерлерінің күшімен көмектесуге ерекше назар аудару қажет. Алғашқы дәрігерлік көмек, көп жағдайларда, құтқарушы күштер келгеннен кейін ұйымдастырылады. Зақымдалушыларды жағалауға жеткізіп, алғашқы дәрігерлік және маманданған медициналық көмек көрсетіледі.

Жарылыс және өрт кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру мына шаралардың орындалуын қажет етеді:

- күйгендерге, сонымен қатар газбен және түтіннен уланғандарға көмек көрсету;
- түтін басқан аумақтар мен өрт шалған ғимараттардың ішінен зардап шегушілерді іздеу.

Алғашқы дәрігерлік көмек барынша қысқа мерзімде көрсетілуі және өрт болған жерге жақын болуы керек. Жаппай зақымдалғанда емдеу-алдын алу мекемелері күйік бригадаларымен күшейтіліп, медициналық көмек пен емдеуге қажетті арнайы жабдыктармен қамтамасыз етілуі керек.

Техногенді авариялар мен апат салдарларын уақтылы жою тұрғындарды ТЖ медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің жоғары тиімді жүйесін құруды талап етеді. Мұндай жүйе, тек бүкілресейлік апат медицинасы қызметі төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің басым кіші жүйесі болғанда және жұмыс шарттарына сай ұйымдық құрылымы болғанда ғана мүмкін болады.

Бақылау сұрақтары

1. Радиациялық авариялардың медициналық-тактикалық сипаттамасы.
2. Радиациялық аварияларды жоюда медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру.
3. Радиациялық авариялардың уақытша фазалары.
4. Жіті сәулелену ауруының заманауи классификациясы.
5. Химиялық авария ошақтарының медициналық-тактикалық сипаттамасы.
6. Химиялық ошақта зардап шеккендерге медициналық көмекті ұйымдастырудың негізгі шаралары.
7. Көлік, жол-көлік ТЖ медициналық-тактикалық сипаттамасы.
8. Көлік, жол-көлік нысандарында медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

5-Тақырып

ЖЕР СІЛКІНІСІ САЛДАРЛАРЫН ЖОЮДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-СА- НИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 5.1. Жер сілкінісі салдарын жоюда тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
 - 5.1.1. Жер сілкінісінде зақымдау ошақтарының медициналық-тактикалық сипаттамасы.
 - 5.1.2. Жер сілкінісі салдарын жоюда тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
- 5.2. Табиғи апаттар мен басқа да апаттардың салдарларын жоюда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
 - 5.2.1. Су тасқыны басқа да стихиялық апаттар болған аудандардың медициналық-тактикалық сипаттамасы.
 - 5.2.2. Басқа да табиғи апаттардың салдарын жоюда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

5.1. ЖЕР СІЛКІНІСІ САЛДАРЫН ЖОЮДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Табиғи апат (стихиялық жағдай) — табиғатта бірден пайда болатын адамдардың мерт болуымен және материалдық құндылықтардың жойылуына әкелетін апат.

XX ғасырдың соңғы 20 жылында тек стихиялық жағдайдан әлемнің әр түкпірінде 3 млн астам адам мерт болып, 800 млн астам адам жарақаттанып, зардап шекті, шығынның бағасы мамандардың есептеуі бойынша, 100 млрд доллардан асты.

Ресей аумағы табиғи, геологиялық, гидрологиялық, метеорологиялық сипаттағы кең көлемді апаттардан, сонымен қатар өрттен зардап шегуде. Табиғи апаттардың ішінде қарастырылғандардың ең қауіптісі — жер сілкіністері, су тасқыны, қар көшкіндері мен тоғай өрттері.

5.1.1. Жер сілкінісінде зақымдау ошақтарының медициналық-тактикалық сипаттамасы

Жер сілкінісі — табиғаттың ерекше көрінісі, жер қыртысында табиғи процестердің әсерінен болатын жердің соққылауы және теңселуі, жерасты дүмпуі арқылы көрінеді.

Жер сілкінісі апатының құрылымын жіктегенде, оның вулканды, тектонды, опырылу және теңізасты болатыны белгілі. Олар негізінде үлкен аумақты қамтиды. Дүмпудің саны, аралықтарының уақыты әр түрлі болуы мүмкін. Жыл сайын жер шарында 100 мың тектонды жер сілкіністері болады, оның 10 мыңын адамдар сезінсе, 100 м таяуы апатты сипатта болады.

Жер сілкінісінің қиратушы күші ядролық жарылыстың соққысына ұқсас. Толқын шығатын жер телімін орталығы деп, ал жердің үстінгі қабатына жақын орналасқан нүктенің жердің эпицентрі деп атайды.

Стихиялық апаттардың ішінде жер сілкінісі ауырлығы жағынан үлкен орын алады. Бұл баға олардың болу жиілігі мен тұрғындардың көптеп мерт болуына байланысты анықталады. XX ғасырда жер бетінде жер сілкінісі нәтижесінен 1,5 млн адам қайтыс болып, келген шығын 10 трлн доллар деп бағаланған.

Бұл кезеңдердекелесі ауыр жер сілкіністері болған:

- 1923 жылдың 1 қыркүйегінде Жапонияның Хонсю аралында болған бірнеше секундтық жер сілкінісінен 143 мың адам жоғалып, мерт болған;
- 1976 жылдың 28 шілдесінде Қытайдың Таншан қаласына жақын орналасқан жерде 98% тұрғын, 90% өндіріс орындары қирап, 242 мың адам мерт болып, 773 адам ауыр жарақаттар алған;
- 1988 жылдың 7 желтоқсанында Армениядағы жер сілкінісі 44% аумақты, млнға жуық тұрғындарды қамтыды. 21 қала қирап (әсіресе Спитак, Ленинан, Кировакан, Степанаван), 342 селонның 58-і түгелдей қирады, 25 мың адам қайтыс болып, 32,5 мың адам түрлі жарақаттар алды.

Негізгі сейсмикалық қауіпті аймақтар — Солтүстік Кавказ, Прибайкалье, Приморье, Сахалин, Камчатка және Курил аралдарында 100-ден

аса қала, елді мекендер орналасқан аймақтарда 20 млн астам ресейліктер тұрады.

Жалпы Ресей Федерациясының қарқынды сейсмологиялық 7 баллдық аймағы 20% аумақты, төтенше аймағы 8—9 баллдық 5% аумақты қамтиды.

Жер сілкіністерінде санитарлық шығын көптеп болады. Жарақаттанатындардың көбі жабық және аралас жарақатпен зақымданады. Аралас жарақат, ғимараттардың құлауы, өрт болуынан, химиялық қауіпті және жарылатын нысандар мен өндірістік қираулардан болады. Тұрғындар баспанасыз, қайтадан болатын жер сілкінісінен қираған ғимараттарда болу қауіпті. Медициналық мекемелер, су құбырлары мен канализациялық жүйелер, электр энергиясы істен шығады. Қарапайым санитарлық-гигиеналық жағдайдың болмауынан түрлі жұқпалы аурулардың, эпидемияның болуына әкеледі.

Жер сілкінісінде санитарлық шығынның мөлшері стихиялық апаттың күші мен көлеміне, халықтың тығыз орналасуы мен басқа да түрлі факторлардың қосылуына байланысты.

Жер сілкінісінде көбіне аяқ-қолдар жараға ұшырайды. Зақымданғандардың 50% сүйектері сынған. Көбіне жұмсақ тіндердің зақымдалуы мен түрлі дәрежедегі жарақаттанудың салмағы басым.

Сондай-ақ жарақаттардан өзге, құлау, қабырғалар мен төбедегі шатырлардың 10% сынған ғимараттардың 35%, 55% жағдайда зақымданушылар үрей мен қорқыныштан туындаған дәлелсіз жағдайлардан алады.

Жер сілкінісіндегі шығын құрылымы тұрғысынан тербелу мен шашылу үлкен орынға ие. Ауыр жарақаттанғандардың 40%-ға жуығы алғашқы 6 сағат ішінде, 60%-ы алғашқы тәулікте, қалғандары — 3 тәулік аралығында үйінділер астында қалып қайтыс болады. 4-ші тәулікте орташа және жеңіл дәрежелі жарақат алғандар, 95%-ы 5—6 тәулікте мерт бола бастайды.

Орта және жеңіл дәрежеде жарақат алып, үйінді астында қалғандар көп жағдайда организмнің сусыздануы мен шамадан тыс мұздауы нәтижесінде қайтыс болады.

Жер сілкінісінде зақымданғандардың көбінде (3,8-ден 29% жағдайда) ұзаққа созылған жаншылу синдромы (краш-синдромы) дамиды.

Көптеген адамдарда түрлі психикалық ауытқулар пайда болады. Скопле (1963 ж.) қаласындағы жер сілкінісінде тұрғындардың жартысында аса ауыр реактивтілік жағдай белгіленген. 20% тұрғындарда бұл реакция 2—3 сағатқа, 70%-ы 3 сағаттан 1—5 тәулікке дейін, 5%-да 5 тәуліктен бірнеше айға дейін созылған.

Тұрғындардың біршама бөлігі ауырғанды басатын және тыныштандыратын дәрілерді, біразы өзге де ауруларға байланысты медициналық көмекті қажет еткен (мәселен, жүрек жетіспеушілігі, стенокардия, миокард инфаркті, гипертониялық криз т.б.).

Медициналық-тактикалық жағдай емдеу-алдын алу мекемелерінің істен шығуы мен медицина қызметкерлері арасындағы шығынға байланысты да қиындайды. Ташкенттегі жер сілкінісінде 140 медициналық мекеменің 118 зақымданып, оның 22-сі тіптен жарамсыз қалған. 51 амбулаториялық емхананың 37-сі жартылай немесе толығымен жұмысын тоқтатқан. Армениядағы жер сілкінісінде 250 медициналық мекеменің ішінде 36 емхана толықтай қирап, 97-сі апаттық жағдайда, 24 емхана жартылай істен шыққан. Медицина қызметкерлерінің шығыны 70%-ға жеткен.

Егер жер сілкінісі бүкіл қаланы қамтитын болса, химиялық қауіпті заттың жарылуымен екінші химиялық зақымдау ошағы пайда болады. Бұл жағдайларда жаппай улану, амиакпен, хлормен, азотпен басқа да улаушы заттардың әсерінен болуы мүмкін.

Жер асты және жағажайларда болатын жер сілкінісін теңіз асты телімдерінде жоғары, төменгі теңіз толқындары-цунами пайда болуы. Олардың таралу жылдамдығы 30–1000 км/сағ, ал биіктігі теңіз жағалауынан 5 м-ге дейін көтеріледі, ал жағажайда — 10–50 м және одан жоғарылайды.

Цунами түк қалдырмай, жолындағы елді мекендер мен тұрғындарды мерт етіп, қиратып, бүлдіреді.

Зақымданғандардың басым бөлігі үйіндінің астында қалады. Бұл жағдай бір жағынан зақымданғандардың тобының бытырауына және медициналық жәрдемнің қажеттілігін азайтуға, екінші жағынан-зақымданғандарды үйінді астынан шығаруға медициналық көмекке зәру адамдардың саны көбейеді. Онымен қоса, жер сілкініснен кейін медициналық көмекке зақымданғандардың саны жағынан көп тобы жүгінеді.

Егер де, құтқарушылар жер сілкінісі аймағына 3 сағатта енсе, онда тірі қалғандардың 90%-ы өлімнен құтқарылады, егер 6 сағаттан соң келсе, құтқарылғандардың саны 50%-ды қамтитыны белгілі.

Одан ары қарай құтқару мүмкіндігі төмендейді, 10 күннен кейін құтқару жұмыстарын жүргізудің мәні жоқ.

Арменияда жер сілкінісі 1988 жылдың 7 желтоқсанында болды. Алғашқы құтқарушылар апат аймағына 10 желтоқсан күні тек кешке жетті. Бұған дейінгі жұмысты әскерибөлімшелер мен милиция, ал жошпарлы құтқарушылардың жұмысы 12 желтоқсан күні таңертең бастады.

Жер сілкінісі ошағындағы жағдай құтқарушылар мен бірге медицина қызметкерлерінің де өліміне әкелуі мүмкін.

Жер сілкінісі ошағында тиісті қорғаныс шараларының кешенін жүргізбей, ұзақ уақыт жұмыс істеуге болмайтынын атап айту керек.

Адамдарұзаққа созылған психикалық жүктемені көтере алмайды. Қорғаушылардың тәжірибесі бойынша Спитак қаласындағы жер сілкінісінде 2 күннен соң құтқарушылардың ұйқысы бұзылған: көбі құлаған үйлер, жылаған әйелдер, үйілген өліктер тәрізді бірдей түс көрген.

Құтқарушылардың өзіне медициналық және психологиялық көмек қана емес, сондай-ақ жалпы функционалды жағдайды қалпына келтіретін медико-психологиялық көмек қажет екені анық.

5.1.2. Жер сілкінісі салдарын жоюда тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Қиратқыш жер сілкінісінің медициналық-санитарлық салдарын жою кезінде әдетте жаракаттанғандарды медициналық көмек пен емнің жан-жақты қамтумен қамтамасыз ететін арнайы тағайындалған емдеу мекемелеріне көшіру арқылы сатылап емдеу қолданылады.

Жер сілкінісінің ошағында бірінші көмек, зақымданғандарға өзара көмек тәртібімен, сондай-ақ құтқарушылардың жеке құрамына көрсетіледі. Зақымданғандарды алғашқы көмек көрсетудегі барынша жұмыс мөлшері жер сілкінісінен кейін бірден туындайды. Бастапқы кезеңде (бірнеше сағаттан кейін) зақымданғандарға алғашқы көмек және оларды ошақтан тез арада шығару стихиялық сипат алады.

Қалыптасқан тәртіп бойынша, ұйымдасқан түрдегі алғашқы көмекті алуға мүмкіндік пайда болған сәтке дейін зақымданғандардың бір бөлігі өз бетінше немесе өзге адамдардың көмегімен (сол жерде қалған немесе келіп жеткен көлік құралдарымен) ошақтан тысқары көшіріледі. Осы себеппен ошақта қалған зақымданғандарға ұйымдасқан алғашқы көмек көрсету барысында зақымданғандардың, ауыр және орта дәрежелі зақым алғандардың үлес салмағы артады.

Емдеу-көшіруді қамтамасыз етуді жергілікті және аумақтық деңгейдегі БАМК, жер сілкінісінде қалған нысандардың күші мен құралдары арқылы орындайды.

Жер сілкінісінде зақымданғандарға алғашқы дәрігерлік кәсіптік мамандырылған медициналық көмекті ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жер сілкінісі орын алған әкімшілік аумақтағы барлық емдеу-алдын алу мекемелері жүзеге асырады.

Ауыр жағдайдағы жер сілкіністерінде медициналық-санитарлық салдарды ошақ аймағында немесе оған жақын орналасқан медициналық мекемелер жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл жағдайда аймақтық, тіпті федералды басқару органдарынан қосымша күш және қаржы талап ету қажеттілігі туындайды.

Негізінде жер сілкінісінің медициналық-санитарлық салдарын жоюға қатысатын құрылым немесе мекеме медициналық көмектің бір ғана түрін орындайды. Дәрігерлік-мейірбикелік бригада немесе медициналық жедел жәрдем бригадалары әдетте дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді және алғашқы медициналық көмек шараларын орындайды.

Дәрігерлік медициналық пункттер, көбіне құрамында хирург болғанда, алғашқы дәрігерлік көмекпен бірге кезек күттірмейтін кәсіптік медициналық көмек шараларын орындайды. Зақымданғандарды ошақтан қабылдаушы емдеу мекемелері кәсіби медициналық көмек көрсетеді және мамандандырылған кейбір шараларды өткізеді. Апат медицина қызметінің мекемелері мен құрылымдарының құрамын, жабдықталуын анықтауда мұны ескеру қажет.

Қарқыны 5 балл болатын жер сілкінісінің салдарын медико-санитарлық жоюда көптеген жағдайда емдеу-алдын алу жұмыстарын қамсыздандыру күнделікті жағдайдағыдай сақтап қалуға болады.

6 балдық жер сілкінісінде аумақтың деңгейдегі апат медицинасы қызметінің күші мен құралдарының есебінен емдеу — көшіру шараларын бірнеше қосымша түрін ұйымдастыру қажеттігі туындауы мүмкін.

7—8 балдық жер сілкінісінде емдеу-көшіруді қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы принципті жағдайлар 6 балдық жер сілкінісіндей сақталады.

7 балдық жер сілкінісінде түрлі жарақаттар, тіптен өлімге апаратын жарақаттар әрбір 7—10 тұрғынды, ал 8 балдық сілкіністе — әрбір 3—4 тұрғынды қамтиды. Бұл жағдайларда алғашқы медициналық жәрдем көрсету тұрғындардың азғантай бөлігіне, жер сілкінісінен жарақаттанбағандарға ғана мүмкін. Зақымдалғандарға алғашқы дәрігерлік кәсіби мамандандырылған медициналық көмекті қажетті күш пен құралдарды пайдалана отырып жүзеге асыру 1—2 тәулік ағымында болады.

Қарқындылығы 9 балдық және одан да жоғары жер сілкіністерінде ошақ аймағындағы емдеу-алдын алу мекемелері қирап немесе жұмыс істеуін тоқтатуы мүмкін. Бұл жағдайларда апат медицина қызметінің құрылымдарын аумақтық, аймақтық және федералды деңгейде тарту, алғашқы дәрігерлік көмектің ошақ аймағында өрістетілуі, зақымданғандарға кәсіби мамандандырылған көмек беру қажеттілігі туындайды.

Госпитальді емді зақымданғандарды әуе транспортымен көшіре отырып, жер сілкінісі болған ошақтан шет орналасқан емдеу мекемелерінде жүргізеді.

Зақымданғандарды жер сілкінісі ошағынан көшірудің ерекшеліктері төмендегідей:

- зақымданғандарға арналған емдеу мекемелері мен пункттеріне жақын тікұшақтарға арналған қону алаңдары жабдықталады;
- егер тікұшақ қонатын алаң емдеу мекемесінен жырақта орналасса, онда аэродромда медициналық пункті іске қосу керек;
- автокөлік құралдарында зақымданғандарды көшіру жолдарында медициналық бөлу пункттері ұйымдастырылады.

Зақымданғандарды транспорт құралдарымен тасымалдау алдында жер сілкінісі ошағында олардың жағдайына, кезек күттірмейтін қажетті медициналық көмектің орындалуына бақылау жүргізіледі.

Ошақтан алғашқы медициналық көшіру кезеңіне дейінгі көшіру жолдарында медициналық реттеуші (бөлу) пункттері құрылады, олар мұқтаждарға кезек күттірмейтін көмекті қамтамасыз етуі (әдетте алғашқы немесе дәрігерге дейінгі көмек көлемінде) және зақым алғандар кіргізілген көліктердің қозғалу бағытын анықтауы тиіс.

Зақымданғандардың тобын күту орындарында (аэродром, қону алаңдары, кемешайлар мен автомобильдер тізбегін жинайтын жерлер) тасымалдау орындарын іске қосады, олар алғашқы дәрігерлік көмекті қажет ететіндерді қамтамасыз етуі тиіс.

Жер сілкінісі ошағынан қашықта орналасқан емдеу мекемелеріне зақымданғандарды тасымалдау үшін медициналық қолдауды ұйымдастыру қажет.

5.2. ТАБИҒИ АПАТТАР МЕН БАСҚА ДА АПАТТАРДЫҢ САЛДАРЛАРЫН ЖОЮДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар өздігінше әр түрлі. Жер сілкінісінен басқа оған, су тасқыны, көшкін, қар көшкіні, сел, дауыл, қарақұйын, найзағай, табиғи өрт және т.б. ТЖ табиғи сипаттағы көптеген түрлі жіктемесі болады. Сөйтін, пайда болу себептеріне қарай оларды екі топқа бөледі: метеорологиялық, геологиялық, гидрологиялық, өрт, жаппай сырқаттану.

Табиғи сипаттағы түрлі ТЖ жәбірленушілерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың медициналық-тактикалық сипаттамасын қарастырамыз.

5.2.1. Су тасқыны басқа да стихиялық апаттар болған аудандардың медициналық-тактикалық сипаттамасы

Топан су — өзендегі, көлдегі немесе теңіздегі су деңгейінің көтерілуі, сонымен қатар уақытша су ағымдарының пайда болуы нәтижесінде өңірді көлемді су басуы. Топан су уақытша сипатқа ие.

Тасқын — қатты жауған жаңбырдан, қар жамылғысы мен мұздың қарқынды еруінен немесе өзен алабыныңдағы оның ағуын қиындататын кептелістен туындайтын өзендегі су деңгейінің тез, бірақ салыстырмалы түрде өткініші көтерілуі.

Су тасқыны — теңіз жағалауы мен өзендердің теңізге құяр сағаларында қатты желдің әсерінен туындауы мүмкін.

Цунами — су асты және жағаға жақын жер сілкіністері, кезінде пайда болатын, жер асты жанартаулардың атқылауы және басқа да тектоникалық үрдістерден болады.

Қауіпті гидрологиялық құбылыстар мен үрдістердің ішінде Ресейде су тасқыны таралу аумағы мен орташа жылдық шығының жалпы көрсеткіші бойынша бірінші орынды алады. Адам санының шығыны мен нұқсаны жағынан, зақымдану алаңына қарай жер сілкінісінен кейінгі орынды иемденеді.

Аса ірі апатты су тасқыны салдары соңғы 100 жылда Қытайдағы (Хэ-най провинциясы, 1887 ж.) су тасқынынан 900 мың адам құрбан болса, Янцзы (1991) өзеніндегі тасқыннан 100 мыңға жуық адам қаза болған.

Қалың қарлы жаңбырдан Ресейдің ірі өзендерінде су тасқыны жыл сайын болады. Апатты су тасқындары Қиыр Шығыста (Амур, Зея, Бурея, т.б.) теңіздерінде 1 жылда 7 рет қайталанып тұрады. Ресей ТЖМ мәліметі бойынша біздің еліміздің аумағында су тасқынынан қауіп 746 қала мен бірнеше мың елді мекендерді қамтиды.

Су тасқыны көбіне қатты желдің айдауымен болады, олардың салдарын аса ірі ағыны қатты тасқындар мен цунамиға теңеуге болады. Сужел бөгеттері көлдер мен су қоймаларында, сондай-ақ ірі өзендердің теңізге құяр сағасында пайда болады. Судың деңгейінің ауқымдылығына желдің жылдамдығы, бағыты және ұзындығы, орташа тереңдігі, су тоғанының ауданы, оның конфигурациясы және т.б. әсер етеді. Жел нәтижесінде судың жоғары деңгейі қалыптасқан жағдайда жақын аумақты су басып қалуы ықтимал. Бұл сияқты жағдай 1970 ж. Бенгал шығанағының жағалауында су желбөгеті 10 м. көтеріліп, 500 мың адам қаза болды. Санкт-Петербургте 1824, 1924, және 1955 ж. судың максималды деңгейі 2–4 м, ал 1952 ж. Каспий теңізінің Махачкала және Каспийск аудандарында су желбөгетінің деңгейі 4,5 м дейін көтерілді.

Тоғандардың, су тораптарының, су бөгеттерінің және басқа да гидротехникалық нысандардың қирауы да авария, апат және лаңкестік әрекеттер нәтижесіндегі су басу қаупіне әкеледі.

Су тасқыны сипатындағы (суға кету, механикалық жаракаттар, шамадан тыс мұздау) басқа да зақымдаушы факторлармен қатар гидродинамикалық тұрғыдан қауіпті нысандардағы аварияларда адамдарға олқылық толқынының клиникалық энергиясына негізделген факторлар әсер етеді.

Механикалық түрлі дәрежедегі зақымданулар зақым алушыға олқылық толқынының тікелей динамикалық әсерлерінің, олқылық толқындары бұзатын ғимарат, құрылыс сынықтарының жаракаттайтын әрекеттерінің және олқылық толқынының қозғалысына қатысатын түрлі заттардың зақымдайтын әсерінің нәтижесі болуы мүмкін.

Тұрғындар арасында су тасқынынан болған шығынның мөлшері және құрылымы тұрғындардың елді мекендегі тығыздығы мен дер кезінде хабар алуына, елді мекеннің тасқын басталған жермен қашықтығына, тәулік уақытына, толқынның жылдамдығы мен биіктігіне, судың температурасы мен қоршаған ортадағы басқа да факторларға байланысты.

Осы тәрізді нысандарда жалпы тұрғындар шығыны апат аймағында түнде болғанда 90%, күндіз — 60% қамтиды, оның ішінде қайтымсыз шығын түндегі жағдайда 75%, күндіз 40% болуы мүмкін.

Аумағы үлкен елді мекендердегі су тасқыны мен су басудан болатын табиғаттағы құбылысқа байланысты денсаулық сақтау қызметінің ерекшелігін, оның ішінде апат медицинасының қызметін анықтайды.

Су тасқынында тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда келесі факторларды білу қажет:

- су басу аумағының масштабы;
- ауыз сусыз, азық түліксіз, баспанасыз қалып зардап шеккен тұрғындар саны;
- суық су, қатты жел және басқа да метеорологиялық факторлардың кері әсеріне ұшыраған тұлғалар саны.

Шығыны мен масштабына қарай су тасқындарын төрт топқа бөлуге болады.

- **Аласа су тасқыны.** Жазық өзендерде жиілігі 5–10 жылда 1 рет болады. Салыстырмалы түрде азғана алаңды су басып, материалдық шығынның аздығымен сипатталады, адам өміріне қауіп-қатер тудырмайды.
- **Биік су тасқыны.** 20–25 жылда 1 рет болады. Өзен алқаптарының едәуір бөлігін су басуынан едәуір шығын келтіреді, адам өміріне

қауіп бар. Сондықтан елді мекендердегі тұрғындарды ішінара көшіру қажеттілігі туындайды.

- **Аса ірі су тасқыны.** 50–100 жылда 1 рет болады. Тұтас өзен алабын, оған қоса елді мекендерді су басады. Бұл тәрізді су тасқыны тұрғылықты халықты жаппай шығынға ұшыратып, адамдар өміріне қауіп туғызады. Сондықтан, елді мекеннің едәуір бөлігін тез арада көшіру қажеттілігі туындайды.
- **Апатты су тасқыны.** 100–200 жылда бір рет болады. Үлкен көлемдегі су басудан шаруашылық, өндірістік қызмет тоқтап, айтарлықтай материалдық шығынға әкеп соғады, жергілікті тұрғындардың арасында көптеген адам шығыны болады.

Аяқ астынан болатын тасқын кезінде жалпы санитарлық шығын 20–35% құрайды, ол зақымданушылардың суда қалу ұзақтығына байланысты.

Метеорологиялық және агрометеорологиялық табиғи құбылыстардың аса қауіптісі — **боран (теңіз дауылы), дауыл (тайфун), құйын (торнадо), циклондар**, олар жылдам және тегеурінді, қирату күші төтенше, адамдар мен жануарлар арасындағы үлкен шығынға әкеледі.

Желдің жылдамдығына қарай мынандай түрлерін ажыратады:

- осал жел — 5 м/с дейін;
- боран (шторм) — 18–29 м/с;
- дауыл (тайфун) — 29 м/с жоғары, кейде 120–210 м/с дейін айналады.

Боран — 18–29 м/с жылдамдықпен күшті ұзақ соғатын дауыл. Ол теңізде (теңіз дауылы) өте қатты толқу туғызып және құрлықта көп нәрсені қиратады. Жылдың уақытына және ауадағы түрлі құбылыстарға қарай **тозанды, тозансыз, қарлыжәне ұйтқыма** боран деп бөлінеді.

Дауыл — ауа массасының қозғалыс жылдамдығы орасан және орталық ауа бөлігіндегі атмосфералық қысымы төмен дүлей жел. Ауаның жылдамдығы 120 м/с айналып, биіктігі 10–12 км, аумақтық диаметрі 500–1000 км-ге дейін барады. Дауылдар көбіне климаты тропикалық аймақтарда пайда болады және сол жерде қирату күші жоғары. Күшті қиратушы күші бар дауылдарды кей жағдайларда жер сілкінісімен салыстыруға болады. Ресейде дауыл жиі болатын аймақ — тынық мұхит жағалауы.

Циклон — аса ірі атмосфералық дауыл, қысымы ортасына қарай бағытталады, ауа легі орталығында сағат тіліне қарсы (Солтүстік жарты шарда) немесе (Оңтүстік жарты шар) немесе сағат тілі бойынша айналады.

Құйын — аса талқандағыш атмосфералық құбылыс. Айналу осі тік бағыттағы, формасы жоғарыға қараған пілдің тұмсығына ұқсайтын дауыл.

Құйында ауа секундына бірнеше ондаған метрге дейінгі жылдамдықта айналып, спираль тәрізді биіктікке 800–1500 м дейін көтеріледі. Құйын 40–60 км дейін, бұлтпен, найзағаймен, бұршақпен, бірге көптеген бүлінулерге әкеледі.

Табиғи апаттар ішіндегі өте қауіптісі **сел ағыны, жылжыма, қар көшкіні және өрт**.

Сел — тау өзендерінің арналарында кенеттен қалыптасатын құрамында тау жыныстары мол (75%-ға дейін) уақытша лайлы және лайтасты ағын, ол қарқынды және ұзақ нәсер жаңбырдың, мұздықтардың немесе мезгілді қар жамылғыларының үдемелі еруі және басқа да құбылыстар нәтижесінде пайда болады. Сел ағыны үлкен қиратушы күшке ие. Жүрген және тоқтаған аймағын сел едәуір қиратады және шөгіндінің қалыңдығы бірнеше метрге жететін сел қоспалары арқылы құрылыстарды құлатуға қабілетті. Мәселен, 1921 жылы Алматы қаласының орта бөлігі Үлкен Алматы өзенінің бойымен жүрген лайтасты ағынның сел қоспаларымен суда қалды.

Ресей аумағында сел жүру белсенділігі формаларына және жағдайларына қарай алуан түрлі. Сел жүру қауіп бар таулы аумақтарды жылы және суық деп екі топқа бөледі:

- жылы аймақтарға бірқалықты және субтропикалық белдеулік кіреді, онда сел лайтасты және сутасты ағын түрінде қалыптасады (көбінесе нәсерлі жаңбырлардан кейін болады);
- суық аймақтарға Субарктика мен Арктиканың сел жүруі қауіп бар аумақтары жатады. Бұл аймақтарда жылу тапшылығы мен мәңгілік тоң салдарынан сулы-қарлы сел тосқыны жайылады.

Әсіресе, селді тасқындар Солтүстік Кавказда көп болады. Антропогенді фактордың кері әсерінің (өсімдіктерді жою, карьерлерді өндіру т.б.) салдарынан селдердің жаңа құбылыстары Солтүстік Кавказдың Қара Теңіз жағалауында да (Новороссийск ауданы, Джубга–Туапсе–Сочи учаскесі) байқалуда.

Қалыптасу механизмі мен әрекетіне қарай селдерге сырғымамен қар көшкіні жақын, олар жоғары жылдамдықпен төмен жылжитын тау жынысы немесе қар қоспасы.

Сырғыма — тау жынысы массаларының ауырлық күшінің ықпалынан төмен қарай сырғи құлауы. Ылғалданудың, сейсмикалық дүмпудің, тау беткейлеріндегі байламдардың нашарлауынан және т.б. факторлардың әсерінен болады.

Қар көшкіні қардың көптеп түсуінен тау басында қар жиналғаннан, ауа температурасының күрт төмендеуіне байланысты күшті бұрқасын соғуының нәтижесінде пайда болады. Қар көшкіні қардың қалыңдығында борпылдақ қабаттың (жүзгіш-қар) пайда болғанда терең қыраулар қалыптасқанда да жүруі.

Қар көшкіні жыл сайын таулы Солтүстік Кавказ, Сахалин, Камчатка, Магадан облыстарының аймақтарында болады.

Апатты қар көшкіні әлемде орта есеппен 2 жылда 1 рет, ал жекелеген таулы аудандарда 10–12 жылда 1 рет болады.

Өрт — бақылауға көнбейтін жану процесі, материалдық құндылықтардың жойылуына ұшыратады және адам өміріне қауіп төндіреді.

Өрт жылудың үлкен мөлшерде бөлінуімен және жану өнімдерінің қарқынды газ алмасуымен сипатталады. Өрт қамтылған аудан шартты түрде белсенді жану, жылу әсері және түтіндеу аймақтары деп бөлінеді. Жану әсері аймағында ауадағы оттегі мен жанушы зат арасындағы өрт температурасы 60–90 °С аралығын құрайды.

Қоршаған ауаның жоғары температурасында адам организмінде жеңіл, орта, ауыр дәрежедегі қызу орын алады.

- Жеңіл қызыну дәрежесінде жалпы әлсіздік, дімкәстік, шөлдеу, құлақта шу, ауыздың кеберсуі, бас айналу, жүрек айну мен құсу да болуы мүмкін.
- Орта дәрежедегі күйікте жоғарыда айтылған белгілерге дене температурасының (39–40 °С) көтерілуі, есінен тану және бөгеліп қалу, тері қабатының ылғалдануы және бұлшықеттердің тонусының төмендеуі қосылады.
- Ауыр дәрежедегі күйікте ыстық соққыдан бүкіл организмде реттеу жүйесі декомпензацияға ұшырайды. Сана істен шығады (жылу комасы), дене температурасының қызуы 40–42 °С жетіп, тері қабаттары мен шырышты қабат құрғап, қарашықтар үлкейіп, жарыққа деген реакция әлсіз немесе тіптен болмайды, пульс минутына 140–160 немесе одан жоғары, тыныс алу көбінесе жиі, үстіртін, үзік-үзік.

Бұл көріністерден психомоторлық козу, сандырақтау, галлюцинация және т.б. түріндегі бұзылыстардың әр түрін байқауға болады.

Жалынның тері жабындысына тікелей әсерінен термикалық күйіктер пайда болады, оның жергілікті және жалпы көріністерінің ауырлығы тіндердің жарақаттану тереңдігі мен терінің үстіңгі қабатының зақымдалу аумағына байланысты.

5.2.2. Басқа да табиғи апаттардың салдарын жоюда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

ТЖ салдарын медициналық санитарлық салдарын жою барысында табиғи жұттан зардап шеккен тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді мемлекет ұйымдастырады және материалдық жағынан қамтамасыз етеді.

Алғашқы және алғашқы дәрігерлік көмек тікелей апат ошағында ұйымдастырылады. Ошақтан тыс жерде орналасқан емдеу мекемелерінде кәсіби мамандандырылған көмек көрсетіледі.

Алғашқы көмек сол жерде зақымданғандардың өз-өздеріне және өзара көмектесу тәртібімен, келіп қосылған құтқарушылар күшімен көрсетіледі.

Аумақтық және федералдық деңгейдегі күш пен қаражат, соның ішінде далалық көп салалы госпитальдар жағдайға қарай жұмылдырылады.

Жеңіл зақымданғандарды көшіру жаяу тәртіппен ұйымдастыруға болады (транспорт болмағанда), ал ауыр және орташа зақымданғандарды жалпыға бөлінген транспортпен немесе қолдағы бар көлікпен көшіру.

Ошақтан зақымданғандарды көшіруге құтқарушылардың құрама отрядтарының жетекшілері, нысандардың басшылары немесе ауданның жергілікті әкімшілігінің өкілдері, құтқару жұмыстарының басшылары жауапты.

Апат ауданындағы жаппай зақымданғандарды медициналық қабылдау және сұрыптау, зақымданғандарға алғашқы дәрігерлік көмекті (егер ол бұрын көрсетілмесе) кезек күттірмес кәсіби медициналық көмекті госпитальде ұйымдастырады. Зақымданғандарды уақытша госпитализациялау және жұқпалы ауруға ұшырағандар мен психикасы бұзылған адамдарды окшаулау жүргізіледі. Одан кейін зақымданғандарды ем жалғастыру үшін емдеу мекемелеріне көшіру дайындығы басталады.

Суға бату кезінде су жоғары тыныс жолдары арқылы өкпеге түседі, содан тыныс жолдарының бұзылыстары мен респираторлы гипоксияға әкеледі. Тыныс жолдары мен тамырлардың бұзылысы бұл жағдайда тамырлардың түйілуіне әкеліп қан айналысын төмендетеді, соның нәтижесінде метоболикалық және тыныс жолдарының ацидозы көрінеді. Суға кеткендердің тері жабындылары мен шырышты қабықтары әдетте көгеріп кетеді (көгеріп суға кету).

Медициналық көмек шаралары төмендегідей:

- ауыз қуысын бөгде заттардан (балдыр және т.б.) тазарту;
- өкпеден суды шығару;

- өкпеге жасанды вентиляция жасау;
- жүрекке тікелей емес массаж және басқа шаралар.

Асфиктикалық суға кету жоғары тыныс жолдары мен өкпеге аз ғана су кетіп, тыныстың рефлекторлы тоқтауы мен ларингоспазмаға әкеледі. Тыныстың тоқтауы жалған тыныс алу кезеңдерімен ілесе жүреді, ол ларингоспазм салдарынан тиімді емес. Асфиктикалық суға кетудің алғашқы кезеңі іс жүзінде жоқ. Тері жабындылары мен шырышты қабықтың көгеруі аса байқалмайды.

Медициналық көмек көрсету төмендегідей:

- өкпеден суды шығару қажет;
- өкпеге жасанды вентиляция жасағанда көмейдің түйілуін бекітілген қарқынды дем шығарумен басады.

Суға кеткенде негізінен, суық су мен жоғары тыныс жолдарының байланысуынан, психоэмоционалды шоктың салдарынан жүректің рефлекторлы тоқтауы орын алады. Бұл жағдайда клиникалық өлім бірден болады. Суға батқандардың тері қабаты бозарып, ұйқы тамырының соғысы тоқтап, қарашық ұлғаяды. Су өкпеге түспейді, сондықтан уақытты оған жоғалтпай тез арада өкпеге жасанды вентиляция және жүрекке тікелей емес массаж жасау қажет.

Құтқарылған адам алғашқы кезде есін сақтайды, бірақ үнемі қасындағылардың бақылауында болуы керек, себебі оларда психикалық бұзылыстар мен түрлі ауытқулар болуы мүмкін. Бұл жағдай «екінші суға кету» синдромы деп аталады, кейде сәтті аяқталған жағдайда қайтадан ентіккен жөтел, қан араласқан қақырықпен тыныс алу жиілеп, жүрек қағысы өсіп гипоксияға айналады, тері қабаты көгереді. Мұндай зақымданғандарға кейбір жағдайларда реанимация қажет.

Апатты су тасқынан зардап шегушілерге медициналық көмек суға батқандарға, оған жақын маңда орналасқан аумақтағыларға көрсетілгендей ұйымдастырылады. Зақымданғандарды судан шығару шаралары, оларды арнайы ағатын заттармен жағаға шығару, кешенді шокқа қарсы және реанимациялық шараларды (өкпеге жасанды вентиляция жасау, жүрекке жабық массаж жасау).

Медициналық көмекті қажет етпейтіндерді уақытша пункттен сұрыптау-көшіру пунктіне жібереді, олар тамақпен, киіммен қамтамасыз ететін жылжымалы пункттермен және су тасу бөлімшелерімен жабдықталған. Мұнда зақымданған тұрғындар жылынып, құрғақ киімдермен, тамақпен қамтамасыз етіліп, жана жерге ауыстырылады немесе қажеттілігіне қарай су басқан ауданға жақын орналасқан емдеу-алдын алу мекемесіне көшіріледі.

Тасқынан зақым шеккендердің көбін терапиялық профилдегі зақымданғандар құрайды, себебі адамдардың суда қалуы (әсіресе, жылдың суық кездерде) көбінесе пневмонияның өршуіне әкеледі. Су басқан аймақтарда бөгелістердің қалыптасуынан және бұзуынан туындайтын құтқару және емдеу-көшіру шараларын жүргізу кезінде судың үлкен жылу сыйымдылығы мен жылу өткізгіштігінен адамның суық судың ішінде ұзақ болуы шектеулі екенін ескеру қажет.

Мәселен, экстремалды жағдайда қалған адамның тіршілік қабілеттілігін зерттеген В.Г. Воловичтің мәліметтері бойынша, адам суық суда ауаның температурасы $+2-3^{\circ}$ тірі қалу мүмкіндігі 10–15 мин, -2° С кезінде 5–8 мин құрайды. Бұл құтқарушылар мен емдеу-көшіру жұмысын, судағы жұмысты тікұшақпен немесе тез жүзетін құралдармен ұйымдастыруды талап етеді. Адамдар бірнеше сағатқа дейін су басқан аймақта су баспаған биік жерлер мен үйдің, ағаштың т.б. үстінде күтулеріне болады.

Қар көшкінінің астында адамдар қалған жағдайда адам қар көшкінінің астында бірнеше сағатқа ғана тірі қалады, қардың қалыңдығы қаншалықты жұқа болса, тірі қалу мүмкіндігі соншалықты жоғары екенін айта кету керек. Көшкінде қалған адамдардың арасынан 50% ғана 1 сағатқа, үш сағаттан соң тірі қалу мүмкіндігі 10% көп емес. Сондықтан, көшкінде қалған адамдарды құтқару жұмысын құтқарушылар отряды келмей бастау керек.

Қар басқан адамды құтқарғанда ең бастысы оның басын қардан босату қажет, содан соң ауыз, құлақ, мұрынды қардан тазалайды. Одан кейін қардан абайлап (сүйегі сынған болуы мүмкіндігін ескере отырып) шығарып, жел тимейтін жерде жылы құрғақ киімге орап, ыстық су беріледі, егер де тіршілік белгілері болмаса тез арада өкпеге жасанды вентиляция және басқа да реанимациялық шаралар жасауға кіріседі.

Селден құтқару жұмыстарын жүргізгенде де осы жағдай қалыптасады. Сел ағынынан көліктер мен қираған нысандардың сынығының астында қалған адамдарды құтқару кезеңінің ұзақтығы бірнеше минуттарға ғана созылады; күшті бұрқасынға немесе қар көшкініне ұшырағандарды бірнеше сағат. Ең бастысы дер кезінде апат аймағындағы құтқару тобының іздестіру құралдарымен жабдықтау және алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру.

Өрт жағдайын жоюда зақымданғандарға медициналық қамтамасыз етуде ең басты мақсат жанған киімді өшіру және зақымданғанды апат аймағынан шығару. Бет жаракатын (күйігін) алған, уақытша оттан көзі көрмей қалғандарға апат аймағынан шығарарда көмек қажет.

Алғашқы көмек қашан да есінен айырылған, тыныс алу және жүрек-қан тамырлары қызметі бұзылғандарға көрсетіледі. Мұндай зақымданғандарға анальгетиктер, жүрек және тыныс алуға қатысты аналептиктер енгізеді, түтінге қарсы қоспа немесе фициллин ингаляциясын жүргізеді. Қалған алғашқы дәрігерлік және кәсіптендірілген медициналық көмек шаралары күйген зақымданушыларға көрсетілетін жалпы емдеу ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Зақымданғандарды жалпы жылытудан соң апат аймағынан көшіру кешіктірілгенде гиповолемияның алдын алуға қатысты шаралар өткізіледі, ол жағдайда көп мөлшерде тұзды су немесе ең дұрысы сілтілі-су (1/2 шай қасық ас содасын және ас тұзын 1 литр суға салып) ішкізеді. Көшіру мәселесін анықтағанда, ең бастысы ауыр халдегі балаларға кезек беру керек.

Сондай-ақ ошақтан бірінші етіп тыныс алу жолдары мен тамырлары жарақаттанған және іштей қан кеткен зақымданғандарға көрсетіледі. Содан соң ауыр халдегі денесі жаппай күйгендерді көшіреді.

Ауыр халдегі зақымданғандарды апат ошағынан қолайлы немесе санитарлық транспортпен зембілде жатқан қалпында тасымалдайды. Аз ғана күйікке шалдыққандар өрт ошағынан өздігінен немесе транспортпен отырған қалыпта көшіріледі.

Механикалық жарақатпен зақымданғандарға медициналық көмек көрсету сатылай емдеудің жалпы қағидаттарына негізделеді, қалыптасқан жалпы және медициналық жағдайға қарай бекітіліп көшіріледі. Апат медицинасы қызметі өз жұмысын әрбір нақтылы жағдайдың барысына сәйкес өзгертіп үйлестіріп отырады, алайда медициналық жарақаттармен зақымданғандарды емдеу тәсілінің негізгі бастау алуы әскери дала хирургиясы.

Апат аймағында медициналық көмек көрсетумен қатар апат аймағында медициналық санитарлық салдарды жою кезеңінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдастыратын және өткізетін санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралардың мәні зор.

Сондықтан табиғи сипаттағы ТЖ тұрғындарды медициналық қамтамасызетуді ұйымдастыру — денсаулық сақтау ісі мен апат медицинасы қызметінің ең бір күрделі еңбегінің түрі. Бұл міндеттерді ойдағыдай шешу бүкілресейлік апат медицина қызметінің айтарлықтай дәрежедегі дайындығына байланысты, ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жою оның ерекшелігі мен жағдайдың дамуын болжау, есепке алу-басты мақсат болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Апаттар мен табиғат апаттарының жалпы сипаттамасы.
2. Жер сілкінісіндегі медициналық-тактикалық жағдай.
3. Жер сілкінісі салдарын жоюда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
4. Жер сілкінісі кезіндегі тұрғындарды көшіру шаралары.
5. Су тасқыны және басқа да апат аудандарының медициналық-тактикалық жағдайы.
6. Су тасқынының ауқымы және келтірген залалдары бойынша жіктеу.
7. Табиғи апат салдарын жоюда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

6-Тақырып

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ЕМДЕУ-АЛДЫН АЛУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСТАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 6.1. Төтенше жағдайлар кезінде емдеу-алдын алу мекемелерін жұмысқа дайындау.
- 6.2. Төтенше жағдайлар кезінде емдеу-алдын алу мекемелерінде жұмысты ұйымдастыру.
- 6.3. Емдеу-алдын алу мекемелерін көшіру.

6.1. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ЕМДЕУ-АЛДЫН АЛУ МЕКЕМЕЛЕРІН ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

Төтенше жағдайлар кезінде халыққа медициналық-санитарлық қызметпен қамтамасыз етуде денсаулық сақтау нысандары басты рөл атқарады, олар: ауруханалар, емханалар, мемлекеттік санэпидқадағалау орталықтары, қан құю станциялары, дәріханалар және басқа да мекемелер.

Олардың бірі мекемелерді құруға медицина апаттары қызметін қалыптастыруға негіз жасайды және емдеу-алдын алу, санитарлы-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізеді, ал қалғандары денсаулық сақтау нысандары мен медицина апаты қызметін медициналық көмекпен қамтамасыз етеді. ТЖ кезінде тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету Денсаулық сақтау нысандарының дайындық деңгейімен тұрақтылығына, өзара әрекеттесуі көптеген тапсырмаларды шешеді.

ТЖ кезінде медициналық-санитарлық көмек көрсету қызметін денсаулық сақтау органдары мен мекемелеріне жүктеген, ол денсаулық сақтау мекемелерін төтенше жағдайда тұрақты жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

6.1. Төтенше жағдайлар кезінде емдеу-алдын алу мекемелерін жұмысқа дайындау 113

ТЖ кезіндегі барлық денсаулық сақтау нысандарының дайындығына арналған **жалпы мақсаттар:**

- ТЖ кезінде жағдайды болжау және бағалау;
- нысанды ТЖ дайындауға арналған іс-шаралар ұйымдастыру;
- ТЖ нысанының жұмысын жоспарлау;
- жағдайды болжай отырып, қызметкерлер мен материалдық жабдықтарды зақымдаушы факторлар әсерінен қорғау;
- ТЖ кезінде нысанның тұрақтылығын жоғарылату.

Жоспарлы, мақсатты дайындықты қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайлар кезінде емдеу мекемесінің басшылығына тапсырма беріледі. Онда әкімшілік шекара аумағында ТЖ кезінде қандай медициналық құрылымдарды қай уақытқа дайындау, және медициналық мүлік және көлікпен қамтамасыз ету тәртібі жайлы ақпарат берілген.

Жағдайға болжау жасалған соң емдеу мекемесі үшін көшіру қажет деп танылса, орналастыру аймағы анықталып және көлікпен қамтамасыз ету жағдайы қарастырылады.

ТЖ кезінде Денсаулық сақтау мекемелеріндегі басқару құрылымын дайындау мен қалыптастыруға басшылар (ауруханалармен емханалардың бас дәрігерлері) жауапты. Олар ережеге сәйкес өз нысандарының азаматтық қорғаныс басшылары болып табылады.

Емдеу мекемелері мен емханаларда нысанның АҚ басшысының (бас дәрігердің) бұйрығына сәйкес АҚТЖ нысанының басқару органы құрылады (6.1-сурет). Штабтың құрамы денсаулық сақтау мекемелерінің құрылымы мен оның ТЖ кезіндегі мүмкіндіктері мен шешкен мәселелеріне сәйкес анықталады.

Денсаулық сақтау мекемелерінде басқару органдарын құрудағы басты мақсат — оның құрамына негізгі жетекші қызметкерлерді енгізу және олардың күнделікті атқаратын жұмысының сипатына сәйкес функционалды міндеттерін анықтау.

Төтенше жағдайларға дайындық жұмыстары кезінде аурухана негізгі екі міндетті атқарады.

- Бірінші міндет. Егер емдеу мекемесіне апаттың зақымдаушы факторларының қаупі төнсе, ең бастысы науқастарды, қызметкерлерді, сондай-ақ материалдық құндылықтар мен жабдықтарды қорғау қажет. Содан кейін жағдайға қарай зақымданған тұрғындарға оның ішінде өзінің қызметкерлеріне, сондай-ақ апаттың зақымдаушы факторының қаупі төнген науқастарға көмек көрсету қажет. Белгілі бір шарттар негізінде апат аймағында орналасқан емдеу мекемесі жұмысқа кірісе алады.

- ТЖ тапсырма алған емдеу-диагностикалық бөлімшелер мен емдеу мекемелерінде құрылымдарға қызметкерлерді іріктеп жинақтау;
- тұрғындарды қаладан және қауіпті аймақтан көшіру, және қорғаныс аймағында орналасқан кезінде медициналық-санитарлық қамтамасыз ету мақсатында медициналық мүлік пен қызметкерлерді бөлу;
- болжам жасалған жағдайға қарай радиоактивті ластанған аумақта тұрғындар арасында пайда болатын жаппай жұқпалы ауруларға қарсы санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шаралар-жүргізуге медициналық қызметкерлерді бөлу;
- ТЖ медико-санитарлық зардаптарын жоюда өз құрамында жедел және консультативті медициналық көмек бөлімшесі, санитарлық авиация мен көлігі бар емдеу мекемелерінде қызметкерлер мен көлікті пайдалану тәртібін анықтау;
- емдеу мекемесін медициналық, санитарлық-шаруашылық көлік және арнайы мүлікпен жабдықтау;
- қорғаныс құрылыстарын дайындау (тасымалдауға келмейтін наукастарға арналған стационарлар);
- қажет болған жағдайда емдеу мекемелерін қалалардан аурухана қорына кіретін қала сыртындағы аймаққа көшіру;
- қала сыртында наукастар мен емдеу мекемесінің қызметкерлері мен олардың отбасыларын қорғау.

6.2. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ЕМДЕУ-АЛДЫН АЛУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Емдеу мекемесінің жауапты кезекшісі ТЖ қаупі жайлы ақпарат алған жағдайда ол басшылар құрамын жинап, бұл жөнінде хабарлау қажет. Сол арада **жоспарға сәйкес іс-шаралар** жүргізу:

- денсаулық сақтаудың жоғары органдарына хабарлау;
- АКТЖ штабының жұмысын ұйымдастырып, қол астындағыларға нақты тапсырмалар береді;
- сәйкес құрылымдарды дайындап, оларды ұсынады (қызметкерлер жиыны, мүлікті алу және т.б.);
- радиациялық және химиялық барлау жұмыстарын (қажет жағдайда) бақылау;
- ғимараттың іші мен сыртында зақымданғандардың қозғалыс бағытын көрсететін тактайша орнатады;
- жеке қорғаныс пен медициналық жабдықтардың жеке қорғанысын, сондай-ақ қызметкерлер мен наукастардың ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

- қажет жағдайда емдеу мекемесі ғимаратының қорғанысын арттырады (терезе, есік жақтаулары және т.б.);
- амбулаторлық-емханалық емделуге шығаруға болатын наукастар тізімін анықтайды;
- емдеу мекемелерінде төсек орындар санын көбейтуді тек наукастарды ауруханадан шығару арқылы ғана емес, қосымша аумақты пайдалану арқылы жүргізу қажет (ординаторлық, дәліздер және т.б.);
- операциялық-тану, жансақтау және қарқынды терапия бөлімшелерінде, төсек-орын санын көбейту, рұқсатнама мүмкіндігін, инфузиялық құралдарды орнықтыруға таңғыш үстелдер, таянғыш, оттегі аппараттарын және операциялық бөлмелердің санын көбейту;
- қабылдау бөлімі қызметкерлерінің санын арттыру және зақымданғандарды іріктеудегі қызметкерлердің білімін нұсқаулыққа сай тексеру, сондай-ақ, жартылай және толық санитарлық өңдеу жұмыстарын жүргізу, ауыспалы іш-киім мен зембілдердің болуы;
- толық және жартылай санитарлық өңдеу жұмыстары үшін рұқсатнама дайындау, ауыстыратын төсек орын жабдықтары мен зембілдердің болуы;
- медициналық қызметкерлердің тәулік бойына кезекшілігін белгілеу, қажет жағдайда, зейнеткерлермен медициналық оқу орындарының жоғары курс студенттерін жұмылдырады;
- құрылымдар құрамында саны азайған медициналық қызметкерлерді алмастырады;
- сумен жабдықтау және авариялық жарықтандырудың болуын тексеру.

Бас дәрігер бөлімшелер мен емдеу мекемелерінің белгіленген уақытта дейінгі дайындығы туралы ақпаратты медицина апатының аймақтық орталығына хабарлайды. Емдеу мекемесінің басқару органы АКТЖ штабы қаладағы ТЖ жөніндегі комиссиясымен байланыс орнатады.

Аурухананың жұмысы ТЖ зақымданғандарды жаппай қабылдау бөлімінен қабылдау-сұрыптау бөліміне ауыстырудан басталады. Күндізгі уақытта бұл шараны қабылдау бөлімінің менгерушісі атқарса, түнгі уақытта кезекші дәрігер атқарады, ол өз кезегінде ТЖ кезіндегі қалалық аурухананың емдеу мекемесінің қызметкерлеріне жоспарға сәйкес бұйрық береді. Қабылдау бөлімінен қабылдау-сұрыптау бөліміне ауысу кезінде ауруханаға кіреберісте жедел жәрдем көлігінде фельдшер жұмыс істейді, сондай-ақ онда ЖСП орнатады, радиометр мен жедел химиялық заттарды анықтайтын құралмен жабдықталған РП орнатады. Фельдшер ауруханаға түскен зақымданушыларды ҚХЗ және РЗ жұқтырғандарға,

бактериялық заттарды жұқтырғандарға, жүре алатын, зембілде жатқан және жұқпалы ауруларға шалдыққандар деп бөледі.

Аурухана аумағының алдын ала бөлінген аймағында санитарлық өңдеу алаңын (СӨА) жасайды, онда жұқтыру аймағынан жеткізілген зақымданушылар көлігін өңдеуден өткізеді.

Қабылдау-сұрыптау бөлімін дайындау кезінде куту бөлмесінде зембілдегі зақымданушыларға арналғанорын дайындалады, онда сүйеуіштер, зембілдерді алмастыру қоры, оқтау, медбикеге арналған үстел орнатады. Санитар бөлмесінде метал оқтаулар, ұстара аспаптары, шаш кесуге арналған заттар, пластикалық заттар (шаш жинауға, іш киімге арналған) жуынатын заттар және т.б. Тексеру кабинеттерінде ауру тарихы туралы қосымша бланкілер, алғашқы медициналық карталар, медициналық сұрыптау жүргізуге, ТЖ ошағынан зақымданғандарға көмек көрсетуге арналған сызбалар мен кестелер болуы қажет.

Зақымданғандар үшін жаппай қабылдау бөлімдерімен қатар бір уақытта емдеу бөлімдерін де дайындайды. Қызметкерлер бөлім меңгерушісінің бастамасымен (күндізгі уақытта), кезекшілер (түнгі уақытта) меңгеруші мен медбике келгенше төсек-орындарды босатып, наукастардың біраз бөлігін шығаруға (денсаулық жағдайының көрсеткіштері мен ауру тарихына сәйкес) дайындалады.

Кейбір наукастарға амбулаторлық емдеу қолданса, кейбіреулерін салалық бөлімдерге (өзінің немесе басқа ауруханаларда) орналыстырады. Бөлімнің қалған қызметкерлері қоймадан төсек-орын жабдықтарын алып, емдеу, таңу бөлмелерін дайындап, дәріханаға дәрі-дәрмек алу үшін тапсырыс береді. Жарақаттанған немесе күйіп қалған наукастар түсу қаупі жағдайында операция және жан сақтау бөлмелерін дайындайды, емдеу бөлімдерінде қосымша төсек-орын орналастырады.

Емдеу мекемесіне **жаппай зақымданушылар түскен жағдайда** ішкі сұрыптау жұмыстарын, сонымен қатар қажет болған жағдайда, көліктік-көшіру шараларын да жүргізеді. Наукастарды қатармен зембілге немесе төсейтін материалға жатқызады. Мейірбике-диспетчер зақымданғандарды сұрыптау алаңына, бөлмелерге жүйелі орналастырылуын қадағалайды. Көп жарақатпен келген зақымданушыларды (бір рет қана) медициналық зембілден пенопласт төсеніштері салынған орналастырылған арбаларға аударады. Зақымданушыларды өз кезегінде орын ауыстырылуын (операциялық, қарқынды терапия, рентген бөлмелеріне) тек қалқан арқылы жүргізген жөн. Шиналы зембілдерді пайдалану кезінде зақымданғандарды ауыстыруға мүлде болмайды, өйткені оларды зембілден арбаға бірден ауыстырады.

Бас, кеуде, іш жамбас жарақатымен зақымданғандарды орналастыруға жеке орын бөлген жөн. Бұл сұрыптауды, наукастарды бақылау мен күтім жасауға оңай жағдай туғызады.

Сұрыптау кезінде жұқпалы ауруларға күдік туғызғандар мен оны жұқтырғандарды инфекциялық изоляторға, ал психикалық козу күйі байқалғандарды психоизоляторға жібереді.

Емдеу мекемесінің еміне сай келмейтін наукастарды көліктен түсірмей, ауруына сәйкес келетін емдеу мекемесіне жөнелтеді.

Емдеу мекемесінің бөлімшесіне зақымданушыларды жөнелткен кезде емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу қажеттілігі мен жағдайына қарай **кезекке** қояды. Медициналық сұрыптаудан өткеннен кейін зақымданушыларды функционалды бөлімшелерге жеткізеді, онда жарақаттарына байланысты толық көлемде медициналық қызмет көрсетіледі.

Жүруге қабілетті зақымданушылар жаппай түскен жағдайда оларға қабылдау бөлімін басқа ғимаратта жабдықтап береді. Көбіне бұл емханалар немесе сол секілді ыңғайлы ғимараттар. Кіре берісте киім ілгіштер қойдырып, қарау, таңу, емдеу бөлмелерін, бір тәулікке арналған уақытша стационарды (химиялық апат ошағынан түскен зақымданушыларға) жабдықтайды. Жеңіл зақымданғандарды саны аз болса, оларды көбіне қабылдау — сұрыптау бөлімшелеріне жібереді. Оларға арнап жеке кіріп-шығатын есіктер, киім ілгіштері бар бөлме, қарау, таңу, емдеу кабинеттерін, сондай-ақ бір тәуліктік стационар бөлмелерін (химиялық апат ошағынан түскен зақымданушыларға) дайындайды.

Көп зақымданушылар қабылдаған емдеу мекемесінің жұмысын жеңілдету үшін, сонымен қатар арнайы емдеу жұмыстарын жалғастыру үшін зақымданғандардың жартысы негізгі емдеу мекемелеріне немесе апат медицинасы қызметінің базалық емдеу мекемелеріне ауыстырылуы мүмкін. Мұндай топтастыру тек тиісті медициналық дайындықтан кейін ғана медициналық қызметкерлердің қатысуымен жүргізіледі.

ТЖ зақымдаушы факторлары кезінде аурухана қызметкерлерінен құралған топпен апатты-құтқару жұмыстарын жүргізеді. Олар өрт сөндірушілер келгенше өрт қаупі жөнінде ескерту жасайды, құтқарушылар келгенше құтқару жұмыстарын (наукастарды көшіру, бағалы құрал-жабдықтарды шығару және т.б.) жасайды.

Қалыптастыру құрамына кірмейтін қызметкерлер бөлмелерде қалып, бөлімшелер көшірілгенше наукастарды ағат қылықтар істеуден тыйдырып, тыныштандырып отырады.

6.3. ЕМДЕУ-АЛДЫН АЛУ МЕКЕМЕЛЕРІН КӨШІРУ

Тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етумен қатар ірі қалалардан емдеу мекемелері мен медициналық құрылымдарды орналастыруға мән береді. Емдеу-алдын алу мекемелерін эвакуациялау кезінде науқастардың, қызметкерлер мен медициналық құрамның, олардың отбасыларының қауіпсіздігіне, сондай-ақ, медициналық және санитарлық-шаруашылық мүлігін сақтау мен қорғауға мән береді. Емдеу-алдын алу мекемелерін дер кезінде көшіру ТЖ ауданынан тыс аумаққа зақымданғандарға кәсіби-мамандандырылған медициналық көмек көрсету және көшірілетін әрі тұрғылықты халыққа қажетті медициналық көмек көрсету мақсатында жергілікті емдеу-алдын алу мекемелерімен бірге отырып емдеу мекемелері желісін құруға мүмкіндік береді.

Емдеу-алдын алу мекемелерін көшіру үшін **келесі құжаттарды** дайындайды:

- мекеме қызметкерлерін жинау үшін хабарландыру сызбасын;
- мекемені көшіруді дайындау және жүргізу кезіндегі қызметкерлердің міндеттері;
- мекеменің медицина қызметкерлерін бөлімшелерге бөлу;
- тасымалдауға келмейтін науқастарды орналастыру жоспары және бөлінетін қызметкерлердің тізімі;
- медициналық және санитарлық-шаруашылық мүлікті есептеу;
- науқастар мен қызметкерлерді және мүлікті көшіру тәртібі көрсетілген мекемені көшіру сызбасы;
- медициналық және басқа да қызметкерлермен жасалатын жаттығулар кестесі мен тақырыбы;
- мекемені көшіруді жүргізудегі оқытулар жоспары.

Көшіру жүргізуге бұйрық түссе, **емдеу мекемесінің басшысы** мынадай іс-әрекеттерді жасауға **міндетті**:

- қол астындағы жеке құрамға хабарлау;
- көшіру аймағына жедел топты жөнелту;
- амбулаторлық емге жататын науқастарды шығару;
- тасымалдауға келмейтін науқастарды қорғаныс стационарына орналастырып, оларға қызмет көрсету үшін қызметкерлердің жартысын қалдыру;
- мекеменің негізінде құрылған медициналық құрылымдарды алдын ала тағайындалған аймақтарға көшіру;
- тасымалдауға келмейтін науқастарды, қызметкерлерді, отбасы мүшелерін, медициналық, санитарлық-шаруашылық мүлікті, су және тағам қорларын кезекпен көшіру.

Көшіру көлік, теміржол немесе су көлігі арқылы жүргізілуі мүмкін. ЕПМ көшіруге бас дәрігер жауапты. Көшіру іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру үшін және медициналық мекеменің орналасу орнын қаладан шет аймақта күні бұрын дайындау үшін бас дәрігердің бұйрығымен **нысандық көшіру комиссиясы** құрылады.

ЕПМ басшысы мен эвакуациялық мекеменің төрағасы көшіру бағытын, көшірудің соңғы нүктесін, көліктің бөліну және оны алу тәртібін, сыртқы аймақта бөлінген орынжайды, сонымен қатар орналасу ауданындағы медициналық мекеменің міндеттерін алдын ала білуге міндетті. Қажет болғанда жергілікті билік органдары белгілі бір орынжайларда бейімдеу жұмыстарының жоспарын әзірлейді.

Медицина және қызмет көрсетуші персонал, олардың еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелері, тасымалдауға келмейтін науқастар, сонымен қатар медициналық мүлік, ең алдымен қажет болатын қатты және жұмсақ құрал-жабдықтар **көшірілуі тиіс**. ТЖ бейбіт және соғыс жағдайында көшіру тәртібі, қызметкерлердің функционалдық міндеттері, көлік құралдары мен басқа да мәселелер **әрекеттер жоспарының** тиісті тарауларында сипат алуы қажет.

Жоспарда медициналық мекеменің көшуге дайындық тәртібі және оның келешектегі мақсаты көрініс табуы қажет.

Емдеу мекемесінің эвакуациясын жоспарлау кезінде АҚ штабы есептеулер қатарын жүргізеді. Атап айтқанда, денсаулық сақтау органдарының бұйрығы бойынша дәрігерлер мен орта деңгейлі медицина қызметкерлерінің және күтуші персоналдың санын анықтайды. Олар тасымалдауға келмейтін науқастар мен ТЖ аймағынан тыс жерде қызмет көрсетеді.

Емдеу мекемелері мен үйде жатқан («үйдегі стационарлар») науқастардың түрлі санатын анықтайды. Сонымен қатар амбулаторлық емге шығаратын, емдеу мекемесімен бірге эвакуациялауға келетін, қалада қалатын науқастардың (тасымалдауға келмейтін) санын анықтайды. Үйде жатқан тасымалдауға келетін науқастар емдеу мекемесіне жеткізіліп, ЕПМ бірге көшірілуі қажет. Үйде болып табылатын тасымалдауға келмейтін науқастар стационарларға жеткізілуі тиіс. Үйдегі және стационардағы науқастардың санын анықтау кезінде олардың тасымалдану тәсілін көрсету қажет.

Емдеу мекемесінде емдеуде болып табылатын барлық науқастарды эвакуация мақсатына қарай **үш негізгі топқа** бөледі.

- Әрі қарай стационарлық емді қажетсінбейтін және шығарылуы тиіс науқастар (50%-ға жуығы). Олар шығарылғаннан кейін өздерінше тұрғылықты жерлеріне жетеді, сосын қажет болса — эвакуациялық

құрама пунктке, ол жерден басқа тұрғындар қатарлы көшіріледі. Шығарылғанда, егер қажет болса, оларды 2—3 күн дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету керек, өйткені бұл кезеңде қаладан емхана және дәріхана мекемелері көшіріледі.

- Тасымалдауға жарайтын науқастар, денсаулығына байланысты емдеу мекемесінен шығаруға болмайтын, бірақ денсаулыққа келмейтін жағдайда мекемемен бірге көшіріледі (45%-ға жуығы).
- Көшіруді денсаулығына нұқсан келтірмей өткізе алмайтын, тасымалдауға жарамайтын науқастар (5%). Бұл науқастар тобы қалада қалдырылып, емдеу мекемесінің арнайы жабдықталған баспанасымен (тасымалдауға келмейтін науқастарды емдеу стационары) қамтамасыз етілуі тиіс. Науқастардың тасымалдауға жарамайтындығы Ресейдің Денсаулық сақтау министрлігімен бекітілген «Науқастардың тасымалдауға келмейтін қауырт ахуалдары мен формалары тізімімен» анықталады.

Емдеу мекемесінің әрбір бөлімшесінде алдын ала науқастарды шығаруға, тасымалдауға келетіндерді эвакуацияға, келмейтіндерді қорғаныс ғимаратына көшіруге жауапты тұлғаларды тағайындайды.

Тасымалданатын науқастардың ауру тарихында «ауруханамен эвакуацияланады», ал тасымалданбайтындарға «тасымалдауға келмейін науқас ретінде емдеу мекемесінде қалдырылады» деген белгі қою ұсынылады. Ауру тарихына бас дәрігер, бас дәрігердің медициналық бөлім бойынша орынбасары қол қояды, ал тасымалдауға келмейіндер үшін аурухананың дөңгелек мөрімен куәландырады. Ауру тарихы науқастарда қалады. Амбулаторлық еммен шыққан науқастарға ауру тарихына белгі қойғаннан басқа, қабылданған емдеу мен зерттеулер жайлы қосымша ақпараты бар анықтама береді.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектің, таңу жабдықтарының, санитарлық-шаруашылық мүлікті, медициналық қызметкерлерге тұрғындарды көшіру кезінде бөлінетін шұғыл жәрдем сөмкелерін есептейді.

Көлік құралдырының қажеттіліктерін есептеу үшін емдеу мекемесі мен бірге көшірілетін мүліктің көлемі мен тоннажын есептеу керек.

Жұқпалы-емдеу мекемесін көшіру кезінде қажетті санитарлық-эпидемиологиялық тәртіпті (жол кестесіне қарай науқастардың қозғалысына арналған арнайы көлікпен көшіріледі) сақтау керек.

Психиатриялық емдеу мекемелері мен диспансерлерді (науқастармен бірге) көшірудегі ерекшеліктер аталған емдеу мекемелерінің жоспарларында көрсетілген.

Көшіру іс-шараларының соңғы кезеңі емдеу-алдын алу мекемесін консервациялау және ТЖ кезіндегі жоспарға сәйкес қорғауға беру.

Осылайша, емдеу мекемелерінің төтенше жағдайда тұрақты жұмыс істеуі медициналық көмектің барлық түрін ұйымдастыруға жағдай тудырады және ол өз кезегінде медицина апаты қызметі жүйесіндегі зақымданғандарды емдеу мен олардың тез сауығып кетуі мен еңбекке қабілеттілігін, ТЖ кезіндегі мүгедектер мен өлім санын азайтуға жағдай туғызады.

Бақылау сұрақтары

1. Денсаулық сақтау объектілерінің ТЖ кезіндегі жұмысқа дайындығы.
2. ТЖ міндеттеріне сәйкес денсаулық сақтау нысандарында іс-шаралардың жоспары көрсеткішінің нәтижесі.
3. ТЖ қауіпі кезіндегі емдеу мекемесі және оған жақын маңдағы нысандардағы жүргізілетін негізгі іс-шаралар.
4. ТЖ қауіпі кезіндегі ЕПМ жауапты кезекшінің іс-әрекеттерінің реттілігі.
5. ТЖ кезіндегі қабылдау-сұрыптау бөлімшесінің дайындығы.
6. Төтенше жағдайдағы ЕПМ көшіру үшін қажетті негізгі құжаттар.
7. Науқастардың, медициналық қызметкерлер мен емдеу мекемесінің көшіру жоспары.

7-Тақырып

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРҒАУ

- 7.1. Төтенше жағдайларда тұрғындарды қорғаудың негізгі қағидалары мен тәсілдері.
 - 7.1.1. Жеке қорғаныс құралдарының сипаты.
- 7.2. Төтенше жағдайларда тұрғындар мен құтқарушыларды медициналық қорғау бойынша негізгі шаралары.
- 7.3. Жеке қорғаныстың медициналық құралдары.
- 7.4. Құтқару, авариялық және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін адамдарды медициналық қамтамасыз ету.

7.1. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Тұрғындарды ТЖ қорғау — бұл бірыңғай мемлекеттік төтенше жағдайларды алдын алу және жою жүйесінің, мемлекеттік биліктің атқарушы органдарының, сонымен қатар барлық деңгейдегі жергілікті өзін-өзі басқарудың, кәсіпорын, мекеме және ұйым жетекшілерінің маңызды міндеті.

ТЖ кезінде РФ тұрғындарын қорғау — жалпы мемлекеттік міндет. Ол РФ «Тұрғындар мен аумақты табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау туралы» (1994) федералды заңында айтылған. Заңда Ресей Федерациясының азаматтары мен шетел азаматтарын және елдің бүкіл аумағындағы азаматтығы жоқ тұлғаларды қорғау саласындағы ұйымдастыру-құқықтық нормалары белгіленген.

Ресей Федерациясының азаматтары мынадай құқықтарға ие:

- өмірінің, денсаулығының, жеке мүлігінің қорғалуы;
- қолданыстағы ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қолдану;
- ТЖ қаупі мен оған қарсы шаралар туралы ақпарат алу.

Олар қауіпсіздік шараларын атқаруға, өндірістік және технологиялық тәртіпті бұзбауға, экологиялық қауіпсіздікті сақтауға, қорғаныс тәсілдері мен алғашқы медициналық көмек беруге, ұжымдық және жеке қорғаныс тәсілдерін қолдана білуге **міндетті**. Сондай-ақ, ТЖ кезінде тұрғындарды қорғау шараларында белсенділік танытулары тиіс.

Төтенше жағдайлар (ТЖ) кезінде тұрғындарды қорғау — ТЖ зақымдаушы факторларының тұрғындар өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ қауіптің алдын алу үшін арналған шаралар кешені.

ТЖ зақымдаушы факторларынан тұрғындарды қорғау үшін **мынадай тәсілдер** қолданылады:

- тұрғындарды қорғаныс баспаналарына;
- апат орын алады деген аймақтан тұрғындарды көшіру;
- барлық халықтың жеке қорғанысын, оның ішінде медициналық тәсілін де қолдану.

Тұрғындарды қорғау шараларын елді мекендер мен экономикалық нысандарда орын алатын авария, апат және табиғи апаттар нәтижесінде пайда болатын жағдайды болжау және талдау негізінде АКТЖ басқару органы жүзеге асырады.

Қорғанысқа ТЖ алдында және одан кейін туындайтын келесі іс-шараларды жүргізгенде қол жетеді:

- ТЖ тұрғындарға тигізетін зардабы мен оның туындау себептеріне болжам жасау;
- қоршаған ортаның жағдайына үздіксіз бақылау жүргізу;
- ТЖ қаупі және фактісі туралы тұрғындарға хабарлау (ескерту);
- адамдарды қауіпті аймақтардан көшіру;
- инженерлік, медициналық, радиациялық және химиялық қорғау;
- ластанған (зарарлы) аймақта тұрғындарды қорғау үшін арнайы тәртіп қолдану;
- ТЖ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жасалған іс-шаралар, іс-әрекеттер туралы тұрғындарға жедел түрде ақпарат беру;
- тұрғындарды, барлық деңгейдегі басшыларды, кәсіпорын, ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлерін, басқару органдарын және РТЖЖ күштерін ТЖ дайындау;
- ТЖ зақымдау ошақтарында апаттық-құтқарушы жұмыстарын жүргізу;
- ТЖ зақымдаушы факторларынан су мен азық-түлікті қорғау;
- ТЖ туындауына қатысты қаржылық және материалдық қорлар құру.

Апат медицинасы қызметі қатысқан шараларда адамдарды қорғау тиімділігі жоғары болады:

- стихиялық апаттар мен апат, індет, эпизоотия секілді қауіптерден қорғануға тұрғындар мен құтқарушыларды оқыту. Сондай-ақ, алғашқы көмек көрсету, жұқпалы аурулардан сақтануды үйрету;
- тұрғындар мен құтқарушыларды ТЖ кезінде белсенді іс-әрекеттер жасауға моральдық-психологиялық дайындау, ТЖ ушықтыратын үрейге салынудың алдын алу;
- тұрғындардың ұжымдық қауіпсіздігі үшін қорғаныс (радиацияға қарсы баспаналар мен ынғайлы бөлме орнату), сонымен қатар аумақтың радиациялық және химиялық ластануы кезінде медициналық мекемелердің жұмысын қамтамасызету;
- тыныс алу мүшелері мен тері қабатының радиоактивті, химиялық және бактериялық ластануына қарсы жеке қорғаныс құралдарының (ЖКҚ) қолдану;
- радиацияға және химиялық қорғаныстың ережелерін сақтау;
- радиоактивті, химиялық және жұқпалы аурулар ошағы бар аумақта санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу. Олар ТЖ салдарларын жоюда тұрғындар мен құтқарушыларға қауіп төндіреді;
- ТЖ салдарын жоюға қатысатын тұрғындар мен жеке құрамды медициналық-санитарлық қорғаудың маңызды бөлігі болып табылатын медициналық қорғаныс іс-шараларын жүргізу.

ТЖ қауіп жөнінде тұрғындарға уақтылы хабарлаудың маңызы зор. Төтенше жағдайды басты фактор — уақыт, және оны жоғалтуға болмайды. Қазіргі кезде төтенше жағдайда бейбіт және соғыс жағдайында халықты уақытылы ескерту үшін «Назар аударыңыздар!» дабылы орнатылған. Ол сирена, өндірістік дабыл және басқа да құралдар арқылы беріледі. Оны ести салысымен теледидар, радиоқабылдағышты қосып, ТЖ жөніндегі комиссияның хабарламасын тыңдау қажет. Онда халыққа осындай жағдайдағы іс-әрекеттер жайында ақпарат беріледі.

ТЖ туындауы туралы хабарлама келесідей негізгі талаптарға жауап берулері қажет:

- тұрғындардың қорғануы үшін уақтылы хабар беру;
- үрейдің алдын алу, ұйымдасқан іс-шаралар жүргізу;
- қауіптің сипаты анықталған жағдайда ғана жүргізіледі;
- ТЖ зақымдаушы факторлары әсер ететін тұрғындармен жұмыс істеу;
- орталықтандырылған түрде жүргізіледі (ТЖ барлық деңгейлік комиссия мен атқарушы биліктің жоғары тұрған органдары).


Тұрғындарды қорғау жүйесінде ұжымдық қорғаныс құрылыстары маңызды орын алады (7.1-сурет).

Қорғаныс құралы — инженерлік құрал, ол ТЖ зақымдаушы факторларынан кәсіпорын қызметкерлер мен жұмысшыларды, қарапайым тұрғындарды ұжымдық қорғауға арналған.


Баспана — инженерлік құрал, адамдарды ТЖ мынадай зақымдаушы факторлары әсерінен қорғайды: сәулеленуден, радиациядан, екпінді толқыннан, улы заттардан (УЗ), апатты қауіпті химиялық заттар мен (АҚХЗ), бактериялық заттардан (БЗ), сондай-ақ өрт аумағындағы жоғары температурадан, қиратылған ғимараттың қалдықтарынан.

Радиацияға қарсы баспана (РҚБ) — қорғаныс құралы, ол сәулелену мен екпінді толқынның (0,2 кг/см² дейін) қуатынан қорғайды, сондай-ақ радиацияның әсерін әлсіретеді.

Қарапайым панахана — қорғаныс құралы, ол ұшатын қалдықтардан қорғайды, сәулелену мен екпінді толқынның иондық сәулелену әсерін



Кіріктіріліп салынған бас сауғалайтын жер



Жеке тұрған бас сауғалайтын жер



Үйдің астындағы радиацияға қарсы баспана



Жертедегі радиацияға қарсы баспана



Ашық саңылау



Төбесі жабық саңылау

әлсіретеді. Оларға: (ашық және жабық) саңылаулар, жерасты өтпе жолдары және т.б. жатады. Панаханалар мен РҚБ «Азаматтық қорғаныстың инженерлі-техникалық іс-шаралары мен төтенше жағдай кезіндегі ескертулер» арнайы құрылыс ережелеріне сәйкес алдын ала салынады.

Типтік панахана негізгі және қосымша орынжайлардан тұрады:

- негізгілеріне адамдар панаханасы мен басқару және медициналық бекеттер жатады;
- қосымшаға сүзгіш-желдеткіш қондырғы (СЖК), санитарлық торап, дизельдік электростанция, азық-түлік қоймасы бар орынжайларды жатқызады.

Баспанаға тамбур және тамбур-шлюзын, электр қалқанын, қажет жағдайда — артезиан ұңғымасы, су айдау станциясы және баллонмен жабдықтайды.

Сыйымдылығы 150 адамды құрайтын қорғаныс құралдарында екі санитарлық-кезекші, 600 адамға санитарлық орын (төрт санитарлық кезекші немесе бір мейірбеке мен 3 санитарлық), ал 600 адамнан көп болса — дәрігерлік пункт. Санитарлық орын үшін ең кемі 2 м², дәрігерлік пункт үшін 9 м² орын қажет.

Емдеу мекемелерінің баспаналарында қосымша мынадай бөлмелерді ескеру: науқастар бөлмесі, операция-тану, операцияға дейінгі зарарсыздандыру, процедуралық-тану, дәмхана, санитарлық бөлме және мейірбике орны.

Барлық қорғаныс құралдарында «Қорғаныс құрылымдары мен қондырғыларын пайдалану туралы санитарлық ережелерде» айтылған санитарлық-гигиеналық ережелер мен талаптар сақталуы қажет (7.1-кесте).

7.1-кесте. Баспаналарға арналған гигиеналық ережелер

| Көрсеткіш | Жалпы қорғанатын баспана | Емдік стационарды қорғайтын баспана |
|---|--------------------------|-------------------------------------|
| 1 адамға ауа нормасы, м ³ /ч | 7–20 | 10–30 |
| Құрамы О ₂ , % | 16–18 | 17–20 |
| Құрамы СО ₂ , %: | 0,07–0,1 | 0,07 |
| • ФВУ жұмысында; | 0,5–1 | 0,4–0,5 |
| • оқшау жағдайда | 2–3 | 1–2 |
| Ауа температурасы, °С | 16–30 | 18–23 |
| Ауаның ылғалдылығы, % | 80 | 60 |

7.1-кестенің соңы

| Көрсеткіш | Жалпы қорғанатын баспана | Емдік стационарды қорғайтын баспана |
|---|--------------------------|--|
| Еденнің ауданы: • отырғанда, м ² ; • жатқанда (зембілдер), м×м | 0,5 0,65×1,8 | 0,5–0,75 1,9×2,2 |
| Судың қоры 1 адамға, тәу/литр | 5 | 20 л — бір науқасқа; 3 л — қызмет ететін 1 адамға |

7.1.1. Жеке қорғаныс құралдарының сипаты

ТЖ тұрғындарды қорғауда тек ұжымдық қана емес, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын қолдану да қарастырылған. Қоршаған ортаның РЗ, УЗ, АХҚЗ және БЗ жұқтыру кезінде халықтың және жеке құрамның ЖҚҚ қолдануға қажеттілік туындауы мүмкін. ЖҚҚ тиімділігі үш негізгі шартпен анықталады: тұрақты дайындығы мен үздіксіз дайындығы, жағдайға қарай бейімділігі, уақтылы қолданылуы.

Адамдарды қорғау тәжірибесіндеосы ЖҚҚ үш шартының қолданылуы зақымдау ықтималдылығын біршама азайтатындығын көрсетті.

ЖҚҚ тері мен тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын жатқызады (7.2-сурет).


Тыныс мүшелерін қорғау құралдары.

Тыныс мүшелерін қорғауда газқағар, респираторлар және қарапайым қорғану құралдарын қолданады. Газқағарлар тыныс мүшелерінің, көз және бетке РЗ, УЗ, АХҚЗ және БЗ заттардың түсуінен қорғайды. Респираторлар мен қарапайымқорғау құралдары аэрозоль күйіндегі заттардың, соның ішінде радиоактивті шаң-тозаңның тыныс мүшелеріне түсуінен қорғайды.

Газқағарларды сүзгіш және оқшаулағыш деп бөледі.

Сүзгіш газқағар типтік тұрғыда газқағар қорапшасы мен мата сөмкеге салынған алдыңғы бөліктен тұрады. Жинаққа буланбайтын үлдірі бар қорапша, көзілдірік айнасын буланудан сақтайтын арнайы «қарындаш» кіреді. Қазіргі уақытта сүзгіш газқағарлардың көптеген түрлері бар: азаматтық (балаларға, ересектерге, өндірістік) және жалпы-әскери.

Оқшаулағыш газқағарлар — тыныс мүшелері, көз және бет терісін ауадағы кез келген зиянды заттардан олардың қасиеттері мен концентрациясына қарамастан қорғайтын арнайы құрал. Мұндай газқағарларды мынадай жағдайларда қолданады: сүзгіш газқағарларды қолдану мүмкін



7.2-сурет. Жеке қорғаныс құралдарының жіктемесі

емес кезде, ауада АХҚЗ және УЗ басқа да улы заттардың концентрациясы жоғары болғанда, ауа құрамындағы оттегі 16%-дан аз болса, аса терең емес су астында, жабық шектелген орынжайларда.

Іс-әрекетіне байланысты оқшаулағыш газқағарларды екі топқа бөледі:

- химиялық оттегі негізінде байланысқан — пневмогендер (ИП-4, ИП-5, ИП-46, ИП-46М);
- сығылған ауа мен оттегі негізінде — пневматофорлар (КИП-7, КИП-8).

Респираторлар — тыныс мүшелерін зиянды газ, бу, аэрозоль, шаң-тозаңнан қорғайтын жеңілдетілген құрал. Шахта, кен орындары, зиянды химиялық шаң басқан кәсіпорындарда, тыңайтқыш және улы химикатпен жұмыстарда, сырлау, жүк тиеу — түсіру жұмыстарында кең қолданылады.

Респираторлар екі түрге бөлінеді:

- бетпердесі мен сүзгілік элементінің беткі жағы да бір уақытта қызмет ететін респираторлар;
- сүзгілік патронда ауаны тазартып, бетпердеге жалғасатын респираторлар.

Қолданылуына байланысты респираторларды: шаңға қарсы, газға қарсы, газ және шаңға қарсы болып бөледі. Шаңға қарсылары тыныс мүшелерін түрлі аэрозольдардан, газға қарсылары — зиянды бу мен газдардан, газ-шаңға қарсылары газ, бу, аэрозольдің ауада бірыңғай таралғанынан қорғайды.

Шаңға қарсы респираторларда сүзгіштің есебінде жіңішке талшықты сүзгіш матаны қолданады. Полимерлі сүзгіш маталар өздерінің жоғары созылғыштығы, механикалық беріктігі, шаң-тозаңның үлкен сыйымдылығы, ал бастысы — жоғары сүзгіштік қасиетіне байланысты кең таралымға енді.

Қызмет мерзіміне қарай респираторлар бір жолғы жұмысын өтеген соң, одан әрі қызметке жарамсыз (ШБ-1 «Лепесток», «Кама») болуы мүмкін. Көп рет қолданылатын респираторларда сүзгіштің алмастырылуы ескерілген.

Тыныс мүшелерін қорғайтын қарапайым құралдар — шаңға қарсы маталы бетперде (ШКМБ) және макта-дәке таңғышы. Олар тұрғындардың көмегімен жасалады. Бұл заттар радиоактивті, бактериялық заттармен ластанған аймақта адамдардың тыныс мүшелерін қорғауға арналған. Сулы күйде олар АҚХЗ қорғаудың қарапайым құралына айналуы мүмкін.

Теріні қорғау құралдары адамдарды АҚХЗ, УЗ, химиялық және бактериялық заттардың әсерінен қорғауға арналған. Оларды арнайы және көмекші деп бөледі. Өз кезегінде арнайы құралдар оқшаулауғыш (ауа өткізбейтін) және сүзгіш (ауа өткізгіш) болып бөлінеді.

- Оқшаулағыш типті арнайы киімі улы заттардың тамшысын да, буын да өткізбейтін материалдан жасайды, сол қасиеті арқылы адамдарды қорғайды.
- Сүзгіш құралдарды арнайы химиялық заттарды сіңірген макта-мата кездесінен жасайды. Матаның жіптеріне заттарды сіңіртіп алып, олардың арасындағы кеңістікті бос қалдырады, сол арқылы матаның ауа өткізгіш қасиеті сақталып, улы заттар матадан өткенде қалып қояды. Бір жағдайда бейтараптандыру, ал екінші жағдайда сіңіру процесі жүреді.

Теріні қорғау құралдары қалпағы бар кеудеше, жартылай комбинезон түрінде жасалған. Киген кезде олар әр түрлі элементтердің әсерінен қорғайды.

Тері қорғаудың қарапайым құралдары. Тері қабатын радиоактивті шаң-тозаң мен улы заттардан қорғауда тыныс мүшелерін қорғау құралдарымен қатар көмекші құралдарды да қолдануға болады: су өткізбейтін жадағай, жамылғы, шапан, макталы кеудеше және т.б.

Аяқты қорғау үшін резенке аяқ-киім киіп, ол жоқ жағдайда аяқ-киімді қатты қағазбен, одан соң матамен орау қажет. Қолды қорғауға резенке

не былғары қолғаптың кез келген түрін қолдануға болады. Трикотаж, мақта-маталы, жүннен жасалған бұйымдар тек радиоактивті шантазаннан қорғайды. Олардың қорғау сипатын (сонын ішінде улы бу мен аэрозольда) күшейту үшін, матаны сабынды-майлы эмульсияға малуға болады (әр жинакка 2,5 л).

7.2. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРҒАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ

Авария, апат және табиғи апат қаупі кезінде тұрғындарды ТЖ зақымдаушы факторларынан жедел қорғаудың түрі — адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп тигізетін аймақтан көшіру.

- **Тұрғындарды көшіру** — тұрғындарды болжанған немесе туындаған ТЖ аймақтарынан шығару және оларды бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз ету үшін алдын ала арнайы дайындалған қауіпсіз аймақта орналастыру бойынша іс-шаралар кешені. Жүргізілу уақытына және мерзіміне байланысты көшіру ескерілген (алдын ала) және жедел (кідіріссіз) болуы мүмкін.
- **Ескерілген көшіруді** қауіпті нысандардағы апат пен дүлей апаттың туу ықтималдығы жөнінде нақты ақпарат алған соң жүргізеді. Бұл іс-шараның жүргізілуіне бірнеше минут пен бірнеше күнге созылған уақыт аралығында апат туралы қысқа мерзімді болжам себепкер бола алады.

ТЖ туралы кеш ескертіліп немесе зақымдаушы факторлар адамдарға әсер еткен жағдайда **тұрғындарды жедел көшіру** жұмыстары жүргізіледі.

Қауіпті аймақтан тасымалданатын халықтың саны мен ТЖ сипатына қарай эвакуация локальдік, жергілікті, аймақтық болуы мүмкін.

- **Локальді көшіруді** ТЖ зақымдаушы факторлары қаланың аудандары мен ауылдық елді мекенмен шектелгенде жүргізеді. Соған қарамастан көшірілетін тұрғындардың саны бірнеше мың адамнан аспайды. Тұрғындарды көбіне қаланың зардап шекпеген аудандары мен елді мекендерде орналастырады.
- **Жергілікті көшіруді** ТЖ аймағына орташа қалалар мен, ірі қалалардың аудандары, сондай-ақ мыңнан он мыңға дейін тұрғыны бар ауылдар түскенде жүргізеді. Тұрғындарды көбіне жақын қауіпсіз аймаққа көшіреді.
- **Аймақтық көшіру** зақымдаушы факторлардың таралуы халық саны көп бірнеше аудан аймағына, ірі қалаларға жеткенде жүргізіледі.

Бұл жағдайда ТЖ аймағынан тұрғындар мекен орнынан алысырақ жерге көшірілуі қажет.

ТЖ аумағында қалған тұрғындарды көшіруге жасалған іс-шараларға қарай көшу жалпы және бөлшектік болып бөлінеді. Жалпы ТЖ аумағынан барлық адамдарды, ал бөлшектен көшіру жұмысқа қабілетсіз, мектеп жасындағы және оған жетпеген балалардың шығарылуын қамтиды.

Төтенше жағдайларда тұрғындар мен құтқарушыларды қорғаудың тиімділігі ТЖ зақымдау факторларының ерекшеліктері ескеріле отырып, түрлі ұйымдастыру, инженерлік-техникалық және арнайы (оның ішінде медициналық) шараларды пайдалануға байланысты. Медициналық қорғау шаралары барлық ТЖ жүргізіледі.

Медициналық қорғау — зақымдаушы факторлардың тұрғындар мен құтқарушыларға әсерін азайту және оның алдын алу үшін апат медицинасы қызметі мен азаматтық қорғаныстың медициналық қызметінің жасайтын іс-шаралар кешені. Медициналық қорғау — медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің маңызды бөлігі.

Медициналық қорғау шаралары келесі әрекеттерден тұрады:

- жеке профилактикалық құралдармен (антидот, радиопротектор, арнайы құралдар және т.б.), жәрдемдесу, алғашқы медициналық көмекке қажет дәрілермен жабдықтау, оларды қолдану ережелерімен таныстыру;
- ТЖ зақымдаушы факторлары жайлы ескертіп және оның әсерін төмендету үшін санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу;
- тұрғындар пен құтқарушыларды медициналық қорғау үшін іс-шаралар кешенін дайындау (ТЖ туындаған ахуалды бағалау негізінде) және орындау;
- тұрғындар пен құтқарушыларды психологиялық дайындауға қатысу;
- медициналық көшіру кезеңдерінде санитарлық тәртіпті ұйымдастыру және сақтау, зақымданғандар (наукастар) мен құтқарушылардың радиоактивті және химиялық ластануын бақылау, сондай-ақ басқа да құрылымдар мен бүкілресейлік апат медицинасы қызметінің мекемелері мен АҚ қорғау іс-шараларын жүргізу.

Тұрғындарды көшіруді медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

Көшіру шаралары кезінде медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің маңызы келесі факторлармен анықталады:

- тұрғындардың күнделікті өмірінен өзгеше жағдайлар ауру-сырқаттың көбеюіне әкелуі мүмкін;
- тұрғындардың өмірі мен тұрмысының санитарлық-гигиеналық жағдайы нашарлайды;

- медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесі бұзылады.

Көшіру кезіндегі медициналық шаралар келесі контингенттерге қатысты дифференциалды түрде ұйымдастырылып, жүргізілуі қажет:

- төтенше жағдай аумағынан көшірілетін тұрғындар;
- емдеу мекемесімен бірге көшірілетін науқастар;
- тасымалдауға келмейтін науқастар;
- ТЖ аумағында өндірістік қызметін жалғастырып жатқан өнеркәсіп жұмысшылары мен қызметкерлері.

Көшірілетін тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуге дайындау алдын ала жүргізіледі. Оны аумақтық-өндірістік принцип бойынша ұйымдастырады. Келесідей әрекеттер жасалады:

- көшіруді медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді жоспарлау, денсаулық сақтау құралдары мен тиісті (қажетті) күштерді дайындау;
- көшіруге жиналу бекеттері (КЖБ), шығу бекеті (ШБ), жолдағы, аралық көшіру бекеттері (АКБ), түсіру бекеті (ТБ), қабылдау бекеттері мен тұрғындар орналасқан аймақта уақтылы медициналық көмек көрсету және оны ұйымдастыру;
- көшірілетін тұрғындардың денсаулығын сақтауға бағытталған, санитарлық-профилактикалық шаралар жүргізу, жаппай жұқпалы аурулардың тууы мен таралуы жөнінде ескерту.

Денсаулық сақтау органдары басшыларымен медицина апаты қызметінің кімшілік-аймақтық құрылымы АҚТЖ штабымен бірге медико-санитарлық қамсыздандыруды жүргізеді.


Көшіру шаралары кезінде көшіру маршруттарында медицина қызметкерлері тәулік бойы кезекшілікте тұратын **медициналық бекеттер** құрылады. АҚТЖ басқармасының тапсырмасы бойынша медициналық пункттері емдеу-алдын алу мекемелерін құрады (7.3-сурет).

Медициналық бекеттердің міндеттері:

- науқастарға жедел медициналық көмек көрсету;
- ауруханаға жатуы тиіс науқастарды емдеу мекемелеріне бағыттау;
- жұқпалы ауруға шалдыққандарды анықтау және оқшаулау;
- санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы шаралар жүргізу.

Дені сау адамдармен қатар жеңіл науқастар да көшірілуі тиіс. Балалар, қарт адамдар мен жүкті әйелдерге және басқа медициналық бақылауды қажет ететін басқа да тұрғындарға назар аудару қажет.

Тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету келесі есептерге сай жүргізіледі:



7.3-сурет. Көшіру кезінде тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

- соғыс уақытында 2500 тұрғыны бар аумақта, бейбіт уақытта 600 адамға бір дәрігер және екі медицина қызметкері;
- соғыс уақытында емханада — 100 науқасқа бір дәрігер, екі орта медицина қызметкері, бейбіт уақытта 50–60 науқасқа бір дәрігер және бір мейірбике.

7.3. ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫСТЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Медициналық қорғау құралдары деп тұрғындарды ТЖ зақымдаушы факторларынан қорғауға арналған дәрілік құралдар мен медициналық мүлікті айтамыз.

Жеке қорғаныстың медициналық құралдары (ЖКМҚ) ТЖ радиациялық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық) зақымдаушы факторларынан (аймақта қалған) жапа шеккен халықпен құтқарушыларға медициналық көмек көрсетуге арналған (7.4-сурет).

Жеке қорғаныстың медициналық құралдарына мыналар жатады:

- радиопротекторлар (радио қорғаушы құралдар);


- антидоттар (УЗ және АҚХЗ әсерінен қорғайтын құралдар);
- бактерияға қарсы құралдар (антибиотиктер, сульфаниламидтер, вакциналар, сарысулар);
- өңдеудің арнайы құралдары.

Әмбебап ЖҚМҚ өмірде кездеспейді. Әрбір жағдайда зақымдаушы фактордың әсерін төмендетіп, оның алдын алу үшін тиімді жолдарын іздеу қажет. Ондай жолдарды іздеп, практикаға енгізу фармакологиялық қасиеттерді зерттеумен жан-жақты байланысты.

Бұл ретте қорғаушы қасиеттер тиімділігінің жағымсыз әсерлерінің, жаппай шығындану кезіндегі қолдану мүмкіндігінің жоқтығына аса назар аударылады.

ТЖ тұрғындар мен құтқарушылардың қолданатын **ЖҚМҚ қойыла-тын негізгі талаптар:**

- зақымдаушы факторлар әсеріне дейін оларды қолдану;
- қолдану тәсілінің оңай болуы, оны тұрғындар мен құтқарушылардың ұстануы;
- қорғаныс әрекетінің тиімділігі;



7.4-сурет. Медициналық қорғану құралдары

- тұрғындар мен құтқарушылар қолданысындағы жағымсыз салдарды жою (оның ішінде негізделмеген салдар);
- қолайлы экономикалық сипаттама (өндіріс бағасының төмендігі, сақтау мерзімінің жеткіліктілігі, денсаулық сақтау практикасында қорды жаңартуда кейін қолдану мүмкіндігі, тұрғындар мен құтқарушыларды толық қамтамасыз ету үшін өндіру).

Қолданылуына байланысты ЖҚМҚ мынадай санаттарға бөлінеді:

- радиациялық авария кезінде қолданатындар;
- химиялық авария мен тұрмыстағы әр түрлі уытты заттармен улану кезінде;
- жұкпалы ауруларға профилактика жасауға, токсиндердің ағзаға әсерін төмендетуге қолданылады;
- адамның терісіндегі радиоактивті, химиялық, бактериялық, заттарды жою үшін арнайы өңдеу жұмыстарын жүргізу.

Радиацияға қарсы медициналық құралдар үш топқа бөлінеді.

- **Сыртқы сәулеленуде радиациялық зақымдануларға профилактика жүргізу.** Ағзаға иондық сәулелену әрекетін төмендету үшін дәрі-дәрмекті қолданады, оларды әдетте радиоқорғаныс препараттары немесе радиопротекторлар деп атайды. Бұл препараттар, сондай-ақ гормональді дәрілер (цистамин, индралин және т.б.) радиосезімтал тіндерде гипоксия тудырып, олардың сезімталдығын төмендетеді.
- **Сәулеленуге қарсы ағзаның алғашқы реакциясы және ескерту құралы** (локсу, құсу, жалпы шаршаңқылық). Оларға: диметкарб* (локсуға қарсы 0,04 г тұратын 0,04 г диметпрамид құралы және 0,002 г психостимулятор мезокарб (сиднокарб*), перфеназин (этаперазин*), диметпрамид, тиэтилперазин, метоклопрамид (реглан*, церукал*), диксафен (диметпрамид, кофеин және эфедрин) жатады. Қазіргі кезде локсуға қарсы тиімді — ондансетрон (латран* 0,004 г) құралын өндіреді.
- **Радионуклидтердің инкорпарациясы радиациялық зақымдардың профилактикалық құралдары кезінде** (РЗ ауызға тусуі немесе ингаляциялық жолмен) ішек-қарыннан шығарып, қанға кетуін тоқтату үшін адсорбенттер қолданады. Өкінішке орай, адсорбенттердің поливаленттілік қасиеті жоқ, сондықтан стронций және барий изотоптарын жою үшін адсорбар, полисурьмин, биоакциллин, кальций алгинатын қолданады; плутонийді инкорпарациялау кезінде кальций тринатрийінің пентататын, пентацин, радиоактивті йод түскен жағдайда — тұрақты йод препараттарын, цезий изотоптарын сіңіру процесін тоқтату үшін ферроцинді қолданады.

Радиациялық зақымдануларды емдеу үшін қажетті дәрі-дәрмекті дәрігердің нұсқауымен қолданады. Тек жеке дәрі қобдишасындағы дәрілерді тұрғындар өз бетімен қолдана алады.

Антидоттар (у қайтарғыш) — химиялық қорғаныстың медициналық құралдары. Олар улы заттарды физикалық және химиялық әрекеттесу арқылы жоя алады немесе ферменттер мен рецепторлар секілді улы заттарға қарсылық білдіре алады.

Антидоттарды қолдануда емдеудің ең жоғары тиімділігіне жету үшін ерте бастан қолдану қажет.

Әмбебап антидоттар кездеспейді:

- фосфорорганикалық улағыш заттар үшін антидоттар бар (ФУЗ):
 - холинолитиктер — атропин, пентифин*, будаксим, пеликсим, және т.б.;
 - холинэстераза реактиваторлары — тримедоксима бромид (дипи-роксим*), диэтиксим, карбоксим және т.б.;
- цианидтердің антидоттары: антициан, амилнитрит, натрий тио-сульфаты, хромосмон, глюкоза;
- люизит және құрамында күшәні бар улар үшін натрий димеркпто-пропан сульфаты (унитиол*) антидот болып табылады;
- ВЗ уланғандарға аминостигмин, физостигмин, галантамин және басқа дәрілерді береді.

ТЖ химиялық кезеңінде антидоттарды УД әсерінен кейін бірден қолдану қажет. ФУЗ (П-10М) және көміртегі оксидіне қарсы профи-лактикалық антидоттарды апат ошағына кірерден 30–40 мин бұрын қолдану қажет. Бұлшықет ішіне, тері астына, көктамыр енгізгенде анти-дот тиімді әсер етеді. Тұрғындардың жаппай зақымдануы (шектелген уақыт аралығында) кезінде мұндай істі жүргізу қиынға түседі.

Тұрғындар жеке қолданатын антидоттар таблетка күйінде шығарылып, оларды нұсқаулыққа сай қолданады.

Бактерияға қарсы құралдар жедел спецификалық және спецификалық емес алдын алу құралдары болып бөлінеді.

- **Спецификалық емес алдын алу құралдарына** антибиотиктер кең әрекет етуші сульфаниламидтер және интерферондар жатады.
 - **Спецификалық алдын алу құралдарына** тар көлемде әрекет етуші антибиотиктер, сарысу, екпе, анатоксиндер, бактериофагтар жатады.
- Аталған құралдардың кейбіреуі кестелі жеке дәрі құтысына салынған.

Кестелі ЖҚМК мыналар жатады:

- жеке дәрі құтысы (ЖДК-1, ЖДК-2, ЖДК-3);
- химияға қарсы жеке құты (ХҚЖП-8, ХҚЖП-10, ХЖҚП-11);

- жеке таңғыш құтысы (ЖТП);
- ФУЗ көмектесетін түтікшедегі инелер.


Антидоттардың қолданылуына байланысты дәрі құтының құрамы өзгеріп отырады (локальді немесе үлкен соғыстарда әскери қызметкер-лерге; құтқарушыларға бейбіт және соғыс уақытында және т.б.).

Жеке дәрі құтысы ЖДК-2 (7.5-сурет) зақымдаушы факторлар туралы ескерту, әсерін басып, жаракатты өңдеу


Сықпа-инені қолдану жолдары төмендегідей (7.6-сурет):

- 1) дәрі құтыдан сықпа-инені алу;
- 2) бір қолмен сықпаның басын ұстап тұрып, екінші қолмен оны сағат тілімен жарғақша тесілгенше бұрау;
- 3) сықпа-инені басынан ұстап тұрып инені қорғайтын қалпақшаны шешу;
- 4) сықпа-инені саусақтармен қыспаған күйде инені жамбас, бөксе, иық тіндеріне егу (киім үстінен егуге болады);
- 5) сықпаны сығып, ішіндегіні шығару;
- 6) саусақтарды босатпаған күйде инені шығару.

Сықпа-инені зақымданушыға (наукасқа) еккен соң, оны наукастың таңғышына немесе көрінетін жерге жапсырып қою қажет.



7.5-сурет. Жеке дәрі құтысы ЖДК-2: 1 — ауруды басатын дәрі; 2 — ФУЗ уланғанда қолданатын дәрі; 3 — бактерияға қарсы дәрі № 2; 4 — радиациялық-қорғау құралы № 1; 5 — бактерияға қарсы құрал № 1; 6 — радиациялық-қорғау құралы № 2; 7 — құсуды тоқтататын дәрмектер



7.6-сурет. Сыкпа инені қолдану ережесі (мәтінде түсіндіріледі). Дәрі құтының № 1 ұясында ауруды басатын 2% триперидин ерітіндісі бар сыкпа инесі орналасқан. Сынық, үлкен жарақат, тіндердің өлуі мен күйіктен болған сандырақ пен қатты шаншуларға қарсы алдын алу жүргізеді

№ 2 ұяда қызыл түсті ФУЗ қарсы антидот бар қаламсауыт орналасқан. Қазір қолданыста бар, оған дейін жаңа дәрімен алмастырады.

Нұсқау бойынша 1 таблеткадан қолданады. Улану белгілері кездессе, тағы 1 таблетка қолдану керек. Дәріні қайта 5–6 сағаттан соң ғана қолдануға болады.

№ 3 ұяда бактерияға қарсы № 2 құрал орналасқан. Онда 15 сульфадиметоксинның 15 таблеткасы бар (ұзақ мерзімді сульфаниламид препараты). Сәулеленуден кейінгі ішек-қарын ауруларында, жарақат, күйде ескерту үшін қолданады. Алғашқы күні 7 таблеткадан, соңғы 2 күнде — 4 таблеткадан қолданады.

№ 4 ұяда радиокорғаныс құралы № 1 сегізграндық қызғылт қаламсауытта № 1 радиокорғаныс құралы-цистамин орналасқан (әрқайсысында 6 таблеткадан). РЗ ластанған аумаққа кірерден 30–60 мин бұрын 6 та-

блеткадан ішкен жөн. Қажет жағдайда 4–5 сағ соң қайта қабылдауға болады.

№ 5 ұяда төрт грандық № 1 бактерияға қарсы құралы бар екі қаламсауыт (әрқайсысында 5 таблеткадан) орналасқан. Жұқпалы аурулардың бейспецификалық профилактикасы үшін доксицилинді қолданады. Бактериялық зақымдау қаупі кезінде, жарақаттар мен күйде асқынуының алдын алуда препаратты қолданады.

Алғашқы қабылдауда 5 таблетка, одан соң (6 сағ соң) тағы 5 таблетка қолдану керек. Котримоксазол [сульфаметоксазол + триметоприм (бисептол*)], және басқа да антибиотиктерді қолдануға болады [ампициллин, цефоперазон (цефобид*), ципрофлоксацин (цифран*) және т.б.].

№ 6 ұяда төртграндық № 2 радиокорғаныс құралы — калий йодиді бар ақ түсті қаламсауыт орналасқан (0,25 г 10 таблетка). Ересектер мен 2 жастан асқан балалар дәріні 0,125 г, 1/2 таблеткадан күніне 1 рет 7 күн бойы қолдануы керек.

№ 7 ұяда құсуға қарсы құрал — ондансетрон (этаперазин*) салынған көк қаламсауыт бар. Онда сәулелену, локсу, контузия мен ми шайқалуынан соң бірден 1 таблеткасын қолдану қажет.

Химияға қарсы жеке құты (ХКЖК-8, ХКЖК-10, ХКЖК-11) арнайы өңдеу мен фосфорорганикалық АҚХЗ және УЗ зарарсыздандыру үшін, сондай-ақ тері және киімге тиген улы заттардан қорғау.

Жеке таңу құтысы (ЖТҚ) күйік бетіне, жарақатқа алғашқы асептикалық таңғыш қоюға арналған. Ол өңделген, екі қабықшасы бар таңу материалынан тұрады: сырты резеңке матасынан, іші қағаздан (ашу және қолдану жайында сипаттама берілген) жасалған, ішкі жағында қауіпсіз түйрегіші бар.

Қабықшалар таңу материалының стерильдігін қамтамасыз етіп, оны механикалық зақымдалудан, ылғал мен ластанудан қорғайды. Құтыдағы материал ені 10 см, ұзындығы 7 см тең дәке таңғышынан, және көлемі 17×32 см екі бірдей мақта-дәке жастығынан тұрады, дәке таңғышынан тұрады. Жастықтың бірі дәкеге тігілген, ал екіншісі оның бойымен еркін қозғалуға мүмкіндік береді.

ТЖ сипатындағы табиғаттың әр түрлі қолайсыз жағдайларынан адамның тұрақтылығын жоғарылататын дәрі-дәрмекті іздеп тапқан жөн. Химиялық және физикалық факторлар гипоксия, энергетикалық бұзылулар ауытқулар, жасушалық мембранасы липидтерінің тотығуы секілді әр түрлі патологиялық ауытқуларды тудыруы мүмкін.

Бұл әр түрлі санаттағы, бірақ фармакологиялық белсенді, дәрі-дәрмекті қолдануға мүмкіндік береді. Олар физикалық және улы заттар әсеріне қарамастан, тұрақтылық пен жұмысқа қабілеттілікті сақтауға көмектеседі.

7.4. ҚҰТҚАРУ, АВАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗЕТІН АДАМДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ТЖ кезінде апатты-құтқару жұмыстарын жүргізетін құтқарушылардың денсаулығы мен өмірі, сондай ақ тұрғындарды қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шаралары кешенінде маңызды орын алады.

Құтқарушылардың мәртебесі, құқығы мен міндеттері 1995 жылы қабылданған «Апатты-құтқару қызметі мен құтқарушылар мәртебесі туралы» Федералды заңында анықталған. ТЖ жоюда міндеттерін орындаған құтқарушылардың өмір қорғау туралы құқықтары мен жеңілдіктері заңда кепілдендірілген.

Апаттар мен стихиялық апаттың салдарын жою кезіндегі құтқару жұмыстарын жүргізу үшін апаттың көлемі мен сипатына байланысты саны бірнеше мың адамға жетуі мүмкін мамандар тартылады. Жұмысқа түскен тұлғалардың тиімді үзіліссіз жұмысын ұйымдастыру оларды үймен, ыстық тамақпен, жұмыс және қорғаныс киімімен және медициналық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуді талап етеді.

Жұмысшыларды қорғау және қайтадан қалпына келтіру, өмір тіршілігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру денсаулық сақтау органдарына тиесілі. Олардың басты міндеті — жарақаттанудан сақтау, радиоактивті улы заттардан зақымданудан, түрлі АҚХЗ улану, жұқпалы аурулардан жұмысшыларды сақтау. Ол үшін олардың уақытша орналасқан жұмыс орындарында медициналық пунктер, күндіз-түні жұмыс істейтін жылжымалы амбулатория, медициналық жедел көмек көрсететін бригаданың кезекшілігі ұйымдастырылуы қажет. Сондай-ақ жеке қорғану ережелері, еңбек пен демалыс тәртібін, жүйелі тамақтандыруды ұйымдастыруда санитарлық бақылау орнату қажет.

Үкімет үшін апат, қарулы қақтығыстар, басқа да апаттар, эпидемия мен ТЖ кезіндегі ең үлкен шығын — халық. Осы мақсатпен елімізде тұрғындарды қорғау үшін төтенше жағдайдан қорғау және жою мақсатында Бірыңғай мемлекеттік жүйе бекітілген. Ол дер кезінде ұйымдастыру, инженерлік-техникалық, медициналық және басқа дашараларды төтенше жағдайларда адам факторының зақымдануын азайту және алдын алу мақсатын қарастырады.

Бақылау сұрақтары

1. Тұрғындарды қорғау мақсатын анықтау.
2. ТЖ тұрғындарды қорғау шаралары.

3. Қорғану құралдарының жіктелуі.
4. Баспаналардың жабдықталуы және санитарлық-гигиеналық талаптары.
5. Жеке қорғау құралдары және жіктелуі.
6. Тыныс алу органдарын қорғау құралдарының сипаттамасы.
7. Тері қабаттарын қорғау құралдарының сипаттамасы.
8. Жеке қорғау медициналық құралдарының сипаттамасы.

8-Тақырып

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ

- 8.1. Төтенше жағдайлардағы психотравмалық факторлар.
 - 8.1.1. Табиғи апатқа ұшыраған адамдардың эмоциялық және физиологиялық белгілері.
- 8.2. Тұлғаның төтенше жағдайлардағы мінез-құлықтық реакцияларының ерекшеліктері.
- 8.3. Түрлі сипаттағы төтенше жағдайларда тұрғындар мен құтқарушылардың жүйке-психикалық бұзылыстарының даму ерекшеліктері.
 - 8.3.1. Табиғи апаттардағы жүйке-психикалық бұзылыстардың даму ерекшеліктері.
 - 8.3.2. Ланкестік әрекет кезіндегі жүйке-психикалық бұзылыс ерекшеліктері.
 - 8.3.3. Құтқарушылардың жүйке-психикалық бұзылыс ерекшеліктері.
- 8.4. Тұрғындар мен құтқарушыларды медико-психологиялық қорғау.
 - 8.4.1. Үрей реакцияларының алдын алу және болдырмау.
 - 8.4.2. Тұрғындар мен құтқарушылардың медициналық-психологиялық дайындығы.
 - 8.4.3. Туындаған жүйке-психикалық бұзылыстардың психотерапиясы.

8.1. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ПСИХОТРАВМАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Төтенше жағдайлар мүмкіндігі бейбіт және соғыс жағдайында тұрғындар арасында санитарлық жоғалтуды болдырмау, сонымен қатар, бұл жағдайда (ЛПУ) емдеу пункттерінің жұмыс істеуі үлкен назарда. Бұл тапсырмаларды шешу үшін халық пен медициналық мекемелерді

медициналық және психологиялық қорғау бойынша кешенді іс-шаралар өткізіледі, бұл тақырыпта жан-жақты талқыланған.

Біздің қоғамымыздың соңғы он жылы түрлі көлемдегі және сипаттағы экстремалды жағдайлардың өсуімен сипатталып жүр. Сондай-ақ экстремалды ықпалға ұшыраушылардың тобы күн санап өсуде. Экстремалдылық деп адам психикасына мүмкін болғанша әсер ететін істер, соның салдарынан оның жеке психологиясын өзгертетін мәселелерді айтады.

Барлық төтенше жағдайлар кезінде ең басты шешуші рөлді адамның ұстамдылығы мен мінезінің психикалық жағдайы, осы жағдайлар болған іске деген кайсібір мезгілсіз сәттерде өзін ұстай білуі сенімділігі әсер етеді. Бұл материал аталған мәселенің психологиялық аспектілерін сұрыптауға құрылған.

Төтенше жағдайлар (стихиялық апат, апат, ланкестік әрекет, т.б.) тұрғындарға сәтсіздік жағдай тудырады, денсаулығы мен өміріне қатер туғызады. Бұл ықпалдың әсері катастрофаға, көптеген адамдардың өліміне айналуы мүмкін, үлкен қирауларға, жарақаттарға апаруы мүмкін. Сондай-ақ, бұл жағдайлар адамдар психотравмалық факторларға, олардың психикалық қызметінің бұзылуына алып келеді.

Сонымен қоса, төтенше жағдайлардан тыс жерлердегі адамдар да психогенді әсерге ұшырайды, себебі олар төтенше жағдайдың өзін де, апат кезіндегі зардаптың қалай өрбитінін де күтуде болады. Мәселен, 1945 жылы американдықтардың Жапониядағы Хиросима мен Нагасаки қалаларында атом бомбасын жарғаннан кейін радиация әсерінен 160 мыңға жуық тұрғын зардап шекті, бірақ ядролық қарудың ықпалы бүкіл әлемде қорқыныш тудырды. Чернобыль АЭС-сы авариясы да 15 млн астам халыққа радиацияға деген қорқыныш сезімін ұялатты.

Психотравмалық әсерлерге төмендегілер жатады.

- Табиғи (жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл т.б.).
- Техногенді (радиациялық, химиялық, биологиялық апаттар, өрт, жарылыс т.б.).
- Әлеуметтік (әскери қақтығыстар, жұқпалы аурулар, аштық, терроризм, нашакорлық, маскүнемдік).

Жалпы психиканы жарақаттаушы факторларға көлемі мен түріне қарамай кез келген ТЖ жатады.

Әскери қақтығыстар, жойқын күш, авария, үрей, адам өлімі — мұның барлығы психиканы жарақаттаушы факторларға жатады.

Психотравмалық факторлардың өміріне бұл салада Ресейде мамандардың жетіспеуі игілігі де кері ықпалын тигізуде 2008 жылғы көптеген әдибиеттерге сүйене отырып бізде 2000-нан 4500 мыңдай мамандар болғандығы анықталады. Мәселен, АҚШ-та олардың саны он мыңнан асады.

Жай зақымданған ошақ бір ғана зақымдайтын фактордың (мәселен, жарылыстан, өрттен болатын) әсерінен қалыптасады. **Ауыр зақымданған ошақ** бірнеше зақымдайтын факторлардың (мәселен, газ құбырларының жарылысы салдарынан АОХВ өрт шығады) ықпалымен қалыптасады. Мұндай жағдайларда көбіне біріккен зақымданулар орын алады: жаракат, күйік және улану. Басқадай жағдайларда мәселен, жер сілкінгенде қирау ғана емес, өрт, жұқпалы аурулар, электр тоғымен зақымдану, тірі қалған тұрғындардың психикасының бұзылуы туындайды.

Төтенше жағдайларды ауырлығына қарай төртке бөлуге болады.

- **Пайда болу сатысы** — төтенше жағдайды туындатуы мүмкін құбылыстардың (табиғат белсенділігі күшеюі, деформацияның, ақаулардың жиналуы және т.б.) пайда болуы. Пайда болу кезеңінің басталуын анықтауқиын.
- **Бастама сатысы** — төтенше жағдайлардың басталу кезеңі. Бұл сатыда адам факторы аса маңызды, себебі статистика бойынша техногенді апаттардың 70%-ы негізінен, адам факторына, яғни адамның қателігіне байланысты туған. Әуе апаттары мен теңіздегі апаттардың 80%-ы да адамдарға байланысты болған. Бұл көрсеткіштерді төмендету үшін ең алдымен қызметкерлердің кәсіби дайындығына байланысты. Мәселен, АҚШ-та АЭС операторын дайындауға 100 мың доллар қаржы жұмсалады.
- **Шарықтау сатысы** — энергияның немесе зиянды заттың босатылған кезеңі. Бұл сатыда адамға және қоршаған ортаға зиянды және қауіпті заттардың әсер ету мөлшері артады. Бұл сатының ерекшелігі — зиянды заттар аса қауіпті жарылу сипатында болады және оған басқа да энергетикалық компоненттер қосылып кетеді.
- **Өшу сатысы** — төтенше жағдайлардың ауыздықталуы, оның тура және жанама салдарын жою. Бұл сатының ұзақтығы (күн, ай, жыл, онжылдықтар) әр түрлі.

ТЖ жинақтап, салдарларын жою, шұғыл және тиімді медициналық және психологиялық көмек көрсету барысында зақымдалушы адамдардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерді білу аса маңызды.

1988 жылдың 12 мен 22 желтоқсаны аралығында Ленинан қаласында аса жоғары жер сілкінісі (Рихтер шкаласы бойынша 10 балл) болды. 19 және 35 жас аралығындағы 70 ер адамға зерттеу жүргізілді.

Зілзаланы көзімен көрген куәгерлердің пікірлері қарама-қайшы. Олардың кейбірі болған жағдайды алдымен өзге адамдардың мінез-құлқындағы өзгерістер арқылы байқағандарын айтады. Бұрын жер асты дүмпулерін бастан өткізген басқа тұлғалар болып жатқан құбылысты бірден білді, бірақ оның немен аяқталарын білмегендіктерін айтады.

Зардап шегушілердің біразы ашық жерге шығып алып, ағашқа немесе бағанға жармасқан, басқалары инстинкт бойынша жерге жата қалған. Зардап шегушілердің іс-әрекеті бұл кезде жеке, әркімнің реакциясына байланысты, өзін-өзі сақтауға арналған.

«Жабық кеңістік қорқынышы» (жағдаяттық клаустрофобия) сезімі жекеше сипатқа ие, оның ұзақтығы бірнеше сағаттан 2 аптаға дейін.

Бірінші жер сілкінісінен кейін құламай қалған 9 қабатты үйдің бір бөлігі, балкондарымен және кіре берістерге жүгіріп шыққан тұрғындарымен (көбінесе әйелдер мен балалар) бірге құтқарушылардың көз алдында қираған. Олардың 15 минут шамасында естерінен танып, анырап тұрып қалғаны анықталған. Тек содан кейін ғана қираған үй астынан шыққан ынырсыған, айқайлаған дауыстардан, басшыларының бастауымен, ең алдымен, өз жақындарын, содан кейін зақымданушыларды құтқару жұмыстарына кіріскен. Сұрастырылған көп адамдардың айтуынша, сондай аңтарылып қалған жағдайдан шығуға сыртқы факторлардың көп әсер ететіндігін айтады. Мұндайда көшбасшы адамның болғандығы аса маңызды, ол жалпы басшылық етуге, жағдайды ушықтырмай, бір жүйеге келтіруге тырысады.

Табиғи апатқа ұшырағандарды функционалды жағдайының сипаты мен түріне қарай 4 түрге бөледі.

8.1.1. Табиғи апатқа ұшыраған адамдардың эмоциялық және физиологиялық белгілері

Бірінші кезең

Бірінші кезеңде аса ауыр эмоциялық (8.1-кесте) шоктармен белгіленеді.

8.1-кесте. Аса ауыр эмоциялық шоктың сипаттамасы

| Кезеңі | Сипаттамасы |
|---------------------------|---|
| І. Аса ауыр эмоциялық шок | <p>Ұзақтығы 3–5 сағат. Психиканың ушығуы. Психофизиологиялық қорларды жинақтау. Сананың ауытқуы. Ойлау процесінің жылдамдығының артуы. Көзсіз батылдықтардың болуы (әсіресе жақын адамдарын құтқаруды) жағдайдың шиеленісін бағалаудың төмендеуі. Эмоциялық жағдай — дәрменсіздік сезімі. Бас айналуы және бас ауруы, жүректің қатты соғысы, ауыздың құрғауы, дем алудың қиындығы. Жұмыс істеу қабілеті 1,5–2 есеге артады</p> |

Аса ауыр кезеңде адамның психикалық жағдайы өміріне қауіп төнетіні туралы күйзелуімен анықталады. Тәжірибеде атап көрсеткендей, бұл кезең апаттың басталуы мен құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға дейін жалғасады. Психикалық жағдайда түйсіктің ширығуы басым, бірінші кезекте өзін-өзі қорғау, кейде психофизиологиялық қордың шамадан тыс көбеюі және физикалық мүмкіндіктер тез өседі. Бұл жағдайларда психикалық реакциялар көптеген үрей мен қорқыныштар үдейді. Көптеген адамдардаосындай үрейден кейін психикалық жағдайы бұзылады.

Екінші кезең

Екінші кезеңге психофизиологиялық демобилизация қосылады. (8.2-кесте).

8.2-Кесте. Психофизиологиялық демобилизация кезеңінің сипаттамасы

| Кезең | Сипаттамасы |
|---------------------------------------|--|
| II. Психо-физиологиялық демобилизация | <p>Ұзақтығы 3 тәулікке дейін. «Стресті сезіну». Қобалжу сезімі, үрей реакциясы. Мінездің моральдық нормативінің төмендеуі. Қызметтің және оған деген ынтаның төмендеуі. Тәбеттің болмауы, асқазан-ішек жолдарындағы жағымсыз белгілер, бастың ауруы, жүректің айнуы. Құтқару жұмыстарын атқарудан бас тарту. (әсіресе мерт болғандардың денесін шығарумен байланысты). Транспортты, арнайы техникаларды пайдаланған кезде авариялық жағдайға дейін апаратын қате іс-әрекеттер санының өсуі</p> |

Бұл кезеңде құтқару жұмыстары өрістеп, шығының көлемі мен қауіптің сақталуын сезіну анықталады, зақымданғандардың мінез-құлқында ерекше орын жүйке жүйесінің бұзылуы мен қайта бейімделе алмау жағдайы дамиды. Бұл кезеңде психоэмоционалды жағдай, бірінші кезеңдегідей біртіндеп шаршау сезімі, енжарлық жағдай басым болады.

Үшінші кезең

Бұл кезеңде бәсеңсу сатысы басталады (8.3-кесте).

8.3-кесте. Бәсеңсу уақытына сипаттама

| Кезең | Сипаттамасы |
|---------------------|---|
| III. Бәсеңсу кезеңі | <p>Апаттан кейінгі 3–12 тәулік:</p> <ul style="list-style-type: none"> • көңіл-күйдің қалпына келуі; • эмоционалды жағдайдың төтендеуі; • ортамен байланыстың төмендеуі; |

8.3-кестенің соңы

| Кезең | Сипаттамасы |
|-------|---|
| | <ul style="list-style-type: none"> • гипомимия (бет-жүздің өзгеруі); • сөз ырғағының төмендеуі; • қозғалыстың баяулауы; • ойын «айтқысы келу»; • қайғылы оқиғалар туралы түрлі қорқынышты түстер көру. <p>Субъективті белгілердің біршама жақсаруы физиологиялық резервтерін төмендеуіне әкеледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • қан қысымының көтерілуі, тахикардия; • шаршау белгілерінің өсуі |

Бұл кезеңде қауіпсіз жерге көшірілгеннен кейін, жарақаттағыш жағдайларды қайтадан өңдеу басталады: жеке бастың уайымы мен қайғысы. Бұл ретте, қосымша жарақаттағыш факторлар болып өмірлік ұстанымдардың өзгеруі, уақытша баспанадағы түрлі өмір қолайсыздықтары саналады. Созылмалы түрге айнала отырып, бұл факторлар стресс бұзылыстарының өршуіне ықпал етеді. Жүйке аурулары мен невротикалық дамулар, соматикалық, невротикалық бұзылулар өседі.

Төртінші кезең

Соңғы төртінші кезеңде қалпына келтіру сатысы (8.4-кесте) басталады.

8.4-кесте. Қалпына келтіру кезеңіне сипаттама

| Кезең | Сипаттамасы |
|------------------|--|
| IV. Қалпына келу | <p>Апаттан кейінгі 10–12 тәулік. Өзара қарым-қатынастың қарқындылығы. Сөйлеу мәнерінің және мимикалық реакцияның қалыпқа келуі. Физиологиялық жағдайында позитивті динамикасы анықталмаған</p> |

Психиатрияның патологиясында стихиялық жағдайдан кейінгі клиникалық формасы белгіленбеген, алайда бұл уақыт өте келе олардың дамуын жоққа шығармайды (қалған сезінулер), дер кезінде психо-профилактикалық шараларды медициналық-психологиялық әдістерді пайдалану арқылы түзету жүргізу қажеттігін ұйғарады. Әлемдік тәжірибенің болжауы бойынша, апат ошағында болған адамдарды, түрлі психоматикалық аурулармен қатар, басқа да асқазан-ішек жолдарының бұзылуы, жүрек-қантамырлық, эндокринді жүйе мен басқа да ауруларды анықтау үшін арнайы медициналық-профилактикалық шараларды жетілдіруді және жүргізуді талап етеді.

8.2. ТҰЛҒАНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ РЕАКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Төтенше жағдайлар кезінде жүйке-психикалық жүйенің төмендегідей бұзылу серпіні белгіленген.

- **Қорқыныш фазасы.** Кез келген ТЖ — тұрақтылықтың кенеттен жоғалуымен, өмірдің өз ағымымен жүретініне, жақын болашақты бақылауға және болжауға болатынына деген сенімді жоғалтумен сипатталады. Бұл адамдардың рухын түсіреді. Сол кезде, эмоционалды сезім — қорқыныш пайда болады. Адамда жағымсыз психологиялық түрдегі үрей мен қорқыныш туындайды. Қорқыныш себепші болған күрделі реакцияларда оған қоса жүрек айну, бас айналу, есінен тану, діріл, аяғы ауыр әйелдерде — түсік тастау болады.
- **Пиперкинетикалық фаза** — козу реакциясы, адамда көбіне бағытсыз бір жакка жүргісі келіп тұратын сезім пайда болады. Гипокинетикалық фазада кейде ступор күйіне жететін қимылсыздық түріндегі қозғалыс бұзылыстары басым болады, ол деген адам психикалық шок күйінде жүгіру орнына орнында қатып қалатын жағдай.
- **Вегетивті өзгерістер фазасы** — психоматикалық ауытқушылықтар. Жүрек тұсы, бас және бұлшықет ауырып, жүрек қағысы, несеп шығару жиілеп, көз, құлақ және асқазан қызметі нашарлайды, діріл пайда болады.
- **Психикалық бұзылыстар фазасы** — психотравмалық факторлар қаншалықты күшті болса, ТЖ салдарын емдеуге қаншалықты аз уақыт бөлінсе, зардап шегушілерде туындайтын күйзеліс соншалықты терең болады. Олар назар қою қабілетінен айрылады, есте сақтау, логика, ойлану жылдамдығы бұзылады, елестер пайда болады.

Арнайы зерттеулер көрсеткендей, ТЖ кезінде жүйке жүйесінің бұзылуында күнделікті жағдайдағы клиникалық бұзылуларға ортақ көптеген ұқсастықтары бар. Алайда елеулі айырмашылықтары да бар: ТЖ кезінде аяқ астынан болатын көптеген жағдайлармен бір сәтте бірнеше адамдарда психикалық бұзылыстар пайда болса, бұл жағдайлардың клиникалық картинасы қатаң жекелеген сипатта болмайды және жеткілікті әдеттегі көріністе байқалады. Өмірге қауіп төндіретін жалғасатын психогенді бұзылыстардың дамуымен бірге зақымданушылар

8.2. Тұлғаның төтенше жағдайлардағы мінез-құлықтық реакцияларының ерекшеліктері 151

ТЖ салдарымен күресіп, жақындары мен қасындағы адамдардың өмірін сақтау үшін белсенді күрес жүргізеді.

Психогенді бұзылыстар мен реакциялар жіктемесін 8.5-кесте арқылы көруге болады.

ТЖ уақытында жүйке жүйесінің бұзылуына әсер ететін факторларды үш топқа бөліп қарастыруға болады.

- **ТЖ уақытында жүйке жүйесінің бұзылуына әсер ететін факторлар.** Бұл кезең ТЖ басталуынан құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға дейін жалғасады. Жүйке жүйесінің бұзылуының дамуы бірнеше факторлардың жиынтығынан, ТЖ ерекшелігі, жеке даралық реакция, сондай-ақ әлеуметтік-ұйымдастыру шараларына байланысты. Аса ауыр экстремалды әсер өмірлік маңызды инстинктерді (өзін-өзі қорғау) қозғайды және патологиялық емес реакциялардың дамуына, яғни әр түрлі дәрежедегі қорқыныш сезіміне әкеледі.
- **ТЖ біткеннен кейінгі жүйке жүйесі бұзылыстарының дамуына әсер ететін факторлар.** Бұл құтқару жұмыстарының өрістеу кезеңі. Бұл кезеңде жүйке-психикалық бұзылыстардың қалыптасуында зақымданушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне үлкен мән беріледі. Сонымен қатар өмірге қауіпті жағдайды сезіну, басқа да жаңа стрестік әсерлер: туған-туыстан айырылу, үйдің, дүниемүліктің қирауы т.б. сезінуге аса мән беріледі. Ең бастысы, ұзаққа созылған күйзеліс кезеңін қайтадан күту, құтқару жұмыстарының нәтижесін күту, мерт болған туыстардың идентификациясын анықтау және т.б. Психоэмоционалды жағдай, екінші кезең сипатына келеді, бұл кезеңде де соңында қатты шаршау, астенодепрессиялық көрініс орын алады.

8.5-кесте. Төтенше жағдай салдарынан пайда болған психикалық бұзылыстар

| Психогенді бұзылулар және реакциясы | Клиникалық ерекшеліктері |
|--|---|
| Патологиялық емес (физиологиялық) реакциялар | Жұмыс қабілетінің төмендеуі, жабырқаудың жалғасуы, қорқыныш, уайым сезімі, қобалжудың басым болуы, болып жатқан жағдайды сынау, өзге адамдармен байланыс жасау және мақсатты әрекет ету |
| Психогенді патологиялық реакция | Невротикалық бұзылудың деңгейі — ұстамалы, депрессиялы, тез шаршайтын, басқа да синдромдардың пайда болуы, болып жатқан жағдайды төмен бағалау, өзге адамдармен байланыс жасау және мақсатты әрекет ету |

8.5-кестенің соңы

| Психогенді бұзылулар және реакциясы | | Клиникалық ерекшеліктері |
|-------------------------------------|-----------|--|
| Психогенді невротикалық жағдай | | Невротикалық күрделенген бұзылыстардың тұрақтануы — неврастения («жүйкесі жұқару», тез шаршау неврозы), ұстамалы, шалқасынан құлау неврозы, депрессиялық невроз, көп жағдайларды түсіністікпен қарауды жоғалту |
| Реактивті психоздар | катты | Қатты толқу, күйзелу реакциясы, сананың тұнжырау жағдайы, қозғалыстың өршуі немесе тежелуі |
| | созылмалы | Депрессиялық, паранойдтық, жасырын синдромдар, ұстамалы басқа да психоздар |

• **ТЖ алнақ кезендерінде жүйке-психикалық бұзылыстардың өршуіне ықпал ететін факторлар.** Зақымданғандарды қауіпсіз аудандарға көшіргеннен кейін басталатын бұл кезеңде көбінде оқиғаны күрделі эмоционалды түрде есіне түсіру, жеке күйзелістерін бағалау және сезіну, яғни, өзіндік «калькуляция» процесі жүреді. Көшіру орны немесе қираған ауданда тұру, өмірдің күнделікті қалпын өзгертіп, психотравмалық факторлар өзекті мәселеге айналады. Созылмалы түрге айнала отырып, бұл факторлар салыстырмалы түрде тұрақты психогенді бұзылыстардың қалыптасуына ықпал етеді. Сакталған бейспецификалық невротикалық реакциялармен және жағдайлармен бірге бұл кезеңде созылмалы психопатологиялық өзгерістер, жарақаталды күйзелістер басым бола түседі. Психикалық бұзылыстар әр түрлі сипатта болуы мүмкін. Бұл жағдайларда зақымданушылардың өміріндегі қиындықтарын, жарақаттары мен ауруларын, сондай-ақ күйзелістердің соматизациясын байқауға болады.

Сондықтан, барлық көрсетілген кезендердегі ТЖ жүйке-психикалық бұзылыстармен компенсациясы үш топтағы факторларға байланысты: жағдайдың ерекшелігі, болып жатқан оқиғаны жекелей сезінуі, әлеуметтік және ұйымдастыру шаралары. Алайда бұл факторлардың маңызы әр түрлі кезеңде өзгеше сипатқа ие. Уақыттың ағымына қарай ТЖ сипатының мәні жоғалып, медициналық көмекпен қатар, әлеуметтік-психологиялық көмекпен ұйымдастыру факторларының маңызы жоғарылайтынын аталған мәліметтер айғақтайды.

Осыдан шығатын қорытынды ТЖ зақымданушылардың психикалық денсаулығын қалпына келтіруде әлеуметтік бағдарламалардың маңызы зор екенін көреміз.

8.3. ТҮРЛІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ЖҮЙКЕ-ПСИХИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8.3.1. Табиғи апаттардағы жүйке-психикалық бұзылыстардың даму ерекшеліктері

Стихиялық апат — адам және материалдық шығындармен сипатталатын, адамдардың күнделікті тіршілігінің бұзылуына әкеп соғатын төтенше сипаттағы табиғи құбылыстардың нәтижесінде туындайтын катастрофалық жағдай. Академик Е.К. Федоровтың мәліметі бойынша апатты жағдайлар салдарынан тек біздің еліміздің материалдық шығыны жылына 5–7 млрд рубльді құрайды. Стихиялық апатқа жер сілкінісі, тасқын, цунами, вулкандардың атқылауы, сел, көшкін, дауылмен, құйынмен бірге жүретін цунами, ормандар мен торфтардағы ауқымды өрт, қар көшкіндері жатады.

Стихиялық апаттар өткінші, және ұзақ уақытқа жүйке жүйесіне әсер етуі мүмкін.

Апатты жағдайлар кезіндегі психикалық реакциялардың даму динамикасының үш фазасын төмендегіше бөліп көрсетеді.

- **Әсер ету алдындағы кезең** — қауіп қатерді сезіну, аландау. Бұл фаза негізінде сейсмоқауіпті аймақтарда, көбіне су тасқыны мен құйындар болатын белдеулерде болады. Көбінесе қауіпті елемейді немесе сезінбейді.
- **Әсер ету фазасы** — апат жағдайы алдынан құтқару жұмысы басталғанға дейінгі уақыт. Бұл кезеңде қорқыныш басым болады.
- **Әсер еткеннен кейінгі кезең** — стихиялық апаттан кейін бірнеше күннен соң басталады. Әлуметтік іріткіден, эвакуациядан, отбасының ажырауынан туындайтын жаңа мәселелер көптеген авторларға бұл кезеңді «екінші стихиялық апат» деп атауға себеп болады.

Мұндай төтенше жағдайларда басым психикалық жарақаттар әрекеті аса ірі (кейде орташа дәрежедегі) жер сілкінісіне қатысты. Аталған апаттың ерекшеліктері: кенеттен болуы, тұрғындарды іс жүзінде құтқару мүмкіндігінің болмауы, үлкен қирандылар және «жердің теңселуін» сезу.

Жер сілкінісіндегі тұрғындар күйзелісін зерттеу психиканың бұзылуына тек қана жүйке-психикалық жарақат (дүмпу, ғимараттардағы қабырғаларының жарылуы, құлауы, адам өлімі т.б.) қана емес, сондай-ақ тұрақты түрдегі күйзеліс, уайымдап, сескеніп күту де маңызды рөл

атқаратыны туралы байламға келуге мүмкіндік берді. Авторлардың басқа да қорытындыларына төмендегідей жағдайлар кіреді:

- жер сілкінісін көрген адамдардың жүйке-психикалық реакциясы көпке дейін созылып, жайсыздық тудырады;
- аурулар тек жедел ғана емес, сондай-ақ бастан кешкен жағдайлардан кейін ұзақ айларға созылуы мүмкін.

Әлбетте, жер сілкінісінің жағдайын қабылдауға ықпал ететін жеке-леген факторларды өлшеу және олардың апатқа ыңғайлануы үшін маңыздылығы тұрғысынан бағалау күрделі. Жер сілкінісі адамдар оның бұлтартпастығын сезінгенде және оларды не күтіп тұрғанын білмей абдырағанда стресті туындатады.

Су тасқынында алыстағы емес, су алған аймақта қалған тұлғалардың психикалық бұзылыстарының ұлғаю үдерісі белгіленген. Адамдар қауіптілікті қабылдайды және бағамдайды, сонымен қатар, тәжірибесі мен жасына қарай, апат болған аймақта тұру ұзақтығына, қауіптілікпен бетпе-бет келуіне байланысты қорғаудың жолдарын ыңғайластырады. Ол үшін апат болған аймақтағы алған тәжірибесін, шет жердегіден айыра білуі қажет. Бірінші жағдай адамды байқағыш етеді, екіншісі қауіпті жете бағаламауға әкеледі.

Су тасқынынан зардап шеккен 12% балалар мен 20% ересектер зерттеу жүргізгенде жүйке жүйесінде ауытқулар апаттан кейін бірнеше айдан кейін болғанын көрсетеді. Зардап шеккендерді 2 жылдан кейінгі бақылауда олардың көбіне қорқыныш, депрессия, ашушаңдық, соматикалық бұзылыстар, мінез-құлықтарында өзгерістер болғандығы анықталды. 30% адамдарда бұл бұзылыстар 4–5 жылдан кейін де белгіленген.

Шамасы, басқа да стихиялық апаттарда да уайымдану қауіпті маңызды. Мәселен, көптеген адамдарда дауыл тұрар алдында қауіптілікке «сенбеушілік және теріске шығару» сезімі анықталған. Дауылдан кейін көптеген адамдар өздерінің көңіл күйінде қуанышты толқу, 3–5 күннен кейін енжарлық басқандығын, ал 10 күннен соң (өткініші) транзиторлы депрессиялы жағдайда болады.

Келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, су тасқыны, дауыл, басқа да экстремалды жағдайлардағы психикалық реакция тек нақты бір стихиялық апатқа тән қандай да бір өзіндік сипатқа ие деуге болмайды. Бұл көбіне қауіпке деген әмбебап реакция, оның жиілігі мен тереңдігі стихиялық апаттың аяқ астынан және қарқындылығына байланысты. Кейбір адамдардың ауа райының өзгеруіне деген қорқынышын символикалық деп қабылдау қажет. Осындай қорқыныштар су тасқыны, жер сілкінісі, дауыл («тасқын қорқынышы», «жер сілкінісінің қорқынышы») нәтижесінде болуы мүмкін.

8.3.2. Лаңкестік әрекет кезіндегі жүйке-психикалық бұзылыс ерекшеліктері

Аса маңызды әлеуметтік-психологиялық салдардың біріне «құрбандық психологиясын» жатқызуға болады. Егер адам бала жасында немесе жасөспірім кезінде зорлық көріп өссе, ол психологиялық дамуында өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Қыз балалар әдетте, қоғамда өзін құрбан сезініп, көбінесе мінез-құлқында жәбірленгендік байқалады. Ұлдар керісінше, өздерін ренжіткендермен теңестіріп, жас кезіне сай емес қаталдықпен өседі.

Әсіресе, терроризмнің балалар психологиясына каншалықты теріс ықпал ететіне назар аудару қажет. Лаңкестік әрекетке байланысты туған қорқыныш балалар мен отбасына кері ықпалын тигізетіні белгілі. Терроризмнің басты мақсаты — көптеген адамдардың сезіміне ықпал ету. Терроризмнің нысаны — тірі адамдар, көбіне белгілі тұлғалар емес, кездейсоқ адамдар.

Лаңкестердің басты ұмтылысы — халықты қорқыту, невротикалық қорқыныш, арандату және психологиялық реакция туғызу.

ТЖ экстремалды жағдайлардағы психикалық ықпал тек тура емес, тікелей адам өміріне қауіпті, сондықтан «екінші құрбан» сынды ұғым пайда болады. Бұл адамдар, төтенше жағдайларға тікелей қатысы жоқ, бірақ олар кейін оның куәгері болғандар қатарына жатады. Мұндай адамдар өте көп, олардың ұйқысыз өткізген түндеріне, күйзелістеріне кейде бұқаралық ақпарат құралдарының жөнсіз мәліметтерінің әсері де болуы мүмкін.

Көптеген адамдар БАҚ білген лаңкестік әрекеттің нәтижесінде белгісіздік жағдайы қалыптасады. Бұл ретте мұндай жағдайға ең жалпы жауап — болған жайтқа қандай да бір мән беру.

Халыққа лаңкестік әрекет туралы хабарлау кезінде халықты мүмкін болатын өзін-өзі ұстаудың негізгі екі стратегиясына әкеп соқпау үшін берілген қайғылы ақпараттың сандық және сапалық жақтарын ескеру қажет және маңызды: бірінші, қажетті ақпаратты іздеумен байланысты ажиотаж, екінші, ақпараттың когнитивті құрылымдар жүктемесінен болған селкостық.

8.3.3. Құтқарушылардың жүйке-психикалық бұзылыс ерекшеліктері

Құтқарушыларда пайда болатын бұзылыстардың туындауы мен дамуының жалпы беталысы эмоциялық күйзелістер мен психикалық адаптация теорияларында сипатталған заңдылықтарға бағынады. Кәсіби қызметін атқаруда құтқарушы ағзасындағы функционалды қорлар

деңгейінің өзгеруіндегі **жеті фазаны** сұрыптау нәтижесінде жұмыс қабілетінің төмендеуі және шаршағыштықтың даму динамикасы жақсы қадағаланады.

- **Мобилизация сатысы** (фазасы). Бұл кезеңде ағзада белгілі бір жұмысты атқару дайындығы басталады (басталу сәті). Фаза сипаттамасы резервтердің энергетикалық мобилизациялануы, орталық жүйке жүйесі тонусының көтерілуі, өзін-өзі ұстау жоспары мен стратегиясының қалыптасуы, қызметтегі негізгі элементтердің ішкі «жұмыс істеуі».
 - **Бастапқы реакция сатысы** (игеру кезеңі) әрекет етудің басталу кезеңі және бұл кезде барлық функционалды көрсеткіштер аз уақытқа төмендейді.
 - **Гиперкомпенсация сатысы** — адам ағзасының нақты жағдайлардағы жұмыстарды орындаудың үнемді әрі ұтымды тәртібіне бейімделуі. Бұл сатыда ағзаның жауаптық реакцияларының жұмыс түрі мен ауыртпалығына қарай онтайлануымен сипатталады.
 - **Компенсация сатысы** (жұмысқа қабілеттің жоғарғы кезеңі). Ағзаның функционалды резервтерін үнемді түрде пайдалануымен сипатталады. Алайда, ұзақ жұмыс істеуден бұл сатының соңында жағдайдың субъективті бұзылу белгілері пайда болуы (жұмыс қызметінің төмендеуі, шаршау) мүмкін.
 - **Субкомпенсация сатысы** (тұрақсыздық кезеңі) ағзаның функционалды қорлары төмендейді. Жұмыс қабілетін сақтау энергетикалық тұрғыдан өтелмейтін қорлар мобилизациясы есебінен болады. Алдымен жасырын, сонынан жұмыс тиімділігінің төмендеуі, шаршау белгілері анық байқалады. Бұл саты тиімсіз, аздаған уақытпен, әрі қарай жағдайдың төмендеуімен сипатталады.
 - **Декомпенсация сатысы** ағзаның функционалды қорының үздіксіз төмендеуімен, іс-әрекеттің үйлеспеуімен, кәсіби тиімділіктің айқын төмендеуімен, мотивацияның бұзылуымен сипатталады. Бұл көріністер аса қатты шаршағандықпен сипатталады.
 - **Бұзылу сатысы** өте қарқынды және ұзақ жұмыстардан соң байқалады. Өмірлік маңызды қызметтердің айтарлықтай бұзылуы, сондай-ақ атқарылатын жұмыстың ауырлығына байланысты ағзаның қарсылығы, жұмыс қабілетінің күрт төмендеуі. Бұл өзгерістер созылмалы шаршау мен зорығудың айқын формаларын тән.
- Құтқару операцияларын жүргізу кезінде жақсы дайындалған, тәжірибелі құтқарушылардың өзінде алғашқы кездерде апатты қабылдауына байланысты, әсіресе басында өткініші реакциялар болуы мүмкін,

мәселен: тоқтап қалу, немесе керісінше жылау, әлсіздік, жүрек айнуы, құсу, жүрек соғуы және т.б. Бұларды бұзылу деп қабылдауға болмайды. Бұл құбылыстарды психологиялық көмек шаралары арқылы, қажет болғанда — фармакологиялық препараттармен жеткілікті түрде жақсылап түзетуге болады. Әдетте, мұндай көріністер тез өтеді, құтқарушылардың қызметіне кесірін тигізбейді, және де оларды құтқару жұмыстарынан шектеуге негіз болмайды.

Ұзаққа созылған құтқару жұмыстарын жүргізуде құтқарушылардың өтіп жатқан мәселеге көңіл-күйінің бұзылуы қалыпты жағдай. Алғашқы кезде белең алған қорқыныш, көмек көрсетуге деген қимылдар, шаршаудың негізінде қалады. Белсенді қызмет көрсету төмендеп, уайым, күйзеліс, жағдайды сұрыптауға, шешім қабылдауға, көптеген міндеттердің ішінен бірін таңдауға мүмкіндік бермейді.

Кәсіби қызмет сипатына қарамай, құтқарушылардың 30%-ының психикасында ауытқулар болады. Апат психиатриясының тәжірибиесіне сүйенсек, психикалық аурулардың пайда болуы ТЖ ғана байланысты емес, тұлғаның оны қабылдауына, қобалжуына, түсінуіне байланысты болады. Кез келген жағдай тұлғалық тұрғыдан маңызды болып қабылданып, аталған тұлғаның қобалжуы оның жеке компенсаторлық ресурстарынан басым болса, онда жағдай көп факторлы құбылыс ретінде психологиялық-психиатриялық түрде төтенше болып көрінуі мүмкін.

8.4. ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ

Медициналық-психологиялық қорғау — зақымдаушы факторлардың тұрғындар мен құтқарушыларға тигізетін әсерін алдын алу және барынша әлсірету мақсатындағы кешенді шаралар жүйесі. Ол төмендегі міндеттерден тұрады:

- зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету үшін тиісті құралдарды тікелей пайдалану және оларды қолдануға үйрету;
- ТЖ зақымдайтын факторларының теріс әсерлерін алдын алу немесе төмендету бойынша санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды өткізу;
- ТЖ ошақтарында алдын алу және болдырмауға бағытталған ТЖ кезінде және одан кейін тұрғындар мен құтқарушылардың психологиялық дайындығын, бейімделу механизмдерін төмендетуге және күйзелісті жағдайларды жоюға қатысу.

8.4.1. Үрей реакцияларының алдын алу және болдырмау

Үрей (паника) — қорқыныш сезімі, адамдар мен топтарды, кейін бір ортаны түгелдей қамтып, бақылау мүмкін болмайтын процесс. Өтіп жатқан жағдайды қабылдау эмоционалдылығы күрт артады, адамдарда өз істеріне жауап беру қабілеті төмендейді. Адам болған жағдайды дұрыс түсіне алмағандықтан саналы шешім қабылдай алмайды. Мұндай жағдайларда өзін-өзі саналы түрде басқару деңгейі жоғалады және қорқыныш сезімі билеген адамдар автоматты түрде санасыз әрекеттерге барады. Мұндай адамдар өзін-өзі ұстаудағы шеберлігімен және сөйлеу шешендігімен жиналғандарды өздеріне тартады, қорыққан көпшілік жағдайды бағаламаған күйде оның сонынан «көзсіз» ереді. Көпшілік мұндай байбалам салғыштарға еліктеп, оларда «үйірлі инстинкт» пайда болады. Төменде үрейдің алдын алуға ықпал ететін факторлар тізімі берілген.

Алдын алу шаралары және туындаған үреймен күрес

- Адамдар санасында қауіпсіздікті, сондай-ақ апатты және төтенше жағдайлардың алдын-алуда дұрыс шешім қабылдауды қамтамасыз етуге және тәрбие жұмысын жүргізуге оқыту.
- Қауіпті еңбек түрлеріне, әсіресе өндірістік ұжым басшыларына тұлғаларды кәсіби таңдау. Қауіпті өндірістік орындарында істейтін адамдар төмендегі критерийлерге сәйкес келуі керек:
 - ТЖ қызметіне психологиялық тұрғыдан дайын болу;
 - ТЖ алдын алу бойынша өз міндеттерін білуі тиіс;
 - жазым оқиға туындағанда ғана емес, сондай-ақ көпшілікті басқарғанда өзінің әрекеттерінің сипатына жауапкершілік арту.
- Болған жағдай туралы тұрғындарды нақты, сендіретін ақпараттармен қамту.
- Алғыр адамдардың дер кезінде еркін шешім қабылдауы.
- Адамдарды байбаламшылдардың «қолбасшысынан» айырып алу тәсілі ретінде жұмыстың жалпы барысына тарту.

8.4.2. Тұрғындар мен құтқарушылардың медициналық-психологиялық дайындығы

Кез келген адам төтенше жағдайда қалуы мүмкін. Ішкі дүниесіндегі (мобилизация, немесе, керісінше әлсіздік) көріністер оның рухани-психологиялық ұстамдылығына байланысты. Болған жағдайды анық түсініп, нақты шешім қабылдай алу адамның психикалық дайындығына байланысты.

Құтқару жұмыстарын қай мезгілде болмасын сапалы өткізу құтқарушылардың рухани-психологиялық ұстамдылығына байланысты.

Психологиялық дайындығы төмен адамдар қорқыныш сезімінен апатты аймақтан қашуға тырысса, өзгелер — психикалық шоктан бұлшықеттері тартылды. Бұл кезде дұрыс ойлау қабілеті төмендеп, адам ерік сезімін бақылаудан айрылады; жүйке жүйесінде (қозу немесе кідіру) кезек-кезек көрініс береді.

Қауіптің аяқ астынан шығуы, апаттың немесе төтенше жағдайдың сипатын, сондай-ақ болған жағдаймен күресудің тәжірбесін білмеу, әлсіз рухани-психологиялық дайындық — осының бәрі психикалық шиеленісті қалыптастырады.

Осылардың алдын алу үшін құтқарушылардың шұғыл жағдайларға дер кезінде дайын болуы үшін, психикасының ерік жігерінің шыдамдылығын арттыру үшін үлкен дайындықтар қажет. Сондықтан психологиялық дайындықтың негізгі мәні қажетті психологиялық қасиеттерді дайындау және бекіту болып табылады. Басты мақсат нақты бір аймақта, елді мекенде немесе нысандарда орын алатын шынайы жағдайларға үйрету. Айрықша маңыздысы, ауыр және қатерлі жағдайда өзін-өзі ұстау, салқынқандылық таныту аса қажет. Бұл қабілеттерді сөзбен емес, нағыз апат аймағында болу арқылы ғана нығайтуға болады. Тек тәжірибе арқылы ғана ерік-жігерді, қажетті дағды мен психологиялық қажырлықты игеруге болады.

Осы себептерге сәйкес тұрғындармен сабақ өткізгенде, сондай-ақ жеке құраммен жұмыс істегенде тек кенеспен, кино, видеофильмдермен шектелмеген жөн. Кездесуі ықтимал болатын құтқару жұмыстарының әдіс-тәсілдерін іс жүзінде құрастырған жөн. Әрбір жана тәсілді саналы түрде көп рет қайталап, қажетті жаттығуларды жүргізу қажет.

Ұжымның, ұйымдар мен мекемелердің психологиялық-шыдамдылығы, төзімділігі, сабырлылығы, қойылған мақсаттарға жетудегі талпынысы, өзара көмек пен әрекеттесу секілді дайындықтары маңызды болып табылады. Мұндай дайындықты құрылым мен жағдайды саралай отырып жүргізу қажет. ТЖ әр түрлі макет үлгілерін, жарақаттанған адамдар муляждарын қолданып, ТЖ ұқсас келетін оқытуларда жүргізу қажет.

Адамдардың психологиялық дайындық деңгейі — маңызды факторлардың бірі. Апат басындағы кішкентай ғана қорқыныш пен абыржу сезімдері, стихиялық апат кезінде ауыр, кейде, тіпті орны толмайтын жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Ең алдымен бұл лауазымды тұлғаларға қатысты, олар тез арада ұжымды жұмылдыру шараларын жүргізіп, өздерінің тәртібі мен шыдамдылығын көрсетулері қажет. Өз күшіне

сенбеу, ұжымның күші мен мүмкіндіктеріне сенбеу, қайрат-жігерді түсіреді.

Тұрғындарды дайындау — мемлекеттік міндет. Бұл дегеніміз, оқыту мен рухани-психологиялық дайындық жаңа сапалы деңгейге көтеріліп, ұйымдасқан, жаппай сипатта болып, бірге жүргізілуі тиіс.

РФ Үкіметі 1995 жылғы 24 маусымдағы қаулысында «ТЖ қорғау саласында тұрғындарды дайындау тәртібін» анықтады. Мұндай дайындық жалпы, мемлекеттік масштабқа ие болуы қажет. Оны жас және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай, мектеп жасына дейінгі мекемелер мен жұмыс істемейтін тұрғындар арасында жүргізу қажет. Оқитын жастардың дайындығын, оқу уақытында арнайы бағдарламаларға сай оқу орындарында жүргізу қажет.

Ұйымдар мен мекемелерде олардың ұйымдық-құқықтық формаларына қарамай, тұрғындардың дайындығын тексеру, ТЖ кезінде саналы шешімдер қабылдай білуі үшін ұдайы топтық-штабтық, арнайы-тактикалық кешенді оқытулар мен жаттығулар жүргізу керек.

Рухани-жауынгерлік және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруда — бастама, әрекет ету жылдамдығы, батылдық, қорқыныш пен үрейге төтеп беру қайтадан қабылданған Ресей оқу жүйесінің кез келген төтенше жағдайында маңызды ажырамас бөлігіне айналуы қажет.

8.4.3. Туындаған жүйке-психикалық бұзылыстардың психотерапиясы

Психологиялық қалпына келтіру шараларына төтенше жағдайлардың барлық құрбандары, сонымен қатар медицина қызметкерлері мен құтқарушылар қатысады. Психологиялық жәрдемді әр түрлі мамандар: дәрігерлер (психиатр, психотерапевт) және психологтар көрсетеді. Түрлі елдердегі тәжірибе, психологиялық көмекті кешенді түрде дәрігерлер мен психологтар (медико-психологиялық көмек) ынтымақтастықпен жүргізгенде жемісті болмақ.

«ТЖ психологиялық және психиатриялық көмек көрсету туралы» (2002) Заң негізінде зақымдаушыларға «сенім телефоны», әлеуметтік-психологиялық кабинеттерді пайдалану, мамандырылған медициналық көмек көрсететін психотерапевтік бригадаларды пайдалана отырып, көмек көрсетіледі.

«Сенім телефоны» бөлімшелерінде ТЖ зардап шегушілермен «ыстық линия» режимімен күндіз-түні, үзіліссіз, жұмыс істейді. «Ыстық линия» телефон номерлерін ТЖ кезінде тұрғындарға бұқаралық ақпарат құралдары хабарлайды.

Денсаулық сақтау мекемелерінің әлеуметтік-психологиялық көмек беру кабинеттері күнде, күндіз-түні жұмыс істейді. Олардың тапсырмасына ТЖ орталығында, ТЖ кезінде жүйке жүйесі бұзылған жандарға амбулаториялық көрсету кіреді.

Денсаулық сақтау ұйымдарының күйзеліс орталықтары күнде, үзіліссіз күндіз-түні жұмыс жасайды. Олардың ең басты атқаратын қызметі ТЖ пайда болған жүйке жүйесі бұзылған жандарға стационарлық көмек көрсету.

Денсаулық сақтау мекемелерінің жедел психиатриялық көмек көрсететін дәрігерлік және фельдшерлік бригадасы күнде және күндіз-түні, әлеуметтік психологиялық жәрдем беретін, күйзеліс орталықтары, психоневрология диспансері мен психиатрия ауруханаларының диспансерлік бөлімшелерімен және кабинеттерімен байланыста жұмыс істейді.

Психотерапиялық бригадалар ТЖ салдарын жоюға қатыса отырып, төмендегі міндеттерді орындайды:

- жүйке-психика бұзылысынан зақымданғандарға медициналық сұрыптауды ұйымдастыру және жүргізу;
- зақымданғандарды ошақтан тез арада және уақытында көшіру;
- шұғыл және мамандандырылған психотерапиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- ТЖ аймағына жақын орналасқан стационарларда кезек күттірмейтін мамандандырылған психотерапиялық көмек көрсету және ұйымдастыру;
- реабилитациялық іс-шаралар мен емдеуді үйлестіру.

Медициналық сұрыптауды жүргізгенде **зақымданушылар тобын** төмендегідей бөледі:

- 1 топ — өзіне және басқаларға қауіп төндіретіндер. Қозу немесе ступормен бірге психогенді аффектілік-шок реакциясы. Көңіл күйдің жабырқауы, бұрынғы психикалық аурулардың козуы, агрессияшыл және суицидті жағдай;
- 2 топ — алғашқы дәрілік көмекті қажет ететіндерге арналған іс-шаралар. Егер, бұл топтағыларға терапия тиімділігі аздық етсе, олар психоизоляторға жіберіледі;
- 3 топ — тез арадағы медициналық кешенді қажет ететіндер, психоневрологиялық емдеу мекемесінде болуы керек адамдар;
- 4 топ — психикалық бұзылыстардың ең жеңіл түрі. Ауырғандарға тыныштандыратын дәрілер екеннен соң, аздаған демалыстан кейін қызметіне кірісе алатын емделушілер.

Медициналық сұрыптауды жүргізу үшін төмендегі критерийлер пайдаланылады:

- саналы күйі (бұзылыстың болуы немесе болмауы);
- қозғалыстың бұзылуы (психомоторлық козу немесе ступор);
- эмоциялық жағдайдың ерекшеліктері (козу, депрессия, қорқыныш, үрей).

Зақымдалушыларға кезек күттірмейтін көмек көрсету төмендегі шаралардан тұрады:

- санасы ауытқыған жағдайда және зақымдалушылармен қатынасын үзбеген жағдайда ауруды басу;
- психогенді немесе депрессиялық ступорды басу;
- құрысуды немесе эпилептикалық ұстаманы басу;
- күрделі абстиненция, делирияны басу;
- өршіген жіті психотикалық жағдайды басу.

Жүйке ауытқуын дәрі-дәрмекпен емдеудің басты мақсаты — нейрорепрессанттарды, транквилизаторларды, антидепрессанттарды қолдана отырып, жіті жағдайды басу. Көшіру кешіккен жағдайда зақымдалушыға қайталап және көшіру шараларының алдында 20—30 мин бұрын инъекция салады.

Жақын маңда орналасқан емдеу мекемелеріндегі мамандандырылған психотерапиялық көмек көлеміне келесі емдеу-алдын алу шаралары кіреді:

- психикалық бұзылыстармен жергілікті жерде емделуге қалған адамдарға психиатриялық көмек ұйымдастыру;
- психикалық ауытқулармен зардап шегетіндерге дәрі-дәрмектер дайындау, емдеу мекемесіне тасымалдау.

Негізгі тапсырмаларды орындағаннан соң аумақтық денсаулық сақтау органдарының жарлықтарына сай бригадалар төтенше жағдайларға жақын аймақтағы емдеу мекемелерінде мамандандырылған психотерапиялық көмекті зақымданушылармен ликвидаторларға (кашар қорғаушыларға) көрсету мақсатында қалуы мүмкін.

Барлық адамдар, қозғалысы нашар, ойлау, естен тануға ұшырағандар, анық күйзеліске ұшырағандар алғашқы дәрігерлік көмектен соң, психоневрологиялық емдеу мекемесіне жіберіледі. Негізгі топты зақымданушылардың (сынған, күйген, уланған, радиациямен зақымданған) психикалық күйзеліске ұшырағандары қамтиды. Оларды жүйке психикалық бұзылыстарын алдын алуға бағытталған қажетті көмектен соң, тиісті ауруханаларға тасымалдау қажет.

Эмоциялық бұзылыстардың айқын белгілерімен зақымданғандар медициналық тасымалдаудың алғашқы кезеңінде аздаған уақытқа

(1 тәулікке дейін) дәрігерлік бақылауда ұстайды. Жағдайы жақсарған соң күнделікті жұмысына оралады. Бұл топты анықтаудың мәні көптеген себептерге байланысты ерекше:

- бұл құтқару және кезек күттірмейтін қалпына келтіру жұмыстарына адамдарды көптен тарту, құтқару жұмыстарын қамтамсыз ету;
- емдеу базасына зақымданушыларды көлікпен тасымалдау тиімсіздігіне жол берілмейді;
- психоневрология ауруханаларында жүктеу төмендейді.

Жедел психологиялық көмек көрсететін орталықтардың (ЖПККО) және медицина мамандарының қызметінде (психиатр, психотерапевт) келесі шаралар жүргізілуі тиіс.

- Төтенше жағдайлар ошағындағы зақымданғандарға госпиталға дейінгі алғашқы дәрігерлік көмекті көрсету. ТЖ ошағында бұл көмекті ТЖ ошағына өзге қызметтерден бұрын жететін медицина мамандары жасайды. Егер апат аймағында медицина мамандары болмаған жағдайда мобильді қызмет атқаратын медицина мамандары (ЖЭККО) ТЖ ошағында алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді.
- ТЖ ошағында зақымданғандарға госпиталға дейінгі көмек көрсету. Мамандырылған психиатрлық және психотерапевтік көмек көрсетуді мамандар ТЖ ошағында барлық зардап шегушілерге (зардап шегушілерге тек алғашқы зақымдалғандар ғана емес, сонымен қоса екінші рет жаракаттанғандар, әр түрлі қызметтегі мамандар, туыстары т.б. жатады) жүргізеді.
- ТЖ келесі сатысында (төтенше жағдайлардың күйзелісті факторлары тоқтағаннан кейінгі) зақымданғандарға мамандандырылған психиатриялық және психотерапевтік көмек көрсету.

Психикалық дезадаптация жағдайындағы зақымданғандармен психотерапиялық жұмыс жүргізу кезіндегі апат және стихия жағдайында жеке жағдайын бағдарлау арқылы жасалатын психотерапияны қолдануға болады. Мұндай психотерапияны жеке және топтық формаларда пайдаланады. Оның жалпы мақсаты — пациенттің мінез-құлқын (өзін-өзі тану процесін қоса), бұзылыстармен толыққанды психологиялық және әлеуметтік қызмет етуін күрделендіретін өзінің бұрыс эмоциялық әрекеттерін түсіну және түзету үдерісін зерттеу.

Психикалық дезадаптация құбылыстарын шеттеуге арналған тәсілдер тобының тағы бірі — симптомдық, психотерапиялық ықпал. Оларға иландыру, өзін-өзі сендіру, оған қоса аутогенді жаттығулар және оның түрлері, Куэ бойынша сендіру жатады.

Невротикалық реакциялар кезіндегі емдеудің басты мақсаты — психогенді жағдайда адамның өмірі мен қызметін үйлестіріп, үрей мен қорқынышты сейірту. Ол үшін психотерапия мен әмбебап тыныштандырғыш әсерге ие транквилизаторлар, антидепрессанттар пайдаланылады. Тәжірибеде, бұл жағдайларда аса тиімді әдіс когнитивті психотерапия. Әдіс апаттың ең қорқынышты және маңызды көріністері мен оқиғалары туралы баяндауды қажет ететін зардап шегушілердің жағдай ерекшелігін ескереді. Сұрақ қою, шын ықыласпен тыңдау, апаттың ең жағымсыз сәттері туралы сөйлесу зақымданғандардың аффективті қысымын азайтуға, эмоцияларын жинақтауға және алға қойған мақсаттарына талпынуына мүмкіндік береді.

Невротикалық бұзылулардың жеңілдету және жою үшін аутогенді жаттығуды, өзін-өзі ұстау тәсілдерін және т.б. қолданады. Гипносуггестия арқылы неврологиялық аурулардың барлық түріне (уайым, қорқыныш, астения, депрессия, нейровегетивті және нейро-соматикалық және басқа да бұзылыстарға) әсер етуге болады.

Аутогенді жаттығу әдісі көбінесе неврастениялық бұзылыстар кезінде (жалпыневротикалық симптоматика, нейровегетивті және нейросоматикалық синдромдар) ұсынылады: ұйқының бұзылуы, қорқыныш пен уайым анық байқалатын фобияда басым болады.

Наркопсихотерапия тәсілін белгіленген истерикалық моносимптомдарды жою мақсатында, фобиялық бұзылыстарда суггессивті ықпал ету үшін пайдаланады.

Обсессивті-фобиялық бұзылуларды емдеуде тәлім-тәрбие әдістері нәтиже береді. Ауру тудыратын жағдайда арнайы әзірленген функционалды жаттығу жүйесінің көмегімен қорқынышты сейірту тәсілдері науқастарды кешендік емдеу-қалпына келтіру жұмыстарымен бірге жүргізгенде нәтижелі.

Тиімді психотерапияны өз алдына, кейде басқа да әдістермен біріктіріп кең түрде қолданады. Әдіс науқастың ойлау қабілетіне әсер ету арқылы, кейде емдеу факторына дәрігердің дәрежесі, атағы, сендіре білу, түсіндіру, ойын біле білу сынды қасиеттері де әсер етеді.

Осылайша, біздің өмірімізде түрлі экстремалды факторлардың, яғни, физиологиялық (ауыру, шамадан тыс физикалық жүктеме), сондай ақ психологиялық жағдайлардың (қауіп, қорқыту) маңызы зор.

Адамдардың қысылтаян жағдайлардағы психикалық ахуалы мен мінез-құлқын дұрыстау үшін лайықты психологиялық дайындықтар қарастырулы керек. Адамдардың ТЖ психикалық ахуалын зерттеу колданбалы психологияның заманауи бағыттарының бірі — экстремалды оқиғалар психологиясының негізгі міндеті болып саналады.

Бүгінгі таңда адамдардың қысылтаян жағдайлардағы психикалық ахуалы мен мінез-құлқын бағалауға байланысты мәселелерді зерттеу заман талабы болып отыр. Мұндай жағдайлар бірден көп адамдарда болуы мүмкін және мұндай жағдай құтқару және қалпына келтіру жұмыстарында берекесіздік туғызады. Сондықтан да зардап шегушілердің психикалық жағдайы шұғыл түрде тексеріліп, ауытқулар дер кезінде анықталып, қажетті медициналық, психологиялық қорғау шаралары жасалуы қажет.

Бақылау сұрақтары

1. ТЖ психотравмалық факторлары.
2. ТЖ факторларының ықпалына душар болған адамдардың эмоциялық және физиологиялық жағдайының кезеңдері.
3. Жүйке-психикалық бұзылыстардың даму динамикасы; реакция мен психогенді бұзылыстардың жіктелуі.
4. Стихиялық апаттар кезіндегі тұрғындардың жүйке-психикалық бұзылыстарының даму ерекшеліктері.
5. Тұрғындардың лаңкестік әрекеттер кезіндегі жүйке-психикалық бұзылыстарының даму ерекшеліктері.
6. Кәсіби қызметі барысында құтқарушы организмнің функционалды резерв деңгейінің өзгеру фазалары.
7. Үрей реакцияларының алдын алу және жою.
8. Тұрғындар мен құтқарушыларды медициналық және психологиялық жағынан дайындау.
9. ТЖ салдарын жоюға қатысатын психотерапиялық бригадалардың міндеттері.
10. Психотерапия тәсілдері туралы негізгі ұғымдар.

9-Тақырып

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 9.1. Тұрғындарды төтенше жағдайларда санитарлық-эпидемияға қарсы қамтамасыз етудің анықтамасы, мақсаттары мен міндеттері.
- 9.2. Төтенше жағдайларда санитарлық-гигиеналық шараларды ұйымдастыру.
- 9.3. Төтенше жағдайларда эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру.
- 9.4. Бақылау және зертханалық тексеру жүйесін ұйымдастыру және оның міндеттері.

9.1. ТҰРҒЫНДАРДЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ АНЫҚТАМАСЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТЕРІ

Авария, апат және стихиялық жағдайларда ТЖ аудандарындағы санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық ахуал барынша қиындап кетеді. Бұған төмендегідей жағдайлар себеп болады:

- тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың қирауы;
- су құбырлары мен канализацияның және тазарту құбырлары, тұрмыстық-қызмет және өндірістік кәсіпорындардың бұзылып, қирауы;
- адамдардың түрлі топтарының көптеп көшіп-қонуы;
- адамдардың жұқпаларды қабылдағыштығының өзгеруі;
- санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-сауықтыру мекемелерінің апат аймағында қалуы және істен шығуы;

9.1. Тұрғындарды төтенше жағдайларда санитарлық-эпидемияға қарсы қамтамасыз... 167

- адам және жануар өліктерінің көп болуы;
- кеміргіштердің көбеюінен табиғатта зоонозды жұқпалы ошақтардың артуы.

Жоғарыдағы себептер санитарлық гигиеналық жағдайды едәуір қиындатып, көптеген жұқпалы аурулар бойынша эпидемиялық жағдайды ушықтырады.

Осыған байланысты санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар — жалпы мемлекеттік апаттар медицинасы жүйесінің маңызды бөлігі, төтенше жағдайлар салдарын жою және халықты медициналық қамтамасыз ету жүйесінің аса маңызды тармағы.

ТЖ кезінде санитарлық-эпидемияға қарсы қамсыздандыруға жұқпалы аурулар туындауының алдын алуға және жоюға, халық денсаулығын қорғау және жұмыс қабілетін арттыруға бағытталған ұйымдық, құқықтық, медициналық, гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар кешені кіреді.

ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюда тұрғындарды санитарлық-эпидемиологиялық қамтамасыз ету шаралары **үш бағытта** жүргізіледі:

- санитарлық-гигиеналық шаралар;
- эпидемияға қарсы шаралар;
- қоршаған ортаны бақылау.

Нақты бір санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды анықтау үшін апаттың, стихиялық элементтің алуан түрлерінің және ТЖ барлық салдары мен факторлары кешенінің санитарлық-эпидемиялық жағдай сипатына, сондай-ақ жұқпалы аурудың қандай да бір формадағы эпидемиялық процесінің динамикасына ықпал ету ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бұл мәселелерді шешуде үлкен міндет аймақтың мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық бақылау орталығы мен санитарлық-эпидемиология қызметі мекемесіне жүктеледі.

Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар үкімет органдары қызметінің маңызды түрі, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдары мен басқа да қызметтердің, күнделікті өмірде, ТЖ бола қалған жағдайда, соғыс және бейбіт кезде олар келесі міндеттерді шешуге бағытталады:

- тұрғындардың денсаулығын нығайту және сақтау, аурулардың алдын алуы;
- тұрғындардың арасында жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу;
- жұқпалы аурулар анықталған жағдайда оларды тез арада жоюға ат салысу.

9.2. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Санитарлық-гигиеналық шаралар — ТЖ аймағында тұрғындар мен қатысушылардың денсаулығын сақтау, ТЖ салдарын болдырмау мақсатында жүргізілетін шаралар жиынтығы. Олардың негізгілері:

- денсаулық жағдайын медициналық бақылау;
- орналастыру шарттарын санитарлық қадағалау;
- тамақ, су көздерін санитарлық қадағалау;
- кір жуатын, жуынатын қызметтерін санитарлық қадағалау;
- аумақтың санитарлық жағдайын бақылау.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ТЖ аймағында келесі санитарлық-гигиеналық шараларды ұйымдастырып жүргізеді:

- тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер ететін зиянды факторларды анықтау, аймақтың санитарлық-гигиеналық жағдайын бағалау және ұйымдастыру;
- ТЖ аймағындағы тұрғындардың орналасу жағдайына, оларды тамақпен, сумен, жуыну-кір жуу қызметтерімен санитарлық бақылау жүргізу және ұйымдастыру;
- тұрғындарды, апат салдарына қатысушыларды, қираған ғимараттардың қызметтерін қорғау шараларын ұйымдастыру;
- ТЖ аймағындағы тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды нысандарды санитарлық бақылау;
- ТЖ салдарын жоюға қатысушыларды арнайы киіммен қамтамасыз ету, қорғану құралдарын дұрыс пайдалануды, құрылымдар мен мекемелер жеке құрамының денсаулық жағдайын медициналық бақылау;
- аумақты санитарлық жағдайын бақылауға, оны дер кезінде тазартуға, өлген адамдар мен жануарлардың өліктерін залалсыздандыру және қадағалауға қатысу;
- ТЖ аймағында қираған нысан қызметкерлері мен құтқару жұмысына қатысушылардың өзін-өзі ұстау тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

Егер де су құбырлары мен желілері істен шыққан жағдайда халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі, орталық сумен қамтамасыз ету мәселесін қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда апат аймағына суды тасуды ұйымдастыруды шешеді. Мамандар су қоймасын таңдауға қатысады, қажеттілігіне қарай суды залалсыздандырып, автоцистернамен ұйымдастырады, ауыз судың құрамындағы хлор қалдығы судың сапасын іріктеп бақылауды іске асырады.

Канализациялардың, тазалау құралдары мен желілерінің істен шығуы, ағын сулардың жерді шаюы, ашық су қоймаларына өтуі кезінде шұғыл шараларды жүзеге асыру, жөндеу-қалпына келтіру және таза емес ағынды суларды тоқтату жұмыстары белгіленеді, су қоймаларындағы судың сапасы бактериологиялық тұрғыдан тексеріліп отырады.

Тағам сақтау нысандарын зерттеу шараларын өткізуді ұйымдастырғанда тағамның, азық-түліктің улануы мүмкіндігін анықтайды. Санитарлық-эпидемиологиялық отряд мамандарымен келісіп, апатты аймақта уақытша тамақтану бекеттерін ұйымдастырып, оларды жабдықтау жұмыстарын жүргізеді.

Тұрғындар арасында сумен және тамақпен жұғатын өткір ішек ауруларының алдын алу мақсатындағы шараларды жүргізуге үлкен көңіл бөлінеді. Тұрғындар мен жеке құрамның уақытша тұру орындарында халықты уақытша жайғастыру қызметтерін ұйымдастыру шаралары, су және азық-түлікпен қамтамасыз ету, коммуналды-тұрмыстық қызметтерді ұйымдастыру шаралары жүргізіледі.

9.3. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Эпидемияға қарсы шаралар төтенше жағдайлар және оған жақын орналасқан аймақтардағы жұқпалы ауруларды болдырмауға, олардың қоздырғыштарын уақытында анықтауға, ауру тасымалдаушы адамдарды оқшаулауға, басқалай жұқпалы аурулардың алдын алуға, түрлі экстремалды факторлардың адамдарға әсерін азайтуға бағытталуы тиіс. Ауа райы мен жер жағдайына, жыл мезгіліне және апат түріне, стихиялық жағдайларға қарай тұрғындар арасында вирусті гепатиттің, дизентерияның, іштің өткір жұқпалы ауруларының, табиғи-ошақтық аурулардың (сібір ойық жарасы, оба, туляреция, лептоспироз және т.б.) жаппай таралуын күтуге болады. Басқа да аурулардың пайда болуы мүмкін, сондықтан тұрғындардың санитарлық жағдайын және қолайсыз санитарлық құбылыстардың алдын алу шаралары қажет.

Эпидемияға қарсы шаралар — жұқпалы ауруларды болдырмау мен оның таралуының алдын алу және ол туындаған жағдайда тез арада жою шараларының кешені.

Эпидемияға қарсы шараларды **екі топқа** бөледі:

- жұқпалы ауруларды болдырмау және жайылуының алдын алу шаралары;
- ТЖ аймағындағы халық арасында эпидемиялық ошақтарды жою бағытындағы шаралар.

Эпидемияға қарсы негізгі шаралар мыналар:

- тұрғындарды қаладан тыс жерлерге тасымалдау және орналастыру үшін санитарлық-эпидемиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- елді мекендердің санитарлық-эпидемиялогиялық жағдайын зерттей отырып, эпидемиологиялық бақылау жүргізу;
- жұқпалы аурумен ауыратындарды анықтау, оларды оқшаулау және емханаға жатқызу;
- жұқпалы аурудың созылмалы формаларымен зардап шегетіндерді есепке алу және санациялау;
- жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында екпе егу, басқа да химиялық дәрі-дәрмектерді пайдалану;
- жұқпалы ауруларды тасымалдаушылармен және кеміргіштермен күрес.

ТЖ кезіндегі медициналық-санитарлық тұрғыдағы күрделі жағдай халық арасындағы жұқпалы аурулардың эпидемиялық ошақтарының пайда болуымен болады. Олар келесі **ерекшеліктермен** сипатталады:

- зақымданғандар арасында жұқпалы аурумен ауыратындардың болуы және жұқпалы аурудың тездеп тарау мүмкіндігі;
- ТЖ аймақтарында жұқпалы ауруларды тарататын қоздырғыш механизмдердің белсенділігі;
- анықталмаған қоздырғыштардың зақымдау әрекетінің ұзақтығы және ұзақ әсер ететін ошақтардың болуы;
- жұқпалы ошақтарды анықтау мен белгілеудің қиындығы;
- анықталмаған жұқпа қоздырғыштарымен тұрақты қатыста болу нәтижесінде инкубациялық кезеңнің қысқа болуы және қоздырғыштардың жұқпалылық мөлшерінің үлкендігі.

ТЖ аймағындағы жұқпалы аурулардың эпидемиялық қауіптілігін бағалау үшін барынша **маңызды факторларды** ескерген әдістеме ұсынылады:

- жұқпалы агенттің **патогенділігі**;
- өлімге әкелуі;
- жұқпалылық (жұғудың анық белгісі);
- мүмкін болатын санитарлық шығындардың және ауырғандардың саны;
- қатысқан адамдардың саны және оларды оқшаулау қажеттігі;
- эпидемия аймағының көлемі (денгейлері: локалды, жергілікті, аумақтық, аймақтық, федералды).

ТЖ кезіндегі эпидемиялық процесс өзіндік ерекшеліктерге ие, алайда оның заңдылықтарының дамуы бұзылуы мүмкін. Ең алдымен, бұл жұқпалы

аурулардың қоздырғыштарына, олардың табиғи тіршілік ететін (мекен ету, көбею және жиналу) орындарына қатысты. Апат аймағында жұқтыру көзін анықтау қиын, себебі қоздырғыштың тіршілік ететін мекендері өзгеріп және үнемі кенейіп тұрады. Сондықтан апат аймағында бір мезгілде бірнеше эпидемия ошағының түрлі назологиялық түрі пайда болады.

Эпидемиялық ошақтар пайда болған жағдайда оған қарсы жасалатын негізгі шаралар:

- тіркеу және хабарлау;
- эпидемиологиялық тексеру және санитарлық-эпидемиологиялық барлау;
- ауырғандарды анықтау, оқшаулау және емханаға жатқызу;
- режимдік шектеу шаралары;
- жалпы және арнайы шұғыл профилактика;
- эпидемия ошақтарын залалсыздандыру (дезинфекция, дезинсекция, дератизация);
- бактерия тасушыларды анықтау және зақымдалған тұрғындарды қатаң медициналық бақылауға алу;
- санитарлық-түсіндіру жұмыстары.

Тіркеу және хабарлау. Ауырғаны анықталған және анықталмаған сезікті адамдардың барлығы арнайы есепке алынады. Ауру жұқтырғандығы анықталған науқас жөнінде ауданның (қала) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталығының бас дәрігеріне хабарлануы тиіс. Жоғарғы дәрежедегі жұқпа туындағаны туралы мәліметті апат аймағына және оған жақын орналасқан аумаққа жұқпалы аурудың ережесін түсіндіре отырып, хабарлайды.

Эпидемиологиялық тексеру және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау. Әрбір жұқпалы ауруларды тексергенде, мұқият дерек көздерді тапқанға дейінгі негізгі шараларды жүргізе отырып, аурудың жайылмауының алдын алу мақсатында жүргізу керек. **Ошақты эпидемиологиялық тексеруде** келесі жұмыстар қатары жасалады:

- эпидемиологиялық белгілеріне қарап аурудың серпіні мен құрылымын талдау;
- апат аймағында қалған тұрғындардың эпидемиологиялық жағдайын, оларды орналастыру мәселесін нақтылау;
- науқастар мен сау адамдарды тексеру және сауалнама жүргізу;
- сыртқы ортаны шолу немесе зертханалық тексеру;
- қатерлі ошақтағы санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық жағдайды экономикалық тұрғыдан нашарлататын нысандарды анықтау;

- медицина (ветеринар) қызметкерлерімен, жергілікті тұрғындардың өкілдерімен сауалнама жүргізу;
- елді мекендердің, су көздері мен тұрмыстық қызмет көрсету және тамақ дайындау мекемелерінің санитарлық жағдайын тексеру;
- материалдарды өңдеу және нақты жұқпаның эпидемиясы туралы қолда бар деректерге сай себеп-салдарлық байланысын анықтау.

Санитарлық-эпидемиологиялық барлау — ТЖ аймағындағы санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық жағдай туралы мәліметтер беру және жинау. Санитарлық-эпидемиологиялық барлау міндеттеріне келесі жұмыс түрлері кіреді:

- жұқпалы аурулардың таралу және өрнеуінің сипаттамасы, ауруларды оқшаулау және анықтау;
- ТЖ аймағындағы белсенді табиғи-ошақты жұқпалы ауруларды, жабайы және үй жануарлары арасындағы (белгілі бір аумаққа тән) ауруларды анықтау;
- ТЖ аймағындағы, оған енетін елді мекендер мен су қоймалары, экономикалық-тұрмыстық, санитарлық емдеу және санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің санитарлық-гигиеналық жағдайын зерттеу;
- ТЖ аймағында қалған жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарының эпидемия ошағындағы жұмысшылар үшін күші мен қаражатын пайдалану мүмкіндігін бағалау.

Санитарлық-эпидемиологиялық барлау тобының құрамына дәрігер-гигиенист, дәрігер-эпидемиолог, зертханашы, жүргізуші кіреді.

Ауданның санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы. Алынған мәліметтердің негізінде ауданның жағдайын бағалауға болады. Ол қолайлы, тұрақсыз, қолайсыз, төтенше деп бағалануы мүмкін.

• **Қолайлы жағдай:**

- өршітін жұқпалы аурулар тобының және карантинді инфекциялардың болмауы;
- бір-бірімен байланысы жоқ белгілі аралықта көрінетін аурудың инкубациялық кезеңін арттыратын, жеке-дара жұқпалы аурулардың көрінуі;
- эпизоотикалық ахуалдың адамдарға қауіп төндірмеуі;
- аумақтың, сумен қамтамасыз ету нысандарының санитарлық жағдайы қанағаттанарлық болуы;
- тұрмыстық жайлылық.

• **Тұрақсыздық жағдайы:**

- жұқпалы аурулардың немесе топтық аурулардың белгісіз пайда болуы мен таралу деңгейінің өсуі;
- бір-бірімен байланысты немесе аталған аумақтан тысқары ауру көзі бір жеке-дара жұқпалы ауруларды анықтау, қанағаттанарлық санитарлық жағдайда эпидемияға қарсы кешенді шараларды сапалы жүргізу.

• **Қолайсыз жағдай:**

- ауру жұқпалы аурулардың ТЖ аймағында немесе эпидемия ошағында, жақын-маңдағы көрші аймақта әрі таралуының топтық көрінуі;
- этиологиясы белгісіз көптеген аурулар;
- аса ауыр жұқпалы аурулар арқылы жеке-дара түрлерінің пайда болуы.

• **Төтенше жағдайлар:**

- зақымдалған тұрғындар арасында ауыр жұқпалы аурулардың қысқа мерзімде тез арада өсуі;
- қатерлі ауыр жұқпалы аурулармен топтық ауру немесе қайталап аурулардың болуы;
- ТЖ аймағында табиғи-ошақты қатерлі жұқпалы аурулардың адамдардың арасында көріну белсенділігі.

Ауырғандарды анықтау, оқшалау және ауруханаға жатқызу. Аурудың алғашқы белгісі анықталған ұжым мұқият бақылаудың нысаны болуы керек. Аурулардың қатарына (дизентерия, бөртпе сүзегі, қызамық т.б.) қызмет көрсетілетіндер үшін күнделікті тексеру және сауалнама ұйымдастыру қажет, егер жұқпалы ауруға күдік болған жағдайда науқасты оқшаулап, ауруханаға жатқызу қажет.

Дер кезінде науқасты ұжымнан бөлектеу түбегейлі шара болып табылады, жұқпалы аурудың жайылуынан сақтайды.

Тәртіптік-шектеу қою шаралары. Жұқпалы аурулардың және эпидемиялық ошақтар пайда болған жағдайда олардың таралуының алдын алу мақсатында тәртіптік, шектеу және медициналық шаралар шаралар кешені жүзеге асырылады, олар инфекцияның эпидемиологиялық ерекшеліктері мен эпидемиологиялық жағдайға қарай карантин және обсервация деп бөлінеді. Бұл шараларды ұйымдастыру және жүргізу аумақтық әкімшіліктің жауапты басшылары мен санитарлық эпидемияға қарсы комиссияға жүктеледі.

Карантин — қауіпті жұқпалы ауру қоздырғышының ауруды эпидемиологиялық ошақтан тыс шығаруының алдын алуға, ошақты оқшаулау және оларды артынша жоюға бағытталған уақытша ұйымдық, тәртіптік-

шектеу, әкімшілік-шаруашылық, құқықтық, емдеу-алдын алу, санитарлық гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесі.

Карантин аз уақыт аралығында тез тарайтын, жұғатын аурулар тобын оқшаулау мақсатында, тұрғындар арасында қауіпті жұқпалы аурулар пайда болғанда енгізіледі, оба, Ласс, Эбол безгегі, Марбург ауруы және басқа да контагиозды аурулардың жекелеген жағдайларында, сондай-ақ көпшілікке тез тарайтын сибір ойық жарасы, сары безгек, бөртпе сүзек, тулларемия, бруцеллез, пситтакоз анықталғанда тез арада карантин тәртібі енгізілуі керек.

Обсервация — эпидемияға қарсы медициналық және ветеринарлық күшейтілген алдын-ала қарастырылған бақылау жүргізетін, емдік-профилактикалық және санитарлық-ветеринарлық шек қойылған қозғалыс, адамдар мен ауыл шаруашылығы малдарын әкімшілік-территориялық құрылымдар арқылы шектеп обсервация аймағын жасайтын тәртіптік-шектеу шаралары.

Обсервация санитарлық эпидемиялық жағдайы тұрақсыз немесе төтенше аудандарда жұғатын топтық немесе жеке-дара жұқпалы инфекциялар болғанда енгізіледі.

Обсервация мен карантин соңғы науқасты оқшаулаған сәттен көрсетілген жұқпалы ауру инкубациялық кезеңі мейлінше бітуіне дейін, тұрғындар мен қызмет көрсететін қызметшілерді залалсыздандырудан және толық санитарлық дезинфекция өткізгеннен соң тоқтатылады.

Шұғыл профилактика — адамдардың қауіпті қоздырғыштардан жұқтыру арқылы жұқпалы аурумен ауыруының алдын-алуға бағытталған кешенді медициналық шаралар жиынтығы. Оны тез арада бактериялық жұқтыру немесе тұрғындар арасында жұқпалы аурулар байқалғанда, сондай-ақ этиологиясы белгісіз жұқпалы аурумен көпшілік ауырғаны туралы деректер анықталған соң жүргізеді.

Арнаулы профилактикалық егуден айырмашылығы, шұғыл профилактика шаралары зақымданғанда жедел қорғанысты қамтамасыз етеді.

Жедел профилактикалық шараларды жалпы және арнайы деп екіге бөлінеді. Жұқпалы ауруды тудырушы микроорганизм түрін анықтамағанша, жалпы, ал қоздырушы-микробтың түрі анықталған соң, арнайы шұғыл профилактикалық шаралар жүргізеді.

Жалпы жедел профилактика үшін кең әсер ететін антибиотиктер мен химиялық дәрмектер, жұқпалы ауруды қоздырушыларға белсенді қатысы бар дәрмектер қолданылады (9.1-кесте). Жалпы шұғыл профилактикалық курсының ұзақтығы қоздырғышты анықтауға, сәйкестендіруге және антибиотиктерге сезімталдығын анықтауға қажетті уақытқа байланысты және орташа ұзақтығы 2—5 күнді құрайды.

Емдеу курсы арнаулы шұғыл профилактикада бактерияға қарсы дәрмектер, қоздырғышқа жоғары этиотропты әсер ететін, эпидемия ошағындағы жұқпалы аурумен ауыратын науқастан бөлінген, оның антибиотиктерге сезімталдығын анықтау нәтижесінің есебіне қатысты, арнайы шұғыл профилактика емдеу аурудың нозологиялық түріне және тағайындалған микробқа қарсы дәрмектің ұзақтығына байланысты.

Шұғыл медициналық профилактиканы өткізу жөніндегі бұйрықты санитарлық эпидемияға қарсы комиссия береді.

Шұғыл профилактиканың басталуымен жұқтыру ошақтарында тұрғындар арасында белсенді иммунизация қатар жүргізіледі.

Ошақтарды залалсыздандыруды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің күштерімен ағымдағы және қорытынды дезинфекция жолымен жүргізіледі.

Дезинфекция — қоршаған ортадағы жұқпалы ауруларды қоздырушыларды жою. Оны физикалық, химиялық және құрама әдістермен жүргізуге болады. Дезинфекцияны дезинфекциялық топтар іске асырады. Құрамында дезинсектор, дезинфектор және екі санитары бар мұндай топ жұмыс күні барысында аланы 60 шаршы метр 25 пәтерді залалсыздандыра алады.

Аумақты, ғимараттарды, тұрғындарды коммуналдық-техника қызметі залалсыздандырады.

Дезинсекция — жәндіктерді (жұқпалы ауру тарататын) физикалық және химиялық әдістермен жүргізеді. Негізгісі химиялық әдіс, ол нысанды инсектицидтермен залалсыздандырады.

Дератизация — кеміргіштерді (жұқпалы ауруларды тарататындардың негізгі көзі ретінде) жою. Оны механикалық және химиялық әдістермен жүргізеді.

Азық-түліктерді залалсыздандыруды сауда және тамақ қызметі, ал суды — сумен қамтамасыз ету қызметі іске асырады. Азық-түлік пен судың сапасын бақылауды, сондай-ақ олардың санитарлық сараптамасын мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау қызметі орындайды.

9.1-кесте. Жалпы шұғыл профилактиканың жобасы

| Дәрлер | Қолдану тәсілі | Бір реттік қабылдау мөлшері, г | Қабылдаудың тәуліктік мөлшері | Профилактика курсындағы орташа дозасы, г | Бір курстың орташа ұзақтығы, тәулік |
|-------------|----------------|--------------------------------|-------------------------------|--|-------------------------------------|
| Доксициклин | Ішке | 0,2 | 1 | 1,0 | 5 |
| Рифампицин | Ішке | 0,6 | 1 | 3,0 | 5 |
| Тетрациклин | Ішке | 0,5 | 3 | 7,5 | 5 |

Төтенше маңызды шара — **бактерия тасымалдаушыларды анықтау**. Егер эпидемиологиялық және зертханалық зерттеулерде эпидемиологиялық ошақтарда (сүзек-қылау жұқпалары, тырысқак, күл ауруы және т.б.) таратушылар аныкталса, оларға қатысты шаралар жүргізіледі.

Құтқарушылар құрылымының жеке топтарында медициналық бақылауды күшейту мақсатындағы шаралар да іске асырылады.

Сапалы **санитарлық-түсіндіру жұмыстарын** жүргізу үшін радио, теледидар, баспасөзді кең көлемде пайдалану керек. Онда барлық тұрғындардың жалпы өзін-өзі ұстау ережелерін қатаң сақтауға, санитарлық-гигиеналық және жеке басты қорғаудың басқа да шараларын қорғауға бағытталған ұсыныстар берілген.

ТЖ аймағында кезек күттірмейтін санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық шаралардың жылдам орындалуын қамтамасыз ету үшін, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемесінің базасында тұрақты дайын тұратын санитарлық және эпидемияға қарсы және эпидемиологиялық барлау топтары құрылып, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық отрядтар құрылуы мүмкін. Бригаданың саласы мен құрамы мекеменің мүмкіндігі мен негізгі қызмет сипатына байланысты.

9.4. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Қадағалау және зертханалық бақылауды келесі **максаттарды** негізге алып ұйымдастырып жүргізеді:

- ауыз судың, азық-түліктің, ауаның, топырақтың, қоршаған орта нысандарының радиоактивті, химиялық, биологиялық зақымдануын дер кезінде айқындау және индикациялау;
- тұрғындарды, тамақ өнімдерін, суды және әлеуметтік маңызды нысандарды АӨХЗ және бактериологиялық қарулардан шұғыл қорғау шараларын қабылдау.

Қадағалау және зертханалық бақылау желісі (ҚЗБЖ) — РТЖЖ қадағалау және бақылау күшінің және қаражатының құрамдас бөлігі. ҚЗБЖ үш деңгейі бар:

- федералды;
- аймақтық;
- жергілікті.

Ресей Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің аймақтық және аумақтық деңгейдегі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауының Ресей Федерациясы аумағындағы орталықтары, обаға қарсы институттар, Москвадағы Обаға қарсы институт және 11 обаға қарсы институтіне дайындықта тұратын күштер тізіміне енген. Көрсетілген мекемелердің барлығы бірігіп ТЖ аймағында 70-тен астам санитарлық-эпидемиологиялық отрядтар мен мамандандырылған эпидемияға қарсы 20 бригада (МЧ7Б) обаға қарсы мекемелер базасында жасақталады.

СҚЗБ-ның басты мекемелері — міндеттерді орындауға дайындығы білімдер жоғары дайындықпен, 8 сағаттан тұратын мерзіммен дайын тұруы керек.

Ресейдің Денсаулық сақтау министрлігі Орталық Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау орталығының негізгі міндеті — бейбіт және соғыс уақыты ТЖ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемелеріне әдістемелік көмек көрсету, азық-түлік, ауыз су, және тамақ өнімдерінің жұқпалы ауру таратушыларымен улануынан қамтамасыз ететін зертханалық бақылау және сұрыптауға қатысты шараларды өткізу және жетілдіруге қатысу.

Республикалық, өлкелік, облыстық, порттық, қалалық, аудандық 1 (категориялы) дәрежені ОМСЭБ Ресейдің және оған сәйкес ОСЭБ темір жол транспорты, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және медициналық-санитарлық бөлімдер Ресей Денсаулық министрлігі жанындағы орталық медициналық-биологиялық және жедел мәселелерді шешу басқармаларына келесі шаралар жүктелді:

- жаппай зақымданған ошақтарды МОСЭБ (ОСЭБ) базасында құрылған (эпидемиологиялық барлау тобы, санитарлық-эпидемиологиялық отрядтар) күштер арқылы санитарлық-эпидемиологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- соғыс жағдайында микробиологиялық заттын соғыс рецептурасын кездегі ТЖ жұқпалы ауруды таратушыларды сынап көру, қоршаған ортаның нысаналарынан, тамақ өнімдері, ауыз су, азық-түлік, сондай-ақ аурулар мен мәйіттен алынған (өзіндік индикация) түрін анықтау;
- микроорганизмдер мен улы заттардан бөлінетін штаммдарды идентификациялау (республикалық, өлкелік және облыстық МОСЭБ үшін);
- РЗ, УЗ, АҚХЗ ластанған және БЗ уланған азық-түлік, ауыз су, тамақ өнімдерінің пайдалануға жарамдылығы туралы қорытынды тағайындауға санитарлық сараптама жүргізу;

- радиоактивті сәуленің ауданға жақын орналасқан мекемелерде мөлшердің күштілігін өлшеу;
- бақыланатын нысандарда, ауыз су мен тамақ өнімдерімен азық-түлікте радионуклидтерді, белсенділігі мен мөлшерін, үлесін анықтау;
- зерттеген сынамалардағы радионуклиддер құрамын анықтау (аудандық ОМСЭБ-басқа);
- бақыланатын нысандардағы азық-түлік, ауыз су, тамақ өнімдерінің УЗ және АҚХЗ улануын анықтау;
- төменгі топтағы ОМСЭБ ведомствосына қарасты, оның аймақтағы жұмысына басшылық жасау және әдістемелік көмек көрсету.

Ресей мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудың қалалық, аудандық 2–3 дәрежелі ОМСЭБ және соларға қатысты темір жол, су және әуе көліктерінің негізгі міндеттері:

- қызмет көрсететін аймақта санитарлық-эпидемиологияның барлау жүргізу;
- қоршаған орта нысандарында соғыс жағдайында микробиологиялық заттардың соғыс рецептураларында, ТЖ бейбіт уақытында адамға жұқпалы ауру тудыратындардың барлығын (қосымша белгілері негізінде) анықтау;
- қоршаған орта нысандарынан алынған, азық-түлік, ауыз су, тамақ өнімдерінің белгілі таратушыларымен улануын зерттеу;
- радиоактивті сәуленің жергілікті ауданға орналасқан мекемелерге күштілігінің мөлшерін өлшеу;
- қоршаған ортада УЗ, АҚХЗ барлығын алдын-ала идентификациялау анықтау;
- қоршаған орта нысандарынан, азық-түлік, ауыз су және тамақ өнімдерінің РЗ, УЗ, АҚХЗ және БС мен уланған санитарлық саппау жүргізуге ОМСЭБ-ға зертханаға зерттеуге іріктеуге алу.

Ресей мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауының обаға қарсы орталығының негізгі міндеттері — бейбіт және соғыс жағдайындағы ТЖ-да обаға қарсы станцияларда қауіпті табиғи-ошақты жұқпалы ауруларға қатысты сұрақтарға әдістемелік басшылық қызмет ету.

Обаға қарсы бекеттердің негізгі міндеттері және олардың келесі бөлімдері:

- бактериологиялық уланған ошақтарға санитарлық эпидемиялық барлау жүргізу;
- бактериялық топтардағы микроорганизмдердің штаммдарын идентификациялауды түрлі сынаудан бөлінген нәтижесіне өзіндік индикация жүргізуді іске асыру;

- радиоактивті сәуленің ауданының мекемелер орналасқан жерінің мөлшерінің күштілігін өлшеу;
- қоршаған ортада УЗ барлығын және индикация жүргізу, анықтау. СБЗБ-ға кіретін агрохимиялық зертхана, гидрометеорологиялық станция-мекемелері, көптеген министрліктер мен ведомствалардың зертханалық нысандары келесі шараларды іске асырады:
 - ауданның орналасу алаңындағы гамма-сәуле шығарудың деңгейін анықтау;
 - топырақтың, өсімдіктердің, өсімдік шаруашылықтары өнімдерінің, ашық су қоймаларының ластану дәрежесіне сапалық және сандық зертханалық бақылау;
 - ауыл шаруашылығы нысандарындағы химиялық аймақтардың және радиоактивті улануына барлау жүргізу;
 - эпидемия ошағын ашу сипаттамасы.

Ведомстваға қарасты кәсіпорындар, қоймалар мен базалардағы мемлекеттік резервте тұрған азық-түлік, тұқым және тамақ өнімдері, қайта өңделген, дайындалған, сақталған тағамдардың адамдар мен жануарларды улаушы заттардың әсерінен ластануын, ет, сүт өнімдері өнеркәсібі мен балық шаруашылығы тамақ өнімдеріне жауап беретін т.б. өнімдерді министрлік ведомствалық зертханаларында бақылаудан өткізеді. Бұл зертханалар азаматтық, қорғаныстық, радиациялық, химиялық, бейспецификалық бактериологиялық барлауларды, уланған аймақтарда: УЗ, АҚХЗ индикацияларын, соның ішінде ранеттік жанармайлардың компоненттерін, өндірістік зертханалардың мамандарын дайындауға СҚЛБ-да қоса есептегенде.

Бейбіт уақытта СҚЛБ мекемелерінің дайындалған өздеріне жүктелген міндеттерін РФ-н тиісті министрліктер мен ведомствалары мамандарды дайындау бөлімдерді жабдықтау, зертхана, бекеттерді қажетті құрал-жабдықтар мен әдістемеліктермен қамтамасыз ету. Мамандарды дайындау қайта дайындау жауапкершілігінің СҚЗБ мекемелерінің басшылары атқарады.

Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар — медициналық апат қызметінің жалпы мемлекеттік құрамдас бір бөлімі, стихиялық жағдайлармен апат салдарын жоюшы, халықты медициналық қамтамасыз етудің маңызды бөлімі.

Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларда апаттың түрлерін олардың ерекшелігін ажырата білу керек, ТЖ санитарлық-эпидемиялық сипатынстихиялық жағдайдың барлығына әсерін кешкенді факторлармен жұқпалы аурулардың незологиялық түрінің эпидемиялық процестің өсуін нақты анықтауға арналған.

Бақылау сұрақтары

1. Тұрғындарды санитарлық-эпидемиологиялық қамтамасыз етудің міндеттерін анықтау.
2. ТЖ салдарын жою, құтқарушылар мен тұрғындар денсаулығын сақтаудың санитарлық-гигиеналық шараларының негізгі ережелері.
3. ТЖ эпидемияға қарсы негізгі шаралар.
4. Тұрғындар арасында жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық ошағының пайда болу ерекшеліктері.
5. Эпидемия ошағында санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралардың мақсаты.
6. ТЖ аймағында жұқпалы аурулардың пайда болуының эпидемиологиялық қауіптілігінің факторлары.
7. Бактериологиялық ошақтарды эпидемиологиялық тексерудің дәйектілігі.

10-Тақырып

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІ ЖАБДЫҚТАУ

- 10.1. Медициналық мүліктермен жабдықтаудың мақсаттары мен міндеттері.
- 10.2. Медициналық мүліктің сипаттамасы мен классификациясы.
- 10.3. Төтенше жағдайларда медициналық жасақтауды ұйымдастыру.

10.1. МЕДИЦИНАЛЫҚ МҮЛІКТЕРМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Апат медицинасы қызметінің міндеттерін орындаудың маңызды шарттарының бірі — оның материалды-техникалық жабдыктармен, оның ішінде медициналық мүліктермен қажетті деңгейде қамтамасыз етілуі. Бұл міндетті медициналық мүліктермен жабдықтаудың кешенді шараларын жасау жолымен шешеді.

Медициналық жабдықтау — зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің медициналық мүліктерге қажеттілігін толық және уактылы қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми және тәжірибелік жүйе.

Медициналық жабдықтау ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюдың медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде ұйымдастырылады. Ол төмендегідей негізгі **принциптерге** сәйкес болуы керек:

- медициналық жабдықтауды ұйымдастыру зілзала медицинасы қызметі құрылымы мен міндеттеріне сәйкес келуі керек;
- зілзала медицинасы қызметін медициналық жабдықтауды ұйымдастыру денсаулық сақтауда қабылданған дәрі-дәрмектермен және медициналық техникамен қамтамасыз ету жүйесімен жасалуы керек;

- медициналық мүліктердің қоры, олардың бөлінуі және ұйымдастыру зілзала медицинасы қызметінің жоғары дайындығын және олардың кез келген жағдайды міндеттерін табысты орындауын қамтамасыз етуі керек.

Зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерін медициналық жабдықтаудың негізгі міндеттері:

- құрылымдар мен мекемелердің медициналық мүлік пен техникаға деген қажеттіліктерін анықтау, олардың уактылы мен толық қамтамасыз ету;
- медициналық мүлік пен техниканың қорларын жасау, оларды жіберуге және қолдануға үнемі дайын қалыпта ұстау;
- медициналық мүлік пен техниканы дайындау және жаңарту;
- медициналық мүлік пен техниканың техникалық жөндеуден өтуін ұйымдастыру;
- қажеттілігіне қарай медициналық мүлік пен техниканың түрлерін, жасақталу нормасын, кешендердің тізімін (дәріқұты, сөмке, жиынтық), сонымен қатар медициналық жабдықтаудың басшы құжаттарды жасау және қайта қарастыру;
- медициналық мүлік пен техниканы ұтымды және үнемді пайдалану шараларын жүргізу, бақылау-тексеру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- медициналық мүлік пен техниканың есебін жүргізу және есеп беруі;
- зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерін, бейбіт және соғыс уақыттарында ТЖ тұрғындарды медициналық мүлік және техникамен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жетілдіру және тәжірибелерді жинақтау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- медициналық мүлік пен техниканы сыртқы ортаның қолайсыз факторлары мен заманауи қару түрлерінің зақымдау факторларынан қорғау шаралары;
- медициналық жасақтау мекемелері мен бөлімшелерінің, басқару органдарының ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру туралы ұсыныстар жасауға қатысу.

10.2. МЕДИЦИНАЛЫҚ МҮЛІКТІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Медициналық мүлік — зақымдалушылар мен ауруларға медициналық көмек көрсетін, емдеу үшін, сонымен қатар зілзала медицинасы қызметінің, бейбіт және соғыс уақыттарындағы азаматтық және әскери

денсаулық сақтау органдары дәрілік, техникалық және де басқа материалдық амалдаралдында тұрған басқа да міндеттерді атқаруға арналған жабдықтар. Медициналық мүліктің жағдайы нормативті-құқықтық құжаттардың талаптарына сай болуы керек және соның негізінде жасалады.

Медициналық мүліктерге мыналар жатады:

- дәрі-дәрмектер, иммунобиологиялық дәрмектер, қоректі орталар, зарасыздандыру және дезинсекция жабдықтары, таңу жабдықтары және тігу материалдары, шығысқа кететін медициналық заттар, реактивтер, көзәйнектері және көзілдіріктер, медициналық есеп пен есеп беру қағаздары, сонымен қатар медициналық техникасын пайдалану мен жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер;
- медициналық аспаптар, жабдықтар мен аппараттар;
- медициналық жиһаз және жабдықтар;
- дәріхана, зертхана, арнайы кабинеттер, медициналық техниканы тексеретін және жөндейтін шеберханалардың жабдықтары;
- жылжымалы медициналық қондырғылар, медициналық мүлік кешендері мен жиынтықтары;
- медициналық бағыттағы санитарлық-шаруашылық заттары.

Зілзала медицинасы қызметін жабдықтау үшін шамамен 60 фармакологиялық топты қамтитын дәрі-дәрмектер тізімі қарастырылған. Қолдануға дайын формадағы дәрі-дәрмектерді (заводта жасалған және жеке мөлшерленген), таңу заттары, тіндерді біріктіретін материалдар және сондай тағы кейбір заттар залалсыздандырылған түрде қолданылады. Олардың түрлері медициналық мекемелердің күнделікті қолданатын түрлерінен толық медициналық көмек көрсетуге зиянын тигізбейтіндей көлемде біраз азайтылады. Таңдалып алынған медициналық мүлік қысылтаян жағдайларда ұзақ ұстағанға және сақтағанға шыдамды заманауи жабдықтардан тұрады.

Оның құрамына арнайы және кең әсер ететін негізгі фармакологиялық топтардың дәрі-дәрмектері, сонымен қатар стационарлар мен далалық жағдайларда қолданыла беретін, қолға ұстайтын шағын, көшпелі немесе жылжымалы техника кіреді. Түрлі сипатты медициналық құрылымдарды жасақтап, ТЖ олардың қорларын құруға қажетті медициналық мүліктің түрлері мен олардың саны нормалау нәтижесінде бекітіледі. Оны санитарлық шығындар санының, адамдардың зақымдалу сипатының, ТЖ зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің ТЖ зақымдалушыларға көрсететін медициналық көмектің түрлері мен көлемінің алдын ала жасалған болжамына қарай жасайды.

Сонымен қатар зілзала медицинасы қызметі өзінің алдында тұрған арнайы міндеттерді шешу үшін мүліктің басқа да (санитарлық-шаруашылық) түрлерін қолданады.

Санитарлық-шаруашылық мүлікке киетін және төсейтін жабдықтар, госпитальдық киім мен аяқ киім, арнайы киім, асүй ыдыстары, шаруашылық жиһазы және басқалар жатады.

Тар салалық мақсатта қолданылатын **арнайы мүлікке** тыныс алу және теріні жеке қорғану құралдары, өлшегіш аппаратуралар, радиациялық, химиялық және бактериологиялық барлау құралдары және оларды коректендіру көздері, байланыс пен хабарландырудың техникалық жабдықтары, электр жарығын беретін жабдықтар, көлік құралдарына арналған алмалы-салмалы жабдықтар жатады.

Қажеттіліктерді анықтап, жоспарлап, қамтамасыз етуді үшін, сақтау, есебін жүргізу және есептен шығаруды ыңғайландыру үшін жасақталып тұрған медициналық мүлікті түріне, қолданылуына, есепке алу және шығару тәртібіне, сапасына, ерекше мүмкіндіктері мен басқа да кейбір белгілеріне қарай бөледі.

Медициналық мүліктің классификациясы.

- Түріне қарай:
 - дәрі-дәрмектер;
 - иммунобиологиялық дәрмектер;
 - таңу құралдары;
 - дәрігерлік-медициналық заттар ментехника және т.б.
- Қолданылуына қарай:
 - бейбіт уақыттары қолданылатын;
 - соғыс уақыттары қолданылатын;
 - үнемі толықтырылатын мүлік;
 - тиісуге болмайтын қордағы мүлік;
 - арнайы мүлік;
 - жалпы қолданылатын мүлік.
- Есепке алу және шығару тәртібіне қарай:
 - түгендемелік мүлік;
 - шығысқа кететін мүлік.
- Сапасына қарай:
 - түгендемелік мүлік;
 - шығысқа кететін мүлік;
 - жаңа және пайдалануға жарамды;
 - жөндеуді қажет ететін;
 - есептен шығарылатын;
 - жарамды;
 - жарамсыз.

Қолданылуына қарай медициналық мүлік ағымдық қамтамасыз етілетін және тиісуге болмайтын қор мүліктеріне, ал соғыс уақыттарында — арнайы және жалпы мүліктер болып бөлінеді.

- **Ағымдағы қамтамасыз етудің медициналық мүліктері** күнделікті қажеттіліктерді қамтамасыз етіп, санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы емдік-медициналық кешен мен басқа да шараларды орындауға бағытталған.
- **Тиісуге болмайтын қордағы медициналық мүлік** соғыс уақыттарында медициналық қызметтің штат пен табель бойынша құрылымдар мекемелерді қамтамасыз етуге, сонымен қатар бейбіт уақыттарда арнайы міндеттерді шешуге арналған:
 - арнайы бағыттағы медициналық мүліктерге бейбіт және соғыс уақыттарындағы қысылтаяң жағдайларда жаралылар мен науқастарға медициналық көмек көрсетін, емдеуге қажетті ең қажетті жабдықтардың қысқартылған түрлері жатады;
 - жалпы бағыттағы медициналық мүлікке жасақтаудың барлық қалған түрлері енеді.

Түгендемелік медициналық мүлікке ұзақ уақыт қолданылатын, біртіндеп тозатын, қолдану және жөндеу мерзімдері бар (медициналық жиһаз, жабдықтар, құралдар және басқа да медициналық бұйымдар), тез қалпына келетін (резеңке бұйымдары, медициналық аспаптар және т.б.) бұйымдар жатады. Сапасы жағынан бұл мүліктер бес категорияға бөлінеді:

- бірінші категория — пайдалануға жіберілмеген жаңа мүліктер;
- екінші категория — пайдалануға берілген, бұрынғы жөндеуге жарайтын және жарамды, пайдалануға болатын, жөндеуден шыққан немесе жөндеуді қажет ететін (баяу, бөлшектерін ауыстыруға болатын, ұштау және т.б.);
- үшінші категория — орта жағдайдағы жөндеуді қажет ететін мүліктер;
- төртінші категория — заводта немесе арнайы шеберханада ірі жөндеуді қажет ететін, конструкциясы қиын, бірнеше агрегаттық блоктардан тұратын медициналық техника бұйымдар жатады;
- бесінші категория — одан әрі пайдалануға жарамсыз, экономикалық және техникалық жағдайына байланысты жөндеуге болмайтын, сондықтан жарамсыз деп танылатын мүліктер.

Жұмсалатын (шығынды) мүліктерге бір рет пайдаланатын (дәрігер, иммунобиологиялық препараттар, тағамдық заттар, реактивтер, химикаттар, таңғыш заттар, тіндерді жалғайтын материалдар т.б.) сондай-ақ, аз уақытқа ғана жарамды (хирургиялық, анатомиялық, хирургиялық инелер, тісдәрігерлік борлар т.б.). Жұмсалған медициналық мүліктер пайдалануға берілген соң, шығын деп есептеліп, алғашқы есеп құжаттары

(рецепт, нұсқау т.б.) негізінде жарамсыз деп танылады. Көрсетілген мүлік жұмсалғанына байланысты жүйелі толтырылып отырады.

Медициналық мүлік зілзала медицинасы қызметінің пайдалануына байланысты арнайы екі топқа: **ағымдық қамтамасыз ету және қордағы** деп бөлінеді. Әрбіріне дәрілік заттар және техника кіреді.

- Бірінші топқа күнделікті қолданылатын емдік-профилактикалық және ғылыми-тәжірибелік қызметтер және оқу бағытындағы заттар катысты.

- Екінші топқа ТЖ қолдануға арналған заттар енеді.

Қорларды түріне қарай былайша ажыратады: қор және бағасы төмендемейтін медициналық мүліктер.

Медициналық мүлік қорына мекемелерді және денсаулық сақтаудың басқару органдары мен зілзала медицинасы қызметінің басшыларының шешімімен қолданылатын зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелері жасақталатын медициналық мүліктері жатады.

Бағасы төмендемейтін қорларға қосымша жандандырылған және қайтадан кәсіптелген төсек орындары, емдеу-профилактикалық мекемелер мен қайта жасақталған медициналық ұйымдар, соғыс және бейбіт уақыттарындағы ТЖ пайдалануға арналған медициналық мүліктер.

Жұмсалатын медициналық мүліктердің қоры мен бағасы төмендемейтін қорларын тек ТЖ салдарынан зақымданғандарға көмек көрсетуге рұқсат етіліп, содан кейін қорлардың орнын қайтадан толықтырады.

Медициналық мүлік кешендерін жеке топқа бөлген жөн. **Кешен** — арнайы ыдыста қатталған, құрамы мен санына қарай реттелген зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің функционалды бөлімшелерін жасақтауға арналған медициналық мүлік бұйымдарының жиынтығы.

Кешеннің қолданылу мақсатына қарай оның ішіндегі құрамы анықталады. Кешенге түрлі дәрі-дәрмектер мен медициналық техникалар және басқа да мүліктер кіреді.

Медициналық мүлік кешендері функционалды және арнайы болып бөлінеді.

- **Функционалды кешендер** құрылымдар мен мекемелердің нақты функционалды бөлімшелерінің немесе белгілі мамандардың жұмысын қамтамасыз етуге арналған. Құрамына шығысқа кететін және түгендемелік мүліктер енеді.
- **Арнайы кешендерге негізінен**, медициналық қызмет құрылымдары мен мекемелерін шұғыл жасақтауда қолданылады. Арнайы кешендер тану және шина кою құралдары, обаға қарсы киімдер мен басқа да медициналық мүліктер кіреді.

Апат медицинасы қызметінің құрылымдарын жасақтау құрамындағы хирургиялық аспаптар жиынтық түрінде кіреді. **Жиынтық** — бір функционалды бағытта қолданылатын (жұмыстың нақты түрін орындауға арналған) және бірыңғай қатталған медициналық мүлік бұйымдарының жиынтығы.

Жалпыхирургиялық және арнайы аспаптар жиынтықтары болуы мүмкін, мысалы, таңу, операциялық, жаракаттық, стоматологиялық және т.б. Кешен мен жиынтық құрамы олардың суреттемесіне қарай анықталады.

Медициналық мүлік кешендерімен жасақтаудың жеке бұйымдармен жабдықтаумен салыстырғанда, бірқатар артықшылықтары бар. Кешендердің аркасында ТЖ зілзала медицинасы қызметінің медициналық құрылымдарының жасақталуына қойылатын негізгі талаптар жүзеге асырылады:

- жаппай санитарлық шығындар ошағына медициналық мүлікті жеткізу шұғылдығы;
- медициналық көшіру сатыларының функционалды бөлімшелерін орналастыру шапшаңдығы және алдын ала дайындалған түрлі бұйымдар жұмысының ыңғайлылығы;
- түрлі хирургиялық шара түрлерін орындауда хирургиялық аспаптардың жиынтық түрінде ұсталуы оларды қолдануға дайындауды жеңілдетеді және жылдамдатады (нейрохирургиялық, урологиялық, гинекологиялық және т.б.);
- медициналық мүлікке тапсырыс беру жұмыстарын біршама қысқартады.

Сонымен қатар, кешендер далалық жағдайларда тасымалдау мен сақтауға да ыңғайлы.

Кешендерге негізгі жарамдылық мерзімі ұзақ дәрі-дәрмектер салынады. Хирургиялық аспаптар мен медициналық техникаларды кешенге салудан бұрын толықтығын және жарамдылығын тексереді, ал ұзақ сақтағанда коррозиядан қорғайды.

10.3. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАСАҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Зілзала медицинасы қызметін медициналық қамтамасыз етуді зілзала медицинасы орталықтарын медициналық жасақтау органдары, құрылымдар мен мекемелердің медициналық жасақтау бөлімшелері ұйымдастырады. Жалпы басқаруды «Қорғау» бүкілресейлік зілзала

медицинасы қызметі орталығы, сонымен қатар зілзала медицинасы қызметінің аймақтық, аумақтық және жергілікті орталықтары жүргізеді.

Зілзала медицинасы қызметін және басқа да қызметтерді медициналық жасақтау органдары күнделікті, асқан дайындық және ТЖ тәртіптерінде жұмыс істейді.

Күнделікті жұмыс тәртібінде келесі жұмыстар жасалады:

- мүлікке қажеттіліктерді талдау және жалпылау, оны дайындау, бөлу, нормалау;
- медициналық мүліктер қорын жинау, оларды үнемі дайын жағдайда ұстау, шұғыл түрде жеткізу;
- сапалы мүліктердің есебін жүргізу және тексеру;
- штаттық құрамның кәсіби деңгейін жетілдіру, жаттықтыру, әдістемелік көмек көрсету және ұсыныстар жасау.

Асқан дайындық тәртібінде жоғарыдағы айтылғандарға қоса келесі шаралар жасалады:

- медициналық мүлік қорларының жиналуын нақтылау және оларға деген қажеттілікті анықтау;
- ТЖ болуы мүмкін аумақтардағы емдік-алдын алу және дәріханалық мекемелерде өмірлік маңызды дәрі-дәрмектердің болуы;
- медициналық мүлікті ТЖ аудандарына жіберу.

Төтенше жағдайлар тәртібінде көрсетілгендерге қоса төмендегі шаралар жүргізіледі:

- кешенді жинақтау үшін медициналық мүлікке қажеттіліктерді нақтылау;
- медициналық мүлік қорынан мүліктер шығару, оларды жіберу және жеткізу;
- ТЖ салдарларын жоюға қатысатын құрылымдар мен мекемелердің медициналық мүліктерге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- бекітілген тәртіп бойынша атқарушы билік органдарына медициналық мүліктердің қосымша ресурстарына тапсырыстар беру;
- зілзала медицинасы қызметінің медициналық және материалдық-техникалық жасақтау органдары мен фармацевтикалық басқару органдары және медициналық техникамен жасақтау басқармаларымен өзара әрекет етуі;
- медициналық мүлік есебі, ТЖ салдарларын жоюда медициналық мүлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын қорытындылау.

Зілзала медицинасы қызметінің қажеттіліктеріне арналған **медициналық мүлікті дайындау** орталықтандырылған және орталықтанды-

рылмаған түрде жасалады. Медициналық мүлікті орталықтандырылған жағдайда алу федералды және муниципалды фармацевтикалық басқару органдары арқылы, ал орталықтандырылмаған түрде алу дәрі-дәрмектермен, медициналық техникамен және басқа да медициналық мүліктермен жасақтайтын кәсіпорындар және ұйымдар арқылы жүргізіледі. Медициналық мүлікті алуға деген ұсыныс жеткізушілермен бекітілген форма және мерзім бойынша жасалады. Қандай да бір медициналық мүлікке ұсыныс қабылданбаған жағдайда, оны басқа жеткізушілер жеткізеді.

Медициналық мүлікті жоспарлы тәртіппен дайындау 1 жылдық нақты қамтамасыз ету қажеттіліктері есебінен жүргізіледі. Осы кезең ішінде пайда болған қосымша қажеттіліктер жеке сатып алулар арқылы жасалады. Жарамды мерзімі қысқа кейбір дәрі-дәрмектер қажеттілікке қарай дәріханалардан сатылып алынады.

ТЖ зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерін медициналық мүліктермен қамтамасыз етуді жоспарлауда оны дайындайтын жергілікті көздерді пайдалануға ерекше орын беріледі. Бұл үшін медициналық жасақтау органдары өздері жауапты аймақтың экономикалық-географиялық сипаттамасын біліп, атқарушы билік органдарымен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен және түрлі министрліктер мен ведомстволардың мекемелерімен тығыз байланыста болулары керек. ТЖ медициналық мүліктердің кейбір түрлері бойынша қосымша жасақталу керек болатындықтан, бұл өте маңызды. этил спирті, медициналық оттегі, тазартылған су және т.б.).

Медициналық мүлікті дайындау төмендегі құрылымдардан бөлінетін қорлар есебінен жүргізеді:

- «Қорғау» БЗМО мен зілзала медицинасының аймақтық орталығының федералды бюджетінен;
- РФ субъектілерінің бюджеті есебінен;
- жергілікті бюджет есебінен.

Күнделікті жұмыс тәртібінде медициналық мүлікті бір жыл ішіндегі нақты қажеттіліктер бойынша дайындайды.

Жарамдылық мерзімі шектеулі дәрі-дәрмектер мен басқа да мүліктердің жарамдылығы тоқсан сайын тексеріліп, жеткізіліп отырады.

Асқан дайындық тәртібінде медициналық мүлік қорларының кешенделуі нақтыланады, оған деген қажеттілік болжамы жасалады және емдік-алдын алу мекемелерде өмірлік маңызды дәрі-дәрмектер мен басқа да дәрі-дәрмектердің балуын нақтылайды. Зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің апат болған жерлерге баруы мүмкін

болған жағдайда медициналық мүліктерді қамтамасыз ету органдары көлік пен мүліктерді жеткізуге деген қажеттілікті бекітеді. Сонымен қатар медициналық мүліктермен қамтамасыз ету органдары апаттың сипаты мен көлеміне байланысты апаратын мүліктер тізімін жасайды, жұмысты бастауға қажетті алғашқы рейспен жіберуге дайындайды.

Төтенше жағдайлар тәртібінде медициналық жасақтау бөлімшелері бекітілген тәртіп және бойынша қорлардан медициналық мүліктерді алып, төтенше жағдай аудандарына жібереді. Медициналық мүлікпен қамтамасыз ету зілзалалар мен стихиялық апаттардың түрлері мен көлеміне, санитарлық шығындар құрылымдары мен ауқымдылығына сәйкес жүргізеді.

Жұмыстың қорытындысында төмендегілер көрсетілген есеп жасалады:

- медициналық мүліктің бекітілген мөлшерін, нақты қажеттілік түрлерін бағалау, норманы жетілдіру туралы ұсыныстар;
- сырттан тартылған мүлік (жергілікті емдік-алдын алу мекемелер қорынан алынған мүліктер тізімі), дәрі-дәрмектерді дайындау көлемі;
- медициналық мүліктің қаржыға шаққандағы шығыны, яғни, дәрі-дәрмектер мен басқа да мүліктерді сатып алу;
- жергілікті денсаулық сақтау органдарына берілген медициналық мүлік шығыны және т.б.

Мұндай есеп медициналық мүлікпен жасақтаудың уақтылы және толық жүргізілуі туралы негізделген қорытынды жасау үшін қажет.

Зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуге және ТЖ медициналық қызметтің құрылымдары мен мекемелерін қамтамасыз етуге қажетті медициналық мүлік қорларда жиналады. РФ ДСМ зілзала медицинасы қызметінің медициналық мүлік қоры ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жою шараларын кепілді қамтамасыз етуге арналып құрылады.

Қорлардың түрлері төмендегідей:

- мемлекеттік (РФ Үкіметінің қоры);
- федералды (федералды атқарушы билік органдарының қоры);
- аумақтық (РФ субъектілерінің қоры);
- жергілікті (жергілікті басқару органдарының қорлары);
- нысандық (кәсіпорын, мекемелердің қорлары).

РФ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің зілзала медицинасы қызметінің қорлары Ресейдің аумағында болған ТЖ меди-

циналық-санитарлық салдарларын жоюға немесе апаттан зардап шеккен елдерге гуманитарлық көмек көрсету үшін ғана жұмсалады. Зілзала медицинасы қызметінің қорындағы дәрі-дәрмектер мен медициналық техниканы күнделікті жұмыстарды қамтамасыз етуде жұмсауға тыйым салынған.

Медициналық мүлік қорын ел ішіндегі ТЖ зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету үшін қолдану денсаулық сақтаудың басқару органдарының немесе зілзала медицинасы орталығының директорының шешімімен, ал шет мемлекеттерге көмек көрсету мақсатында қолдану РФ Үкіметінің шешімімен жүргізіледі. Қордан алынған медициналық мүліктің орны бір жыл ішінде, екі айдан асырмай толтырылады.

Медициналық мүлік қоры қолдануға үнемі дайын болу үшін дәрі-дәрмектер және медициналық бағытта қолданылатын бұйымдар мерзім сайын жаңартылып, — техникалық жөндеуден өткізіліп, өлшеу құралдары тексеріліп отыруы керек.

Жанарту дегеніміз-қордағы сақталу уақыты өткендігінен медициналық мүліктердің жарамды мерзімдері ұзақ және жаңадан дайындалып шыққан мүліктермен ауыстырылуы, сонымен қатар көнерген медициналық техниканың заманауи үлгілерге ауыстырылуы, бұл мүліктердің үнемі дайын тұруын қамтамасыз ету үшін жасалады. Кешендер құрамындағы мүліктер де ауыстырылады.

Дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды жанарту мерзімділігі олардың жарамдылық мерзімі мен қордағы сақталу мерзімінің сәйкес келуіне байланысты. Жанарту жарамдылық мерзімдері бітпей тұрып, алдын ала жоспарлы түрде жасалады, ал оларды күнделікті жасақтауда қолданады.

Зілзала медицинасы қызметі қолданатын медициналық мүлік түрлері мерзім сайын қайта қарастырылып отырады. Бекітілген тәртіп бойынша, ескіргендерінің орнына өнімділіктері тәжірибеде дәлелденген, медицинада қолдануға рұқсат етілген заманауи дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар енгізіледі.

Сөйтіп, зілзала медицинасы қызметінің құрылымдары мен мекемелерін дәрі-дәрмектермен, тану құралдарымен, медициналық техникамен, жабдықтармен және басқа да медициналық мүліктермен қамтамасыз ету мәселелерінің шешілуі апаттар мен техногенді және табиғи зілзалалардың медициналық-санитарлық салдарларын жою шараларын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Медициналық мүлікпен жасақтау міндеттері.
2. Медициналық мүлік классификациясы.
3. Медициналық мүліктің негізгі категорияларының сипаттамасы.
4. Медициналық мүліктің мақсатына қарай классификациясы.
5. ТЖ БЗМҚ құрылымдары мен мекемелерін медициналық жасақтауды ұйымдастыру.
6. Медициналық мүлікті дайындау және сақтауды ұйымдастыру.

11-Тақырып**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕГІ
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҚАРУЛЫ
КҮШТЕРІНІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

- 11.1. Төтенше жағдайлар салдарын жоюға әскери-медицинаның қатысуы.
- 11.2. Төтенше жағдай салдарын жоюда жалпы мемлекеттік жүйедегі әскери-медицинаның міндеттері.
- 11.3. РФ қарулы күштерінің апат медицина қызметінің құрылымдары мен медициналық бөлімшелерін құруды ұйымдастыру және оларды пайдалану принциптері.

**11.1. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР САЛДАРЫН ЖОЮҒА
ӘСКЕРИ-МЕДИЦИНАНЫҢ ҚАТЫСУЫ**

XX ғасырдың соңғы он жылдығында халқының өмір тіршілігі мен денсаулығына кері әсерін тигізетін транспорттық, табиғи және жасанды техногенді апаттардың өсуі белен алуда. Аумағы үлкен апаттар салдарынан мыңдаған адамдар зардап шегіп, мерт болып, жедел медициналық көмекті қажет етуде. Соңғы екі он жылдықта төтенше жағдайлар 3 млн адамның өмірін қиып, шығын көлемі 100 миллиард доллардан асты. Мұндай апаттарды жою кезінде әр түрлі саладағы медицина қызметкерін экстремалды жағдайда жұмыс істейтін мамандарды тарту қажет. Ұйымдық құрылымына сәйкес тағайындалуына қарай кәсіптік деңгейі, мақсаты қарулы күштердің әскери — медицинасы қызметі осы мақсат дайындығы. Әскери-медицинаның бейбіт кездегі төтенше жағдайлар салдарын жоюға қатысуы зардап шеккен халыққа медициналық көмек беру жалпы мемлекеттік қызметтің маңызды және заңды бөлігі. Медициналық қамтамасыз ету міндеттерін орындауда жеке құрамның соғыс және бейбіт кезде ұрыс кезінде, әскери дәрігерлер қажеттілігіне қарай халыққа медициналық көмек көрсетуде әрқашанда белсенділік танытады. Әсіресе,

көлемді және іскерлік көмекті соғыс және төтенше жағдайлар кезінде әскери дәрігерлер көрсетеді. Мәселен, азамат соғысы кезінде бүкіл елді бөртпелі сүзек (35 млн адам ауырған) эпидемиясы жайлағанда денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары тұрғындар арасындағы эпидемияға қарсы күресте әскери — медицина қызметін пайдаланған. З.П. Соловьеваның деректері бойынша эпидемияны жоюға қатысқан 10 000 әскери дәрігердің 4000-ы сүзекпен ауырып оның ішінде 800-ден астамы қайтыс болған.

Ұлы Отан Соғысы кезінде, толық емес мәліметтер бойынша әскери медицина қызметі 45 000 босатылған елді мекендерді тексеруден өткізіп 49 612 сүзек ошағын тапқан, 140 000 ауруды оның ішінде 52 900 тұрғын армиялық әскери емханаларда емделген. Әскери — медицина қызметі жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарының ашылуына, мындаған эпидемияға қарсы емханалардың ашылуына жәрдемдескен.

Әскери — медицина ірі көлемдегі апаттарды жоюда, жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары келген шығыннан зардап шеккендерге көмек көрсете алмай қалған жағдайларда маңызды жұмыстар атқарды.

1985—1995 жылдар кезінде әскери-медицина қызметі 130-дан астам апаттарға, оның ішінде адам өлімі болған, химиялық, радиациямен зақымданғандарды құтқаруға қатысқан. Төтенше жағдайлар, әскери медицина қызметінің қатысуы, медициналық жәрдем мен халықты қамтамасыз ету шаралары күн санап өсуде.

Соңғы кездегі әртүрлі аумағы үлкен табиғи және техногенді апаттарға қатысқан әскери — медицина қызметінің **шаралары**.

- Армениядағы жер сілкінісі (7 желтоқсан 1988 ж.) онда 25 000 адам қайтыс болды, ал оның ішінде санитарлық шығын 70 000 артты. Осында үлкен деңгейде денсаулық сақтаудың әскери және азаматтық жүйесі бірлесе, үйлестікпен жұмыс істегені нәтижесінде ондаған мың зақымданған жандардың өмірі сақталды.
- Чернобыль АЭС жарылысы (26 сәуір 1986 ж.) үлкен аймақтық радиоактивті зақымдану. Әскери дәрігерлер 78 000 астам адамды тексерді 92 000 аймақтан 30 км қашықтыққа тасымалданған тұрғынның әскери медициналық мекеменің ауруханасынан 454 адам жатқызылды.
- Уфа маңындағы темір жол апаты (4 шілде 1989 ж.) газ құбырының жарылысынан болған апат. Темір жолдан 1 км жерде болған апаттан 300 т тротил бөлінін, жарылыс күшінен 2 жолаушылар поезы өртенген. Барлығы 1264 адам жараланып, оның 408-і апат кезінде қайтыс болды. Зақымданғандарға 500-дей Уфа госпиталінің әскери адамдар мен дәрігерлері көмектесе, тікұшақпен Уфа мен Челябинскіге 400 адам тасымалданған.

Әскери-медицина қызметінің ірі көлемдегі стихиялық және антропогенді төтенше жағдайларға қатысуы көптеген жаңа сипаттамасы белгісіз жағдайларды ашуға көмектесуде. Оны алынған деректерге қосымша маңызды деп бағалап, зақымданушыларға медициналық көмекті ұйымдастырудың ұтымды негіздеуге тиістіміз.

11.2. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ САЛДАРЫН ЖОЮДА ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕДЕГІ ӘСКЕРИ-МЕДИЦИНАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Ресей Федерациясы Қарулы күштерінің апат медицина қызметі армия мен флоттың жеке құрамына, халыққа төтенше жағдайлар кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету үшін құрылған.

Медициналық жедел көмек — жедел емдік тасымалдау шарасының жиынтығы, стихиялық жағдайларда, апаттан зақымданғандарға жүргізілетін, сондай-ақ медицина қызметінің апат аймағындағы алдын алушаралар зақымдаушы факторлардың адамдарға әсерін тоқтату немесе азайту мақсатындағы төтенше жағдайлар ауданындағы медициналық қызметі.

Ресей Федерациясы Қарулы күштері апат медицинасы қызметінің басты міндеті — төтенше жағдайлар ауданындағы халыққа, армия мен флоттың жеке құрамына барлық түрін дер кезінде тиімді көрсету.

Бұл міндеттер мен басқа да жұмыстарды орындау үшін келесі **шараларды** өткізеді.

- Флот пен өңірлердегі жағдайға медико-тактикалық сұрыптау жасау, мүмкін болатын төтенше жағдайларға медико-санитарлық болжау және бағалау, оның ішінде төтенше жағдайлар ауданындағы эпидемиялық жағдай.
- Авариялар мен апат, стихиялық жағдайлардың салдарын жоюдағы апат медицина қызметінің жұмысын жоспарлау, құрал жабдықтар мен күштің қажеттілігін анықтау.
- Төтенше жағдайлар салдарын жою және алдын алуда азаматтық денсаулық сақтау, медициналық қызметтер мен басқа да министрліктер мен ведомстволар, бірінғай мемлекеттік жүйенің басқа да қызметтерімен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру.
- Төтенше жағдайлардың басқа да түрлері, жаппай ауру, стихиялық және экологиялық жағдайлар, апат, әскермен флоттың жеке құрамын, сондай-ақ түрлі апаттанхалықты медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға қатысты ұсыныстар дайындау.

- Төтенше жағдайлардың әр түрлі жағдайында халыққа, әскермен флоттың жеке құрамына шұғыл медициналық көмек көрсетуді, медициналық мекемелер мен құрамаларды үнемі дайындықта бақылауда ұстауды іске асыру.
- Төтенше жағдайлар кезінде зақымданғандарға шұғыл медициналық көмек көрсету.

Төтенше жағдайлар салдарынан зақымданғандарға дер кезінде тиімді, шұғыл медициналық көмек беру мақсатында РФ БС-ның медициналық күші мен құралдарын, епті тәсілдерін жүзеге асыру және оперативті басқару.

- Экологиялық және стихиялық жағдайлар, катастрофа, басқа да төтенше жағдайлар салдарын жою, алдын алу, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізу және ұйымдастыру.
- Медициналық мүлікпен медициналық құрамалар мен әскери-медицина қызметі мекемелерін, және апат медицинасы қызметін дайындық кезінде және төтенше жағдайлар ауданындағы жұмыстарды қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
- Әскери медицина қызметіне апат медицина мәселесі бойынша арнайы мамандар дайындауға ұйымдастыру-әдістемелік басшылық.
- РФ Қарулы күштерінің апат медицина қызметін реттейтін, сондай-ақ (РСЧС) басқа да әріптестік қызмет тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттар мен әдістемеліктердің жобасын өндеу.

11.3. РФ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ АПАТ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІН ҚҰРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ПРИНЦИПТЕРІ

РФ Қарулы күштерінің апат медицинасы қызметі аймақтың ерекшелігіне қарай, аумақтың принципіне байланысты қолданыстағы және қайтадан құрылған емдеу-алдын алу және санитарлық — эпидемиологиялық РФ.

Қарулы Күштер әскери медицина қызметі мекемелерінде ұйымдастырылады.

Ресей Федерациясы Қарулы күштері апат медицина қызметі мекемелері мен құрамалары төтенше жағдайлар салдарының медико-санитарлық алдын алу, жою, уланған ошақтардағы, шетіндегі зақымданғандарға медициналық көмектің барлық түрін көрсетуге арналған.

РФ Қарулы Күштерінің зілзала медицинасы қызметі құрамы:

- басқару органдары;
- төтенше жағдайлар салдарын медико-санитарлық жою әдістері мен күші;
- медициналық тасымалдау құралдары.

РФ Қарулы Күштерінің зілзала медицинасы қызметі штатты және штатты емес құрамаларға төтенше жағдайлар аудандарындағы жұмыс үшін тартылады, материалдық және медициналық жауапкершілікте бола тұрып зілзала аймағындағы зақымданғандарға тиынақты медициналық көмекті ұйымдастыруға көмектесу.

Әскери қызметкерлер мен халыққа, төтенше жағдайлар салдарынан көмек көрсеткенде әскери-медицина доктринаның негізгі принциптеріне сәйкес жүргізіледі; оның негізгі — сатылы емдеу шаралары, дер кезінде медициналық көмектің барлық түрін іске асыру, нақты төтенше жағдай салдарына тән ерекшелігін ескеру. Қарулы Күштердің зілзала медицинасы қызметінің алдында тұрған міндетті құрамы болған, бригадалар жұмыстарын емдеу мекемелерінде (орталықтағы мамандандырылған емдеу мекемелерінде) шешу үшін, төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарларын жою кезінде, келесі құралдары пайдаланылады:

- дәрігерлік-мейірбикелік бригадалар (ДМБ) үнемі дайындықтағы;
- дәрігерлік-фельдшерлік топ;
- арнайы мамандандырылған медициналық көмек бригадасы;
- арнайы бекітілген медициналық отрядтар.

Дәрігерлік-мейірбикелік бригадалар-төтенше жағдайлар кезінде келесі міндеттерді орындайды:

- зақымданғандарды жалпы жағдайына, жарақаттың сипатына, залалдану нәтижесін болжауға байланысты медициналық сұрыптау;
- апат аймағында зақымданғандарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету;
- зақымданғандарды тасымалдауда медициналық көмекті қамтамасыз ету;
- аймақтық орталық басшысына зардап шеккендер туралы медициналық ақпарат беру, талдау, жинау;
- көрсетілген медициналық көмек туралы есеп.

Дәрігерлік-мейірбикелік бригада горнизон базасындағы әскери госпиталда құрылады; 100 төсек — 1 бригада, 200 төсек — 1–2 бригада, 200-ден көп төсек — 2–3 бригада.

Бригадалар зақымданғандарды уақытша пункттерде жинайды, тәулігіне жұмыс уақыты — 16 сағат. Бригада құрамына апаттың жағдайына қарай дәрігерлік және орта буын медицина қызметкері кіреді.

Апат аймағына байланысты (жер сілкінісінде) жарақаттануына қарай бригада құрамы мынадай болуы мүмкін: хирург, анестезиолог-реаниматолог, төрт мейірбике (операция блогында жұмыс істеген, тәжірибелі, интенсивті терапияның, анестезиология бөлімінде).

Егерде радиациялық немесе токсикологиялық зақымдану ошақтары пайда болғанда, құрылымы сәйкес санитарлық бригада құрамына (аралас зақымданушылар), терапевт (токсиколог-радиолог) хирург және екі-үш мейірбике кіреді.

Жер сілкінісі аймағында бригадалар 3–4 күн бойы пайдаланылады (жараланғандардың қарқынды түсуі кезеңі) басқа жағдайларда-тәулік бойы. Медициналық көмек көлемі алғашқы медициналық көмек шараларынан кейін қысқартылады.

Дәрігерлік-фельдшерлік топтар ДФТ — дәрігерлік мейірбикелік бригадалар сияқты жұмыс атқарады. Олардың сондай-ақ бөлімдерде, оларды күшейту және мамандандыруды іске асырады. Бригадалардың мүмкіндіктері операциялық араласудың табысшылығының нәтижесінің сипатына қарай анықталады (2 сағатта 1 операция).

Арнайы жасақталған медициналық отрядтар — төтенше жағдайларда (кәсіптендірілген, мамандандырылған) шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Отряд Орталық әскери-емдеу мекемесінде, немесе әскери округта жеке бөлім ретінде құрылады. Әскери-емдеу мекемесінің бастығы, отрядтың құрамына қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады және төтенше жағдайлар аймағына ең кемі 12 сағат ішінде тартылады. Медициналық арнайы жасақталған отрядтың **негізгі міндеттері**.

- Жұмысты ширықтыру, стихиялық апат ауданынан халықты шығару, дер кезінде жинау.
- Зақымданғандарды медициналық сұрыптау және қабылдау.
- Белгіленген мерзімге дейін зақымданғандарға кәсіби көмек көрсету және емдеу.
- Зақымданғандарды эвакуацияға дайындау.
- Төтенше жағдайлар ауданында жұмыс істейтін емдеу мекемелерін күшейту.

Отрядтың құрамына басқарма, мамандандырылған медициналық көмек көрсететін бөлімдер мен топтар, сондай-ақ қамтамасыз ету

құрылымдары кіреді (11.1-кесте) МОСБ ұйымдасқан екі бөлімнен; тұрақты штаттық құрылым және ауыспалы болып бөлінеді.

Міндеттерді жоғары дайындықпен орындау. Қуаттау мақсатында отрядтың материалдық және басқа да медициналық мүліктері қысқартылған құрамда ұсталынады.

Отряд медициналық құраммен қажеттілігіне қарай әскери-медициналық мекеменің орталықтандырылған немесе оның қарамағындағылардың есебінен толықтырылады.

Отрядтың құрамы, оның құрылымдық бөлімдері мен жеке құрамның саны (штаб негізінде). Генералды штабпен анықталады, тылдағы штабты Рф Қарулы күштері және Рф Қорғаныс министрлігі әскери медицина басқармасының бастығы басқарады, жұмыстың көлемі мен сипатына қарай әрбір жеке жағдайға байланысты.

Тұрақты бөлім:

- басқару (команда басқармасы, қаржы бөлімі, медициналық бөлім, әкімшілік бөлім);
- негізгі құрылымдар: қабылдау-сұрыптау бөлімі, интенсивті терапия және анестезиология бөлімі, хирургиялық, екі госпитальдық, зертханалық, санитарлық-эпидемиологиялық бөлім, кабинеттер (рентгендік, детоксикациялық) дәріхана;
- қамтамасыз ету құрылымы (автокөлік бөлімімен взводты материалдық қамтамасыз ету, энергетикамен қамтамасыз ету және байланыс бөлімі, асхана және қоймалар);
- медициналық взвод.

Ауыспалы медициналық бөлім: нейрохирургиялық, радиологиялық, күйіктік, токсикологиялық, радиобиологиялық, жұқпалы аурулар, психоневрологиялық, қайтадан қалпына келтіру емі топтарынан тұрады. Отрядты тұрақты және ауыспалы деп бөлу зақымданған адамдардың ерекшелігі мен ошақтың сипатына байланысты. Отрядтың жергілікті жерге өрістету түрі әртүрлі болуы мүмкін. Жер сілкінісі салдарын жоюда мақсатқа сай нейрохирургиялық, травматологиялық, жалпы хирургиялық және психоневрологиялық топтарды пайдаланады. Радиациялық зақымданған ошақтарда, көрсетілгендерден басқа, мақсатына қарай радиоактивті, ал күйік ошағында АОХВ-токсикологиялық топты пайдаланады. Зақымданушылардың травматологиялық профиліне түсуіне келесі функционалды құрылымдар көрсетіледі; қабылдау-сұрыптау бөлімі, операциялық, уақытша госпиталдік бөлімі.

11.1-кесте. Арнайы жасақталған медициналық отрядтың ұйымдық-штаттық құрылымы

| Атауы | Адамдар саны | |
|---|---------------------|-----------------------------|
| | Әскери-қызметкерлер | Жұмысшылар мен қызметкерлер |
| Басқару | 8 | 4 |
| Негізгі құрылымдар | | |
| Қабылдау-сұрыптау бөлімі | 4 | 5 |
| Хирургиялық бөлім | 3 | 6 |
| А және Р бөлімі (детоксикация кабинеті және ГБО) | 11 | 15 |
| 1-ші госпитальдық бөлім (50 төсекке) | 3 | 7 |
| 2-ші госпитальдық бөлім (50 төсекке) | 3 | 7 |
| Зертханалық бөлім | 3 | 3 |
| Санитарлық-эпидемиологиялық бөлім | 3 | 2 |
| Рентген кабинет | 1 | 2 |
| Медициналық топ (жалпы хирургиялық) | 3 | 3 |
| Медициналық топ (нейрохирургиялық) | 6 | 10 |
| Медициналық топ (1-ші травматологиялық) | 3 | 4 |
| Медициналық топ (2-ші травматологиялық) | 3 | 4 |
| Медициналық топ (күйік) | 3 | 3 |
| Медициналық топ (токсикологиялық) | 2 | 2 |
| Медициналық (радиологиялық) | 2 | 2 |
| Медициналық топ (психоневрологиялық) | 4 | 4 |
| Медициналық (жұқпалы аурулар) | 2 | 2 |
| Медициналық топ (қайтадан қалпына келтіру) | — | 4 |
| Медициналық взвод (санитарлық бөлімімен) | 28 | — |
| Қорытынды | 87 | 85 |
| Қамтамасыз ету бөлімі (дәріхана материалдық қамтамасыз ету взводы) | 32 | 9 |
| Штат бойынша барлығы | 127 | 98 |

Жеңіл жарақаттанғандарға қажетті алғашқы дәрігерлік және хирургиялық көмек көрсетін, қыс уақытында барлық түскендерге қабылдауды ұйымдастырып, қажеттіліктеріне қарай жылыту, психофармакологиялық көмек көрсетеді.

Пункт ішінде зақымданғандарды сұрыптау бес негізгі топқа бөледі:

- өмір тіршілігінің көрсеткіштері бойынша кезек күттірмейтін операцияны қажет ететіндер;
- өмірге қауіпсіз, кейінге бірнеше сағатқа қалдырылған операцияны қажет ететіндер;
- интенсивті терапия мен жансақтау көмегін қажет ететін, мамандандырылған бөлім жағдайында 1–2 күн болатындар;
- симптоматикалық аурулар көмек қажет ететін басқа да зақымданушылар, көшіруге дайын зақымданушылар.

Емдеу-көшіру шаралары ТЖ аймағында екі сатыда өтеді.


Зақымданған ошақта алғашқы медициналық көмек жеке құрылымға, санитарларға және құрылымның санитарлық нұсқаушыларына, құтқару жұмыстарын жұмылдыруға арналады.

Бірінші кезеңде медициналық көшіру, құтқару жұмыстарын өткізуді, зақымданған ошақ пен оның шекараларында дәрігерлікке дейінгі алғашқы медициналық көмекті жеке құрамның медициналық қызметтің бөлімдері мен құрылымын жұмылдыру. Ол үшін медициналық көмек көрсететін бекетті өрістетуге.

Шараларға дейінгі алғашқы дәрігерлік көмекке жылжымалы дәрігерлік-мейірбикелік әскери-емдеу мекемелерінің бригадалары қатысады. Аумағы аса ірі төтенше жағдайлармен зақымданғандардың көбеюіне байланысты, МК КП-нің құрамын күшейту, хирургтер, терапевтер, анестезиолог-реаниматолог, басқа да мамандарды, медициналық мейірбикелерді өзге арнайы батальондардың (арнайы медициналық отрядтар, әскери госпитальдар) есебінен нығайту ұсынылған.

МККП құрамына бұл жағдайда қосымша операциялық танғыш бөлімі, автотасымалдаушы АП-2 уақытша госпитальдық қарқынды терапия бөлімі енеді. МККП медициналық көмек көрсету көлемі кезек күттірмейтін терапевтік және хирургиялық араласуымен жүргізіледі. Қарқынды терапия палатасының жұмысынамақсатты бір реанимациялық бригаданы құрамында дәрігер анестезиолог-реаниматологты, екі мейірбике анестезиолог пен қан құю үшін фельдшер тартылады.

Бұл бригада өзге де дәрігерлермен бірге (хирург, терапевт т.б.) медициналық мейірбике мен бірге тәулік бойы реанимациялық көмек, қажеттілігіне қарай анестезиологиялық шұғыл хирургиялық араласуды қамтамасыз етеді.



11.1-сурет. Арнайы медициналық отрядтың орналасу үлгісі: А — қабылдау-сұрыптау; Б — арнайы өңдеу бөлімі; В — операция бөлімі; Г — госпитальға уақытша жатқызу 1-бөлімі; Д — госпитальға уақытша жатқызу 2-бөлімі (жарақат алғандарға); Е — қызмет ету және қамтамасыз ету бөлімшесі; Ж — санитарлық-эпидемиологиялық зертхана; Т — тікұшақ алаңы; 1 — басқарма; 2 — УЗ зақымдалғандарды сұрыптайтын жер; 3 — ауыр және орташа жарақат алғандарды сұрыптайтын жер; 4 — жеңіл зақымдалғандарды сұрыптайтын жер; 5 — жеңіл жарақаттарды таңу жері; 6 — зарарсыздандыру бөлмесі; 7 — жарақаттарға операция жасайтын жер; 8 — кеуде, іш, ми ағзалары зақымданғандарға операция жасайтын жер; 9 — зақымданғандарға операция жасайтын жер; 10 — рентген кабинеті; 11 — дәріхана; 12 — қан дайындау бөлімі; 13 — гипербариялық оксигенация кабинеті; 14 — қарқынды терапия бөлмесі; 15 — анаэробты; 16 — психикалық науқастарға арналған оқшау жерлер; 17 — таңу бөлмесі; 18 — оқшау жер; 19 — жеке құрамның палаткалары; 20 — асхана; 21 — койма; 22 — зертхана

Жекелеген жағдайларда төтенше жағдайлар ошағында және оның шекараларында арнайы жасақталған медициналық отрядтар МОАЖ құрылады.

Осы кезде медициналық сатылап көшіру, зақымданғандарға кезек күттірмейтін кәсіби көмек пен мамандандырылған медициналық көмек көрсету керек.

Екінші кезеңде медициналық көшіруді (емдеу мекемелерінде) ережемен, толық көлеміндегі медициналық көмекті жан-жақты көрсетіледі, зақымданғандарға жоспарлы, сауықтыру жасалынады. Бұл мақсатқа әскери-медицина академиясының клиникасы, Бас және Орталық әскери

госпиталь, флот пен әскери госпитальдың мамандандырылған медициналық көмек қолданылады. Медициналық арнайы жасақталған отрядтардың қозғалыстағы жағдайында медициналық кетіру жолдарында зақымданғандарды бір елді мекеннен немесе бірнеше елді мекенде көмек көрсеткенде ол екінші сатылы деңгейде болады. Бұл жағдайда көшірілгендерді қабылдайтын МОСБ емдеу мекемелері көшірудің үшінші сатысы болып табылады.

Арнайы жасақталған медициналық отрядтарды негізінде белгілі бір аймақ шеңберінде жауапты етіп белгілейді. Отрядтар қашанда басқа да өңірлерде жұмыс істеуге дайын болуы керек, ал арнайы жасақталған Н.Н. Булденко атындағы Бас әскери клиникалық госпитальдің отряды-шетелдегі жұмыстарға да қатысады.

Зақымданғандарды зақымданған ошақтан көшіру үшін келесі **көшіру-көлік құралдарды** пайдаланады:

- гарнизон деңгейінде-санитарлық-көлік кезекшілер медицина қызметінің штаттағы санитарлық-көлік құралдары гарнизонның транспорттық құралдарының бастығымен бөлінген;
- округ деңгейінде (ВС флоттың түрлері) реанимациялық АН-26 «Спасатель», санитарлық вертолет МИ-8 «Биссектриса» госпитальдық суда, санитарлық катерлер, зақымданғандарды көшіруге дайындаған авиациялық, теңіздік, темір жолдық және автомобиль-құралдары;
- орталық емдеу мекемелеріне көшіру үшін-операциялық самолет ИЛ-76 «Скаल्पель» медициналық көшіруге арналған әскери-транспорттық авиация ИЛ-76, АН-72 әскери-санитарлық поездар.

Төтенше жағдай салдарында медицина-санитарлық жүйенің алдын алу және жоюда **санитарлық-гигиена және эпидемияға қарсы шараларды** жүргізуге маңызды орын тиесілі.

Бұл мақсаттарда санитарлық-эпидемиологиялық отрядтар төтенше жағдайлар ауданын дислоцияланған негізгі мекемелер медициналық шараларды ұйымдастыруды жүргізуі, әскер мен флоттың қарулы күштерінің санитарлық қамтылуының, жұқпалы аурулардың көпшілікке таралуына жол бермеу бағытындағы шараларды жүзеге асырады.

Эпидемияға қарсы шараларды жұқпалы ауруларды ошағын болдырмау үшін арнайы мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды, округ пен флотта жасақталған СЭО қатыстырады.

РФ Қарулы күштерінің әскери медицина қызметінің құрылымдары мен мекемелерінің, төтенше жағдайлар салдарын медициналық санитарлық жоюға қатысуы, тәжірибелік және ғылыми негізде әскери

медицинаны шын мәнінде медициналық апаттың авангарды деп есептеуге, ал ұйымдастыруы жағынан, денсаулық сақтаудың өзге құрылымдарына қарағанда, кенеттен пайда болған апаттарда міндеттерді жүзеге асыратын ұйым деп есептеу қажет.

Соңғы мысалдар, жоғары кәсіби әскери мамандарды ұтымды пайдалану, әскери-медицина техникалар мен әскери тәжірибені құтқару, қорғану және емдеу шараларында қолдану жаңа мүмкіндіктерді көрсетеді.

Бақылау сұрақтары

1. Әскери медициналық төтенше жағдай салдарын жасаудағы міндеттері.
2. Жалпы мемлекеттік жүйенің төтенше жағдай салдарын жоюдағы әскери медициналық маңызды рөлі.
3. РФ Қарулы күштерінің зілзала медицинасы қызметі құрылымдарын құруды ұйымдастыру.
4. РФ Қарулы күштері зілзала медицинасы қызметі құрылымдарын құруды пайдалану негіздері.
5. МОАЖ ұйымдастыру құрылымы.
6. МОАЖ пайдаланудың міндеттері мен негіздері.

12-Тақырып

ЖЕРГІЛІКТІ ӘСКЕРИ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 12.1. Жергілікті әскери қақтығыстарда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негіздері.
 - 12.1.1. Әскери сипатты төтенше жағдайлардың негізгі факторлары мен шарттары.
 - 12.1.2. Медициналық күштер мен жасақтар.
 - 12.1.3. Зақымдалған тұрғындарды медициналық қамтамасыз ету шаралары.
- 12.2. Медициналық қызметкерлердің қарулы қақтығыстардағы құқықтары мен міндеттері.
 - 12.2.1. Медициналық қызметкерлердің міндеттері.
 - 12.2.2. Медициналық қызметкерлердің құқықтары.

12.1. ЖЕРГІЛІКТІ ӘСКЕРИ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА ТҰРҒЫНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Жақын болашақта шекаралас жатқан мемлекеттер мен ішкі әскери қақтығыстар және жергілікті соғыстар Ресейдің қауіпсіздігін бұзады деп жорамалдайды.

Қазіргі әскери қақтығыстарда үлкен аумақтарды қамтып, ірі әскери күштер араласқанымен қақтығысқа қатысқан мемлекеттер елдерінде әскери жағдай жариялап, халықты әскери шараларға тартпайды. Басқаша айтқанда, елде, шын мәнінде, соғыс болып жатқанымен, бейбіт жағдай мен соғыс жағдайларының арасына нақты құқықтық шек қойылмайды.

Жергілікті соғыстар мен әскери қақтығыстарда қарулануды жетілдіру, жарылыс құралдарын кеңінен пайдалану тұрғындардың жаппай өлім-жітім, мүгедектігіне әкелді.

Югославияға жасалған шабуылдың алғашқы 2 айында 1200 адам қаза тауып, бірнеше мыңдаған адам жарақаттанды. Әскерилер мен тұрғындар арасындағы шығынды салыстырғандағы қатыстылық 1:15-ке тең болды.

Салыстыру үшін АҚШ-тың Вьетнамдағы соғысында бір әскеридің өліміне шаққанда бейбіт халықтың шығынының саны 10 болды. Бірінші дүниежүзілік соғыста бейбіт халық шығыны бүкіл қайтарымсыз шығынның 5%, ал Екінші дүниежүзілік соғыста — 48%, ал Корея соғысында — 84% құрады.

12.1.1. Әскери сипатты тетенше жағдайлардың негізгі факторлары мен шарттары

Қазіргі заманғы соғыстарда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, негізінен, әскери әрекеттер ауқымына және қарсыластардың қолданған зақымдау құралдарының түріне байланысты.

Әскери ТЖ тұрғындарды медициналық қамтамасыз етудің ерекшеліктерін айқындайтын маңызды факторлар:

- құрылымында зақымдалудың ауыр және біріккен түрлері көп болатын жаппай санитарлық шығындардың қысқа ғана уақыт аралығында туу мүмкіндігі;
- қарсыластың адамға зақымдаушы әсерінің сипаты және оған қарсы жасалатын медициналық көмектің түрі әлі белгісіз қарудың жаңа түрлерін қолдануы;
- ТЖ ошағында қажет шұғыл медициналық-санитарлық көмек пен оны қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудың мүмкіндіктерінің сәйкес келмеуі;
- қарсылас жаппай қыратын қаруларды пайдаланған немесе әдейілеп қауіпті нысандарды артиллериялық және ракеталық-бомбалық атқылау, лаңкестікактілер арқылы қиратқан жағдайда аумақтың-радиоактивті, улы заттармен (УЗ, АҚХЗ) бактериологиялық заттармен (БЗ) зақымдалу қаупі;
- зақымдалу ошақтарында, көшіру жолдарында және тұрғындар мен қашқындарды көшірген аудандардағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың тұрақсыздығы.

Замануи қарулардың зақымдаушы күштерінің өсуі әскери мақсаттардың сипатын сапалы өзгерткенін айта кеткен жөн: қарсыластың тек тірі күштер, техника, бекіністер, бейбіт халық жиналған жерлер ғана емес, экономиканың қауіпті нысандары мен табиғи ортаның өзі шабуыл нысандарына айналды.

Атом электр станциялары, заводтар, биотехнологиялық нысандар, жанармай қоймалары, мұнай өндіруші заводтар, мұнай бұрғылары мен танкерлерін қирату — қарсыластың соғыс әрекеттеріндегі ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл міндеттер қауіпті нысандарды жоғары дәлдікпен қирататын ракеталық-бомбалық атқылаулар немесе диверсиялық-лаңкестік шаралар арқылы жүзеге асырылады. Мұндайда зақымдалу ауқымы ядролық қаруды пайдаланғанмен бірдей болады.

Мұндай әрекеттердің мақсаты тек адамдарды зақымдау ғана емес, сол адамдардың өмір сүру ортасын жою болып табылады. Әдетте, соғысты осылайша жүргізу әдістерінің экологиялық салдарлары ұзақ уақыттарға созылады, оған 1990 жылғы Таяу Шығыстағы Парсы шығанағында болған соғыстар куә бола алады, онда Ирактың Кувейтке жасаған әскери шабуылдары салдарынан мұнай мұнаралары мен қоймалары қиратылып, аймақта нағыз экологиялық апат жағдайын туғызды.

НАТО елдерінің 1999 жылы Югославияға қарсы әскери әрекеттері кезінде химиялық және мұнай өндіретін өнеркәсіп нысандары бойынша ракеталық-бомбалық атқылаулар аса үлкен экологиялық салдарларға әкелді. Шешен көтерілісшілерінің 1999 жылы Грозныйдың орталығындағы хлор мен аммиак қоймасын жарып жіберуі Шешен Республикасының бейбіт халқына және қоршаған ортасына үлкен қауіп төндірді.

Жаңа физикалық принциптерге құрылған қаруларды қолдану ірі жер сілкіністерін, су тасқыны апаттарын, мұхит жағалауларында толқын апаттарын туғызып, жер қабатының толықтай бір аймақтарында климат жағдайларын өзгертіп жіберуі мүмкін.

12.1.2. Медициналық күштер мен жасақтар

Мұндай жағдайларда қойылған міндеттерді тек РФ Денсаулық сақтау министрлігінің, басқа да министрліктер мен ведомстволардың арнайы күштері жұмыстың ерекше түрлері мен әдістерін қолдана отырып, шеше алады. Ресей Федерациясында мұндай күштер мен жасақтар АҚ медициналық қызметінің, Бүкілресейлік зілзала медицинасы қызметінің, сонымен қатар РФ Қорғаныс министрлігінің құрамына енгізілген.

Түрлі министрліктер мен ведомстволардың медициналық және санитарлық-эпидемиологиялық мекемелері аталған қызметтердің құрылу базасы болып табылады. Сонымен қатар АҚ пен БЗМК күштері мен жасақтарының медициналық топтарының қалыптасуының негізгі көздері Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі екендігін айта кеткен жөн.

Бейбіт және соғыс уақыттарындағы ТЖ тұрғындар мен азаматтық қорғаныс күштерін медициналық қамтамасыз етуде Ресейдің АҚ әскери күштері мен бөлімшелері және медициналық қызметтері маңызды роль атқарады.

Әскери доктринаның ережелеріне сай құрылған АҚ медициналық күштері кез келген жағдайларда, әскери әрекеттердің түрлі варианттарында және түрлі заманауи қарулар қолданылған жағдайларда зақымдау ошақтарында құтқарушы операцияларды медициналық қамтамасыз етуге үнемі дайын тұруы керек. Бұған бейбіт және соғыс уақыттарындағы ТЖ тұрғындарды медициналық қамтамасыз етудің заманауи жүйесінің ұйымдастыру негіздері нақты жасалған жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Заманауи қарулану әдістерін (оның ішінде жаппай зақымдау қаруларын қосқанда) қолданған соғыс жағдайларында, ЕПМ, медициналық мүлік қорларын жойып жіберу және зақымдау ошағындағы медициналық қызметкерлердің қатардан шығарылуы салдарларынан зақымдалушыларға медициналық көмек көрсету мүмкіндігі жойылады. Сондықтан да зақымдалған тұрғындарға толыққанды медициналық көмек көрсетіп, стационарлық ем жасау үшін оларды қала сыртында орналасқан ауруханаларға көшіру жоспарланады. Бұл міндетті шешу үшін зақымдаушы тұрғындарды емдік-көшіру жүйесі қабылданған.

Қазіргі уақытта зақымдалушыларды көшірудің **ЕКҚ екі сатылы жүйесі** қабылданған.

- Бірінші сатыға алғашқы медициналық көмек отрядтары, АҚ медициналық бөлімшелері, әскер бөлімшелері және зақымдалу ошақтарында сақталып қалған емдеу мекемелері жатады.
- Екінші сатыға аурухана базасының емдеу мекемелері жатады. Әскери-медициналық қызметтің соңғы онжылдықтардағы жергілікті соғыстарға қатысып, үлкен тәжірибе жинаған мамандары егер ЕКҚ жүйесі, үлкен немесе аймақтық соғыс жағдайларында медициналық көшіру сатыларында медициналық көмек түрлері мен көлемі негізделіп, анықталған болса, онда жергілікті соғыс жағдайларында мұндай нұсқаулар болмайды.

Осы тұрғыдан алғанда, медициналық қызметтің лайықты бөлімдері басшыларының зақымдалушыларға барынша ынғайлы, тиімді және ЕКҚ ұйымдастырудың үнемді варианттарын таңдай білуін олардың кәсіби квалификациясының негізгі көрсеткіші деп есептеу керек.

Заманауи әскери жарақаттардың құрылымының негізгі үлес салмағын біріккен күрделі жарақаттар мен көптеген жаралар құрайды. Шешен

Республикасындағы алғашқы әскери қақтығыстарда әскерлерді медициналық қамтамасыз ету тәжірибесінің деректеріне сүйенсек, санитарлық шығындардың жалпы көлемінің 30% күрделі жарақаттар мен көптеген жарақаттар, 10% жуығын ауыр және аса ауыр жарақаттар құраған. Соңғы жылдары зақымдалушыларға маманданған және арнайы медициналық көмек көрсету уақытын қысқарту қажеттілігі жалпыға аян болып отыр.

Жергілікті соғыстар мен қарулы қақтығыстарда медициналық көмекті нақты жағдайларға байланысты зақымдалушыларға жақындату сол ауданнан әуе көлігі арқылы оларды ерте көшіріп әкету арқылы және далалық медициналық құрылымдарды әскери қақтығыстар аймағына жақын орналастыру және зақымдалушылар мен науқастарды әуе жолдары арқылы әрі қарай көшіру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі соғыстарда зақымдалған тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуге арналған күштер мен жасақтардың құрамы туралы мәселе де өзекті. Жергілікті соғыстар мен әскери қақтығыстарда әскери жағдай енгізіліп, жалпылай әскерилену жарияланбайтындықтан, мұндай жағдайларда медициналық күштер мен жасақтарды құрудың барынша мақсатқа сай варианты — оның құрамына БЗМК, РФ Қорғаныс министрлігінің, басқа да министрліктер мен ведомстволардың жақсы жасақталып, дайындалған құрылымдары мен мекемелерін енгізу.

Мұндай жағдайда зақымдалған тұрғындарға шұғыл медициналық жәрдем көрсету үшін дәрігерге дейінгі көмек, дәрігерлік-мейірбикелік бригадалар, арнайы медициналық көмек бригадалары, РФ Қорғаныс министрлігінің арнайы медициналық отрядтары, БЗМК санитарлық-эпидемиологиялық отрядтары және басқа да құрылымдары тартылады.

БЗМК медициналық қызметкерлерінің әскери қақтығыстар аймағында қызметтік міндеттерін атқару барысында қайтыс болған немесе жұмыс істеу қабілетінен айырылған қызметкерлерге әлеуметтік және заңды кепілдік бере алатын дәрежесінің болуы — осындай шешімді қолдайтын қосымша дәлел. Олардың тиімді жұмысының маңызды шарты зақымдалған тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда тартылған медициналық күштер мен жасақтардың ведомствоаралық бірлесе әрекет ету екендігін естен шығармаған жөн.

Әскери ТЖ салдарларын жоюға тартылатын медициналық күштер топтарының құрамына ерікті негізде жеке, гуманитарлық және қоғамдық медициналық және санитарлық мекемелер мен ұйымдарды қосу керек. XX ғасырдағы жергілікті соғыстар мен қарулы қақтығыстарда зақымдалған тұрғындарды медициналық қамтамасыз еткен ұйымдардың тәжірибесі мұндай қарулы қақтығыстарда жаппай санитарлық шығындардың бір

сәттік ошақтары болмайтындығын, зақымдалушыларды медициналық көшіру сатыларына түсуі соғыстың барлық кезеңіне созылатындығын көрсетіп отыр.

Сондықтан да мұндай жағдайларда АҚ заманауи зақымдау қарулары, тіпті ядерлық қарулар қолданылатын үлкен және аймақтық соғыстарда болатын жаппай санитарлық шығындар ошақтарындағы жұмыстарға арналған қосымша медициналық құрылымдар мен алғашқы медициналық көмек отрядтарын қолдануға деген қажеттілік тумайды. АМК ауқымды құрылымы, отрядтың палаталық қорының болмауы және ресурстарды жинақтау қажеттілігі, басқа министрліктер мен ведомстволардың санитарлық жасақтарын АМК құрамында жұмыс істеуге тарту күрделілігі АМК жұмысын қарулы қақтығыс жағдайларында қолдануға ыңғайсыз етеді, мұндайда АҚ жүйесі әскери жағдайға көшірілмейді. Сонымен қатар мұндай жағдайларда БЗМҚ жылжымалы медициналық құрылымдары — «Қорғау» БЗМҚ далалық көпсалалы госпиталі, Ресейдің Қорғаныс министрлігінің арнайы медициналық отрядтары өздерінің тиімділіктерін көрсетті.

«Қорғау» БЗМҚ Шешен республикасындағы әскери қақтығыстарда тұрғындарды медициналық қамтамасыз ету жұмыстарының талдауы әскери қақтығыс аймағына госпиталь орналастырған жағдайда, оның тәулігіне медициналық сұрыптау өткізіп, 250 зақымдалушыға маманданған медициналық көмек көрсетіп, 100–150 тасымалдауға жарамсыз науқастарды уақытша госпитальға жатқызу қабілеті бар. Әскери әрекеттер аймағындағы госпиталь өздігінен ешқандай қосалқы қорлар мен медициналық қызметкерлерді ауыстырмай-ақ 15 тәулікке дейін жұмыс істей алады, бұл БЗМҚ осындай құрылымдарының жергілікті әскери қақтығыстар аймағында тиімді жұмыс істей алатындығын дәлелдейді.

12.1.3. Зақымдалған тұрғындарды медициналық қамтамасыз ету шаралары

Соғыс кезінде және әскери қақтығыстарда зақымданған ошақтар тұрғындар арасындағы шығындармен қоса, осы қақтығыстардың салдарынан адамдар тіршілігіне қатысты көптеген мәселелер пайда болады. Зақымданғандарға немесе моральдық және материалдық жапа шеккендер жатады.

Медициналық және санитарлық-эпидемиологиялық қамтамасыз ету — ТЖ аймағындағы әскери сипаттағы жағдайдан зақымданған тұрғындардың өмір қажеттілігіне бірінші кезектегі ауысу, азық-түлік,

баспана, тұрмыстық және көлік, ақпараттық қамтылуын қанағаттандыру болып табылады.

ТЖ аймағындағы зақымданған тұрғындарды санитарлық-эпидемиологиялық және медициналық қамтамасыз ету үшін келесі шаралар жасалуы керек:

- медициналық көмек көрсету;
- зақымданғандарды емдеу-алдын алу мекемелерге көшіру;
- зақымданған тұрғындарды медициналық мүлікпен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;
- эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық шараларды жүргізу.

Соғыс қашанда өмірге қатысты тұрғын үй т.б. қажеттіліктердің бұзылып, қирауына әкелетіндіктен, тұрғындар ол жерлерді тастап, қоныс аударды.

Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыста Европада алпыс миллион адам баспанасыз қалған. Қарсыластардың әуеден атқылаған бомба жарылыстарынан тұрғындар қаладан қалаға көшкен. Англиядан 1,3 млн халық, Германиядан қаншама миллион адам қоныс аударды. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы әскери қақтығыстар мен жергілікті соғыстар тәжірибесі көрсеткеніндей, жергілікті соғыстар мен әскери қақтығыстардың нәтижесінде босқындар мен жер ауғандар күрделі мәселелерді туындатады. Әскери қақтығыстардың салдарынан ондаған, жүздеген адамдар баспаналарын амалсыз тастап кеткен.

НАТО-ның Югославияға қарсы 1999 жылғы қақтығысынан жүздеген босқындар Европаның көптеген қалалары мен Косово провинциясынан, көбі арнайы палаталарға ұзақ уақытқа қоныстанды. Екінші соғыстары кезінде 2002 қаңтарындағы арнайы мәліметтер бойынша, босқындардың саны 250 мыңға жетті, олардың 35 мыңы арнайы жабдықталған 11 палаталық лагерьлерге орналастырылды.

Босқындар арасындағы әйелдер және балалар, қарттардың дені созылмалы аурулармен ауырады. Олардың көбі киім, тамақ, ақша қаражатынсыз қалғандар. Дер кезінде медициналық көмекті ала алмағандықтан, қарттар арасында өлім жағдайы, көбінесе жұқпалы аурулар пайда болды.

Тұрғындардың өмірқажеттілігін, соғыс жағдайында немесе осы жағдайлардың салдарын жоюда босқындар лагерьлерінде медициналық көмекті ұйымдастыру аса маңызды бөлім болып табылады. Уақытша баспаналарда палатқалар, вагонда күннің жаңбырлы, суық күндерінде, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық талаптарға байланысты бұл лагерь-

лерде ұзақ тұруға болмайды. Үнемі тону, таза ауызсудың, жуынып шайынуға, төсек-орынды ауыстыруға, ыстық тамақты ұйымдастыруға мүмкіндіктің болмауынан, босқындар арасында жұқпалы аурулардың тарауы мен суық тиюі жиілейді. Лагерьдегі адамдар әскери аймақтарда болғандықтан, түрлі жарақаттанулар, тұрмыстық жарақаттардың пайда болуынан медициналық көмекті қажет етеді. Сондай-ақ мамандандырылған медициналық көмектер, жұқпалы және психикалық науқастарға көмек көрсететін оқшау жерлер қажет болады.

Босқындарға психотерапиялық және психологиялық көмек көрсету қажеттілігі де едәуір мәселе туындатады. Олардың көбі өз өміріне деген қорқыныштан, көрген қиындық пен жақындарының өлімінен, жинаған мүлкінен айырылудан ауыр психологиялық күйзеліске ұшырайды.

Даладағы босқындар лагеріндегі тұрмысты ұйымдастыру санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы шараларды, сумен қамтамасыз ету нысандарының азық-түлікті, лагерь аумағында дер кезінде дәретхана, коқыс тастайтын шұңқырларды қазып, дезинсекция, дезинфекция, дератизация жұмыстарының қатаң тәртіппен жүргізілуін талап етеді.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мамандары босқындардың лагерін жетілдіру, елді мекендерді таңдау және олардың уақытша орналасқан жерлерінде санитарлық бақылауды жүргізеді. Орналасуға келген босқындарға қажетті медициналық көмек көрсету және жұқпалы аурумен ауыратындарды анықтау мақсатында медициналық тексеруден өткізеді. Эпидемия белгілері байқалғандар санитарлық өңдеуден өтеді және олардың заттарына дезинфекция жасалынады. Жұқпалы ауруларды емдеу және оқшаулау үшін уақытша инфекциялық стационарға орналастырылады.

Әскери қақтығыстардың ауқымына, босқындардың санына қарай, сондай-ақ соғыс әрекеттері аймағындағы медициналық жағдайдың жеделдік ерекшелігіне, жергілікті органдардың денсаулық сақтау мекемелерінің болуын, босқындар лагеріндегі зақымданған тұрғындарға медициналық көмек беру мақсатында медициналық бекеттер, жылжымалы емхана және жылжымалы көпсалалы госпиталь бөлімдерінің қысқартылған құрамасын орналастырады.

Бұл мақсатқа медициналық және АҚ, БЗМҚ санитарлық-эпидемиологиялық құрылымдары мен мекемелері Ресейдің ТЖМ медицинасы құрылымдары, халықаралық және Ресейдің Қызыл крест бригадалары мен отрядтары, басқа да гуманитарлық және қоғамдық ұйымдар қатыстырылуы мүмкін. Автономдық жағдайларда ұзақ мерзімге жұмыс істейтін заманауи жабдықталған кешенді типтегі кәсіптендірілген медициналық құрылымдарға құрмет көрсетуге болады.

Шешен Республикасындағы әскери қақтығыстар кезіндегі көшуге мәжбүр болғандарды, жағдайдың ерекшелігіне қарап шешім қабылдап, орналастырылған медициналық қамтамасыз ету ұйымдарының тәжірибесі мақтауға, ескеруге тұрарлық. Бірінші (1994–1996) Шешен әскери компаниясының кезінде тұрғындарды соғыс жағдайында көшіру мәселесі стихиялы басталды. Әскери қақтығыстардан, өмірге қажетті барлық жағдайлардың қирауынан антисанитарлық жағдайдың нашарлауынан аймақта оба, сүзек, сибір ойық жарасының белсенді табиғи ошақтарының болуы эпидемиологиялық жағдайды ушықтырады, тұрғындарды соғыс аймағынан тысқары шығарып, уақытша палаталық қалашыққа орналастырады.

Шешен Республикасының аумағында босқындарға шұғыл медициналық-санитарлық көмек көрсету жұмысының біршама көлемін БЗМҚ құрылымдары мен мекемелері атқарды. 1994–1996 жылдарғы әскери қақтығыстарда «Қорғау» БЗМҚ жылжымалы көпсалалы госпиталі (ЖКГ) 12 мыңға таяу жаралылар мен науқастарға медициналық көмек көрсетсе, 1999–2000 жылдарғы кезеңде оның көлемі 16 мыңнан асып түсті.

Жергілікті әскери қақтығыстарда тұрғындарға медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру тәжірибесі көрсеткеніндей, жергілікті денсаулық сақтау органдары зақымдалған тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырып, жүргізе алмайтын жағдайда, бұл міндетті БЗМҚ шұғыл басқару органдары мен күштеріне жүктеген жөн.

Мұндай жағдайларда медициналық қызметтер мен Ресейдің ТЖМ зардап шеккен тұрғындарды іздеп табу, құтқару және өмірлерін сақтап қалу шараларын ұйымдастыру мәселелерін шешетін арнайы бөлімшелері өзара бірлесіп, ұйымдаса жұмыс істеуінің маңызы артып отыр.

12.2. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қарулы қақтығыстарда медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындауы Женева конвенциясының ережелері мен оның Қосымша құжаттары сияқты халықаралық гуманитарлық құқықпен реттелгендігін атап өту қажет.

Халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі ережелері 1949 жылдың 12 тамызында қабылданған төрт Женева конвенциясымен және осы конвенцияның 1977 жылдың 8 маусымында қабылданған Қосымша хаттамаларымен дәлелденген.

- Армиялардағы жаралылар мен науқастар жағдайын жақсарту туралы Женева конвенциясы.
- Қарулы күштердің теңіздегі құрамының кеме қирауларында жаракаттанғандар мен науқастардың жағдайын жақсарту туралы Женева конвенциясы.
- Әскери тұтқындарға қарау туралы Женева конвенциясы.
- Соғыс уақыттарында бейбіт тұрғындарды қорғау туралы Женева конвенциясы.
- Женева конвенциясының халықаралық қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғау туралы 1949 жылдың 12 тамызындағы Қосымша хаттамасы.
- Женева конвенциясының халықаралық емес қарулы қақтығыстар — құрбандарын қорғау туралы 1949 жылдың 12 тамызындағы Қосымша хаттамасы.

Әділеттілік үшін Армиялардағы жаралылар мен науқастар жағдайын жақсарту туралы бірінші Женева конвенциясы 12 мемлекеттің қол қоюымен 1864 жылдың тамызында Қызыл Кресттің негізін салушылардың күшімен өткен Дипломатиялық конференцияда қабылданғанын айта кетуіміз керек. Дәл сол кездері қақтығыстардың құрбандары мен оларға көмек көрсететін қызметкерлердің құрбандарын қорғауға арналған халықаралық гуманитарлық құқықтың негізі қаланды.

Қазіргі уақытта Женева конвенцияларын 150-ден аса мемлекеттер яғни, бүкіл халықаралық қауымдастық мойындаған, сондықтан олар міндетті халықаралық нормалар болып табылады. Қақтығыс аймағында жұмыс істейтін медициналық қызметкерлер Женева конвенциясы мен оның Қосымша хаттамаларының талаптарын орындауға міндетті, себебі оны бұзу — халықаралық гуманитарлық құқықты бұзу, ол үшін жауапқа тартудың жолдары қарастырылған.

12.2.1. Медициналық қызметкерлердің міндеттері

Қарулы қақтығыстарда көмек көрсетуге тартылатын медициналық қызметкерлер төмендегідей міндеттерді біліп, бұлжытпай орындаулары керек.

1. Кез келген жағдайларда адамгершілікпен әрекет етіп, өзінің міндетін ар-ожданымен жауапты орындау. Құрбандарға адамгершілікпен, аянышпен қарау принципі — халықаралық гуманитарлық құқықтың негізін құрайтын принциптерінің бірі.
2. Қарулы қақтығыстарда қызмет ететін медициналық қызметкерлер бейбіт уақыттарындағыдай медициналық этика талаптарын орындауға

міндетті. Ол 1948 жылы Дүниежүзілік медицина ассоциациясы қабылдаған «Женева антының» негізгі ережелерін орындауға міндетті, ол ант бойынша дәрігердің міндеттері:

- кәсіби міндеттерін тыңғылықты және ар-ожданымен орындау;
- науқастың денсаулығын өзінің ең басты шаруасы деп қарау;
- өзіне сеніп айтылған құпияны таратпау;
- өзінің парызын өтеуде ешқандай діни, ұлттық немесе саяси шектеулерге жол бермеу;
- адам өмірінің абсолютті құндылығын мойындау;
- тіпті өміріне қауіп төнген жағдайда да медициналық білімін адамзат заңдылықтарына қарсы жұмсамау.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Халықаралық әскери медицина және фармация комитеті 1957 жылы «Соғыс уақыттарындағы медициналық этика қағидалары» және «Қарулы қақтығыстарда жаралылар мен науқастарға көмек көрсету қағидаларын» қабылдады, мұнда бейбіт және соғыс уақыттарындағы медициналық этиканың бірыңғайлық принципі дәлелденген.

3. **Әскери қақтығыстарға тікелей қатыспаған немесе қатардан шығып қалған адамдарға адамгершілікпен қарау керек.** Жаралылар, науқастар, кеме қирауына ұшыраған адамдар, әскери тұтқындар, қарсылас территориясындағы бейбіт тұрғындарға сыйластықпен, адамгершілікпен қарап, қорғауға алынуы керек.
4. **Медициналық себептерден басқа жағдайлардың бәрінде күтім ұсынылады.** Ешқандай шектеусіз көмек көрсету принципі — халықаралық гуманитарлық құқық принципінің негізін қалайтын қағида. Дәрігер алдына келген жаралыны, «өзіміздің» немесе «қарсыластың» адамы деп емес, тек науқас деп қана қабылдауы керек. Көмек көрсету кезегі тек қана медициналық талаптарға, дәрігердің ұяты және медициналық этикаға ғана қатысты анықталады. Жағдайлары барынша әлсіз топтарға (балалар, қарттар, жүктілер) айрықша көңіл бөлу қажет.
5. **Конвенцияның қорғауындағы адамдарға денсаулық жағдайларына қатысы жоқ қандай да бір медициналық процедуралар жасауға, сонымен қатар қандай да бір медициналық, биологиялық немесе басқа ғылыми тәжірибелер жасауға тыйым салынған.** Бұл саладағы аса қатаң бақылауды халықаралық гуманитарлық құқық жүргізеді. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы адамзатқа қарсы жасалған қылмыстарға байланысты. Қарсыластың билігіндегі адамдарға қандай да бір тәжірибелер жасауға тыйым салу қажет.

- 6. Барлық жаралылар мен науқастарды сыйлау керек.** Науқас емдеуге келісім берген жағдайда, дәрігер емді бастамас бұрын оның келісімін алуы керек. Сонымен қатар науқас келісімін берген күнде де, оның денсаулығына зиянын тигізетін (медициналық тәжірибелер) әрекеттер жасауға тыйым салынған.
- 7. Халықаралық гуманитарлық құқықты бұзған медициналық қызметкерлер жауапқа тартылады.** Әскери қақтығыстар аймағында жұмыс істейтін медициналық қызметкерлерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ол халықаралық гуманитарлық құқықты бұзу оның құрбандары үшін ғана емес, оны бұзған медициналық қызметкерлер үшін де ауыр салдарларын әкеледі. Мұндай бұзуларды ресми түрде әскери қылмыс деп есептейді, олар қылмыстың жасалған жері мен уақытына қарамастан қылмыстық жазаға тартылады.

12.2.2. Медициналық қызметкерлердің құқықтары

1. Медициналық қызметкерлерді міндеттерін орындау кезінде қорғау.

Әскери қақтығыстар аймағында міндеттерін орындайтын медициналық қызметкерлер халықаралық гуманитарлық құқықтың, Женева конвенциясының және оның Қосымша хаттамаларының қорғауында болады. Медициналық қызметкер тек ол алдында тұрған гуманитарлық міндеттерін орындау барысында ғана қорғауға алынады. Сонымен қатар, бұл кезеңдері медициналық қызметкер бірқатар маңызды талаптарды қадағалауға міндетті.

- Белгілік таңбалары мен құжаттары болуы керек. Әскери қақтығыстар аймағында қорғаудағы медициналық қызметкерлердің барлығы айқын көрінетін ерекше таңбалық белгі тағып жүруі (мысалы, кеудесінде және арқасында үлкен қызыл крест, ал АҚ қызметкерлері сарғыш түстің үстіне түсірілген көгілдір тең үшбұрыш) және Женева конвенциясының Қосымша хаттамасына сай үлгіде жасалған жеке куәлігі болуы керек.
- Әскери қақтығыстарға араласпау керек. Медициналық қызметкер қандай да бір әскери әрекеттерге араласудан аулақ болуы тиіс.
- Тек жеке қаруы болады және оны тек өзін-өзі қорғау және өзінің жаралылары мен науқастарын қорғау мақсатында ғана қалдануы керек. Сонымен қатар қаруды медициналық қызметкерлерге немесе жаралылар мен науқастарға қарсы қинап-қорлау актілерінің алдын алу мақсатында, сонымен қатар медициналық мекемедегі тәртіпті сақтау үшін қолдана алады.

2. Медициналық этика нормаларын сай өзінің кәсіби міндеттерін атқарған медициналық қызметкер жазаға тартылып немесе қуғындалмауы керек.

Бұл медициналық этикаға сай жүргізілген медициналық әрекет қандай да жағдай болмасын, көмектің кімге жасалып жатқанына қарамастан, қандай да болмасын қауіптің, қорлаудың, қуғындау және жазалаудың себебі бола алмайды.

3. Медициналық қызметкерлерді медициналық этикаға сай келмейтін әрекеттерге мәжбүрлеуге тыйым салынады.

Бұл ереже жоғарыда айтылғандарды толықтырады. Медициналық қызметкерлерді жаралылар мен науқастарға қатысты Конвенция, Хаттама және медициналық этикаға сай келмейтін әрекеттерге мәжбүрлеуге тыйым салынады.

4. Медициналық қызметкерлерді жаралылар мен науқастар туралы мәлімет беруге мәжбүрлеуге тыйым салынады.

Медициналық қызметкер жаралылар, науқастар немесе олардың отбасына зиян келтіретін мәліметтерді бермеуге құқығы бар. Дегенмен, әскери қақтығыстардың бір тарабының мемлекеттік заңдылықтары медициналық қызметкерлерден мәлімет беруді талап етсе, ол мәліметтерді өзінің басшылығына беріп, әрі қарай шешімді шығаруды солардың құзырлығына өткізеді.

5. Тұтқынға түсуден иммунитет. Бұл құқық медициналық қызметкерлердің келесі категорияларына беріледі:

- Халықаралық Қызыл Крест комитеті жіберген медициналық қызметкерлер;
- қақтығысқа қатысы жоқ мемлекеттің қақтығыстың бір тарабының құзырлығына жіберген медициналық қызметкерлері;
- санитарлық авиация самолеттері мен госпиталь кемелерінің медициналық қызметкерлері.

Конвенциялар мен Хаттамалар әскери қақтығыстар аймағына жіберілген медициналық қызметкерлерге жаралылар мен науқастарға көмек көрсету міндетін орындау үшін айрықша құқықтар беретіндігін атап өту қажет.

Жергілікті әскери қақтығыстарда тұрғындарға медициналық-санитарлық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ондай көмек әскери әрекеттер жағдайы мен қажетті медициналық күштер мен жасақтардың құрылуы ескеріле отырып ұйымдастырылады. Осы мақсатта зілзала медицинасы қызметінің, АҚ, басқа министрліктер мен ведомстволардың, сонымен қатар түрлі халықаралық және гуманитарлық

ұйымдардың медициналық құрылымдары мен мекемелері жұмыс істейтін тартылады. Өздерінің жұмыстарында олар дәрігерлік этика, халықаралық гуманитарлық құқық талаптарын қадағалап, зақымдалғандарға жоғары деңгейде медициналық көмек көрсетулері керек.

Бақылау сұрақтары

1. Әскери сипатты ТЖ шарттары және негізгі факторлары.
2. Әскери қақтығыстарда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуге арналған БЗМҚ медициналық күштері мен жасақтары.
3. Әскери қақтығыстарда тұрғындарды медициналық қамтамасыз етуге арналған АҚ медициналық күштері мен жасақтары.
4. БЗМҚ мен АҚ медициналық күштері мен жасақтарын әскери қақтығыстарда пайдалану принциптері.
5. Зардам шеккен тұрғындарды медициналық қамтамасыз ету шаралары.
6. Медициналық қызметкерлердің әскери қақтығыстардағы құқықтары мен міндеттерін қадағалауының құқықтық негізі.
7. Медициналық қызметкерлердің әскери қақтығыстардағы міндеттері.
8. Медициналық қызметкерлердің әскери қақтығыстардағы құқықтары.

Қосымша

ҚАЗАҚСТАНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮ. АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасының әр түрлі климаттық жағдайларында табиғи сүргіндер орын алып отыр: дауылдар, дауылды күшті желдер, құйындар, ұзақ нөсерлі жаңбырлар, қатты қар түсу, борандар, көктайғақ, найзағайлар, қатты аяздар, шаңды дауылдар, қуаңшылық, аңызак, опырылу, көшкіндер, қар тасқындары, су тасқындары, Каспий теңізі аймағындағы су басу және су деңгейінің көтерілуі, орман және дала өрттері. Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы және Алматы қаласына жер сілкінісінің қаупі төніп тұр. Республиканың жер сілкіну қаупі бар аймақтарында 27 қала, 400-ден астам елді мекен орналасқан, республиканың өнеркәсіптік әлеуетінің 40%-дан астамы орналастырылған, 6 млн адам тұрады.

Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында орналасқан мұнай кәсібімен айналысатын аудандарында техногендік сипаттағы қатты жер сілкіністерінің пайда болу қаупі жүзеге асуы мүмкін.

Су апатымен байланысты ТЖ республикамызға өлшеусіз зиян келтіреді. Іс жүзінде Қазақстанның барлық облыстары қатты су тасқыны әсеріне ұшырайды. Каспий теңізі деңгейінің көп жылғы көтерілу аясында теңіздің солтүстік жағалауындағы желқума тасқындар айтарлықтай қауіпті болып табылады.

Мұнай өндіруші өнеркәсіп орындары жағымсыз экологиялық жағдайды қалыптастырудың басты факторларының бірі болып табылады. Мұнай өңдеу үдерісінде ластаушы заттардың 75%-ы атмосфераға, 20%-ы суға және 5%-ы топыраққа түседі.

Улы қалдықтарды қосқанда, өнеркәсіптік қалдықтар көп жағдайда санитариялық нормалар мен талаптарға жауап бермейтін түрлі жинақтаушы орындарда сақталады. Радиоактивті қалдықтар ерекше қауіпті болып табылады.

ҚР ТЖМ сараптамалық деректері бойынша Қазақстан Республикасының таулы аймақтарында:

- тасқын белсенділігі бойынша ТМД-да алғашқы орындардың бірінде тұрғаны анықталды. Мұнда 2 700 мұздық, 596 морена көлдері мен мұздақ өзендері орналасқан, 300 тасқын бассейнінде 5 650 тасқын ошақтары есептеліп отыр, олардың 1 226-ы 156 елді мекенге, 11 000 астам шаруашылық объектіге және 120 мыңнан астам тұрғынға тікелей қауіп төндіріп отыр;
- қар көшкіні қалыптасуының 800-ге жуық ошағы тіркелді, олардың 400-ден астамы тікелей 220 объектіге, мемлекетаралық, республи-

ликалық, облыстық және жергілікті мәні бар автомобиль жолдарының 350 шақырымына тікелей қауіп төндіріп отыр. Қауіпті аймақтарда тұрып жатқан адамдар 2 000-ға жуық;

- оңтүстік-шығыс және оңтүстік аймақтарда 496 объектіге (елді мекендер, жол учаскілері, коммуникациялар және т.б.) қауіп төндіріп отырған 160 көшкін қауіпі бар учаскі есептеліп отыр;
- республикада таскынның әсеріне ұшыраған 852 учаскі тіркелді.

Қысқы кезеңнің күрті қары ұзақтығы 3000 шақырымнан аса республикалық мәні бар жолдарда автомобиль көлігінің қозғалысын айтарлықтай қиындатуы немесе толық тоқтатуы мүмкін.

Орман алабының 26 млн гектардан астамы орман өртіне ұшырау қауіпі бар, дала алқаптарында және ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерде өрттің пайда болу ықтималдығы жоғары. Жыл сайын қалалық және елді мекен қоныстарының аумақтарында 16 мыңнан астам өрт оқиғасы тіркеледі. Қазақстанда өрт кесірінен орман алаңдары 1%-ға қысқарды.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында жер сілкіну белсенділігінің артуы ірі көлемді жер сілкінулердің нақты қауіпін қуәландырады. Алматы қаласы және Алматы облысында аса қатты жер сілкіну пайда болған жағдайда, сейсмология институтының болжамды деректері бойынша зақымданушылардың жалпы саны 450 мың адамды, ал жаракаттанғандар саны 130 мыңнан астам адамды құрауы мүмкін.

Қазіргі таңда Республикадағы төтенше жағдайлардан болатын жыл сайынғы тікелей зиян орташа есеппен 3,5 бастап 4,5 млрд теңгеге дейінгі сомада есептеледі (ғаламдық дүлей апат болмаған жағдайда). Сараптамалық бағалаулар бойынша осы жағдайдағы жанамалық зиян 15–20 млрд теңге шамасында және адам өлімі мен жәбірленушілерді емдеу зияны 3 млрд теңге шамасында есептеліп отыр. Бұл жалпы сомада жыл сайын 25 млрд теңгені құрауы мүмкін. Осындай жағдай әлеуметтік күйзелістерге — әскери жанжал, соғыстар мен індеттер үшін де тән. ХХІ ғасыр басында апатты жағдайлар мәселесі ТЖ пайда болуының табиғи және техногендік себептеріне орай жеке аймақтарға, халық санатына және жалпы қоғамға қауіп төндіретін тура зорлық-зомбылық факторлары — лаңкестік актілер, жергілікті қарулы қақтығыстардың қосылуына байланысты одан әрмен өзектілікке ие болды.

АҚШ, Ресей (Нью-Йорктегі және Вашингтондағы 11 қыркүйектегі лаңкестік актілер, Мәскеу мен Волгодонсктағы жарылыстар және т.б.) аумағында 2000–2001 жылдары орын алған лаңкестік актілер сериясы, Таяу Шығыстағы, Ауғанстандағы, Чечнядағы қарулы жанжалдар осының мысалы болады.

Сайып келгенде Қазақстан Республикасының барлық аумағында көлемі бойынша да, сондай-ақ тәуекел факторлары бойынша түрлі апатты жағдайлардың даму ықтималдығы жоғары болып қалуда. Макроэкономикалық үдерістерін тұрақтандыру, жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру кезеңінде елдегі табиғи және техногендік апаттардың ықтимал салдарын алдын алу және жою мәселелері ерекше әлеуметтік-саяси мәнге ие болып отыр.

ҚАЗАҚСТАНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МІНДЕТТЕРІ МЕН НЕГІЗДЕРІ

Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар арасында бейбіт уақытта және соғыс кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар, ал олар пайда болған жағдайда — төтенше жағдайлар салдарын жою, халықты, аумақты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету және материалдық шығындарды азайту бойынша шаралар маңызды орынға ие болып отыр.

Халықты, аумақтар мен ұйымдарды төтенше жағдайлар салдарынан және зақымдаудың қазіргі құралдарын қолданудан қорғау бойынша іс-шаралар қамтиды:

- басқару, хабарландыру және байланыс жүйелерін ұйымдастыру, дамыту және қолдау;
- азаматтық қорғаныс күштерін құру, оларды дайындау және үнемі дайындықта болуын қадағалау;
- орталық және жергілікті органдардың, ұйымдардың қызметкерлерін даярлау, халықты оқыту;
- радиациялық, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) ахуалды қадағалау және зертханалық бақылау;
- азаматтық қорғаныстың әскери құрамаларын мобилизацияға (жұмылдыру) дайындығын қамтамасыз ету;
- салалар мен ұйымдардың қызмет ету тұрақтылығын арттыру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу;
- азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрамаларының, жеке қорғаныс құралдары қорларының және басқа мүлгінің қажетті қорын жинақтау және даярлықта ұстау;
- шұғыл жағдайларда қалыптасқан ахуалда әрекет ету тәртібі туралы халыққа, орталық және жергілікті атқарушы органдарға, ұйымдарға адам өмірі мен денсаулығына төнетін қауіптен хабарландыру;

- құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу, зиян шеккен халықтың тіршілігін қамтамасыз ету және оны қауіпті аймақтан көшіру;
- азық-түлікті, су көздерін, тамақ шикізатын, жемшөпті, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) жұқпалардан, ауру-індеттен және эпифитотийлерден қорғау.

Қазақстан Республикасы аумағындағы табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5-шілдедегі «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» № 19-І заңымен анықталады.

Осы заңда төтенше жағдайларды алдын алу және жою аясындағы мынадай негізгі түсініктер тұжырымдалған.

- **Төтенше жағдай** — адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай.
- **Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар** — дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызған төтенше жағдайлар.
- **Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар** — өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдайлар.
- **Төтенше жағдай аймағы** — төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақ.

Таралу ауқымы мен келтірілген зиян көлемі бойынша табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар объектілік, жергілікті, аймақтық және ғалами болып жіктеледі.

Авария — технологиялық үдерістің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтар мен ғимараттардың зақымдануы.

Зілзала — төтенше жағдайдың тууына әкелетін жойқын құбылыс.

Дүлей зілзала — төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан зілзала.

Аяқт — аймақтық және ірі ауқымды төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соғатын жойқын құбылыс.

Осы нормативтік құқықтық актімен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізу объектілерін қорғаудың мынадай негізгі қағидаттары белгіленген:

- болжанатын және пайда болған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу және жою шаралары туралы жариялылық және халықты ақпараттандыру;
- ұйымдар мен азаматтар қызметі әлеуетті қауіп төндірсе, оның төуекел және зияндылық дәрежесін алдын ала анықтау, халықты төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру және қорғау әдістеріне оқыту;
- төтенше жағдайларды жою бойынша құтқару, апатты-қалпына келтіру және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, шұғыл медициналық көмек көрсету, халықты және зардап шегушілерді әлеуметтік қорғау, азаматтар денсаулығы мен мүлігіне, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу объектілеріне апатты жағдайлар салдарынан келтірілген зиянды өтеу.

Ішкі бойынша төтенше жағдайларды ҚР Үкіметі жіктеуге өкілетті (ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жіктеу туралы» № 1310 қауымы).

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жіктеу

| ТЖ саяқты | ТЖ аймағының көлемі | Салдардың біреуі | | |
|------------|--|-------------------------|--|-----------------------------------|
| | | Адамдардың өлімі (адам) | Өмірлік іс-әрекеті жағдайының бұзылуы (адам) | Материалдық зиян көлемі (АЕК мың) |
| Нысанлық | Нысан шегінде | 5–10 | 50–100 | 5–15 |
| Жергілікті | Объект шегінен тыс облыстың 2 ауданына дейін | 10–50 | 100–500 | 15–100 |
| Өңірлік | Облыстың 3 ауданынан кем емес немесе 2 облыс аумағында | 50–200 | 500–1500 | 100–200 |
| Ғалымдық | 3 және одан да көп облыс немесе шектес мемлекеттер аумағында | 200 аса | 1500 аса | 200 аса |

- құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу, зиян шеккен халықтың тіршілігін қамтамасыз ету және оны қауіпті аймақтан көшіру;
- азық-түлікті, су көздерін, тамақ шикізатын, жемшөпті, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) жұқпалардан, ауру-індеттен және эпифитотийлерден қорғау.

Қазақстан Республикасы аумағындағы табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5-шілдедегі «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» № 19-І заңымен анықталады.

Осы заңда төтенше жағдайларды алдын алу және жою аясындағы мынадай негізгі түсініктер тұжырымдалған.

- **Төтенше жағдай** — адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай.
- **Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар** — дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызған төтенше жағдайлар.
- **Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар** — өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдайлар.
- Төтенше жағдай аймағы — төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақ.

Таралу ауқымы мен келтірілген зиян көлемі бойынша табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар объектілік, жергілікті, аймақтық және ғалами болып жіктеледі.

Авария — технологиялық үдерістің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтар мен ғимараттардың зақымдануы.

Зілзала — төтенше жағдайдың тууына әкелетін жойқын құбылыс.

Дүлей зілзала — төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан зілзала.

Апат — аймақтық және ірі ауқымды төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соғатын жойқын құбылыс.

Осы нормативтік құқықтық актімен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізу объектілерін қорғаудың мынадай негізгі қағидаттары белгіленген:

- болжанатын және пайда болған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу және жою шаралары туралы жариялылық және халықты ақпараттандыру;
- ұйымдар мен азаматтар қызметі әлеуетті қауіп төндірсе, оның тәуекел және зияндылық дәрежесін алдын ала анықтау, халықты төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру және қорғау әдістеріне оқыту;
- төтенше жағдайларды жою бойынша құтқару, апатты-қалпына келтіру және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, шұғыл медициналық көмек көрсету, халықты және зардап шегушілерді әлеуметтік қорғау, азаматтар денсаулығы мен мүлігіне, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу объектілеріне апатты жағдайлар салдарынан келтірілген зиянды өтеу.

Заң бойынша төтенше жағдайларды ҚР Үкіметі жіктеуге өкілетті (ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жіктеу туралы» № 1310 қаулысы)

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жіктеу

| ТЖ санаты | ТЖ аймағының көлемі | Салдардың біреуі | | |
|------------|--|-------------------------|--|-----------------------------------|
| | | Адамдардың өлімі (адам) | Өмірлік іс-әрекеті жағдайының бұзылуы (адам) | Материалдық зиян көлемі (АЕК мың) |
| Нысандық | Нысан шегінде | 5–10 | 50–100 | 5–15 |
| Жергілікті | Объект шегінен тыс облыстың 2 ауданына дейін | 10–50 | 100–500 | 15–100 |
| Өңірлік | Облыстың 3 ауданынан кем емес немесе 2 облыс аумағында | 50–200 | 500–1500 | 100–200 |
| Ғаламдық | 3 және одан да көп облыс немесе шектес мемлекеттер аумағында | 200 аса | 1500 аса | 200 аса |

Қазақстан Республикасында халық пен аумақтарды бейбіт уақытта қорғау бойынша іс-шаралар қызметі ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 28-тамыздағы № 1298 қаулысымен анықталатын ТЖ алдын алу мен жоюдың Мемлекеттік жүйесіне (ТЖМЖ) жүктелген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Төтенше жағдайларды алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесі (ТЖМЖ) бейбіт уақытта және соғыс кезінде төтенше жағдайлардың алдын алуға, ал олар пайда болған жағдайда, олардың салдарын жоюға (адам өмірі мен денсаулығы үшін тікелей қауіпті жою және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету бойынша құтқару, апатты-қалпына келтіру және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу. Төтенше жағдайлар нәтижесінде зақымдалған объектілер мен аумақтарды қалпына келтіру ТЖМЖ құзіретіне жатпайды).

«Әлеуметтік-саяси, ұлтаралық жанжалдар мен жаппай тәртіпсіздіктің алдын алу және олардың салдарын жою жүйе құзіретіне жатпайды».

ТЖМЖ қызметі бейбіт уақытта және соғыс кезінде ТЖ алдын алу және әрекет ету бойынша іс-шараларды жоспарлауды, дайындау мен жүзеге асыруды қамтиды.

ТЖМЖ аумақтық, қызметтік, салалық (объектілік) қосалқы жүйелерді қамтиды және екі деңгейі бар: жергілікті және республикалық.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ТЖМЖ негізгі міндеттері болып табылады:

- ТЖ алдын алу және жою, бейбіт уақытта және соғыс кезінде адам денсаулығы мен өмірін, материалдық және мәдени құндылықтарды, қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;
- халықты, аумақтарды, техникалық және экологиялық қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық шаралар жүйесін қалыптастыру;

- төтенше жағдайларға орай әрекет ету, олардың салдарын жою, олардың пайда болу себептерін тергеу тәртібін анықтау;
- мониторинг пен халықты ақпараттандыруды ұйымдастыру;
- ТЖ алдын алуға, адам мен оның өмір сүру ортасын қорғауға, шаруашылық жүргізу объектілері мен авариялар, апаттар, дүлей және экологиялық апаттар, індеттер, жұқпалы аурулар, эпифитотиялар пайда болған жағдайда әлеуметтік саланың қызмет ету тұрақтылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік мақсатты және ғылыми-техникалық бағдарламаларын әзірлеу мен орындалуын ұйымдастыру;
- басқару органдары мен бекеттерінің, байланыс және хабарлау жүйелерінің, ТЖМЖ күштері мен құралдарының ТЖ әрекет ету, оларды жою бойынша жұмыстарды жүргізуге жоғары даярлығын қамтамасыз ету;
- ТЖ әлеуметтік-экономикалық салдарын болжау және бағалау; жәбірленген халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету;
- халықты ТЖ-да әрекет етуге оқыту және даярлау, ТЖМЖ маман кадрларын даярлау және біліктілігін арттыру;
- ТЖ алдын алу және жою саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, шетелдердегі авариялар, апаттар және дүлей апаттар салдарын жоюда көмек көрсету.

ТЖМЖ құрамына кіреді:

- Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар бойынша орталық атқарушы органы, оның аумақтық және оған қарасты ұйымдары;
- орталық және жергілікті атқарушы мекемелердің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюды қамтамасыз ететін басқару органдары.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың әрекеттерін үйлестіру үшін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша комиссиялар құрылады:

- төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша ведомство-аралық мемлекеттік комиссия;
- облыстардың, қалалардың және аудандардың төтенше жағдайлар бойынша аумақтық комиссиялары;
- Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялары (бұдан әрі — төтенше жағдайлар жөніндегі салалық комиссиялар);
- мұнай төгілуіне орай әрекет ету жөніндегі ұлттық комиссия;
- көліктегі қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы әрекет ету бойынша үйлестіру кеңесі;

- көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі облыстық (қалалық) комиссиялар;
- республикалық және аумақтық көшіру комиссиялары;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың көшіру және көшіруді қабылдау комиссиялары;
- азаматтық қорғаныс бастықтарының шешімі бойынша құрылатын, меншік түрінен тәуелсіз ұйымдардың (бұдан әрі-ұйымдардың) төтенше жағдайлар, көшіру және көшіруді қабылдау жөніндегі комиссиялары.

ТЖМЖ аумақтық, қызметтік, салалық (объектілік) қосалқы жүйелерді қамтиды және екі деңгейі бар: жергілікті және республикалық (мемлекеттік).

ТЖМЖ аумақтық қосалқы жүйелері қабылданған әкімшілік-аумақтық бөлуге сәйкес келеді.

Әрбір аумақтық қосалқы жүйе өзіне қарасты аумақта ТЖ алдын алу және жоюға арналған және тиісінше төмендегілерді қамтиды:

- ТЖ жөніндегі комиссияны (облыстық, аудандық, қалалық, кенттік, объектілік) немесе оның қызметін атқаратын басқа органды;
- аумақтық органдарды (облыстық, қалалық басқару, ТЖ жөніндегі аудандық бөлім) ҚР ТЖМ;
- күнделікті басқару органын (кезекші қызмет немесе 051 құтқару қызметі);
- осы аумақтағы функционалдық және ведомстволық қосалқы жүйелердің күштері мен құралдарын, оның ішінде қаржылық, азық-түлік, медициналық және материалдық-техникалық қорлар, байланыс, хабарландыру, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелері, сондай-ақ арнайы оқу орындары.

ТЖМЖ функционалдық қосалқы жүйелері басқару органдарынан; Қазақстан Республикасының тікелей міндеттерді шешетін орталық атқарушы органдары мен ұйымдарынан тұрады:

- қоршаған табиғи орта жағдайын қадағалау және әлеуетті қауіпті объектілердегі ахуалды бақылау бойынша;
- ТЖ алдын алу;
- адам өмірі мен денсаулығын қорғау;
- төтенше сактық қорларын пайдалану;
- ТЖ жою.

Бұл ретте жеке функционалдық қосалқы жүйелердің құрамына ұқсас міндеттерді немесе бір-бірін толықтыратын міндеттерді шешетін бірнеше орталық атқарушы органдары, ұйымдары кіруі мүмкін.

Функционалдық қосалқы жүйелердің негізгі міндеттері, қызметін ұйымдастыру және тәртібі Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі атқарушы органымен бекітілетін азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық қызметтері туралы ережесімен анықталады. Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық қызметтерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталады.

ТЖМЖ салалық (объектілік) қосалқы жүйелері Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарында, ұйымдарда жасалады және тікелей олардың басқаратын объектілерде ТЖ алдын алу мен жоюға арналған.

Бұл ретте әрбір салалық (объектілік) қосалқы жүйе, бөлімдері, төмендегілерді қамтиды:

- басқарушы органдарды, күнделікті басқару органдарын (кезекшілік-диспетчерлік қызмет);
- әлеуетті қауіпті объектілердегі ахуалды бақылау және табиғи орта жағдайын қадағалау күштері мен құралдарын;
- ТЖ жою бойынша күштер мен құралдарды.

Осы саладағы ұйымдардың, органдар мен қызметтер әрекетін үйлестіру ұсынымдары ТЖ алдын алу және жою бойынша шешімдерді қабылдау кезінде ұсынымдары саланың басқарушы органдарымен ескерілетін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының төтенше жағдайлары жөніндегі комиссияларымен (бұдан әрі-төтенше жағдайлар жөніндегі салалық комиссиялар) жүзеге асырылады.

ТЖМЖ-гі республикалық (мемлекеттік) деңгейге жатады:

- Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы (ТЖМ), оның аумақтық органдары және оған бағынышты ұйымдар;
- өзге орталық атқарушы органдар (министрлік, ведомстволар);
- орталық кезекшілік-диспетчерлік бекеттер;
- қадағалау, бақылау күштері мен құралдары;
- ТЖ жою күштері мен құралдары;
- басқару мен байланыстың мобилді бекеттері.

Олардың әрекеттерін ТЖМЖ іненберінде үйлестіруді шешімдері ұсынбалы сипатқа ие, төтенше жағдайларды алдын алу және жою бойынша ведомствоаралық мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

ТЖМЖ жергілікті деңгейіне жатады:

- жергілікті атқарушы органдар;
- ТЖМ аумақтық органдары (ТЖ бойынша облыстық, қалалық басқармалар мен аудандық бөлімдер);

- ұйымдардың кезекшілік-диспетчерлік қызметтері;
- осы аумақтағы ТЖ қадағалау, бақылау және жою күштері мен құралдары.

Олардың қызметін үйлестіруді шешімдері ұсынбалы сипатқа ие төтенше жағдайлар жөніндегі тиісті аумақтық комиссиялар жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органдар, Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің, су-құтқару қызметінің, 051 құтқару қызметі құрылымдық бөлімшелерінің, әскери бөлімдерінің күштері негізінде, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау, инженерлік және басқа әскерлерінің, әскери тау апатынан құтқару газ апатынан құтқару, фонтанға қарсы және басқа мамандандырылған бөлімшелерінің, **шұғыл медициналық көмек құрамаларының**, құрылыс және жинақтау ұйымдары мен Республиканың басқа ұқсас кәсіби қызметтерінің күштері негізінде, олармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен, ТЖМЖ түрлі деңгейдегі басқарушы органдарымен олардың мүмкіндіктерінің шегінде ТЖ елдің түрлі өңірлерінде ТЖ жедел окшаулау және жою жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ шетелде көмек көрсету үшін тартылуы мүмкін тұрақты дайындықтағы апатты-құтқару және апатты-қалпына келтіру бөлімшелері (күштері) құрылады. Республикалық және жергілікті бюджет есебінен ұсталмайтын, тұрақты даярлық күштері ТЖМЖ басқарушы органдарының шешімдері бойынша құтқару және апатты-қалпына келтіру жұмыстарын орындауға тартылуы мүмкін.

ТЖМЖ қызметі бейбіт уақытындағы және соғыс кезіндегі ТЖ алдын алу және әрекет ету бойынша іс-шараларды жоспарлауды, даярлауды және жүзеге асыруды қамтиды.

Ахуалға байланысты жүйе қызмет етуінің үш тәртібін ажыратады: күнделікті қызмет, жоғары дайындық, төтенше қызмет.

ТЖМЖ, оның қосалқы жүйелері мен бөлімдері қызмет етуінің қандай да бір тәртібін енгізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы, ТЖМЖ түрлі деңгейдегі басқарушы органдары аумақтық органдармен (Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы ТЖ жөніндегі облыстық, қалалық басқармаларымен, аудандық бөлімдерімен нақты ахуалды ескере отырып) келісу бойынша қабылдайды.

ТЖМЖ қосалқы жүйелері мен бөлімдері түрлі тәртіптерде бір уақытта қызмет етуі мүмкін.

Қоғамдық ұйымдар (кәсіби одақтар, құтқару қалыптастырулардың қауымдастықтары, ерікті қоғамдар мен басқа қоғамдық құрамалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТЖ жағдайында адамдардың өмірі мен денсаулығын, материалдық және мәдени құндылықтарды және қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттерді шешуде барлық деңгейде қатыса алады.

Олар осы міндеттерді мынадай жолдармен шешеді:

- өздерінің мүшелері мен халықтың басқа топтары арасында қажетті түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- түрті апаттардың алдын алуға және олардың жағымсыз салдарын әлсіретуге бағытталған, мемлекеттік ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыруға тікелей қатысу;
- аудандық апаттарда зардап шеккен халыққа көмек көрсету, апатты-құтқару жұмыстарды (расталған мемлекеттік аттестаттау, арнайы дайындық болған жағдайда) жүргізу.

ТЖМЖ басшылығын жүзеге асырады:

- республикалық (мемлекеттік) деңгейде:
 - Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі;
 - Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органдары (ТЖМЖ құру, қызмет етуі және одан әрі дамыту, сондай-ақ ТЖМЖ жедел басқару);
 - Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары (ТЖМЖ функционалдық және салалық қосалқы жүйелерін басқару);
- жергілікті деңгейде:
 - жұмыс аппараттары ТЖМЖ аймақтық қосалқы жүйелерін басқару жанындағы төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының аймақтық органдары болып табылатын жергілікті органдар;
 - жергілікті атқарушы органдардағы Азаматтық қорғаныс жөніндегі бөлімдер (қызметкерлер);
 - ұйым басшылары (ТЖМЖ объектілік қосалқы жүйелерін басқару).

ТЖМЖ басқарушы органдары шешім қабылдаған кезде ТЖ жөніндегі сәйкес мекемеаралық, аймақтық және салалық комиссия ұсынымдарын ескереді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мекемеаралық мемлекеттік комиссиясына Қазақстан Республикасы Премьер

Министрінің Бірінші орынбасары, ал төтенше жағдайлар жөніндегі аймақтық және тиісті салалық комиссиялар, облыс, қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары, орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары басшылық етеді.

ТЖМЖ күнделікті басқару органдарын орналастыру байланыстың және хабарландырудың сәйкес құралдарымен жабдықталатын және пайдалануға тұрақты дайындықта ұсталатын, басқарудың қалалық және қала сыртындағы бекеттерде жүзеге асырылады.

АХУАЛДЫ ҚАДАҒАЛАУ (БАҚЫЛАУ) ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

ТЖ алдын алу және жою жоспарлары ТЖМЖ басқару органдарын уақытында және толық хабарландыруын қарастыруы қажет. Бұған төтенше жағдайлар мониторингін ұйымдастыру және қызмет ету жолымен қол жеткізу керек.

Осы мақсатта ТЖМЖ элементі ретінде тұрақты дайындық тәртібінде қызмет ететін ахуалды қадағалау және бақылау күштері мен құралдары жасалады.

Ахуалды қадағалау және бақылау күштері мен құралдары тұрады:

- төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының кезекші қызметтерінен (ҚР ТЖМЖ дағдарыс орталығы);
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың кезекші қызметтерінен;
- елеулі қауіпті объектілердің кезекші-диспетчерлік қызметтерінен;
- апат медицинасы орталықтарының диспетчерлік қызметтерінен;
- мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінен;
- төтенше жағдайларды бақылау, техникалық және кенді қадағалаудың мемлекеттік органдарынан;
- радиациялық және ядролық қауіпсіздікке мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардан;
- теңіз бен ішкі су айдындарында мұнай операцияларын қауіпсіз жүргізуге мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардан;
- көліктің қауіпсіз пайдалануын бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
- сәулет-құрылысты бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
- мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдардан;
- мал дәрігерлігі, фитосанитария, мал және өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардан;

- қоршаған орта мен табиғи қорлар, оның ішінде гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы мониторингі қызметінен;
- қоршаған ортаны сақтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
- сейсмологиялық байқаулар мен жер сілкіністерін болжаудың республикалық жүйесі қызметтерінен;
- сел, көшкін мен тасқындар мониторингі қызметтерінен;
- орман және дала өрті мониторингі қызметтерінен.

Халықты, сондай-ақ емдеу мекемелерінің қызметкерлері мен науқастарын қорғауда төтенше жағдайлар туралы уақытында хабарлауға үлкен мән беріледі. Халықты төтенше жағдай туралы уақытында хабарландыру үшін хабарландыру дабылдарын тиянақты білу қажет.

Ахуалды талдау және болжау, хабарландыру үшін шешімдерді дайындауды бекітілген нұсқаулықтарға сәйкес өкілетті тұлғалар орталықтандырылған түрде жүзеге асырады.

Хабарландыру туралы шешімдерді Азаматтық қорғаныстың сәйкес бастықтары қабылдайды.

Халықты хабарландыру байланыс пен бұқаралық ақпараттандырудың барлық құралы, сондай-ақ дабыл беруге арналған арнайы құрылғылармен (сиреналар, гудоктар) жүзеге асырылады.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ЖОЮДАҒЫ РӨЛІ АПАТ МЕДИЦИНАСЫ — ҰҒЫМҒА АНЫҚТАМА БЕРУ

Ірі техногенді апаттар мен дүлей апаттар кезіндегі медициналық-санитарлық салдарлар саны мен ауырлығы бойынша жақын немесе соғыс жағдайындағыдай болып шығады.

Соңғы он жыл ішінде жыл сайын төтенше жағдайларда шамамен 25 000 адам жарақат алады, олардың ішінде ТЖ орнында 4 500 адам қайтыс болады.

Белгілі бір шамада ТЖ мен оқиғаларда зақымдалғандар санынан қаза болғандар пайызы белгілі бір шамада жергілікті орындардағы шұғыл медициналық көмек қызметі жағдайының маркері болып табылады. Жалпы Республика бойынша жергілікті орындарда барлық зақымдалғандардың шамамен 1/6–1/5-і қаза болды, бұл ретте соңғы үш жылда осы пайыз анық артып отыр ($p < 0,001$) [40].

ТЖ ауыр медициналық-санитарлық салдарды жоюмен, жедел және тиімді шұғыл медициналық көмекті ұйымдастырумен байланысты жағдай

шұғыл медициналық көмек қызметін оңтайландыруды, медициналық кадрларды ТЖ кезінде медициналық көмек көрсетудің практикалық дағдылары мен білімдерге оқытуды талап етеді.

Төтенше жағдайларға қарсы әрекет етуге елдің айтарлықтай адами, материалдық-техникалық, қаржылық және ұйымдастырушылық қорлары тартылады. Бұнын бәрі ТЖ медициналық-демографиялық салдарын алдын алу, жою және азайтудың, яғни апат медицинасы қызметінің негізін құрастырушы тиімді жүйесін әзірлеуді объективті түрде қажет етеді.

Қысқа уақыт ішінде, Қазақстан Республикасында мемлекеттілікке ие болудан бастап, апатты жағдайларда шұғыл медициналық көмек қызметі (апат медицинасы қызметі) жасалды, Қызметтің төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың Мемлекеттік жүйесінің функционалдық қосалқы жүйесі ретінде қызмет етуінің нормативтік-құқықтық негіздері әзірленді (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық көмек қызметін құру туралы» № 1068 қаулысы).

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау туралы» № 193-IV Кодексі апат медицинасын денсаулық сақтау мен медицинаның халық сырқаттарын алдын алу мен жоюды, санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шараларды, төтенше жағдайларды жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтау мен қалпына келтіруді, сондай-ақ апатты-құтқару қызметтерінің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуді қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарын алдын алуға және жоюға бағытталған саласы ретінде анықтайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астаналардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өздерінің өкілеттіліктері шегінде төтенше жағдайлар кезінде тегін медициналық көмек көрсетумен, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» № 19-І Занына сәйкес, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде шұғыл медициналық көмек қызметі (апат медицинасы қызметі) дереу әрекетке енгізіледі, ал жеткіліксіз болған жағдайда, орталық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың медициналық күштері мен құралдары қосылады.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 тамыздағы «Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесі туралы» № 1298 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою бойынша өкілеттіліктері анықталған.

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық медициналық қызметінің және апат медицинасы қалыптасуларының төтенше жағдайларда әрекет етуге тұрақты дайын болуын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру.

Төтенше жағдайларда шұғыл медициналық көмек құрамаларының қызметін (Қазақстан Республикасының Апат медицинасы орталығы мен апат медицинасының аймақтық орталықтарын қосқанда), санитарлық-карантиндік бекеттері мен далалық госпитальдарын құру және қамтамасыз ету.

Медициналық қорларды жасау, уақытында жанартылуы мен ауыстырылуын ұйымдастыру, мамандандырылған медициналық бригадаларды медициналық мүлікпен қамтамасыз ету.

Дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы мемлекеттік қорды қалыптастыру.

Төтенше жағдайларды жоюды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Аса қауіпті жұқпаларды әкелуге жол бермеу, оларды жою бойынша іс-шараларды орындауға қатысу. Эпидемиологиялық ахуал бойынша басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен ақпаратпен алмасу.

Тұрғындар арасында санитарлық-түсіндіру жұмысын жүргізу.

Қазақстан Республикасының аумағына аса қауіпті және карантиндік жұқпалы ауруларды әкелу мен таратудан сақтауды ұйымдастыруға қатысу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Апат медицинасы қызметі (бұдан әрі-АМК) — төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюда мемлекеттік жүйесінің төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарын жоюға, сондай-ақ ТЖМ бағынышты органдар, ұйымдар мен құрамалар қызметкерлерін медициналық қамтамасыз етуге арналған функционалдық қосалқы жүйесі.

АМҚ әдеттегі жағдайдан басқа денсаулық сақтау жүйесінің дағдарысты шағында және түрлі сипаттағы және көлемдегі ТЖ шиеленіскен кезде шұғыл медициналық-санитарлық көмек көрсетуде медициналық күштер мен құралдарды тиімді пайдалана отырып, тұрақты жедел реакциясын қамтамасыз етуі тиіс.

АМҚ негізгі міндеттері:

- ТЖ зардап шеккендерге медициналық көмектің барлық түрін жедел және тиімді көрсетуді ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- ТЖ аймағындағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық аمانдығын қолдау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
- Ведомоствалық тиесілілігіне, олардың үйлесіміне қарамай ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жоюға тартылған басқару органдарының, құрылымдар мен ұйымдардың өзара әрекеттерін ұйымдастыру;
- АМҚ қызметкерлерінің ТЖ жоюға қатысатын медициналық емес жедел қызметтермен өзара байланыста қимылдауын ұйымдастыру;
- АМҚ бөлімшелері мен құрамаларының жұмыстың апатты тәртібіне жедел ауыстыруға тұрақты дайын болуын қамтамасыз ету, хабарландыру және байланыс құралдарын жетілдіру, медициналық жабдықтау қорын жасау;
- қызмет көрсетілетін әкімшілік аумақта әлеуетті апатты қауіп пен жедел медициналық ахуалды бағалау;
- ТЖ пайда болған кезде тұрғындарды медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің қазіргі ұйымдастырушылық-басқарушылық және емдеу-диагностикалық технологияларын әзірлеу және енгізу.

АМҚ республикалық және жергілікті деңгейде құрылады. Ұйымдастырушылық түрде апаттан құтқару күштері құрамына кіріп, басқару органдарынан, медициналық-санитарлық ахуалды қадағалау және бақылау бөлімшелерінен (апат медицинасының кезекшілік-диспетчерлік бекеттерінен), апат медицинасы ұйымдарынан, сондай-ақ төтенше жағдайлар салдарын жою күштері мен құралдарынан тұрады.

Апат медицинасы қызметі белгілі бір ТЖ медициналық-санитарлық салдарын алдын алу мен жоюдың халықаралық тәжірибедегі көпшілік мақұлдаған қағидаттары бойынша ұйымдастырылады. Оларға мынадай қағидаттар жатады.

1. Апат медицинасы қызметі мемлекеттік мәні зор, басым, артық сипатқа ие. Оның мемлекеттік сипатына Қазақстан Республикасында халыққа төтенше жағдайларда аса маңызды мемлекеттік

міндет ретінде қорғау мен шұғыл медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша бірыңғай мемлекеттік жүйені, ал апат медицинасы қызметін мемлекеттік қызмет ретінде құрумен қол жеткізіледі.

Қызметтің басым сипаты оған барлық билік құрылымдармен авариялар, апаттар және дүлей зілзалалар кезінде зардап шеккен халықты қорғау және шұғыл медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз етіледі.

2. Апат медицинасы қызметі негізінде аумақтық-өндірістік және аймақтық қағидат бойынша ұйымдастырылып, үш деңгейлі құрылыммен ұсынылуы тиіс: республикалық, өңірлік және аумақтық (облыстар, Астана және Алматы қалалары). Барлық деңгейде Қызмет күштері мен құралдары жергілікті экономикалық базаны, болжамды тәуекелдерді, жалпы және медициналық ахуалды, ТЖ медициналық салдарын жою үшін тәуекелдерді негізге ала отырып, денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдары, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік, Денсаулық сақтау министрлігі мен құрамында медициналық мекемелері бар және осы әкімшілік аумақта орналасқан басқа министрліктер мен мекемелер негізінде құрылады.

Апат медицинасы қызметі Мемлекеттік жүйенің төтенше жағдайлар салдарының алдын алу және жою бойынша функционалдық қосалқы жүйесі болып табылуы тиіс.

3. Қызметті басқару және ұйымдастыру республикалық, өңірлік және аумақтық деңгейде төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарын жоюды орталықтандырылған басқаруды жергілікті (объектілік) деңгейде төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарын жоюды орталықсыздандырылған басқаруды үйлестірумен қамтамасыз етіледі.

Басқаруды орталықтандыру төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқарылатын жүйеге ықпалдастырылған, сондай-ақ «Денсаулық сақтау» бірыңғай ақпараттық жүйесімен өзара байланысты апат медицинасы орталықтарының бірыңғай диспетчерлік қызметімен қамтамасыз етіледі. Ол басқару шешімдері мен командалық ақпаратты халықты құтқаруға, қорғауға және оны медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға қатысқан барлық деңгейлерге командалық ақпаратты, сондай-ақ бағынышты ұйымдардан қызметті басқару органдарына ахуал ақпаратын тапсыруды қамтамасыз етеді.

Басқаруды орталықсыздандыру барлық деңгейдегі төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың шешім қабылдау тәжірибесі мен төтенше

жағдайлардың медициналық салдарын денсаулық сақтау күштерімен және құралдарымен жою және мүмкіндіктер мен құзіреті шегінде басқа қызметтермен әрекеттесуі бойынша жеке міндеттерді өздігінен орындау тәжірибесін ескереді.

4. Апат медицинасы қызметінің негізін төтенше жағдайларда зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетуді және емдеуді ұйымдастырудың сатылы жүйесі құрайды. Осы жүйе белгілі бір патология кезінде шұғыл медициналық көмек іс-шараларының толық тізбесін жүйелі және сабақтас түрде көрсетілетін медициналық көмектің бірнеше түріне бөлінуін тұспалдайды.

Медициналық көмек түрі мен емдеу-алдын алу іс-шараларының тізбесі оны көрсету орнына, қызметкерлер біліктілігіне және сәйкес жабдықталудың болуына, зардап шеккендер санына, сондай-ақ әрбір нақты төтенше жағдайда қолданылған емдеу-көшіру сызбасына байланысты анықталады.

5. Уақыт, медициналық күш пен құралдардың тапшылығы жағдайында төтенше жағдайларда халыққа уақытында шұғыл медициналық көмек көрсетудің негізге алынатын ұйымдастырушы әдістері ретінде медициналық сұрыптауды жүзеге асыру.

6. Қызмет күштерімен және құралдарымен эшелондап орналастыру және маневр:

- АМК күштері мен құралдарын эшелондап орналастыру оларды бірыңғай ниет (жоспар) бойынша аумақтық, өңірлік және республикалық Қызметтің барлық бөлімдері бойынша бөлуді талап етеді;

- маневр — нақты болжалып отырған төтенше жағдайдың медициналық салдарын жою үшін күштер мен құралдардың топтастырылуын, олардың қажеттілігі пайда болған уақытта және орында құрылуын талап етеді.

Сондай-ақ, медициналық құрамаларда көрсетілетін медициналық көмек көлемінің маневрі ескеріледі, яғни зардап шеккендердің жаппай келіп түсуі немесе бұл үшін қажетті жағдайлардың болмауы кезінде медициналық көмек іс-шаралары тізбесін өмір үшін қауіпті зақымданулар мен жарақаттанулар дамуының қауіпсіз мерзімі кейінге қалдырылуы мүмкін жәрдемақылардан бас тарту есебінен қысқартуға жол беріледі.

Осы қағидатты қолдану республикалық, өңірлік және аумақтық көлемдегі нақты болжалатын төтенше жағдайларда халықты медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың толассыз бағдарлама-жоспарларын әзірлеуді, барлық деңгейдегі денсаулық сақтау

ұйымдарына медициналық күш пен құралдарды жасау және дайындықта ұстауға тапсырмаларды орталықтандырылған бөлуді тұспалдайды.

Осы қағидатты жүзеге асыру облыстық (қалалық) және республикалық АМО үйлестіру-басқару қызметтерін арттыруға мүмкіндік береді, аумақтық қызметтерді тиімді емес материалдық және қаржылық шығындардан құтқарады, Қызметті күш пен құралдардың дұрыс жетістігі негізінде құруға мүмкіндік береді.

7. Әрекеттесу қағидаты Қызмет күштері мен құралдарының мақсаттары, міндеттері, орны, уақыты және басқару органдарының орындалатын міндеттерінің көлемі бойынша ведомстволық тиістілік пен меншік түріне қарамай денсаулық сақтау органдарымен және ұйымдарымен; Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар қызметтерінің басқа қызметтерімен (АҚ және ТЖ), сондай-ақ Қазақстан Республикасы ТЖМЖ ұйымдарымен және құрамаларымен бірлескен әрекет етуді келісуді ескереді.

8. Шұғыл медициналық көмек көрсетудің уақытылы болуы, үздіксіздігі және тиімділігі. Осы қағидат зардап шеккендердің көбінің өмірін ажалдан құтқаруды және денсаулығын сақтауды, мүгедектік пен алған жарақаттардан болатын өлім санын қысқартуды қарастырады. Оған келесілер арқылы қол жеткізеді:

- құтқару жұмыстарын жүргізудің онтайлы мерзімдерімен, оның ішінде тікелей ТЖ аймағында зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмекті көрсету;

- күш пен құралдардың, бірінші кезекте тез әрекет етудің медициналық күштерінің тұрақты дайындығымен, олардың жинақылығымен, өзара хабарландыру мен байланыс жасаудың сенімді жүйесімен, басқару мен медициналық-санитарлық салдарды жоюға шешім қабылдаудың автоматтандырылған жүйесімен, қазіргі технологияларды белсенді қабылдаумен, жүйелі жаттығулармен және оқулармен, апат медицинасы бойынша арнайы дайындықтан өткен медициналық қызметкерлердің жоғары кәсіпқойлығы.

9. ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жою кезіндегі дара басшылық қағидаты денсаулық сақтаудың сәйкес деңгейдегі басшының жеке жауапкершілігі туралы ережеден шығып, оған өзінің құзіреті шеңберінде жеке-дара шешім қабылдау құқығын берумен қамтамасыз етіледі.

Сәйкес басшыларға шешімдерді қабылдау үшін қажетті материалдар мен ұсыныстарды төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялар мүше-

лерінің, денсаулық сақтаудың әрекеттесуші органдардың, басқармалар мен ұйымдары өкілдерінің қатысуымен оған бағынышты апат медицинасы штабы әзірлейді.

10. Апат медицинасының жан-жақтылығы (әмбебаптығы) қызметтің халыққа шұғыл медициналық көмектің барлық түрін көрсету, сондай-ақ авариялар, апаттар, дүлей зілзалалар, экологиялық салдар, жаппай сырқаттану және бейбіт уақыттағы, сондай-ақ соғыс кезіндегі төтенше жағдайлардың басқа түрлерін болжау, алдын алу және жоюға арналғандығынан басталады.

Әмбебаптылық қағидаты медициналық құрамалардың, төсек қорының, мүлік номенклатурасының бейіні мен құрылымын барынша ықтимал біріздендіруді, бейбіт уақытта және соғыс кезіндегі төтенше жағдайлардағы медициналық-санитарлық іс-шараларды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін білдіреді.

Сондай-ақ, осы қағидат Апат медицинасы қызметі (АМК) мен Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларды медициналық қызметтің (ТЖ және АҚ МК) бір негізінде біріктіруді талап етеді.

11. Қызмет күштері мен құралдарының дұрыс жетістілігінің қағидаты жергілікті денсаулық сақтаудың нақты мүмкіндіктері мен ықтимал төтенше жағдайлардың ең нашар нұсқалары болған жағдайда, халықтың санитарлық жоғалтуларының деңгейі мен құрылымы деңгейінің ғылыми негізделген болжамдарынан басталады.

АМК күштер мен құралдарының дұрыс жеткілікті болуы басқаруды орталықтандыру және орталықсыздандырудың үйлесуімен, күштер мен құралдарды эшелондап орналастыру мен маневрларымен қамтамасыз етіледі. Осы қағидатты жүзеге асыру Қызметті құру және қызмет ету кезінде негізсіз шығындарға жол бермеуге жағдай туғызады.

12. Қызметтің ТЖ-да медициналық-санитарлық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысатын медициналық және басқа мамандарының заңды және әлеуметтік қорғалғандығын, материалдық мүдделігі мен құқықтық жауапкершілігінің қағидаты.

Оған ТЖМЖ-нің және Апат медицинасы қызметінің жұмысын регламенттейтін, қабылданған және әзірленетін нормативтік құқықтық актілермен (Президент жарлықтарымен, үкімет қаулыларымен, ҚР төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің және басқа министрліктер мен қызмет құрамына кіретін мекемелердің бұйрықтарымен), сондай-ақ, денсаулық сақтау ұйымдарының әкімшілігімен және нақты жеке тұлғалармен жасалған шарттармен қол жеткізіледі.

13. Халықты, сондай-ақ кәсібі аса қауіпті тұлғаларды төтенше жағдайларда әрекет етуге және алғашқы медициналық қызметті көрсетуге даярлау.

Халықты, оның ішінде студенттер мен оқушыларды, кәсібі аса қауіпті тұлғаларды (азаматтық қорғаныс бөлімдерінің, полицияның, өрт сөндіру күзетінің, арнайы әскери және әскери емес жасақтар мен министрліктердің және мекемелердің, АҚ құрамаларының, штаттық, штаттық емес және қоғамдық апаттан құтқару қызметтердің жеке құрамы), авто-мото-әуесқойларды, кәсіби жүргізушілерді, жолсеріктерді, кондукторларды дайындау, олардың төтенше жағдайларда өзіне және өзара көмек тәртібінде алғашқы көмек көрсету және әрекет жасау ережелерін игеруін қарастырады.

Сонымен қатар, ерікті санитарлық жасақтар мен санитарлық жасақшылар институтын құру, оларды оқыту және ерік білдіргендерді алғашқы медициналық көмек көрсетуге, ТЖ зардап шеккендерге көмек көрсетуге, авариялар, апаттар мен дүлей апаттар нәтижесінде жарақаттанғандар азабын жеңілдетуге тартуды жан-жақты қамтамасыз ету бойынша қоғамдық бастаманы көтермелеудің мемлекеттік шаралар жүйесі қарастырылуы тиіс.

АМК басқару органы мен басты ғылыми-практикалық мекеме ҚР ТЖМ «АМО» ММ болып табылады. АМК республикалық деңгейі күнделікті өмірде әдістемелік, оқу және ғылыми жұмыстағы басты ұйымдастырушылық буын болып табылады.

АМК республикалық және жергілікті деңгейлерінде Штаттық мамандандырылған орталықтар мен Штаттық емес медициналық құрамалардан басқа, жергілікті және ведомстволық денсаулық сақтаудың ТЖ кезінде жұмыс істеуге даярланған емдеу-алдын алу мекемелерін қамтиды. Қажет болған жағдайда, АМК құрамына Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың медициналық қызметінің күштері мен құралдары тартылады.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ МЕН АҚ ЖӘНЕ ТЖ МҚ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ, ҰЙЫМДАРЫ МЕН ҚҰРАМАЛАРЫ

АМК барлық деңгейде денсаулық сақтау саласындағы өкілетті органдардың бірінші басшылары басқарады. Өкілетті органда АҚ және ТЖ штабы құрылады (бір уақытта — АМК штабы, негізінде оның құрамына бас мамандар, денсаулық сақтаудың жетекші ұйымдарының басшылары кіреді), Штабтың басқару қызметін қамтамасыз ету АМК ұйымдарына —

апат медицинасының мамандандырылған орталықтарына (АМО) жүктеледі. АМО республикалық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік мекемелер түрінде құрылады, олардың бәрі ТЖМ қарауында болады.

АМҚ басшылары жанында АМҚ оның құрамына осы деңгейде кіретін басқару органдарының, құрамалар мен түрлі бағыныштағы мекемелер қызметін үйлестіруге арналған мекемеаралық үйлестіру комиссиялары кіреді. Комиссиялардың негізгі міндеттері:

- ТЖ алдын алу және олардың медициналық-санитарлық салдарын азайту бойынша іс-шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;
- АМҚ ұйымдастыру мен қызметін жетілдіру мәселелерін шешу;
- АМҚ басқару органдарының, құрамаларының (ұйымдарының) оларға жүктелген міндеттерді орындау бойынша тұрақты дайындығын қамтамасыз ету;
- ТЖ-да халықты медициналық-санитарлық қамтамасыз ету жоспарын әзірлеуге қатысу;
- ТЖ-ды жою кезінде медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді басқару.

АМҚ алдында тұрған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін қолда бар және денсаулық сақтаудың әрекет етуші ұйымдарының негізінде қосымша құрылған АМҚ күштері пайдаланылады. Оларға құрамалар, ұйымдар, басқару органдары мен басшылықтар жатады.

АКТЖ МҚ және АМҚ іс жүзінде бір негізде құрылатынын, сондай-ақ олардың бейбіт уақыттағы және соғыс кезіндегі міндеттерінің бірдейлігін есепке ала отырып, басқарудың бірыңғай органы — азаматтық қорғаныстың медициналық қызметтер штабы жағдайында жаппай шығын ошақтарындағы салдарды жою кезінде олардың жұмысын ұйымдастыру мақсатқа сай болып көрсетіліп отыр.

Ахуалға байланысты АМҚ қызметі 3 тәртіпте жүзеге асырылады: күнделікті қызмет, жоғары даярлық, төтенше жағдай.

- **Күнделікті қызмет тәртібінде** АМҚ құрамына қосылған емдеу-алдын алу мекемелері бейіндік тиістілігіне сәйкес кәсіби қызметтің барлық түрін, сондай-ақ ТЖ-да әрекет етуге дайын болуды қолдау бойынша арнайы жоспарлар, тапсырмалармен анықталған іс-шаралар кешенін орындайды. Апат медицинасы орталықтары (АМО) қызметтің ұйымдастыру құрылымын жетілдіруге және медициналық күштер мен құралдарды басқаруға, АМҚ төтенше тәртіпке ауысу даярлығын арттыруға, толық ақпараттық қамтамасыз ету мен қызметті ғылыми қолдауға ауысуға; түрлі ТЖ-да медициналық-санитарлық шығындарды болжауға және аумақтағы ахуалдық өзгерістерге байланысты апатты қауіптіліктің сипаттамаларын

түзетуге бағытталған жоспарлы жұмысты жүргізеді. Сонымен қатар, АМҚ жедел тәртіпте кезекші-диспетчерлік қызметтің медициналық-санитарлық ахуалының асқынуы, аумақта штаттан тыс жағдайлардың пайда болу қаупі, шұғыл хабарландыру және ақпараттық қамтамасыз ету туралы жедел ақпаратты жинау, талдау және тапсыру бойынша тәуліктік жұмысты қамтамасыз етеді.

- **Жоғары даярлық тәртібінде:** ТЖ туралы дабыл келіп түскен жағдайда ықтимал медициналық-санитарлық ахуалды талдайды, АМҚ-тің болжанатын ТЖ-ға барабар күштері мен құралдарын жинақтап, даярлыққа әкеледі. ТЖ ықтимал медициналық салдарын жою нұсқасы мен тәртібін келіседі, қабылданған басқару шешімдердің орындалуын бақылайды; әрекеттесі қызметтерімен тура және кері байланысты жүзеге асырады.
- **Апатты жағдай тәртібінде** АМҚ басқару органдарын, құрамалары мен мекемелерін шұғыл хабарландырады, ТЖ аймағындағы ахуал туралы ақпаратты белсенді жинайды, қажетті күштер мен құралдарды есептейді (анықтайды), ТЖ аймағына АМҚ жедел топтары мен ЖМК бригадаларын шығарып, ТЖ кезінде халықты медициналық-санитарлық қамтамасыз ету жоспарын іске қосады. Зардап шеккендерді емдік-эвакуациялық қамтамасыз етуді және ТЖ аймағынан көшірілген халықты медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады, АМҚ қызметкерлерін қорғау бойынша шара қолданады. Зардап шеккендер туралы тәуліктік анықтаманы ұйымдастырады, есепке алу-есеп беру құжаттамасын қалыптастырады.

Жоғарлы даярлық пен төтенше жағдайды енгізу туралы шешімді атқарушы биліктің орталық және жергілікті органдары, объектілер басшылары қабылдайды.

Қызметтің түрлі деңгейлері, сондай-ақ оның жеке ұйымдары мен құрамалары бір уақытта қызмет етудің түрлі тәртібінде болуы мүмкін.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

АМҚ алдында тұрған міндеттерді орындауға жағдай туғызатын негізгі талаптардың бірі — басқарудың үйлесімді және тиімді жүйесінің болуы.

- АМҚ құрамаларын басқарудың негізгі қағидаттары болып табылады:
- АМҚ басшыларының дара басшылығы, қабылданатын шешімдер мен оған қойылған міндеттерді орындау нәтижелері үшін жеке жауапкершілігі;

- бағыныштыларға шешілетін міндеттерді орындау тәсілдерін анықтауда бастама беріп, басқаруды орталықтандыру;
- ахуалды талдай білу, дұрыс қорытынды жасау және оқиғалар барысын болжау;
- жұмыстағы жеделділік пен жоғары ұйымдастырушылық;
- қабылданған шешімдер мен жоспарларды жүзеге асырудағы табандылық.

АМҚ басқару жүйесі басқару органдары мен бекеттерін, сондай-ақ байланыс (автоматтандыру) құралдарын қамтиды.

Басқару — бұл мынадай үш операцияны (қызметтерді) қамтитын ақпараттық үдеріс:

- басқару объектілері мен қоршаған орта туралы қажетті ақпаратты алу;
- алынған ақпаратты қайта өңдеу және сәйкес шешімдерді қабылдау;
- басқару объектілеріне міндеттерді қою және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау.

Осы міндеттерді жүзеге асырудағы негізі элементтер болып табылады:

- ақпаратты алып, оны қайта өңдейтін, шешімдерді қабылдайтын, бағыныштыларға міндеттер қоятын және бақылауды жүзеге асыратын апат медицинасы орталығы;
- ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жою күштері мен құралдары — басқару объектілері;
- басқару объектілеріне командалық ақпаратты уақытында және дәл берілуін және қойылған міндеттерді орындау жағдайы мен басқару объектілерінің жағдайы туралы ақпаратты алуды қамтамасыз ететін байланыс құралдары.

АМҚ басқару жүйесі жиынтықта басқару пішінін құрайтын барлық көрсетілген элементтің дәл өзара байланысқан қызмет етуі жағдайында ғана тиімді болуы тиіс. АМҚ қызметін басқару жүйесін жетілдірудің түбегейлі тәсілі — бір уақытта барлық элементтер жұмысының сапасы мен жедел әрекет етуді арттыру негізінде басқару пішінінің қызмет ету мен тұрақтылығының сенімділігін, яғни басқару пішінін тұйық қалыпта ұстауды қамтамасыз ету.

АМҚ басшылығы мен басқару жүйелерінің құрылымы.

- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі (АҚ және ТЖ бөлімі).
- Денсаулық сақтаудың жергілікті өкілетті органдары (АҚ және ТЖ бөлімшелері).
- Мекеме аралық үйлестіру комиссиялары.
- АМ қызметінің штабтары, АҚ және ТЖ медициналық қызметінің штабтары.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі АМҚ бастығы болып табылады.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАРЫ

Қазақстан Республикасы апат медицинасы ұйымдары қамтиды:

- ҚР ТЖМ «Апат медицинасы орталығы» және оның клиникалық базалары;
- ҚР ТЖМ АМҚ жергілікті филиалдары (Астана, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Өскемен, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Шымкент);
- денсаулық сақтаудың жергілікті және республикалық емдеу-алдын алу ұйымдары (ТЖ жоспарына сәйкес);
- медициналық мақсаттағы мемлекеттік материалдық қорды арнайы медициналық жабдықтаудың базалары, қоймалары;
- оқу орындарының апат медицинасы саласындағы медициналық қызметкерлерін (алғашқы және дипломнан кейінгі) даярлау бойынша бөлімшелері.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Апатты жағдайлар кезіндегі қызмет талаптары денсаулық сақтау жүйесінің алдына бірқатар мәселелер қойып отыр:

- Құрылымды алдын ала, күнделікті қызмет тәртібімен даярлау, оның ішінде мамандарды оқыту және жаттықтыру, жабдықтауға аппаратураның жана үлгілерін, дәрілік заттарды қабылдау, диагностикалау мен емдеудің жана әдістерін енгізудің қажеттілігі пайда болады;
- медициналық күштер мен құралдар апаттан құтқару операцияларына және апаттан құтқару құрылымдарға қойылатын талаптарға сәйкестілікке келтірілуге тиіс болады;
- комбинациялы зақымданулардың пайда болуы көрсетілетін көмек іс-шараларының тізбесін арттырады, емдеу мерзімін ұзартады, асқинулар санын арттырады;
- санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге ерекше көңіл бөлу қажет болады;
- медициналық қызмет күштері мен құралдарындағы шығындар ескеріледі, медициналық күштерді қалпына келтіруге үлкен көңіл бөлуге және қорларды ұстауға тура келеді;
- АМҚ және жалпы денсаулық сақтау жүйесін барлық деңгейде басқаруда айтарлықтай қиындықтар пайда болады.

Халыққа шұғыл медициналық көмек көрсетудің қазіргі жүйесіне және апаттан құтқару органдары мен құрылымдар қызметкерлеріне қойылатын мынадай талаптар медициналық құрамаларды құру кезінде негізге алынуы тиіс:

- ғылыми негізділік;
- тиімділік;
- салыстырмалы дербестік;
- күш пен құралдардың жоғары жинақылығы;
- икемділік;
- күш пен құралдардың үнемі даяр тұруы;
- басқарылу.

Апат медицинасы құрылымдарын құру кезінде ең алдымен осы құрылымдар сәйкес болуы тиіс, жалпы денсаулық сақтау жүйесінің, сондай-ақ апат медицинасы қызметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қаупі мен пайда болуына жедел әрекет ету жүйесін құрайтын, нақты түбегейлі талаптарын қалыптастыру қажет.

Апат медицинасы қызметінің далалық жылжымалы құрамалары, сондай-ақ денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарына жүктелген құрылымдар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- өрістету аудандарын жылдам ауыстыру қабілеттігі;
- олардың құрамында апаттан құтқару топтарын күшейту және ТЖ аймағында қалыптасып отырған ахуал жағдайына байланысты маневрді өткізу үшін жылжымалы бөлімшелердің болуы;
- АМҚ медициналық құрамаларының апаттан құтқару күштерінің құрылымдарына және ТЖ кезіндегі апаттан құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды орындау тәртібіне сәйкес болуы;
- ақылға қонымды жеткіліктік, яғни практикалық денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарын жинақтаудың ықпалды жүйесін ретке келтірумен қатар тұрақты даярлық құрылымдар минимумын ғана құру.

Құрамалар мен мекемелердің жинақылығы, жеделдігі мен ТЖ жұмыс жасау даярлығына тұрақты даярлықтағы және автономды жұмыс жасауға қабілетті жылжымалы медициналық құрамалар болуымен; олардың жеке құрамын жүйелі жаттықтыру және оның жоғары кәсіпқойлығымен; ТЖ аудандарына қызмет күштері мен құралдарын жеткізу және зардап шеккендерді көшіру үшін қазіргі жылдам жүретін көлікті қолданумен; ТЖ пайда болуы, қалыптасқан ахуал туралы ақпаратты алудың уақытылы болуы және апат медицинасы қызметінің күштері мен құралдарды пайдалану жеделдігін қамтамасыз ететін байланыс және хабарландыру жүйелерін жетілдірумен қол жеткізіледі.

Республикалық және жергілікті апат медицинасы қызметінің құрамында апат медицинасының тұрақты даярлықтағы штаттық және штаттан тыс құрамаларының (АМҚ құрамалары) қызметтері құрылады.

Қалыптастыру дегеніміз ТЖ аумағына (ауданына) шығу және онда өздерінің штаттық міндеттерін орындауға арналған медициналық жылжымалы құрамалар (госпитальдар, жасақтар, т.б.) және медициналық бөлімшелер (топтар, бригадалар, т.б.). Олар автономды немесе ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жоюға қатысатын басқа құрамалар мен мекемелердің құрамында жұмыс істей алады.

Медициналық құрамалардың жалпы өзіндік ерекшелігі — олардың тікелей зақымдар ошағында жұмыс істеуге тағайындалуы болып табылады (емдік мекемелерде жұмыс істеуге тағайындалған, соңғыларымен мамандандырылған емдеу-алдын алу іс-шараларын өткізу үшін тапсырылатын мамандандырылған медициналық көмек бригадаларынан басқалары). Бұл ретте әрбір құрама белгілі бір алдын ала белгіленген емдеу-алдын алу немесе эпидемияға қарсы іс-шаралар тізбесін орындайды. Құрамалар жаппай зақымдалу ошағында өз міндеттерін орындаған соң өздерінің қалыптастырушы мекемелерінде, олардың құрамында жұмыс істеу үшін оралады.

Апат медицинасы қызметінің әрбір құрамасы үшін даярлыққа келтіру жоспары әзірленеді. Даярлыққа келтіру жоспарында мыналар қарастырылады:

- жұмыс және жұмыстан тыс уақытта жеке құрамды хабарландыру және жинау тәртібі;
- мүлікті, азық-түлікті беру тәртібі, мерзімі, орны;
- құраманы жинау, оны даярлыққа келтіру және шоғырлану немесе құтқару, не басқа шұғыл жұмыстарды орындау ауданына шығару кезіндегі басқару мәселелері;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібі;
- әр түрлі төтенше жағдайлар кезінде тағайындалу учаскілері (объектілері).

Осы деңгейдегі апат медицинасы қызметіне бөлінетін қаражаттар есебінен тұрақты қаржыландырылатын құрылымдар **штаттағы үнемі даярлықтағы құрылымдар болып табылады.**

АМҚ тұрақты даярлықтағы штаттық құрамаларына жедел және шұғыл медициналық көмектің дәрігерлік-медбикелік бригадалары, сондай-ақ жедел топтар, шұғыл әрекет ету бригадалары, апат медицинасы орталықтарының жылжымалы медициналық топтары (бұдан әрі — АМО) және апат медицинасы қызметтерінің далалық жылжымалы госпитальдары жатады.

Алуан түрлі денсаулық сақтау ұйымдарының негізінде олардың қызметкерлерінің есебінен апат медицинасы қызметінің барлық деңгейінде штаттық емес құрамалар (жасақтар, бригадалар, топтар) құрылады. Олардың жұмысқа даярлығын қамтамасыз ету тиісті ұйым басшыларына жүктеледі. ТЖ пайда болған кезде осы құрамалар тиісті деңгейдегі апат медицинасы қызметі басқармалары органдарына жедел бағынышты болып есептеледі.

АМҚ штаттан тыс құрамалары — парамедициналық құрамалар (санитарлық бекет, санитарлық жасак), күшейтудің дәрігерлік-медбикелік бригадалары мен апат медицинасы қызметінің мамандандырылған медициналық көмек бригадалары, апат медицинасы қызметінің санитарлық-эпидемиологиялық барлаудың жылжымалы топтары болып табылады.

АМҚ құрамалары штаттық нормативтер бойынша құрылып, ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен ТЖМ келісіп бекітілген материалдық-техникалық қамтамасыз етудің минималды нормалары бойынша жабдықталады.

Қажет болған жағдайда АМҚ құрамына денсаулық сақтаудың сәйкес өкілетті органының шешімімен АҚ және ТЖ медициналық қызметінің кез келген құрамалары шақырылады.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАЯРЛЫҚТАҒЫ ШТАТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ТӘРТІБІ

АМҚ тұрақты даярлықтағы штаттық құрамалары төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық қызмет көрсету және дереу канат жаю үшін тағайындалған.

Жедел медициналық көмектің штаттық бригадалары жедел медициналық көмек станциялары, қосалқы станциялары, бөлімшелері негізінде құрылады.

Апат медицинасы орталықтарының құрылымдары Апат медицинасы орталықтарының, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдары медициналық қызметкерлерінің денсаулық сақтау істері жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдарының тапсырмалары бойынша бөлінетін штаттық бірліктері мен негізгі қаражаттары есебінен құрылады.

АМҚ тұрақты даярлықтағы штаттық құрамалары үш тәртіпте жұмыс жасайды — күнделікті қызмет, жоғары даярлық (күту) және төтенше жағдай.

Төтенше жағдайлар жөніндегі медициналық-санитарлық ахуалға байланысты жұмыс тәртібін апат медицинасы қызметінің басшысы бағыныштылық бойынша белгілейді, кейінге қалдыруды көтермейтін шұғыл жағдайларда жұмыс тәртібі апат медицинасы қызметінің тиісті басшысына дереу баяндай отырып апат медицинасы орталығының басшысы белгілейді.

АМҚ тұрақты даярлықтағы штаттық құрамалары күнделікті қызмет тәртібінде төмендегілерді жүзеге асырады:

- төтенше жағдайлар қаупі немесе пайда болуы жағдайында апаттан құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету бойынша кенет пайда болатын міндеттерді орындауға қызметкерлер мен материалдық-техникалық құралдардың тұрақты даярлығын қолдау;
- құрамалардың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлердің кәсіби даярлығы бойынша жаттығулары;
- қол жеткізу қиын жерлердің тұрғындарына қатысты емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге қатысу;
- төтенше жағдайлар жөніндегі өкілетті органдар қызметкерлері мен құтқарушыларды емдеу-алдын алумен қамтамасыз ету;
- апаттан құтқару күштерінің оқу-жаттығу іс-шараларын медициналық қамтамасыз ету.

Жоғары даярлық (күту) тәртібінде жүзеге асырылады:

- апат медицинасы орталықтарының (денсаулық сақтау ұйымдарының) кезекші-диспетчерлік қызметін күшейту;
- құрамалар міндеттерін, шығу бағдарларын, канат жаю және жұмыс істеу аудандарын, байланыс жасау және басқару тәртібін анықтау;
- құрамаларды төтенше жағдай тәртібіне әкелу мерзімдерін барынша қысқарту бойынша іс-шараларды жүргізу;
- денсаулық сақтау істері жөніндегі атқарушы орган белгілеген жоспарларға және тапсырмаларға сәйкес құрамаларды толықтыруға және күшейтуге бөлінетін денсаулық сақтау қызметкерлерінің тізімдік құрамын анықтау және хабарландыру;
- денсаулық сақтау ұйымдарымен және апаттан құтқару күштерімен, сондай-ақ төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарын жоюға кірістірілген басқа мекемелер мен ұйымдардың құрамаларымен әрекеттесуді ретке келтіру бойынша шаралар;
- күш пен құралдарды ТЖ аймағын медициналық барлауды өткізуге жіберу, шығу бағдарларын және құрамалардың канат жаю аудандарын (аландарын) шолу.

Төтенше жағдайлар тәртібін енгізу кезінде жүзеге асырылады:

- құраманы күнделікті қызмет тәртібінен төтенше жағдай тәртібіне ауыстырған кезде жоғары даярлық (күту) тәртібі үшін белгіленген іс-шараларды жүргізу;
- құраманы тағайындалу ауданына шығару және зардап шеккендерді қабылдау үшін оның қанатын жаю;
- төтенше жағдалар кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмектің белгіленген түрі мен көлемін тікелей көрсету.

АМҚ тұрақты даярлықтағы штаттық құрамаларын ТЖ аймағына шығару АМҚ директорының бұйрығы бойынша, АМҚ сәйкес деңгейдегі басшысына дереу мәлімдеме жасалып, жүзеге асырылады. АМҚ құрамаларын шығару нақты жедел ахуалға байланысты автомобиль, темір жол, су, әуе көлігімен, ТЖ орналасуымен қол жетімділік дәрежесіне, оның АМҚ орналасу жерінен қашықтығына байланысты жүзеге асырылуы мүмкін. АМҚ құрамалары ТЖ аймағына келген кезде апаттан құтқару күштерінің құрамына қосылып, жедел басқаруға келіп түседі де, өз қызметін төтенше жағдайлар салдарын жою басшысының жедел басқаруымен жүзеге асырады.

АМҚ құрамаларын апаттан құтқару және басқа шұғыл іс-шаралар кезінде қысқарту және орнын ауыстыру — басшының ТЖ салдарын жою басшысымен бекітілген шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Апаттан құтқару және басқа шұғыл жұмыстар аяқталған кезде құраманың ТЖ аймағында апаттан құтқару күштерінің құрамынан шығу ТЖ салдарын жою басшысының өкімі бойынша, бірақ барлық келіп түскен зардап шеккендерді көшірудің аяқталуынан ерте емес уақытта жүзеге асырылады.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАЯРЛЫҚТАҒЫ ШТАТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жедел медициналық көмектің штаттық бригадалары ТЖ кезінде ТЖ жоюды медициналық қамтамасыз етудің жергілікті жоспарларымен белгіленген тәртіпте шұғыл медициналық көмек көрсету үшін тартылды және өз жұмысын осы бригадалар үшін белгіленген емдеу-диагностикалау хаттамалары мен әрекет ету алгоритмдері бойынша жүзеге асырылады. Бригаданың негізгі міндеттері: зардап шеккендерді медициналық сұрыптау, белгіленген көлемде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және ТЖ ошағынан (аймағынан) зардап шеккендерді көшіру.

Бригада құрамы: басшы-дәрігер, 2 фельдшер (немесе фельдшер және анестезиолог медбике), санитар және жүргізуші — барлығы 4 адам. Бригаданың жабдықталуында тізімдемеге сәйкес жасақталған арнайы төсемелер бар. ТЖ 6 сағаттық жұмыс ішінде бригада 50 зардап шеккен жанға қызмет көрсетуі мүмкін.

Жедел топ (ЖТ) ТЖ аймағындағы басқарудың жылжымалы бекеті қызметін (оқиға аймағында) орындайды, АМҚ және оның филиалдарының басқарушы қызметкерлері сапынан (қатарынан) құрылады, жедел автомобильде әрекет етеді. Әдетте, ЖТ бастық, жедел машина жүргізушісі (ТЖ аймағында жұмыс істеу кезінде басқарудың жылжымалы бекетінде) құрамында тағайындалады. ЖТ қарамағына жедел машина (басқарудың жылжымалы бекеті) бөлінеді.

Қажет болған жағдайда ЖТ АМҚ қызметкерлері қатарынан медициналық және техникалық қызметкерлермен күшейтілуі мүмкін.

ЖТ бастығы Апат медицинасы қызметінің басшысына бағынады. Кешіктіруді көтермейтін жедел мәселелер бойынша ТЖМ органдары жедел кезекшісінің нұсқауларын (АМҚ басшысына дереу мәлімдеумен) орындайды. ЖТ бастығының қызмет басшылығы атынан АМҚ барлық жеке құрамына өкімдер беру құқығы бар.

ЖТ жеке құрамы күнделікті ретте жұмыс істеген кезде өз кезекшілігін үйде, күту тәртібінде іске асырады.

Жедел топ жоғары даярлық пен төтенше жағдайлар тәртіптерін енгізу кезінде АМҚ басқару бекетінде (диспетчерлік бекетте) кезекшілікті жүзеге асырады.

Жедел топ жүзеге асырады:

- ТЖ кезінде пайда болған деректерді жинауды, талдау мен болжауды және оларды жоюды жүзеге асыруды;
- ТЖ қаупі туындағанда немесе пайда болып тұрған кезде ауданға шығады, ТЖ аймағында медициналық-санитарлық барлауды жүргізеді, АМҚ құрамаларының жұмыс істеу аудандарын, медициналық көшіру жолдарын шолуды (күшейтуді), ТЖ аймағының санитарлық-эпидемиологиялық ахуалын, денсаулық сақтаудың жергілікті ұйымдарының жағдайы мен мүмкіндіктерін бағалауды жүргізеді;
- АМҚ күштері мен құралдарының және денсаулық сақтаудың жергілікті ұйымдарының, ТЖМ апаттан құтқару құрамаларының күштері мен құралдарының, жергілікті билік органдары апаттан құтқару күштері мен құралдары арасындағы өзара әрекеттерді ұйымдастыруды;

- қалыптасып отырған ахуалға сәйкес АМК күштері мен құралдарын пайдалану бойынша ұсыныстарды әзірлеуді;
- кезекші-диспетчерлік қызмет бөлімшелері мен органдарының (жедел топтардың, шұғыл әрекет етудің сақтық бригадаларының, кезекші байланысшылардың, кезекші жүргізушілердің) қызметін өтеуін бақылауды;
- АМК басшылығына, денсаулық сақтауды басқару органдарына болжалып отырған немесе пайда болған ТЖ мен олардың медициналық-санитарлық салдарын оқшаулау және жою бойынша қабылданатын шаралар туралы хабарламалар мен анықтамаларды даярлау және беру;
- ТЖ аймағында АМК күштерін және құралдарын басқару.

Шұғыл әрекет ету бригадалары (ШӘЕБ) дәрігерлік-медбикелік топтар болып табылады. Құрамында ШӘЕБ дәрігері, екі фельдшер (медбике), жүргізуші болады. ШӘЕБ санитарлық көлікте әрекет етеді. Олардың шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша жұмысының алгоритмі жедел медициналық көмек бригадаларының жұмыс тәртібіне сәйкес келеді, сонымен қатар оларға ТЖ аймағын медициналық барлау және медициналық күштер мен құралдар бойынша ұсыныстарды жасау жүктеліп отыр. Сондай-ақ, ШӘЕБ қажет болған жағдайда, жедел топ қызметтерін орындауы мүмкін. ШӘЕБ құрамына АМК психологтары қосылуы мүмкін. Материалдық-техникалық құралдармен жабдықталуы — автономдық жұмыстың 3 күніне жетеді.

Шұғыл әрекет етудің кезекші бригадасы (бұдан әрі — ШӘЕБ) АМК кезекшілік-диспетчерлік қызметі құрылған денсаулық сақтау ұйымында тәуліктік кезекшілікті жүзеге асырады.

Шұғыл әрекет етудің кезекші бригадасы қалыпты мүмкіндіктер немесе қалыптасқан медициналық-санитарлық жағдайға орай АМК басшысының бұйрығымен техникалық қызметкерлермен және арнайы автокөлікпен күшейтілуі мүмкін. Кезекші ШӘЕБ дәрігері АМК басшысына және оның орынбасарларына бағынады.

Оған ДДС жеке құрамы бағынады. ШӘЕБ жеке құрамы АМК басшылығының өкімдерін, лауазымдық нұсқауларын орындайды.

Кезекші ШӘЕБ жүзеге асырады:

- АМК кезекші-диспетчерлік қызметінің тұрған орнындағы тұрақты кезекшілікті;
- кезекші қызметкерлердің, мүліктің, дәрілік заттардың және медициналық максаттағы бұйымдардың, аппаратура мен жабдыкталудың, арнайы техниканың тағайындалуы бойынша пайдалануға тұрақты даярлығын қолдауды;

- ТЖ пайда болу фактілері туралы ақпаратты қабылдау, оны өңдеу, дұрыстығын тексеру, жетпейтін немесе анықталатын деректер туралы сұрату жасауды;
- ТЖ кезінде кезекші ШӘЕБ жедел іс-шаралар бойынша шешімдер қабылдауды;
- ТЖ пайда болу орнына шығу, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету, ТЖ аймағындағы медициналық-санитарлық ахуалды бағалауды;
- АМК басшылығына ТЖ кезінде қажетті қосымша медициналық-санитарлық іс-шаралар туралы ұсыныстар әзірлеу, қажет болған жағдайда нақты ТЖ-да күш пен құралдарды күшейтуді талап етуді;
- медициналық есепке алудың белгіленген құжаттарын толтыру, АМК басшыларына, денсаулық сақтау органдарына болжанып отырған немесе пайда болған ТЖ және олардың медициналық-санитарлық салдарын оқшаулау және жою бойынша қабылданатын шаралар туралы хабарламаларды, анықтамаларды әзірлеуге және ұсынуға қатысуды;
- АМК басшылығының, денсаулық сақтау басқармасы органдарының АМК күштері мен құралдарын жоғары даярлық және төтенше жағдай тәртібіне ауыстыруға өкімдерін тапсыру, АМК көрсетілген тұлғаларының жиналуын және келуін тіркеуді;
- қажет болған жағдайда апатты қызметтерді шақыру, олардың кезекші-диспетчерлік қызметтің апатты объектілеріне кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- кезекші-диспетчерлік қызметтің орналасу жерінде орнатылған ішкі тәртіпті қолдауды;
- жауапты лауазымды тұлғалардан кезекшілік-диспетчерлік қызметтің үй-жайларын, материалдық-техникалық құралдары мен аумағын бақылауға қабылдау, сондай-ақ олардың жұмыстан тыс уақытта сақтандығын қамтамасыз етуді.

Жылжымалы медициналық топ (ЖМТ) Апат медицинасы орталығының тұрақты даярлығындағы штаттық құрамасы болып табылады, мекеменің штаттық қызметкерлері қатарынан АМК директоры бұйрығымен құрылады.

ЖМТ АМК 14—20 тәулік бойы далалық жағдайларда қызмет ету мүмкіндігі бар тұрақты даярлықтағы далалық жылжымалы құрамасы болып табылады. Ол апатты жағдайлар аймағында тәулігіне 125—150 зардап шегушіге білікті медициналық элементтері бар алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, сондай-ақ оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

және одан әрі көшіруге дайындау, медициналық сұрыптау, қабылдау бойынша медициналық көшіру сатысының жұмысын қамтамасыз ету және өрістетуге үшін тағайындалған.

ЖМТ ұйымдастыруды басқару, сұрыптау-көшіру бөлімшесінен, жара тану бөлмесінен, сондай-ақ өмірлік іс-әрекеті мен қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлімшелерінен тұрады.

ЖМТ ТЖ аймағында жұмыс істеу кезінде ЖМТ емдеу-алдын алу іс-шараларының белгіленген тізбесін көрсету бойынша ЖМТ мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ТЖ пайда болу кезінде келетін және емдеу-алдын алу ұйымдарының мамандары есебінен қалыптасатын күшейтудің дәрігерлік-медбикелік бригадаларымен күшейтілуі мүмкін.

ЖМТ жеке құрамы күнделікті қызмет тәртібінде өздерінің негізгі лауазымдарында жұмыс істейді. ЖМТ құрамына тағайындалған қызметкерлердің қосымша міндеттері топтың ТЖ кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмекті көрсетудің тұрақты даярлығын қолдауда.

ЖМТ жеке құрамы күнделікті қызмет тәртібінде мынадай іс-шараларды өткізеді:

- материалдық ресурстардың жедел қорларын жасау, ұстау, сақтау және жанарту, ТЖ кезінде жұмсалған материалдық құралдардың (дәрі-дәрмектердің, медициналық мүліктің және медициналық мақсаттағы бұйымдардың, техникалық құралдардың, азық-түліктің, киімнің алмасу қорының және т.б.) орнын толтыру;
- ЖМТ медициналық, инженерлік-техникалық аппаратурасы мен жабдығын ұстау, сынау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- тіршілікті қамтамасыз ету құралдарын, оның ішінде палаталық қорын, энергия және жылу агрегаттарын, далалық асханалар және т.б. ұстау, сынау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- ЖМТ бөлімшелерін штаттық құраммен әбден толықтыру;
- жиналуды жариялау кезінде ЖМТ қызметкерлерін хабарландыру схемасы мен тәртібін жетілдіру;
- ЖМТ қызметкерлерін кәсіби даярлау, жетілдіру және біліктілігін арттыру;
- тұрғындардың тіркелген контингентіне қатысты емдеу-алдын алу іс-шараларын өткізу.

Жоғары даярлық (күту) тәртібін АМҚ директоры барлық топ, барлық құрама, бірнеше немесе бір құрылымдық бөлімше, сондай-ақ топтың жеке лауазымдық тұлғалары үшін апатты жағдайдың пайда болу қаупі туралы дабыл алған кезде жариялайды. ЖМТ осы тәртіпте мынадай іс-шараларды өткізеді:

- АМҚ кезекшілік-диспетчерлік қызметін күшейту;
- ЖМТ қызметкерлерінің жұмыс орындары мен үйде тұрақты кезекшілігін ұйымдастыру;
- ТЖ туралы мәліметтерді жинау және анықтау, ықтимал медициналық-санитарлық ахуал туралы ақпаратты зерттеу және талдау, оны бағалау және ЖМТ-тың ТЖ аймағындағы әрекет ету жоспарларын анықтау;
- ТЖ аймағында қанат жаю және жұмыс істеуге даярлыққа келтіру бойынша қосымша іс-шараларды өткізуге ЖМТ қызметкерлері өздеріне міндеттер алады және міндеттерін анықтайды;
- ЖМТ көлік құралдарын ТЖ аймағына жорық жасауға даярлау;
- медициналық және басқа мүлік түрлерінің, азық-түлік, отынды және жанар-жағармай материалдары мен су қорларын толықтыру;
- қоймалардан, тауар жеткізушілерден ЖМТ мүлігін алу, оны көлікке арту;
- емдеу-алдын алу мекемелерімен, апаттан құтқару қызметтерімен, мекемелермен және ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жою бойынша жұмысқа қосылған ұйымдармен тізе қосып біріге қимылдауды ұйымдастыру.

Топ үшін төтенше жағдай тәртібін АМҚ директоры жариялайды. ЖМТ осы тәртіпте мынадай іс-шараларды өткізеді:

- күнделікті қызмет тәртібінен өзге төтенше жағдай тәртібін жариялау кезінде жоғары даярлық (күту) тәртібін енгізу кезінде қарастырылған жұмыстар орындалады;
- ЖМТ-тың ТЖ аймағына шығуы және қанат жаюы, медициналық барлауды жүзеге асыру;
- ТЖ аймағынан келіп түскен зардап шегушілерді қабылдау, тіркеу, медициналық сұрыптау және санитарлық өңдеу;
- медициналық көмектің белгіленген түрлері мен көлемін көрсету;
- жұқпалы науқастарды оларды жұқпалы ауруларды емдейтін ұйымдарға көшіруге дейін оқшаулау; сондай-ақ психомоторлық қозу жағдайындағы тұлғаларды мамандандырылған психиатриялық емдеу-алдын алу ұйымдарына көшіруге дейін оқшаулау;
- бұдан әрі емдеуге жататын зардап шеккендерді көшіруге даярлау;
- келіп түскен зардап шегушілерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, оның ішінде оларды орналастыруды, тамақтандыруды ұйымдастыру және қажет болған жағдайда киіммен қамтамасыз ету;
- биліктің жергілікті органдары және денсаулық сақтау ұйымдарының емдеу, көшіру іс-шараларын үйлестіру бойынша біріге қимылдауын жүзеге асыру;

- АМО-мен, ТЖ алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесі басқару органдарымен, денсаулық сақтау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдармен тұрақты байланысты ұйымдастыру және қолдау.

Белгіленген есепке алу және есеп беру құжаттамасын толтыру және ұсыну.

ЖМТ барлық келіп түскен зардап шегуші мен науқастарға алғашқы дәрігерлік медициналық көмек көрсетеді. ЖМТ дәрігерлік-медбикелік бригадаларды күшейткен кезде, білікті медициналық көмектің жеке іс-шаралары жүргізіледі.

Апат медицинасы қызметінің далалық жылжымалы госпиталі (бұдан әрі — ДЖГ, госпиталь) Апат медицинасы орталығының (бұдан әрі — АМО) далалық жағдайларда 14–20 тәулік бойы қызмет ету мүмкіндігі бар тұрақты даярлықтағы құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Медициналық көшірудің төтенше жағдайлар аймағында 200 зардап шегушіні қабылдау, медициналық сұрыптау, мамандырылған көмек элементтері бар білікті көмек көрсету, сондай-ақ оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету және кейінгі көшіруге даярлау бойынша медициналық көшіру сағысының жұмысын өрістету және қамтамасыз етуге тағайындалған.

ТЖ пайда болу қаупі болмаған жағдайда ДЖГ күштерімен және құралдарымен төтенше жағдайлар жөніндегі басқару органдарының қызметкерлеріне, құтқарушыларға, сондай-ақ жетуі қиын жерлерде тұратын тұрғындарға қатысты жоспарлы емдеу-алдын алу іс-шаралары жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ДЖГ төтенше жағдайлар бойынша медициналық мамандарды даярлау үшін оқу-әдістемелік база қызметін атқарады.

ДЖГ штаттарын толықтыруды госпиталь бастығының ұсынысы бойынша АМҚ директоры жүзеге асырады. Штаттан тыс медициналық қызметкерлерді госпиталь құрамына қабылдау АМҚ директоры бұйрығымен, АМҚ басшылығы мен төтенше жағдай тәртібін енгізу кезінде ДЖГ құрамында жіберілетін қызметкер штатта тұратын емдеу-алдын алу ұйымының арасында жасалатын шартқа сәйкес жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау ұйымдарына денсаулық сақтау істері жөніндегі тиісті атқарушы орган белгілеген, лайықты мамандарды бөлуге берген тапсырмасы шарт жасауға негіз болып табылады.

Госпиталь ұйымдастырылған түрде басқармадан, негізгі клиникалық бөлімшелерден, өмірлік іс-әрекетті қамтамасыз ету мен қызмет көрсету бөлімшелерінен тұрады.

ДЖГ жұмысы күнделікті қызмет тәртібінде ТЖ болмаған жағдайда, тұрақты орналасу бекетінде жүзеге асырылады және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің ТЖ кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыруға тұрақты даярлығын қолдаудан тұрады.

ДЖГ күнделікті қызмет тәртібінде мынадай іс-шараларды жүргізеді:

- материалдық ресурстардың жедел қорларын жасау, ұстау, сақтау және жаңарту, ТЖ кезінде шығындалған материалдық құралдардың (дәрі-дәрмектердің, медициналық мүліктің және медициналық мақсаттағы бұйымдардың, техникалық құралдардың, азық-түліктің, киімнің алмасу қорының және т.б.) орнын толтыру;
- госпитальдың медициналық, инженерлік-техникалық аппаратура-сы мен жабдығын ұстау, сынау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- тіршілікті қамтамасыз ету құралдарын, оның ішінде палаталық қорын, энергия және жылу агрегаттарын, далалық асханалар және т.б. ұстау, сынау техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- ДЖГ бөлімшелерін штаттық құраммен әбден толықтыру;
- Денсаулық сақтау істері жөніндегі атқарушы органдар тапсырмасы бойынша ДЖГ құрамына емдеу-алдын алу ұйымдарынан бөлінетін қызметкерлерді іріктеу, әуелі жазылғанға қосу, зерттеу, олардың ТЖ, сондай-ақ оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу кезінде ДЖГ келу мен құрамында жұмыс істеуге даярлығын бақылау;
- жиналуды жариялау кезінде ДЖГ қызметкерлерін хабарландыру схемасы мен тәртібін жетілдіру;
- ДЖГ қызметкерлерін кәсіби даярлау, жетілдіру және біліктілігін арттыру;
- тұрғындардың тіркелген контингентіне қатысты емдеу-алдын алу іс-шараларын өткізу.

Жоғары даярлық (күту) тәртібін АМҚ директоры барлық госпиталь, бірнеше немесе бір құрылымдық бөлімше, сондай-ақ топтың жеке лауазымдық тұлғалары үшін апатты жағдайдың пайда болу қаупі туралы дабыл алған кезде жариялайды. ДЖГ осы тәртіпте мынадай іс-шараларды өткізеді:

- АМҚ кезекшілік-диспетчерлік қызметін күшейтеу;
- жұмыс орындары мен үйде қызметкерлердің тұрақты кезекшілігін ұйымдастыру;
- ТЖ туралы мәліметтерді жинау және анықтау, ықтимал медициналық-санитарлық ахуал туралы ақпаратты зерттеу және талдау,

- оны бағалау және госпитальдің ТЖ аймағындағы әрекет ету жо-спарларын анықтау;
- ДЖГ қызметкерлеріне оны шығуға, ТЖ аймағында қанат жаю және жұмыс істеуге даярлыққа келтіру бойынша қосымша іс-шараларды өткізуге міндеттерді қою және анықтау;
 - денсаулық сақтау істері жөніндегі атқарушы орган тапсырмасы бойынша емдеу-алдын алу ұйымдарынан бөлінетін қызметкерлердің тізімдік құрамын анықтау және хабарландыру, АМО штаттық қызметкерлерін ауыстыру;
 - ДЖГ көлік құралдарын ТЖ аймағына жорық жасауға даярлау;
 - медициналық және басқа мүлік түрлерінің, азық-түлік, отынды және жанар-жағармай материалдары мен су қорларын толықтыру;
 - қоймалар мен тауар жеткізушілерден ДЖГ мүлігін алу, оны көлікке арту;
 - емдеу-алдын алу мекемелерімен, апаттан құтқару қызметтермен, мекемелермен және ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жою бойынша жұмысқа қосылған ұйымдармен тізе қосып, біріге қимылдауды ұйымдастыру.

Госпиталь үшін төтенше жағдай тәртібін АМҚ директоры жариялайды. ДЖГ осы тәртіпте мынадай іс-шараларды өткізеді:

- күнделікті қызмет тәртібінен бөлек төтенше жағдай тәртібін жариялау кезінде жоғары даярлық (күту) тәртібін енгізу кезінде қарастырылған жұмыстар орындалады;
- ТЖ аймағына шығу және қанат жаю, медициналық барлауды жүзеге асыру;
- ТЖ аймағынан келіп түскен зардап шегушілерді қабылдау, тіркеу, медициналық сұрыптау және санитарлық өңдеу;
- медициналық көмектің белгіленген түрлері мен көлемін көрсету;
- тасымалдауға келмейтін зардап шегушілерді оларды тасымалдауға келмейтін жағдайдан шығаруға дейін уақытша ауруханаға жатқызу және емдеу;
- зардап шеккендерді қысқа мерзімге ауруханаға жатқызу және емдеу (10 тәулікке дейін);
- жұқпалы науқастарды оларды жұқпалы ауруларды емдейтін ұйымдарға көшіруге дейін оқшаулау; сондай-ақ психомоторлық козу жағдайындағы тұлғаларды мамандандырылған психиатриялық емдеу-алдын алу ұйымдарына көшіруге дейін оқшаулау;
- бұдан әрі басқа емдеу ұйымдарында емделуге жататын зардап шеккендерді көшіруге даярлау;

- келіп түскен зардап шегушілерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, оның ішінде оларды орналастыруды, тамақтандыруды ұйымдастыру және қажет болған жағдайда киіммен қамтамасыз ету;
- биліктің жергілікті органдары және денсаулық сақтау ұйымдарымен емдеу, көшіру іс-шараларын үйлестіру бойынша біріге қимылдауды жүзеге асыру;
- АМО-мен, ТЖ алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарымен, денсаулық сақтау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдармен тұрақты байланысты ұйымдастыру және қолдау;
- белгіленген есепке алу және есеп беру құжаттамасын толтыру және ұсыну.

ДЖГ барлық келіп түскен зардап шегуші мен науқастарға білікті кәсіби дәрігерлік медициналық көмек көрсетіледі. ДЖГ дәрігерлік-медбикелік бригадаларды күшейткен кезде, білікті медициналық көмектің жеке іс-шаралары жүргізіледі.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ШТАТТАН ТЫС ҚҰРАМАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Апат медицинасы қызметінің штаттан тыс құрамалары (әрі қарай — штаттан тыс құрамалар) тұрақты даярлықтағы МАҚ құрамаларын, ТЖ аумағынан зардап шеккендерді қабылдайтын емдеу-профилактикалық ұйымдарды күшейтуге немесе құрамаларын мамандандыру үшін, сонымен қатар ТЖ аумағында медициналық қамтамасыздандыру, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық зерттеу шараларын жүргізуге арналған. МАҚ штаттан тыс құрамалары келесідей тізімге сәйкес құрылады.

- Апат медицинасы қызметі, сонымен қатар оташылық, травматологиялық, нейрохирургиялық, күйік орталығы, балалар хирургиясы, акушерлік-гинекологиялық, токсико-терапевтік, психиатриялық, инфекциялық, трансфузиологиялық, психиатриялық, офтальмологиялық жак-бет хирургиясы, оториноларингологиялық, радиологиялық, анестезиялық, реаниматологиялық, педиатрлік, терапевтикалық, лабораториялық-диагностикалық мамандандырылған медициналық көмек бригадалары.
- Апат медицинасы қызметінің санитарлық-эпидемиологиялық топтар.

Денсаулық сақтау ұйымдарына штаттан тыс құрамаларды құру туралы тапсырманы денсаулық сақтау бойынша уәкілетті органдар береді.

Штаттан тыс құрамаларға жіберілетін денсаулық сақтау ұйымдары, қызметкерлері арасындағы мүліктік-құқықтық арақатынастар келісім негізінде анықталады. Нақты бір штаттан тыс құрама қызметкерлері әдетте денсаулық сақтаудың бір ұйымы арасынан таңдалады.

Апат медицинасы қызметінің штаттан тыс құрамалары өз қызметтерін келесі тәртіпте жүзеге асырады — күнделікті, жоғарғы даярлық және төтенше жағдайларда.

Күнделікті қызмет режимінде МАҚ құрамасының қызметкерлері келесідей шараларды жүргізеді:

- негізгі бағыт бойынша жұмысқа деген дайындықты тәртіпке келтіруді үйрену;
- мамандандырылған дайындық, ТЖ болған жағдайда құрама қызмет мәселелері бойынша біліктілікті арттыру және әрі қарай дамыту;
- құраманың материалдық-техникалық заттарын жасау, күту, сақтау және жаңарту, ТЖ кезінде жұмсалған материалдық заттардың (дәрілік заттар, медициналық мүлік және медициналық мақсатта пайдаланылатын заттар, жабдықтар, техникалық құрылғылар, арнайы киім және т.б.) орнын толтыру;
- медициналық жабдықтарды және құрама жабдықтарды күту, техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

Штаттан тыс құрамаларына жоғарғы дайындық (күту) режимі жайлы төтенше жағдай қаупі төнген жағдайда медициналық апат қызметінің әкімшілігі хабарлайды, сол арада құраманың негізгі жұмыс істеу орнына байланысты денсаулық сақтау ұйымының басшысына да хабар беріледі. Бұл режимдегі құрама қызметкерлері келесідей шараларды жүзеге асырады:

- қызметкерлердің жұмыс орындарында немесе үйде үздіксіз кезекшілікті ұйымдастыру;
- апат медицинасы қызметінің әкімшілігінен ТЖ туралы мәлімет алу, оны бағалау және құрылым әрекеттерінің тәртібін нақтылау;
- құрылым қызметкерлерінің оларды алға шығару, ТЖ аумағында жұмыс жасау және қанат жаю жөніндегі қосымша шараларды жүзеге асыру туралы тапсырмаларын ұғынуы;
- ТЖ аймағына шығатын тасымалдаушы көліктерді дайындау;
- медициналық және басқа да мүлік, азық-түлік, жанар-жанғыш материалдар қорын толтыру;
- қоймадан (сақтау орнынан) құрылым мүлкін алу, оны көлікке тиеу;
- апат медицинасы қызметінің әкімшілігімен қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Штаттан тыс құрылым үшін төтенше жағдай режимі құрылымының жеке құрамындағы негізгі жұмыс берушісімен келісіле отырып, құрылым құру туралы келісім жасалған апат медицинасы ұйымы басшысының бұйрығымен хабарландырылады.

Бұл режимде құрылым келесідей шараларды жүзеге асырады:

- төтенше жағдай режимі хабарланған жағдайда күнделікті қызмет режимінен жоғарғы дайындық (күту) режимінде қарастырылатын жұмыстар атқарылады;
- арнаулы аймақтарға шығу, ұйымдардағы жұмыс орындарын толыққанды жабдықтау немесе қажеттілік бойынша құру;
- бекітілген медициналық көмек түрлерін және көлемін көрсету;
- есеп беруші және тіркеу бойынша құжаттарды жүргізу және ұсыну.

Мамандандырылған медициналық көмек көрсету бригадасы (ММКБ) апат медицинасы қызметінің мобильді құрылымы болып табылады және медициналық көшіру деңгейлерін, сонымен қатар ТЖ салдарын жоюға қатысатын емдік-профилактикалық ұйымдарын мамандандыру немесе күшейтуге арналған.

ММКБ негізгі мақсаттары: арнайы медициналық көмекті қажет ететін жарақаттанғандарды іріктеу; зақымданғандарға медициналық көмек көрсету және көлікпен тасымалдауға келмейтіндерін емдеу; зақымданғандарды мамандандырылған ЕПҰ жеткізуге дайындау; ЭМЭ (ЕПҰ) зардап шеккендерге кеңестік-әдістемелік көмек көрсету.

Бұндай бригадаларды республикалық, облыстық, қалалық көп сала-лы және мамандандырылған емханалар, аудандық орталық емханалар, жедел медициналық жәрдем емханалары, ЖОО-ның медициналық клиникалары, ғылыми-зерттеу институттары, медициналық бағыттағы мамандандырылған орталықтар базасының негізінде денсаулық сақтау басқарма органдары құрады және өз еркімен жұмыс істейтін жоғары санатты мамандармен толығады. ММКБ негізгі құрамының өзгеруі мен тағайындалуы ұйым басшысының — құрушының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Күнделікті қызмет және жоғары дайындық режимінде ММКБ ұйым басшысы — құрушыға бағынады және тиісті апат медицинасы орталығы басшысының жедел бағынуында болады.

Жоғарғы дайындық режимінде штаттық бригада мамандары мейрам-да және демалыс күндері кезекшілікті үйде — апат медицинасы орталығымен келісілген түрде, ұйым басшысы — құрушы бекіткен кесте бойынша атқарады. ТЖ бригада қызметін басқару апат медицина қызметінің басшысына беріледі.

ММКБ мүлкімен бірге ТЖ аумағына шығуы (ұшуы) жергілікті шарттарға қарай анықталады, бірақ тапсырма берілгеннен бастап 6 сағаттан аспайтын уақытта жүзеге асырылуы қажет. ТЖ бригаданың жұмыс режимі — тәулігіне орташа есеппен 12 сағат.

ММКБ медициналық, санитарлық-шаруашылық және арнайы мүлікпен жабдықтауды қалыптастырушы-мекеме айрықша жарактандыру табеліне сәйкес жүргізеді. Бригада мүлкі қалыптастырушы-мекемеде сақталады және арнайы жерде тез таратылуы үшін қаланып тұрады.

ТЖ болған жағдайда ММКБ арнаулы жерге жеткізу көп жағдайда қажетті төтенше жағдай комиссиясының шешімі бойынша жүзеге асырылады. ММКБ қызметкерлерінің енбекақысы мен оларды әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының «апаттық-құтқару қызметтері мен құтқарушылар мәртебесі» туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

